Педагогика ғылымының докторы, профессор Ы.Нәбидің
70 жылдық мерейтойына арналған
«БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ МӘНМӘТІНІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Астана, 20 маусым, 2025 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ: ОБЩИЕ ПРОБЛЕМЫ И КОНТЕКСТ ГРАФИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ»,
приуроченной к 70-летнему юбилею
доктора педагогических наук, профессора Ы.Нәби
Астана, 20 июня, 2025 г.

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
«ENSURING THE QUALITY OF EDUCATION: GENERAL ISSUES AND THE CONTEXT OF GRAPHIC TRAINING»
dedicated to the 70th anniversary of Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Y.Nabi
Astana, June 20, 2025

«Alikhan Bokeikhan University»
«ARQA» аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау бойынша агенттігі
Педагогикалық ғылымдар академиясы

Педагогика ғылымының докторы, профессор
Ы.Нәбидің 70 жылдық мерейтойына арналған
«БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ МӘНМӘТІНІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Астана, 20 маусым, 2025 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ: ОБЩИЕ ПРОБЛЕМЫ И КОНТЕКСТ ГРАФИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ»,
приуроченной к 70-летнему юбилею
доктора педагогических наук, профессора Ы.Нәби
Астана, 20 июня, 2025 г.

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
«ENSURING THE QUALITY OF EDUCATION: GENERAL ISSUES AND THE CONTEXT OF GRAPHIC TRAINING»
dedicated to the 70th anniversary of Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Y.Nabi
Astana, June 20, 2025

УДК 378
ББК74.58
Б94
Редакция алқасы:
Жарықбасова К.С. - «Alikhan Bokeikhan University» оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры,
Қасымханов А.М. - «ARQA» аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау бойынша тәуелсіз агенттігінің директоры,
Құсайынов А.Қ. - Педагогикалық ғылымдар академиясының Президенті

Редакционная коллегия:
Жарыкбасова К.С. - проректор по учебно-методической работе «Alikhan Bokeikhan University» ,
Касымханов А.М. - директор Независимого агентства по аккредитации и экспертизе качества образования «ARQA»,
Кусаинов А.К. - Президент Академии педагогических наук

Editorial board:
Zharykbasova K.S. - Vice-rector for Educational and Methodological Work at Alikhan Bokeikhan University,
Kasymkhanov A.M. - Director of the Independent Agency for Recognition and Expertise the Quality Assurance in Education of «ARQA»,
Kusainov A.K. - President of the Academy of Pedagogical Sciences

ISBN 978-601-08-5246-4

Білім беру сапасын қамтамасыз ету: жалпы мәселелер және графикалық даярлау мәнмәтіні: педагогика ғылымының докторы, профессор Ы.Нәбидің 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Астана, «Педагогикалық ғылымдар академиясы» РҚБ. - 2025.- 262 бет.
Жинақта графикалық даярлау жағдайы білім беру сапасын қамтамасыз етудің жалпы мәселелері мәнмәтінде қарастырылған, педагогтердің оқыту мен тәрбиелеу үдерісі сапасын арттырудағы тәжірибесі келтірілген

Обеспечение качества образования: общие проблемы и контекст графической подготовки: материалы международной научно-практической конференции, приуроченной к 70-летнему юбилею доктора педагогических наук, профессора Ы.Нәби – Астана, РОО «Академия педагогических наук».- 2025 – 262 стр.
В сборнике рассмотрено состояние графической подготовки в контексте общих проблем обеспечения качества образования, приведен опыт педагогов в повышении качества процесса обучения и воспитания.

Ensuring the Quality of Education: General Issues and the Context of Graphic Training: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference dedicated to the 70th anniversary of Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Y.Nabi – Astana, Republican Public Association «Academy of Pedagogical Sciences». - 2025 – 262 pp.
The collection examines the state of graphic training in the context of general problems of ensuring the quality of education, and presents the experience of teachers in improving of the learning and upbringing process quality.

УДК 378
ББК74.58
.
Педагогикалық ғылымдар академиясы, 2025

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

1-секция: Ы.Нәбидің педагогиканың дамуына және графикалық даярлау мәселелерін шешуге қосқан үлесі
Секция 1: Вклад Ы.Нәби в развитие педагогики и решение проблем графической подготовки
Section 1: Y.Nabi's Contribution in the Pedagogy Development and Solving Problems of Graphic Training

Төлбаев Ә.Ә., Ібішев Ө.Ш.
Ы.Нәбидің білім беру сапасын қамтамасыз етуге және графикалық даярлауды жақсартуға деген теориялық-әдіснамалық және практикалық көзқарастары 8
Мукатаева З.К. , Иманқұлова Н.Т.
Ы. Нәбидің графикалық білім беру әдістемесін қалыптастырудағы ғылыми-педагогикалық еңбектері 12

2-секция: Аккретиттеу білім беру сапасын қамтамасыз етудің құралы ретінде
Секция 2: Аккредитация как инструмент обеспечения качества образования
Section 2: Accreditation as a Tool for Ensuring Quality in Education
Doncheva J.
Problems and Perspectives in the University Training of Future Educators: between Eheory and Practice 18
Бостонова П.З., Абдикеримова Ж.Т.
Становление и развитие института аккредитации в сфере образования Кыргызской Республики и влияние этого процесса на качество образования 22
Шваков Е.Е.
Роль института аккредитации в развитии национальных образовательных систем 29
Самекбаева Э.М. **Қазіргі заманғы білім парадигмасы: жоғары білім жүйесінің жаңғыртылуы** 34

3-секция: Жоғары білім беру жүйесіндегі графикалық даярлау сапасы
Секция 3:Качество графической подготовки в системе высшего образования
Section 3: Quality of Graphic Training in the Higher Education System
Ә.К. Бәйдібеков, Э.А. Кемельбеков
Графикалық пәндер мәселесі және оны жетілдіру 39
Турлыбекова А.М.
Развитие графического образования в Казахстане в послевоенный период (1945–1970 гг.) 44
Е.С.Жарыкбасов, С.С. Толеубекова, М.М. Джумажанова,Г.М. Байбалинова, А.Т. Қабденова, А.Е.Бепеева
Стратегические подходы к повышению качества технического образования в казахстанских вузах: вызовы и решения 48
Иманқұлова Н.Т. ,Уәшова М.У. ,Балтабаева А.Д.
SMART–технологиялар негізіндегі техникалық мамандықтарды дайындау үрдісі 52
Жартынова Ж.А., Ерғали М.
Білім беру сапасын қамтамасыз ету: жалпы мәселелер және графикалық даярлау мәнмәтіні 57

Наурызбай А.
Интерактивті қолданбалардың дизайн жобасы 60
Nygmetova M.O.,Murat R.
Digitalization of education and its impact on the quality of the learning process 63

4-секция: Педагогтердің оқыту мен тәрбиелеу үдерісі сапасын арттырудағы тәжірибесінен
Секция 4: Из опыта педагогов в повышении качества процесса обучения и воспитания
Section 4: From the Teachers Experience in Improving of the Learning and Upbringing Process Quality
Zhamalkyzy A.,Berkimbayev K.,Grinshkun V.
Artificial intelligence as a tool to foster creativity in training future teacher 68
Андреева Ю.М.
Профессионально-ценностные ориентации будущих педагогов 74
Тайболдина Қ.Р. Жангалиева А.Т.,Асқар Ш.Ұ.
Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы даярлау: проблемалар мен перспективалар 78
Әлімбаева А.Қ., Рахимжанова А. М.
Эмоционалды интеллект: баланың балабақшадағы тұлғалық және әлеуметтік дамуының негізі 83
А. Жаманкулова
Білім сапасын арттыруда заманауи педагогтің рөлі 86
Жумадуллаева А.А.,Каримжанова Э.А.
Цифрлық білім беру ортасы болашақ бастауыш сынып мұғалімнің кәсіби рефлексиясын дамыту факторы ретінде 91
Кумарова А.Е.
Формирование профессиональной мотивации и ценностных ориентиров студентов педагогических специальностей: ключевые проблемы и пути их решения 95
Торсыкбаева Г.Ж.
Педагогикалық үдерістегі мотивацияны арттырудың психологиялық аспектілері 100
Куспанова Т.Р. , Имангалиева С.Ж., Муратова Л.М.
Педагогика мамандықтары бойынша оқыту мен тәрбие мәселелері 105
*Байзакова А.С.***Мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиеленушілерінің алғашқы білім дағдысын тексеру** 106
Асанова Б.И.
Отбасы тәрбиесінің бала өміріндегі маңызы 108
Смаилова Г.Т.
Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім мен тәрбие беру – заман талабы 109
Жұмаханова С.А.
Қазақ отбасындағы тәрбие біртұтастығы 112
Шалабаева М. Б.
Мектепалды сынып оқушыларын ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу 115
Шайза Т.
Музыка сабағында оқушыларды ұлттық тағылым арқылы өнерге баулудың педагогикалық шарттары 117
Мырзахметова Б.Ш.
SMART білім беру жағдайында web-платформада электронды оқыту курсын өткізуді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары 125

Орынбекова А.С., Серикбаева Н.Б.,Куребаева Г.А.
Болашақ педагог-психологтерді кәсіби даярлауда әлеуметтік-педагогикалық білімнің рөлі 130
Гилаева Э.М.
Проблемы перевода в немецком языке 134
Сахуалина Г.К
Современный педагог: вызовы подготовки и пути их преодоления . 137
Сейльгазыева А.
Болашақ әлеуметтік педагог мамандарды даярлауда дарынды балалармен жұмыстың инновациялық тәсілдері 144
Гейн А.А., Жумадилова Г.А.
Проблемы обучения и воспитания по педагогическим специальностям 149
Скабаева Г.Н.
Методическая работа по подготовке специалистов профессионального обучения с применением информационных технологий 150
Тастенова А.Д.
Формирование профессиональных компетенций будущих учителей русского языка и литературы в Казахстане 156
Белесарова Б. Б., Өрекешова Н.Б.
Перспективы создания интерактивной образовательной игры, посвящённой культуре Казахстана 160
Турсунгожинова Г.С., Беленко О.Г.
Профессиональная позиция личности психолога 168
Четыркина О.А.
Формирование профессиональной направленности личности педагога 173
Байниева К.Т. , Гилажева С.М.
Специфика IT-текстов и приемы их перевода 177
Мәлкәждар А.А., Каримова Г. С.
Педагогика мамандықтары бойынша оқыту мен тәрбие мәселелері 182
Тлеубаева А. Б., Нұролла Д.Т.
Педагогика мамандықтары бойынша оқыту мен тәрбие мәселелері 187
Жумадуллаева А.А. , Нарзулла Д.А.
2-Сынып оқушыларының тыңдалым дағдысын дамыту жолдары 193
Салимжанов Б.Е
Дулат Бабатайұлы және «зар заман» ақындарының шығармаларындағы тәрбие мәселелері 199
Мухтарова Ш.М., Хаутиева М.А.
Влияние масс-медиа на агрессивное поведение школьников 203
Кошкимбаева Р.Х., Бахралинова А.Ж.
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелері 208
Kushkarova G.
The role of precedent-significant texts in the formation of sociocultural competence 213
Сарбасова Қ.А.
Ж.Баласағұни мен Абайдың педагогикалық идеялары: кісілік кемелділік ұстанымы 217
Ахметжанова Г.А.,Сарбасова Қ.А.
Информационно-методическая компетенция педагога в эпоху искусственного интеллекта 223

Онтагарова Д. Р., Берікжанова Ш. 226
Тірек мектеп- шағын жинақылы мектептің әлеуетін арттыру үшін" жобасы аясында химияны оқыту ерекшеліктері

5-секция: «Білім берудің барлық сатыларында графикалық даярлау сапасын арттыру жолдары» форумының материалдары
Секция 5: Материалы форума «Пути повышения качества графической подготовки на всех ступенях образования»
Section 5: Materials of the Forum «Ways to Improve the Quality of Graphic Training at all Education Levels»

Нәби Ы.А.
Орта мектепте «Графика және жобалау» пәнін оқыту жағдайы 229
Джанабаев Ж.Ж., Умбетов Н.С., Жакаш А.З.
О проблемах графического (технического) образования в средней и высшей школах Республики Казахстан. 236
Умарова Н.
Графика және жобалау пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар 238

Шамшиметов З.Ф.
Колледжде жұмысшы мамандар даярлау тәжірибесі 242
Утемалиев С.С
Жұмысшы мамандар даярлауда WorldSkills қозғалысының ролі 247
Калиякбарова А.Б.
К вопросу о преподавании предмета «Черчение» в школах Республики Казахстан 250

Ашимбаева А.А.
Оқушылардың кәсібін анықтаудағы мектептің рөлі 253
Ашимова Г.М.
Мамандандырылған үйірмелер мен секциялар құру: маңызы, ерекшеліктері және тиімділігі 255
Шапкина С.К.
Учебные программы нового поколения: чему и как учить будущих мастеров в школах 257
Бисарова М.А.
Графикалық дайындық - жобалаушылардың табысты кәсіби қызметінің негізі 259
Шапкин О. А., Норбутаев М.А.
Формирование пространственного мышления и творческих навыков школьников в условиях интеграции технического и художественного образования 260

Ы.НӘБИДІҢ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУДЫ ЖАҚСАРТУҒА ДЕГЕН ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚӨЗҚАРАСТАРЫ

Төлбаев Ә.Ә., педагогика ғыл.кандидаты, аға оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан
Ібішев Ө.Ш. аға оқытушы
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
Алматы қ., Қазақстан

Профессор Ы.Нәбидің педагогика ғылымина бет бұрып, белгілі педагог-зерттеуші, графикалық даярлаудың теориясы мен әдістемесі негізін қалаушылардың бірі болуына бірнеше себеп бар.

1978 жылы профессор Б.Д.Дүйсеновпен бірлесіп жазылған «Некоторые вопросы динамики кривошипно-ползунного механизма на упругом подвесе» атты шағын мақала "Динамика семизвенного механизма с упругими звеньями" атты кандидаттық диссертацияға айналды. Ы.А.Нәбидің базалық білімі инженер-механик болғандықтан мұндай күрделі тақырыпқа қорғау оңай іс болған жоқ. Мұнда ЭЕМ көмегімен көптеген есептеу атқару үшін бағдарлама жазып берген қазіргі кездегі физ.-мат. ғыл. докторы Б.Рысбайұлының, механизмді шөп шақпышта пайдалануға көмектескен техн.ғыл.кандидаты С.Жұматай мен курстасы С.Кәрімовтердің көмегі зор болды. Қорғауға диссертацияны дайындау кезінде көмектескен академиктер М.Р.Алшынбаев пен Г.У.Уаливтің, профессорлар Б.Д.Дүйсенов пен М.Р.Рахимовты атау керек. Қорғауға шығуға жол ашқан диссертациялық кеңестің төрағасы академик Ө.А.Жолдасбековтің "Это хороший парень" деген сөздері болды. Нәтижесінде ҚСРО жоғары аттеттастау комиссиясы шешімімен Ы.Нәбиге "Механизмдер мен машиналар теориясы" мамандығы бойынша техника ғылымының кандидаты дәрежесі берілді. Бұл жәйт оның Қазақ мемлекеттік университетін бітіргенімен бара-бар болып табылады.

Педагогикалық мәселермен айналысуға да профессор Б.Д.Дүйсеновтің тікелей ықпалы болды. "Сызба геометрия және инженерлік графика" кафедрасы меңгерушісі болған кезде ол "динамикалық сызбалар" теориясын техника көмегімен іс жүзінде пайдалануды көрсетті. Динамикалық сызбалар сызба салу үдерісін кезеңдерге бөліп көрсетуге мүмкіншілік береді, қағаз бетінде олар көп орын алады, ал диапроекторлар арқылы сызбаларды экранға шығарып, үдерісті бақылауға болады. Динамикалық сызбалардың бөліктерін салу, оларды сабақ өткізуге пайдалану арқасында Ы.Нәбиде қызығушылық тудырып, графикалық пәндер әдістемесіне назар аударуға себеп болды. Бұл қызығушылық педагогика бойынша диссертация жазуға апарды. Техника бойынша диссертация жазып жүрген кезінде-ақ ол сызба геометрия бойынша тапсырмалар жинағын жазып, жұмыс бастағаннан кейін 4 жыл өтпей аға оқытушы лауазымына көшірілді. Жасалған тапсырмалардың еңбек сиымдылығын анықтау жұмысымен айналысып, студенттер сызба салу барысында бір А4 форматына қанша уақыт жіберетінін есептеп, сол санды тапсырмалар көлемін жоспарлауға қалай пайдалануға болатынын көрсетті. Осы жұмыстар кейін докторлық диссертацияның бір нәтижесі болды. Бұдан басқа диссертациялық жұмыстың мынадай нәтижелері дәлелденді: графикалық бағыттағы маман моделі түзілді, графикалық пәндердің дидактикалық мәселелрі

шешілді, графикалық пәндерді оқыту үдерісін оптимумдау жолдары анықталды. Осы нәтижелер академик Ә.П.Сейтешевтің жетекшілігімен және профессор Ж.М.Есмұханның кеңесшілігімен “Жоғары оқу орындары студенттерін графикалық даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері” атты диссертацияны педагогика білімінің қара шаңырағы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде қорғап шығуға мүкіндік берді. Бұл жерде диссертациялық кеңес төрағасы академик Т.С.Садыков қолдау көрсетті. Осылайша Ы.Нәби екінші университет бітіргендей болды.

Қорғағаннан кейін оның ғылыми ізденістері бұрынғыдай екі бағытта болғанымен, үшінші бағыт қосылды, атап айтқанда қолданбалы геометрия бойынша жұмыстарды жариялауды бастады. Мысалы, “Конструирование на основе нелинейных преобразований поверхности конфузора сено-косилки с пневмотранспортером”, “Конфузор бетін жазылатын беттермен алмастыру”, “Конфузор бетін жобалауда графикалық аналитикалық әдісті пайдалану” және т.т. мақалалар геометрияның қолданбалы аспектілерін қолдануды талап етеді. Осы жұмыстар және инженерлік графика бойынша оқу құралдары мен әдістемеліктерді басып шығару арқасында Ы.Нәби “Қолданбалы геометрия және инженерлік графика” мамандығы бойынша профессор атағын алды.

Бұл жылдары ол белсенді педагогикалық зерттеулер жүргізіп жүргені Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы және Жоғары аттестаттау комиссиясы басшылықтарының назарына түсіп, академия Президенті профессор А.К.Құсайнов жұмысқа шақырды, ал ЖАК төрағасы профессор А.К.Құсайынов оны педагогика мен психология бойынша сарапшылар кеңесі төрағасы болып тағайындады. Осындай іргелі ғылым ордалары ортасына түскен соң оның ғылыми ой өрісі кеңейіп, педагогиканың әдіснамасы мен теориясын тереңірек түсінуға мүмкіндік берді. Графикалық даярлау проблематикасынан шығып, білім беру сапасын бағалау және қамтамасыз ету бойынша бірнеше ғылыми жобаға жетекшілік етті, жоғары импакт-факторлы журналдарда мақалалар жариялады. “Научно-методические основы проектирования модели оценки качества высшего профессионального образования”, “К проблеме методологии педагогического проектирования” (Г.К.Мендіғаливамен бірлестікте), “Разработка методологических основ формирования национальных целей образования и обеспечения качества учебного и воспитательного процесса” және басқалар әдіснамалық тұрғыдан жазылған еңбектер болып табылады. Графикалық даярлау проблемасы ты қалған жоқ, “Графическая подготовка в условиях непрерывного образования” атты монография, сызба геометрия мен инженерлік графика бойынша оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Академик К.Сағадиевтің кеңесімен Ы.Нәби орта мектептегі сызу пәнін оқытуды жақсартуға назар аудара бастады, осының нәтижесінде оның жетекшілігімен сызу пәні бойынша стандарт, оқу-әдістемелік кешен, дидактикалық материалдар әзірленді.

Кредиттік технология енгізуге байланысты оқыту үдерісін ұйымдастыру, білім беру мазмұны, оқу нәтижелерін бағалау тәрізді мәселелер туындады. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің проректоры ретінде Ы.Нәби жаңа оқу жоспарларын құрастыруға, жаңа оқыту нұсқаулықтарын жасауға атсалысты. Сонымен қатар оқытушы ретінде өзінің пәндерін оқыту бойынша жаңа әдістемелік амалдар тапты. Ол үшін баяғыдағы динамикалық сызбалар идеясы пайдаланды, тек жаңа қағидалар негізінде: PowerPoint қосымшасы көмегімен сызба салу реті экранға шығарылып, студенттер қосымша конспектілерді толтыратын болды. Осындай тәсіл негізінде ізденуші Г.Шапровамен бірлестікте бірінші электрондық оқулық жасалды. Кейін басқа да электрондық оқулық пайда болды, мысалы профессор Г.К.Нұрғалиеваның әдістемесі бойынша орта мектеп оқушыларына арналған “Сызу”, “Черчение”, техникалық және кәсіптік оқыту жүйесі студенттеріне арналған цифрлық білім беру ресурстары және жоғары оқу орындары студенттеріне арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі 6 электрондық оқулық құрастырылды. Бұлардың бәрінің еекшелігі — материалмен танысуды білім алушының ыңғайна қарай тоқтатуға немесе қайтадан басынан бастап қарауға болады, ал тапсырмаларды сызу өзара әрекеттесу қағадасы көмегімен орындалады.

Кредиттік оқыту технологиясы талаптарына сай графикалық пәндерді әдістемелік жақтан толығымен қамтамасыз етті: “Сызба геометрия және инженерлік графика: Техникалық мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық” 5 шығарылымнан өтті, “Сызба геометрия және инженерлік графика бойынша есептер мен тапсырмалар жинағы”, «Сызба геометрия және инженерлік графика» пәнінің базалық курсын оқып білу жөнінде әдістемелік ұсынымдар”, “КОМПАС-3D жүйесі негізіндегі компьютерлік графика” оқу құралы және басқалар графикалық пәндерді оқыту сапасын жоғарылатуға өз септігін тигізді деуге болады.

Сонымен қатар Ы.Нәби Еуропалық Одақ қаржыландыратын бірнеше жобаға қатысты. Жинақталған білім мен тәжірибе арқасында ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған конкурстарға қатысып, 7 ғылыми жобаны ұтып алды. “EFQM моделі негізінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін жобалаудың әдіснамалық аспектілері” монографиясында, “Interdisciplinary Approach to the Design of a Quality Assurance System of Higher”, “Системы обеспечения качества высшего образования: Проектирование на основе модели EFQM” монографиясында білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйелерін жобалау әдіснамасы әзірлеуге ғылыми қозқарастар анықталды, жобалау үдерісін модельдеу 3 кіші жүйені (сапаны басқару кіші жүйесі, сапа кепілдігінің ішкі кіші жүйесі, сапаны дәлелдеу кіші жүйесі) модельдеуден тұратын болды, жобалау үдерісінің технологиялық карталары жасалды. Модельдердің жаңашылдығы мынада: бір кіші жүйе моделінің шығыс параметрлері екінші кіші жүйе моделінің кіріс параметрлері болады. The Validity of a Design Technology for a Higher Education Quality Assurance System Based on the EFQM Model мақаласында жобалау үдерісі технологиясының дәйектілігі мен қолдануға жарамдылығы дәлелденді.

Электрондық оқыту енгізу жағдайында ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесінде графикалық даярлауды жақсартуға арналған жоба орындау кезінде “Methodology of e-learning inculcation”, “Электрондық оқыту енгізу жағдайында ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесінде графикалық даярлаудың әдіснамалық аспектілері”, “Methodological aspects of E-Learning innovativeness”, “Methodological Principles of the Electronic Learning in the Context of the Higher Education Quality Assurance”, “Predictive model of e-learning innovativeness assurance”, “Инновационность электронного обучения в графической подготовке” атты мақалалар мен монографиялар жарық көрді. Бұл жұмыстарда да қарастырылып отырған мәселелер әдіснама тұғырына биіктетіп, олардың инновациялылығы көрсетілді.

“ARQA” аккредиттеу агенттігімен тығыз байланыста болғанның арқасында Ы.Нәби аккредиттеу мәселелерімен шұғылданды. Агенттік қызметкерлерімен бірігіп әзірленген аккредиттеу стандарттары әдіснама тұрғысынан дәйектелді. Агенттік директоры А.Касымхановпен бірлесіп жазылған “Разработка стандартов специализированной аккредитации в контексте системного подхода” мақаласы соған мысал болады. Стандарттар бір жүйе ретінде қарастырылды, ал оны кіші жүйесі ретінде стандарт мақсаты, мазмұны, формасы және нәтижесі алынған. Сонымен қатар жүйенің үстінгі жүйелері бар екені ескерілді, атап айтқанда олар ESG-15 стандарттары мен ұсынымдары және Министрліктің нормативтік-құқықтық актілері.

ESG-15 стандарттарымен қатар басқа да білім беру сапасын қамтамасыз ету модельдері бар болған соң Ы.Нәби аккредиттеуге EFQM моделін қолдануға болатынын көрсетті. “EFQM моделі негізіндегі институционалдық аккредиттеу тұжырымдамасына сүйене отырып білім беруді жаңғыртуға инновациялық әдіснамалық көзқарастар” атты ғылыми жоба шеңберінде жазылған “Expanding the Application of EFQM model for Institutional Accreditation of Educational Organizations”, “От практики к методологии: путь совершенствования аккредитации в образовании” (О.Уманкуловамен авторластықта) және басқа мақалалар мен монографияда білім беруді жаңғыртуға әдіснамалық көзқарастарға талдау жүргізу үшін ғылыми негіздеменің рөлі маңызды екені, педагогика әдіснамасы маңыздылығын анықтамаса, ғылыми көзқарас педагогикалық теория негізінде жатқанын көрсетпесе, білім беруді жаңғыртуға әдіснамалық көзқарастарға контент-талдау орындау үстіртін болатыны дәлелденді. Расында, контент-талдау көрсеткендей, егер білім беруді

жаңартудың ең көп тараған анықтамасын басшылыққа алатын болсақ, онда оны зерттеуге кешенді, жүйелік, іс-әрекеттік, функционалдық, динамикалық көзқарастарды пайдалануға болады, сонымен қатар басқа да көзқарастарды қарастырмай тастауға болмайды деген тұжырыс жасалды.

EFQM моделін институционалдық аккредиттеу үшін қолдану тиімді болу үшін RADAR матрицасын пайдалану ұсынылды, бұл жерде жоғары білім беру ұйымдары матрицадағы көрсеткіштерге балл тағайындау әр критерийдің нақтылығын қамтамасыз етуді қадағалау керек, сонда сарапшылардың бағалауы дәлірек болады, алшақтық азаяды. Осының арқасында аккредиттеу кезінде университеттер көлемді есеп жасаудан босатылады, алынған цифрлық мәліметтер дәлірек болады, сондықтан EFQM моделін қолдану аясы кеңейеді. Сонымен, ғылыми жоба орындау нәтижесінде 3 міндет шешілді:

Білім беруді жаңғырту түсінігін қалыптастыру – ол *1-ші міндеттің шешімі*. Нәтиже негізгі ғылыми бағытты дамытуға ғана емес, ғылымның аралас салаларын дамытуға да ықпал ететін болады.

Ұйымдарды аккредиттеу мәнмәтінінде білім беруді жаңғыртуға көзқарастарға талдамалық шолу – ол *2-ші міндеттің шешімі*. Нәтиже педагогика теориясы мен практикасының одан әрі дамуына ықпал етеді.

EFQM моделі негізінде институционалдық аккредиттеу тұжырымдамасы – ол *3-ші міндеттің шешімі*. Міндетті орындаудың маңыздылығы сөзсіз, өйткені білім беруді жаңғыртуға әдіснамалық көзқарастар осы тұжырымдамаға сүйенетін болады.

Орта мектептің жаңартылған мазмұнға көшуіне байланысты Ы.Нәби 11-сыныпқа арналған “Графика және жобалау” пәнінің оқулығын жазды, бірақ ол тек қосымша оқулық болып бекітілді. Қазіргі кезде ол Ы.Алтынсарин ҰБА құрған жұмыс тобының жетекшісі ретінде 10-11 сыныптарға арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын жаңартуға қатысып жүр. Жаңартуды жұмыс тобы әдіснамалық көзқарастарды іріктеуден бастады, сонда жүйелік, динамикалық, нормативтік, іс-әрекеттік көзқарастар басшылыққа алынды. Осы көзқарастар негізінде үлгілік оқу бағдарламасын (ҮОБ) жаңартудың құрылымдық-мазмұндық модель түзілді. Модель екі блоктың (теориялық және практикалық) бірлігі ретінде бейнелейнген, ал теориялық блокты екі кезеңге бөлінген: тұжырымдамалық (мәселені тұжырымдау; мәселе мен мақсатты анықтау) және жүйені модельдеу кезеңіне. Екінші кезеңде модель компоненттері бөліп көрсетілген және олардың бағыныштылығы, өзара байланысы және мазмұны анықталды. Модельдің құрылымдық бөлігі үш бөліктен тұрады: кіру параметрлері, үдеріс, шығу параметрлері. Модельді осылай бейнелеу радиотехникада жиілікті түрлендіру аспабының жұмыс істеу сұлбасына ұқсайды: бұл аспапта гетеродиннен шыққан дабыл араластырғышқа енеді, ал араластырғышта қажет спектр пайда болады да, ал ол өз кезегінде қажет гармоникалар жиынтығын іріктеуге арналған жолақты сүзгіге өтеді. Біздің жағдайымыздағы кіру параметрлері — 10-11 сыныптарға арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша ҮОБ-да тұжырымдалған пән оқыту мақсаты мен мазмұны.

Үдерісті сипаттау үшін «Графика және жобалау» оқу пәні нысанының ерекшеліктері аталған. Бірінші ерекшелік мынада: оқушылар графикалық кескіндер салудың әртүрлі амалдарын меңгеру керек, ал бұл өз тарапында алдымен өзгеше бір қарау және ойлау, таным, іздеу құралы ретінде, сонан кейін ғана ойды (ақпаратты) тасымалдау және бекіту құралы ретінде танылады делінген. Графиканы жобалау іс-әрекетінде пайдалану олардың жалпы зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға себеп болатыны екінші ерекшелік болып саналатыны айтылған, себебі жобалық және графикалық іс-әрекетте шығармашылық ойлаудың көптеген негізгі құрама бөлігі қалыптасады: мәселені көрнекілендіру, шығармашылық әдістерді игеру, геометриялық және графикалық модельдеу, әртүрлі салалардағы графикалық бейнені түрлендіру, ал графикалық іс-әрекеттің қалыптасқанының белгісі – ол білім алушының өз жобалық және зерттеушілік іс-әрекетінде біліммен, білікпен

және құрал-саймандық мүмкіндіктермен қатар компьютерлік графика мүмкіндіктерін пайдалануға дайын болу.

Осы айтылғанның негізінде ұсынылған нұсқада графикалық ақпаратты оқу және оқу жобалауын орындау қабілетін қалыптастыру болып табылатын жалпыланған мақсат қойылды, ал оқыту мазмұны болашақ техникалық мамандықтарға оқуға түсетін оқушыларды даярлау үшін «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша ҮОБ-ға жаңарту инженерлік іс-әрекеттің ерекшеліктері ескерілді.

Модельдің тағы бір ерекшелігі — оның құрылымдық бөлімі әмбебап болып табылады, себебі қандай да ҮОБ-ны құрастырмай тұрып мәселені анықтап, кейін ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, кіру және шығу параметрлерін сипаттау керек, тек келесі кезеңде модельдің мазмұндық компоненті анықталады, ол әр ҮОБ үшін әртүрлі болады.

Әрине, профессор Ы.Нәбидің барлық ғылыми жұмысын сипаттау мүмкін емес, дегенмен жоғарыда келтірілген мәліметтер оның білім беру сапасын қамтамасыз етуге және графикалық даярлауды жақсартуға деген теориялық-әдіснамалық және практикалық көзқарастары оның педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттайды.

Ы. НӘБИДІҢ ГРАФИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

[1]Мукатаева З.К. тарих ғыл. кандидаты
[2]Иманқұлова Н.Т. - студент
[1,2]«Шәкәрім университеті» Семей қ., Қазақстан

Ы. Нәбидің отандық педагогикадағы орны мен маңыздылығы

Ысқақ Нәби – Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде графикалық даярлықты ғылыми-әдістемелік тұрғыда дамытқан көрнекті педагог-ғалым. Ол сызба геометрия, инженерлік графика, кеңістіктік ойлау мен техникалық бейнелеу салаларында іргелі зерттеулер жүргізіп, графикалық білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға зор үлес қосты. Әдіснамалық еңбектері графикалық даярлау шеңберінен шығып, білім беруді жаңғырту, білім сапасын қамтамасыз ету жүйелерін жобалау, электрондық оқытудың теориясына және т.т. арналған [1, 2, 3, 4].

Ы. Нәбидің педагогикалық көзқарастары оқушының практикалық дағдыларын дамыту, кеңістіктік ойлау қабілетін жетілдіру және техникалық шығармашылықты қолдау сынды бағыттармен ерекшеленеді. Оның әдістемелік еңбектері мен оқулықтары – кәсіби білім беру мекемелерінде сызу және инженерлік графика пәндерін оқытуда кеңінен қолданылып келеді.

Ол оқу үдерісінде көрнекілік, жүйелілік, логикалық бірізділік принциптерін ұстана отырып, студенттің теорияны тәжірибемен ұштастыра отырып меңгеруін басты қағида ретінде көрсетті. Осы арқылы Ы. Нәби тек пән оқытушысы ғана емес, білім беру технологияларын жетілдіруде жаңашыл көзқарас ұсынған педагог-зерттеуші ретінде ерекшеленеді.

Графикалық білім берудің техникалық маман даярлаудағы рөлі

Қазіргі заманғы техникалық мамандық иелеріне қойылатын талаптардың бірі – графикалық сауаттылық пен кеңістіктік ойлау. Сызба геометрия, инженерлік графика, CAD жүйелерімен жұмыс істеу – өндірістік үдерістердің ажырамас бөлігі.

Графикалық білім беру арқылы студенттер:

- Нақты нысандардың құрылымын кеңістікте елестете алады;
- Жобалау және сызбаларды оқу/құру дағдыларын меңгереді;
- Техникалық құжаттамамен жұмыс істей біледі;
- Цифрлық ортада жобалық міндеттерді шешу мүмкіндігін алады.

Ы. Нәби осы талаптарды ескере отырып, оқу материалын кезең-кезеңімен меңгерту әдістемесін ұсынды. Ол графиканы оқытудың мазмұнын кәсіби пәндермен тығыз

байланыстыруды, студенттің болашақ мамандығына сай техникалық үлгілермен жұмыс істеуді ұсынды. Бұл тәсіл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, еңбек нарығына бейімделген маман даярлауға нақты ықпал етеді

Ы. Нәбидің ғылыми-педагогикалық қызметі

Ысқақ Нәби — Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру саласына елеулі үлес қосқан көрнекті педагог-ғалым. Ол өзінің еңбек жолын білім беру жүйесінде бастап, өмір бойы жастардың техникалық және графикалық даярлығын арттыруға бағытталған ізденістермен айналысты. Ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орындарында, соның ішінде техникалық бағыттағы колледждер мен университеттерде қызмет атқарып, көптеген ұстаз бен инженердің кәсіби қалыптасуына ықпал етті.

Ол өзінің кәсіби жолында білім беру мазмұнын жаңғырту, оқыту әдістемесін жетілдіру, графикалық пәндердің оқу үдерісіндегі орнын нақтылау бағытында жемісті еңбек етті. Ы. Нәбидің практикалық тәжірибесі мен ғылыми негіздемелері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді.

Ы. Нәбидің педагогикалық мұрасы негізінен графикалық даярлықты жетілдіруге, инженерлік ойлау жүйесін қалыптастыруға, кеңістіктік қабылдауды дамытуға бағытталған [5].

Ол сызба геометрия, инженерлік графика, техникалық сызу пәндерін оқытудың тиімді әдістерін ұсынып, оларды кәсіби білім беру жүйесінде енгізуге атсалысты.

Оның бастамасымен:

- ➔ Оқу бағдарламаларына инженерлік-графикалық пәндердің мазмұны енгізілді;
- ➔ Арнайы әдістемелік құралдар дайындалды;
- ➔ Болашақ техникалық мамандардың кеңістіктік және логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жүйеленді;
- ➔ Студенттердің өндірістік қызметке дайындығын арттыратын графикалық тренингтер мен практикалық сабақтар ұйымдастырылды.

Ы. Нәби оқытуда көрнекілік пен практикалық бағыттылық қағидаларын басты назарға алып, білім беру мен өндірістік қажеттіліктер арасындағы байланысты нығайтуға үлкен көңіл бөлді.

Ғылыми еңбектеріне шолу (монографиялары, оқулықтары, әдістемелік құралдары)

Ы. Нәби — авторы немесе авторлық топ мүшесі ретінде бірнеше оқулық, оқу құралы және әдістемелік нұсқаулық жазған белгілі ғалым. Оның еңбектері техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инженерлік графиканы оқытуда кеңінен қолданылады.

Олардың ішінде:

«Графика және жобалау» атты оқулығы — жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық;

«Сызба геометрия және инженерлік графика: Техникалық мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық», «Сызба геометрия және инженерлік графика бойынша есептер мен тапсырмалар жинағы»— педагогикалық бағыттағы мамандарға арналған нұсқаулық [6, 7, 8].

Бұл еңбектерінің барлығы графикалық сауаттылықты дамыту, техникалық бейнелеу әдістерін меңгерту және студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашуға бағытталған.

Сызба геометрия және инженерлік графика пәндерінің мазмұнын жаңартуға Ы. Нәбидің қосқан үлесі

Ы. Нәби сызба геометрия және инженерлік графика пәндерінің мазмұнына әдістемелік тұрғыдан жаңаша көзқарас енгізді. Ол бұл пәндердің мазмұнын тек техникалық сызбаларды оқуға немесе орындауға емес, кеңістіктік ойлауды дамыту, нақты өндірістік жағдайларды модельдеу және технологиялық процестерді бейнелеу құралы ретінде қарастырды.

Ғалым инженерлік графика мазмұнын келесідей бағытта жаңартуды ұсынды:

- Кәсіби салаға бағытталған тапсырмалар енгізу (мысалы, нақты жабдықтар мен бөлшектердің сызбасын орындау);

- CAD (Computer-Aided Design) жүйелерін оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу;
- Геометриялық модельдеу негіздерін оқыту арқылы 3D-ойлау қабілетін дамыту.

Бұл жаңартулар арқылы инженерлік графика пәні білім алушылар үшін тек теориялық емес, практикалық мәнге ие кәсіби пәнге айналды.

Кәсіптік бағыттағы оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту әдістемесі

Кеңістіктік ойлау – инженерлік және техникалық мамандықтар үшін аса маңызды дағды. Ы. Нәби бұл қабілетті дамытуда психологиялық-педагогикалық негіздерді ескеріп, арнайы әдістемелер ұсынды. Оның пікірінше, кеңістіктік ойлау тек механикалық дағды емес, танымдық қабілетті дамытатын жүйелі процесс.

Ол кеңістіктік ойлауды дамыту үшін:

- 3D-пішіндерді көру және елестетуге арналған жаттығулар жасақтады;
- Күрделі денелерді қарапайым элементтерге жіктеу әдістерін қолдануды ұсынды;
- Изометриялық және аксонометриялық проекциялар арқылы кеңістіктегі объектілерді көрсету дағдыларын жүйелі түрде енгізді;
- Техникалық суреттер мен модельдер арқылы аналитикалық ойлауға жетелеуді мақсат етті.

Графикалық тапсырмалар мен визуалды құралдарды қолдану тәжірибесі

Ы. Нәби оқытуда көрнекілік пен практикалық бағыттылық қағидаларын басшылыққа алып, графикалық тапсырмалар мен визуалды құралдарды кеңінен қолданды. Оның әдістемесінде графикалық тапсырмалар мен визуалды тапсырмалар мысалы [9]. (кесте 1)

Кесте 1 - Графикалық және визуалды құралдар тапсырмалары мысалы

Графикалық тапсырмалар	Визуалды құралдар	Студенттердің меңгеретін дағдылар
Оқушының қабылдау деңгейіне бейімделген (қарапайымнан күрделіге қарай)	Дайын сызба үлгілері мен қолдан жасалған макеттер	Күрделі заттарды дұрыс қабылдауға
Нақты кәсіби жағдайлармен ұштастырылған (станок бөлшегі, құрылыс сызбасы, механизм нобайы);	Геометриялық фигуралар жиынтығы (дөңгелек, призма, пирамида, конус т.б.)	Сызбаны өз бетімен орындауға
Интерактивті элементтермен толықтырылған (модельдер, шаблондар, дайын макеттер)	Цифрлық демонстрациялар мен слайдтар (қазіргі заманға бейімделген) Проекциялық бейнелеу мен қималар арқылы көрсетілетін сызбалар жатады	Техникалық құжаттамамен жұмыс істеуге дағдыланды.

Нәтижесінде, студенттер тек сызу техникасын ғана емес, жобалау және конструкциялау бағытындағы қабілеттерін де жетілдіруге мүмкіндік алды.

Ы. Нәбидің ұсынған әдіс-тәсілдері

Ы. Нәби графикалық білім беруде оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында бірнеше әдістемелік тәсілді ұсынды. Оның әдістері теория мен тәжірибені ұштастыруға, кеңістіктік ойлауды дамытуға және графикалық тапсырмаларды жүйелі түрде меңгертуге бағытталған.

Негізгі әдіс-тәсілдері:

- *Күрделендіру әдісі* – сызба элементтерін қарапайымнан күрделіге қарай меңгерту;
- *Салыстыру және талдау әдісі* – әртүрлі геометриялық фигуралар мен проекцияларды салыстыра отырып, кеңістіктік қабылдауды дамыту;
- *Жүйелілік және бірізділік* – тапсырмаларды біртіндеп орындау арқылы пәнге қызығушылық пен түсінікті қалыптастыру;
- *Өндірістік міндетке негізделген сызбалар* – нақты кәсіби жағдайларды модельдеу арқылы болашақ мамандыққа бейімдеу.

Ол сонымен қатар көрнекілік пен практикалық жұмыстарды ерекше бағалап, оқушының өз бетімен жұмыс жасау қабілетін арттыруды мақсат етті.

Дәстүрлі және заманауи оқыту технологияларын ұштастыру тәсілдері

Ы. Нәби оқытуда дәстүрлі әдістер мен заманауи технологияларды біріктіру қажеттігін ерте кезден атап көрсеткен. Ол білім беру мазмұнын жаңғырту арқылы оқушылардың практикалық құзыреттерін дамытуға басымдық берді.

Ұштастыру тәсілдері:

- ❖ *Дәстүрлі сызу әдістері* (қолмен орындау, масштабпен жұмыс, қарапайым геометриялық фигуралар) – негіз ретінде алынады;
- ❖ *Мультимедиялық құралдармен толықтыру* – визуалды түсіндіруді жеңілдетеді (слайдтар, анимациялар, бейнежазбалар);
- ❖ *Цифрлық сызбалар* – AutoCAD, SolidWorks тәрізді бағдарламаларда қарапайым тапсырмаларды орындау арқылы дағдыны бекіту [9];
- ❖ *Аралас форматтағы сабақтар* – теориялық материалды интерактивті тапсырмалармен біріктіру.

Практикалық дағдыларды қалыптастыру жолдары

Графикалық пәндер – тек теориямен шектелмейтін, қолмен орындау арқылы меңгерілетін практикалық бағыттағы пәндер. Ы. Нәби осы ерекшелікті ескере отырып, оқушылардың практикалық дағдыларын мынадай жолдармен қалыптастыруды ұсынған:

1. *Көпсатылы тапсырмалар жүйесі* – қарапайымнан күрделіге қарай бағытталған, логикалық тізбекпен құрастырылған жаттығулар;
2. *Нақты өндірістік нысандардың сызбалары* – шынайы детальдар мен механизмдердің кескіндерін орындау арқылы кәсіби дағдыны дамыту;
3. *Топтық және жеке жобалар* – топта және жеке жұмыс істеу арқылы жауапкершілік пен шығармашылықты дамыту;
4. *Қателермен жұмыс* – сызбадағы қателерді тауып, оны түзету арқылы аналитикалық ойлауды жетілдіру;
5. *Цифрлық тренажерлар* – заманауи құралдар арқылы машықты автоматтандыру.

Практикалық бағытты басым ету – студенттің өз бетінше ойлау, шешім қабылдау және нақты кәсіби міндеттерді орындау қабілетін қалыптастырады.

Қазіргі колледждер мен техникалық оқу орындарында қолдану аясы

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары – колледждер мен жоғары техникалық мектептер – графикалық пәндерді оқытуда Ы. Нәби жүйесінің кейбір элементтерін қолдануда. Бұл әдістер келесі бағыттарда көрініс табады:

- Сызба геометрия курстарында тапсырмаларды күрделендіру әдісімен беру;
- Жобалау және сызу негіздерін практикалық тұрғыдан үйрету (мысалы, нақты детальды салу арқылы);
- Цифрлық технологияны оқытудың алдында базалық графикалық дайындықты міндеттеу;
- Оқу жоспарларына инженерлік графика мен өндірістік сызу пәндерін енгізу.

Оқу орындары Ы. Нәбидің әдістемелік мұраларын заманауи трендтермен үйлестіре отырып, студенттердің техникалық сауаттылығы мен визуалды-инженерлік ойлауын қалыптастыруда қолдануда.

Болашақ педагогтерге арналған әдістемелік ұсыныстар

Болашақ техникалық пән мұғалімдері үшін Ы. Нәбидің еңбектері әдістемелік бағдарлама мен тәжірибелік нұсқаулық ретінде ерекше маңызға ие. Ол ұсынған қағидалар педагогтың кәсіби шеберлігін жетілдіруде тиімді құрал бола алады.

Мынадай әдістемелік ұсыныстар өзекті:

- Графикалық тапсырмаларды сабақтың мақсаты мен нәтижесіне сай құрастыру;
- Білім алушының даму деңгейіне бейімделген жаттығуларды қолдану (дифференциация);
- Дәстүрлі және цифрлық оқыту құралдарын біріктіру (қағаз бен компьютерлік модельдеу);
- Оқу үдерісіне жобалау элементтерін енгізу – бұл оқушыны жобалық қызметке бейімдейді [10].

Қорытынды

Ы. Нәбидің графикалық білім берудегі ғылыми-педагогикалық мұрасы – техникалық мамандар даярлау ісінде маңызды орын алатын ұлттық педагогиканың құнды бөлігі. Ол ұсынған әдістемелік тәсілдер сызба геометрия мен инженерлік графика пәндерінің мазмұнын жаңғыртуға, білім алушылардың кеңістіктік ойлауын қалыптастыруға және практикалық дағдыларын дамытуға нақты ықпал етті.

Заман өзгерсе де, Ы. Нәбидің идеялары өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше, цифрлық трансформация дәуірінде оның оқытуда жүйелілік пен тәжірибеге негізделген көзқарасы бүгінгі Smart-оқыту, CAD/CAM жүйелері мен виртуалды зертханалар секілді заманауи технологиялармен үйлесім тауып отыр. Бұл – әдістеменің тек тарихи маңызы ғана емес, болашақта да нақты қолдану мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Ы. Нәбидің графикалық білім беру саласындағы еңбектері қазіргі педагогтер мен білім беру ұйымдары үшін әдістемелік бағдар бола алады. Осы мұраны оқу бағдарламаларына енгізу, педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждерде болашақ оқытушыларды даярлау барысында кеңінен пайдалану – білім сапасын арттырудың маңызды жолдарының бірі.

Сондықтан, Ы. Нәбидің еңбектерін насихаттау, ғылыми негізде қайта зерделеу және оны қазіргі білім беру талаптарына бейімдеу – ұлттық техникалық білімнің дамуына қосылған маңызды үлес болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі

1 Nabi Y.Scientific principles of graphic training in e-learning conditions: monograph.- Semei, Edition of theKazakh Innovative Humanitarian Juridical University, 2019. - 50 p.

2 Nabi Y.The qualimetric approach to projecting internal system of quality assurance// Journal of International Scientific Publications: Educational Alternatives. 2013, Volume 11, part 2

3 Наби Ы. Системы обеспечения качества высшего образования: Проектирование на основе модели EFQM // Монография.- Deutschland, Saarbrucken, Palmarium Academic Publishing. – 2014. -201 с.

4 Ы. Нәби Электрондық оқыту енгізу жағдайында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде графикалық даярлаудың инновативалық-әдіснамалық аспектілері: монография Семей, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті бас., 2019.- 115 б.

5 Наби Ы., Дюсенов С.А.. Некоторые вопросы преподавания курса инженерной графики в высшей школе /Энергетика и топливные ресурсы Казахстана 1995, №1(II)

6 Nabi Y. Principles of descriptive geometry// Textbook for students of technical speciality /Deutschland, Saarbrucken, LAP LAMBERT Academic Publishing.- 2015.
7 Нәби Ы. Сызба геометрия және инженерлік графика: Техникалық мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық..- 4-ші, толықтырылған басылым.- Алматы, Бастау, 2015
8 Нәби Ы. Сызба геометрия және инженерлік графика бойынша есептер мен тапсырмалар жинағы.-Алматы, Бастау, 2010
9 Nabi Y. Methodics of 3D modeling in the Autodesk Inventor Environment: Introduction in course (with translation into Kazakh and Russian): Methodical textbook.-Semei, Edition of theKazakh Innovative Humanitarian Juridical University, 2019- 94 p.
10 https://mylibrary.kz/uchebniki/grafika-i-proektirovanie/grafika-zhane-zhobalau-dlya-11-klassa-nabi-y/

PROBLEMS AND PERSPECTIVES IN THE UNIVERSITY TRAINING OF FUTURE EDUCATORS: BETWEEN THEORY AND PRACTICE

Prof. DSc Doncheva Julia, PhD

'Angel Kanchev' University of Ruse, Faculty of Natural Science and Education, Bulgaria

Abstract: This paper examines the contemporary challenges and future directions in the university-level training of future pedagogical professionals. It identifies key gaps between theoretical instruction and practical application, and proposes strategic improvements based on innovative approaches and collaborative models. Statistical comparisons from international education systems highlight the need for balanced, practice-oriented pedagogical curricula. The study emphasizes the importance of aligning university training with the realities of the teaching profession.

Keywords: teacher education, pedagogy, higher education, practice-theory gap, university training, educational reform.

Introduction and Relevance of the Topic.

The preparation of future teachers in universities is a critical pillar for the sustainability and quality of educational systems worldwide. In the 21st century, educators are expected not only to master academic content but also to adapt to diverse classrooms, integrate digital tools, and foster critical thinking. However, teacher education programs often lag behind these expectations. According to OECD data (2021) [14], only 52% of education graduates across EU countries report feeling "well prepared" for the teaching profession after completing their university training.

In the 21st century, the complexity, role and importance of the formative and educational functions of the social environment in relation to the development of the social competence of the individual have significantly increased. The technological renewal of the educational process creates many risks in everyday educational interaction. The research needs for applying an integrative approach in the process of pedagogical interaction is especially relevant today, when the concept of "information society" is not just a theoretical construct, but a social reality that poses its challenges to the adaptive abilities of children even before they enter school. [8].

Key Problems in University-Based Teacher Training.

Several long-standing and emerging issues can be identified in the preparation of future educators:

- Theory-Practice Disconnection
- Insufficient Practical Experience
- Outdated Instructional Methods
- Low Student Motivation
- Limited Collaboration Between Universities and Schools. [4, 18].

The child's self-affirmation in the socio-cultural environment and his/her emergence into the position of a subject of his/her own activity, behavior and communication is determined by his/her potential for the realization of active communication with others. It corresponds to the system of ideas, skills, relationships and competencies, which have fundamental functions for personal prosperity. Their significance for the individual and society imposes the need for targeted pedagogical support for each child. [6, 15]. Providing it is a challenge for the pedagogical

community, focusing the attention of scientists and practitioners on the development and justification of technologies for mastering communicative competencies and behavioral attitudes - key for the future of the child's personality.

Perspectives and Possible Improvements.

Despite the outlined difficulties, numerous strategies offer hope for meaningful reform:

- Curriculum Modernization: e.g., Finland and the Netherlands.
- Extended Practicum Phases: e.g., Germany includes 20–24 weeks vs. EU average of 8–12 weeks.
- Mentorship Models
- Technological Innovation
- Reflective Practice and Portfolio Assessment. [5, 19].



Fig. 1: Average Practicum Duration in Teacher Education (Weeks)

This chart compares the average number of weeks allocated to practicum in teacher education programs across selected countries. Germany provides a substantially longer practicum period of about 22 weeks, which is nearly double the EU average of 10 weeks. Extended practical experience is linked to higher confidence and readiness among novice teachers, emphasizing the importance of integrating extensive school-based practice into university curricula.

Every child deserves to be respected and loved, based on the principle that there is no human being who does not need to be loved. Love affects his overall development, existence and being as a whole. [10, 16]. The principle of respect for the person can also be interpreted through the prism of the need to create a positive emotional climate within the framework of activity and communication, which in their dynamism diversify and enrich the manifestations, optimize possible interpersonal relationships, stabilize the individual tone and make his work more productive and desirable. [17].

Statistical comparison with Kazakhstan:

Teacher Preparedness (Novice Teachers Feeling Well Prepared, %)

- Singapore: 82%
- Germany: 65%
- EU Average: 52%
- Kazakhstan: 48% (approximate, based on regional education reports)
- Bulgaria: 43%
- Romania: 41%



Compares the perceived readiness of novice teachers in various countries, including Kazakhstan. Kazakhstan shows a moderate level of perceived preparedness at 48%, slightly below the EU average of 52%, and significantly lower than Singapore (82%) and Germany (65%). This suggests opportunities for improving teacher education programs in Kazakhstan to enhance practical skills and confidence among new educators.

Average Duration of Practicum in Teacher Education (Weeks)

- Germany: 22 weeks
- EU Average: 10 weeks
- Kazakhstan: 14 weeks (based on national education standards).

Illustrates the average duration of practicum periods in teacher education programs. Kazakhstan offers about 14 weeks of practicum, which is above the EU average of 10 weeks but still less than Germany's extended practicum of 22 weeks. Increasing practicum duration may further improve the practical readiness of future teachers in Kazakhstan.

Along with the achievements in science and technology, which have completely changed modern society, the role of human capital in economic growth is also changing - humanity has completely different ways of healing, working, and even communicating. There are completely new industries, new needs, new ways of reducing costs, new ways of generating profits. And all this is due to the evolutionary human knowledge. [12].

The Nature and Goals of Teacher Education.

University-based teacher training must cultivate not only knowledge but also ethical, emotional, and social competences. [2]. The goal is to develop professionals who are reflective, adaptable, and responsive to students' needs.

Synthesis and International Comparison.

Современный инженер — это не только технический специалист, но и активный участник устойчивого развития общества. В эпоху климатических изменений, дефицита ресурсов и экологических вызовов инженер должен уметь проектировать не просто эффективные, но и экологически безопасные, социально ответственные решения. В связи с этим возрастает значение внедрения ESG-подходов (экология, социальная ответственность, корпоративное управление) в учебные программы технических вузов.

На практике это означает включение в образовательный процесс таких дисциплин, как «экологическое проектирование», «энергосберегающие технологии», «цифровая трансформация и устойчивое развитие», «зеленая логистика», а также элементов международных стандартов ISO 14001 и SDGs (целей устойчивого развития ООН).

В ряде казахстанских вузов уже предпринимаются шаги в этом направлении. Например, в Назарбаев Университете и в Satbayev University реализуются междисциплинарные курсы, сочетающие инженерные и экологические компетенции. Это способствует формированию нового типа инженера — социально и экологически ориентированного профессионала, востребованного в глобальной экономике [7, с. 48].

7. Перспективы и стратегические направления развития инженерного образования в Казахстане

Улучшение качества технических специальностей должно рассматриваться как часть более широкой стратегии модернизации высшего образования в Казахстане. Перспективными направлениями развития являются:

- Создание центров передовых инженерных практик в каждом регионе на базе опорных вузов. Эти центры могут стать площадками для трансфера технологий, проведения прикладных исследований и стажировок студентов.
- Развитие инженерного предпринимательства. Поддержка студенческих стартапов, технологических инкубаторов, акселераторов позволяет раскрывать инновационный потенциал молодежи.
- Укрепление взаимодействия с производством. На базе стратегических предприятий необходимо открывать кафедры с участием бизнеса, где обучение будет максимально приближено к реальным условиям.
- Интеграция искусственного интеллекта и big data в техническое образование. Это не только повышает актуальность подготовки, но и дает студентам инструменты для аналитики, моделирования и управления сложными системами.
- Формирование инженерной культуры. Через участие в международных инженерных конкурсах, олимпиадах, проектах WRO, WorldSkills, CASE-IN студенты получают опыт командной работы, лидерства и глобальной ответственности.

8. Заключение

Проблема повышения качества технических специальностей в вузах Казахстана является многоуровневой и требует согласованных действий всех участников образовательной и

производственной экосистемы. Только через модернизацию содержания образования, развитие индустриальных партнерств, цифровизацию и международное сотрудничество возможно подготовить технических специалистов, способных не только соответствовать современным требованиям, но и формировать облик промышленности будущего.

Список литературы

1. Ахметова Р.Т. Подготовка инженерных кадров в Казахстане: проблемы и перспективы // Вестник науки Казахстана. – 2021. – №4. – С. 22–27.
2. Министерство науки и высшего образования РК. Аналитический отчет о трудоустройстве выпускников технических специальностей. – Астана, 2023.
3. Ташенова А.К. Современные подходы к обучению инженеров в условиях цифровизации экономики // Педагогика и психология. – 2022. – №3. – С. 39–44.
4. Смагулов А.Б. Техническое образование в Казахстане: вызовы XXI века. – Алматы: Білім, 2020. – 185 с.
5. Жумабекова Д.Н. Болонский процесс и инженерное образование в РК: адаптация и проблемы // Высшее образование в Казахстане. – 2023. – №1. – С. 30–35.
6. Бакаева З.К. Дуальное обучение в технических вузах: опыт реализации и перспективы развития // Инженерное образование. – 2022. – №2. – С. 18–23.

SMART–ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДЫ ДАЙЫНДАУ ҮРДІСІ

[1]Иманқұлова Н.Т. - География-Тарих мамандығының 3-курс студенті
[2]Уәшова М.У. - Химия және биология кафедрасының оқытушысы
[3]Балтабаева А.Д. - Химия және биология кафедрасының оқытушысы
[1,2,3]«Шәкәрім университеті» Семей, Қазақстан

Қазіргі еңбек нарығы үнемі өзгеріп, жаңарып отырғандықтан, техникалық мамандардан тек кәсіби білім ғана емес, цифрлық құзыреттілік, икемді дағдылар (soft skills), технологиямен жұмыс істей алу қабілеті талап етіледі. Индустрия 4.0, автоматтандыру, жасанды интеллект, жасыл технологиялар – бұлар техникалық маманның жаңа бейнесін қалыптастырады. Сондықтан техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушыларды бейімделгіш, көпсалалы, IT-құзыретті маман ретінде даярлау – уақыт талабы.

Smart-технологиялар – бұл деректерді жинау, өңдеу және қолдану арқылы оқыту үдерісін тиімді ететін, сандық құралдар мен интеллектуалды жүйелерге негізделген технологиялар жиынтығы. Оған мыналар жатады:

- Интерактивті құрылғылар (ақылды тақта, планшет, сенсорлы үстелдер);
- LMS жүйелері (Moodle, Google Classroom т.б.);
- AR/VR технологиялары (виртуалды зертханалар, симуляторлар);
- IoT (заттар интернеті) – өндірістік құрылғыларды онлайн бақылау;
- Жасанды интеллектке негізделген білім беру платформалары.

Бұл технологиялар оқытуды дараландыруға, қашықтан оқытуға және нақты тәжірибе беруге мүмкіндік береді.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде цифрлық трансформация – оқытудың мазмұны мен әдісін түбегейлі жаңартудың негізгі тетігі. Бұл өзгеріс:

- Оқу үдерісінің сапасын арттыруға;
- Теория мен практиканы біріктіруге;
- Білім алушылардың шығармашылығын, логикалық ойлауын дамытуға;
- Өндірістік ортаға жақын жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация – тек құрал емес, ойлау тәсілі мен әдіснама мәдениетін де өзгертетін құбылыс. Сондықтан колледждер мен техникалық оқу орындары цифрлық ортада тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлауға басымдық беруі қажет [1].

Smart-технологияларды қолдану арқылы білім беру үдерісін жаңғырту

Мақсат:

Smart-технологиялар арқылы білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру, оқу мазмұнын жаңғырту және студенттің практикалық, цифрлық құзыреттілігін дамыту.

Міндеттер:

- Smart-оқыту платформаларын оқу үдерісіне жүйелі енгізу;
- Оқу пәндерінің мазмұнын цифрлық форматқа бейімдеу;
- Оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін жетілдіру;
- Виртуалды зертханалар мен симуляциялық құрылғыларды қолдану;
- Студенттердің дербес және жобалық жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Білім беру саласында smart-технологиялар:

1.Оқытудың интерактивтілігін арттырады;

2.Оқу процесін дараландыруға (әр студенттің деңгейіне бейімдеу) жағдай жасайды;

3.Цифрлық құрылғылар мен желілік орта арқылы білім алуға мүмкіндік береді;

4.Аналитика мен деректер негізінде студенттің оқу жетістіктерін бақылауға көмектеседі.

Smart-технологиялардың негізгі ерекшеліктері:

1.Дербестік пен адаптивтілік (әр оқушының ерекшелігіне қарай икемделу);

2.Қолжетімділік (интернет, мобильді қосымшалар арқылы кез келген уақытта оқу);

3.Интерактивтілік (виртуалды тәжірибелер, 3D моделдеу, AR/VR);

4.Ақпаратты өңдеу жылдамдығы мен дәлдігі (Big Data, AI, Learning Analytics).

Smart-технологиялардың білім беру саласындағы негізгі құралдары мен платформаларын төмендегіше топтауға болады:

LMS – оқу үдерісін онлайн форматта жүргізуге, бақылауға және ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сандық платформа. Мұндай жүйелер арқылы оқытушылар тапсырма береді, бағалайды, студенттермен кері байланыс жасайды. Ал студенттер өз кезегінде оқу материалдарын меңгеріп, тапсырмаларды орындап, білімін бағалай алады. Бұл – оқу процесін ұйымдастыру, өткізу және бақылауға арналған көпфункционалды цифрлық жүйелер. Танымал LMS жүйелеріне: Moodle, Google Classroom, Canvas, Edmodo, Microsoft Teams for Education жатады [2]. (кесте 1)

Кесте 1 -Танымал LMS жүйелері.

Танымал LMS жүйелері.	Сипаттамасы	Мүмкіндіктері
Moodle	Ашық кодты жүйе, колледждер мен ЖОО-ларда кең таралған.	Онлайн курстар мен тестілеу өткізу
Google Classroom	Тапсырма беру, бағалау, пікір алмасу.	Бағалау мен кері байланыс Уақыт пен қатысуды бақылау.
Canvas, Edmodo, Microsoft Teams for Education	Топтық жұмыс, автоматты бағалау, онлайн сабақ өткізу.	Жеке және топтық тапсырмаларды беру

Smart-технологиялардың негізгі құралдары: AR/VR, жасанды интеллект

AR/VR технологиялары: кеңейтілген және виртуалды шынайылық

AR (Augmented Reality) – шынайы әлемге сандық объектілерді (3D модель, мәтін, графика) қосатын технология болса, VR (Virtual Reality) – толығымен виртуалды, жасанды ортаны модельдейтін технология.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында AR/VR технологиялары арқылы виртуалды зертханалар, симуляциялық жаттығулар, кәсіби процестерді имитациялау жүзеге асады.

AR/VR технологиялары студенттердің теорияны визуалды түрде қабылдауына, тәжірибе жасау арқылы ойлау дағдысын дамытуына және өндірістік ортаға жақындауына жол ашады. Бұл – дәстүрлі оқытудағы тәжірибе жетіспеушілігін толықтыратын тиімді құрал.

Жасанды интеллектке (AI) негізделген білім беру платформалары

Жасанды интеллект (Artificial Intelligence) – адамның ойлау қабілетіне ұқсас шешім қабылдайтын, мәліметтерді өңдейтін, үйренетін бағдарламалар мен алгоритмдер жүйесі.

Білім беру саласында жасанды интеллект:

- Студенттің оқу нәтижесіне талдау жасап, дербес оқу траекториясын құрастырады;
- Автоматтандырылған бағалау, тапсырмаларды бейімдеу, кері байланыс беру функцияларын орындайды;
- Оқытушы мен білім алушы арасындағы байланысты жеңілдетіп, интеллектуалды ассистент рөлін атқарады.

Танымал мысалдар:

- ❖ Socrative, Knewton, Khan Academy – студенттің білім деңгейіне қарай контент ұсынатын жүйелер;
- ❖ Chatbot пен виртуалды тьюторлар – білім алушылардың сұрақтарына нақты әрі жедел жауап беретін жасанды көмекшілер;
- ❖ Learning Analytics жүйелері – студенттің белсенділігі мен жетістігін бақылап, болжау жасайды [3].

Қазақстан және шет елдер тәжірибесі

Бүгінгі таңда әлем елдері Smart-технологияларды білім беру жүйесіне кеңінен енгізіп келеді. Финляндия, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ сияқты дамыған мемлекеттерде кәсіптік білім беруді цифрландыру саясаты нақты нәтиже беруде.

Финляндия тәжірибесінде білім беру жүйесі толық цифрлық форматқа көшірілген. Оқу орындарында интерактивті платформалар, жасанды интеллект және виртуалды зертханалар тұрақты пайдаланылады. Германия дуальды оқыту жүйесін Smart-технологиялармен тиімді ұштастырып отыр. Студенттер өндірістегі нақты тапсырмаларды AR/VR немесе симуляторлар арқылы меңгереді.

Қазақстанда Smart-технологияларды енгізу үдерісі “Цифрлық Қазақстан” бағдарламасы шеңберінде бастау алды. Соңғы жылдары колледждер мен техникалық оқу орындарында оқыту платформалары, электрондық журналдар, виртуалды зертханалар мен симуляторлар қолданысқа еніп келеді. Дегенмен, бұл бағытта даму қарқыны әлі де жүйелі қолдауды қажет етеді.

Smart-технологияларды енгізу процесінде ең басты кедергілер – материалдық-техникалық база мен кадр тапшылығы. Әсіресе шалғай аймақтардағы оқу орындары бұл қиындықтарға жиі тап болуда (Кесте 2)

Кесте 2 - Smart-технологияларды енгізу қиындықтары

Инфрақұрылымдық қиындықтар	Қаржылық қиындықтар	Кадрлық қиындықтар
Жоғары жылдамдықтағы интернеттің жетіспеуі	AR/VR құралдарының, симуляторлардың және бағдарламалық қамтамасыз етудің жоғары бағасы	Smart-технологияларды меңгерген оқытушылардың тапшылығы

Компьютерлік техника мен интерактивті құрылғылардың ескіруі	Заманауи зертханаларды құруға арналған инвестицияның шектеулі болуы	Біліктілікті арттыру курстарының жүйесіздігі
Электрондық ресурстардың жеткіліксіздігі	Бағдарламалық қамтамасыз ету және лицензиялар	Жаңа әдістемелерді қолдануға деген дайындықтың болмауы

Студенттердің және оқытушылардың цифрлық дайындық деңгейі

Smart-технологияларды нәтижелі енгізудің басты шарты – цифрлық құзыреттілік. Бұл жерде студенттер мен оқытушылардың технологияларды пайдалану дағдысы маңызды рөл атқарады.

Студенттер:

- ➢ Көп жағдайда базалық деңгейде компьютерді, смартфонды пайдалана алады;
- ➢ Арнайы оқыту платформаларымен, симуляторлармен жұмыс істеуде тәжірибе аз;
- ➢ Виртуалды зертханаларда жұмыс істеуге үйрену кезеңінде.

Оқытушылар:

- Жаңа технологиялармен жұмыс істеуге деген ынта бар, бірақ тәжірибе жеткіліксіз;
- LMS, AR/VR құралдарын қолдануда қиындықтар кездеседі;
- Біліктілік курстарына сұраныс жоғары болғанымен, ұсыныс аз [4].

Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды жаңғырту

Smart-технологияларды тиімді енгізу үшін ең алдымен оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет. Қазіргі таңда көптеген колледждер мен техникалық оқу орындарында қолданылып жүрген оқу мазмұны жаңа технологиялармен сәйкес келмейді.

Жаңғыртылған бағдарламалар келесі бағыттарға мән беруі тиіс:

- ➔ Цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдылары – студенттерге AR/VR, симуляторлар, CAD/CAM жүйелерімен жұмыс істеуді үйрету;
- ➔ Креативті ойлау және проблемаларды шешу қабілеті – студенттерді стандарттан тыс тапсырмалармен жұмыс істеуге дағдыландыру;
- ➔ Өндірістік процестерді цифрлық форматта түсіну – виртуалды модельдер мен процестерді игеру арқылы кәсіби дайындықты арттыру.

Оқытушылардың IT-құзыреттілігін арттыру

Smart-технологиялармен жұмыс істеу тек білім алушыларға емес, ең алдымен оқытушылардың кәсіби дайындық деңгейіне байланысты. Осы бағытта педагогтердің IT-құзыреттілігін арттыру негізгі шарт болып саналады.

Оқытушылар:

- ➔ Виртуалды зертханалармен, AR/VR құралдарымен жұмыс істеуді меңгеруі тиіс;
- ➔ LMS платформаларын (Moodle, Canvas, Google Classroom т.б.) тиімді қолдана білуі керек;
- ➔ Цифрлық білім беру контентін өз бетінше құра алуы қажет.

Бұл үшін оқу орындары арнайы біліктілік арттыру курстарын, тәжірибелік семинарларды және инновациялық педагогикалық зертханаларды ұйымдастыруы керек. Сондай-ақ халықаралық онлайн курстар мен сертификатталған бағдарламалар арқылы оқытушыларды үздіксіз кәсіби дамыту – тиімді шешімдердің бірі.

Мемлекеттік қолдау және цифрлық саясат шеңберіндегі шаралар

Smart-технологияларды тиімді енгізу үшін мемлекеттік деңгейде жүйелі қолдау қажет. Қазақстанда бұл бағытта бірқатар бағдарламалар іске асырылып жатыр, алайда олардың әлеуетін кеңейту – басты міндеттердің бірі.

Негізгі мемлекеттік шаралар мыналарды қамтуы тиіс:

- Инфрақұрылымға инвестиция тарту – колледждер мен техникумдарды жоғары жылдамдықты интернетпен, заманауи техникамен жабдықтау;
- Цифрлық білім беру платформаларын дамыту – отандық LMS және білім беру симуляторларын әзірлеуге қолдау көрсету;
- Оқытушылар мен студенттерге арналған гранттық бағдарламалар – цифрлық оқыту курстары мен халықаралық сертификаттауға қаржылай қолдау;
- Аймақтық цифрлық хабтар құру – шағын және шалғай оқу орындары үшін ортақ ресурстық орталықтар ұйымдастыру.

Мемлекеттік қолдау мен нақты цифрлық саясат оқу орындарына жаңа технологияларды батыл әрі сенімді түрде енгізуге мүмкіндік береді [5].

Қорытынды

Қазіргі жаһандану жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығының нақты талаптарына бейімдеу – ел экономикасының тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілетті кадрлар даярлаудың басты кепіліне айналып отыр. Бұл үдерісте Smart-технологияларды енгізу – оқу үдерісін жаңғыртып қана қоймай, білім беру сапасын арттырып, өндірістік практикаға барынша жақын жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда қарастырылған оқу жоспарларын жаңғырту, оқытушылардың IT-құзыреттілігін арттыру, бизнес-орта мен өндіріс саласымен тығыз серіктестік орнату, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясын қамтамасыз етудің нақты тетіктері болып табылады. Бұл бағыттар бойынша ұсынылған шаралар жүйелі түрде жүзеге асса, олар болашақ мамандарды технологиялық ортада еркін әрекет етуге, өндірістік процестерді цифрлық басқаруға және инновациямен жұмыс істеуге үйретеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік саясат пен қоғамдық серіктестіктің үйлесімді әрекеті – аталған өзгерістердің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды фактор. Мемлекет тарапынан инфрақұрылымдық қолдау мен нормативтік базаны жетілдіру, ал бизнес тарапынан өндірістік тәжірибені цифрлық білім беру процесіне енгізу – білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы алшақтықты жоюға жол ашады.

Осылайша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жаңа технологияларды жүйелі түрде қолдану арқылы еңбек нарығына сұранысы бар, бәсекеге қабілетті, цифрлық сауатты мамандарды даярлай алады. Бұл – елдің инновациялық дамуы мен экономикалық өрлеуінің басты кепілі.

Әдебиеттер тізімі.

1. Матвеева Ирина Геннадьевна. Новый подход в образовании: SMART - технологии
2. Шарипов Бахыт Жапарович. Центр образовательных инноваций и SMART обучения
3. SMART-ОБРАЗОВАНИЕ В ИНФОРМАЦИОННОМ ОБЩЕСТВЕ
4. И.Г. Захарова, А.Н. Пушкарев. Технологии smart-образования в модернизации Дополнительного образования Детей и молоДежи по научно-техническому профилю
5. В. А. Келейникова. К вопросу реализации ИТ-образования в рамках концепции Smart education

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ГРАФИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ МӘНМӘТІНІ

Жартынова Ж.А.– Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, аға оқытушы
"Өрлеу" БАҰО АҚФ Алматы қаласы бойынша КДИ

Ерғали М. – информатика пәні мұғалімі
Алматы қаласы, №206 мектеп – гимназия

Қазіргі таңда білім беру сапасын қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі. Елдің болашағы мен бәсекеге қабілеттілігі тікелей осы жүйенің тиімділігіне байланысты. Білім беру сапасын арттыру мәселесі – тек оқу бағдарламасының мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістері, материалдық-техникалық база, педагог кадрлардың дайындығы және білім алушылардың танымдық белсенділігімен де тығыз байланысты. Осы орайда, графикалық даярлау мәселесі өзектілікке ие болып отыр, себебі ол заманауи визуалды мәдениет талаптарына сай білім алушының кеңістіктік ойлау, жобалау, техникалық және шығармашылық дағдыларын дамытады.

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің жалпы мәселелері

Білім сапасын қамтамасыз етуде бірқатар жүйелі мәселелер кездеседі. Олар келесі топтарға бөлінеді:

1. Оқу бағдарламаларының мазмұнының жаңартылмауы. Жаңа технологиялардың дамуы, еңбек нарығындағы сұраныстың өзгеруі білім беру мазмұнының уақытылы өзгертілуін талап етеді. Бірақ кейбір пәндер мен бағыттарда бұл үрдіс баяу жүреді.
2. Педагог кадрлардың кәсіби дайындық деңгейі. Білім сапасына әсер ететін басты фактор – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі. Педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесі кейде формалды сипатта өтеді, нақты практикалық нәтиже бермейді.
3. Оқу үдерісін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдердің жеткіліксіз қолданылуы. Жаңа технологиялар мен цифрлық ресурстардың болуы олардың тиімді қолданылуын білдірмейді. Кейбір оқу орындарында интерактивті құралдар мен платформалар әлі де кеңінен қолданылмай келеді.
4. Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі. Әсіресе ауылдық аймақтардағы мектептерде қажетті құрылғылардың жетіспеуі оқыту сапасын төмендетеді.
5. Білім алушылардың мотивациясының төмендігі. Жүйелі қолдау мен ынталандырудың жоқтығы, қызықты әрі өзекті оқу мазмұнының болмауы оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын азайтады.

Графикалық даярлаудың мәні мен рөлі

Графикалық даярлау – бұл болашақ мамандарды техникалық ойлау, кеңістіктік елестету, графикалық сауаттылық, сызбаларды оқу және орындау дағдыларын дамытуға бағытталған оқыту жүйесі. Әсіресе техникалық және инженерлік бағыттағы білім беруде бұл бағыт айрықша маңызға ие.

Графикалық даярлау келесі себептер бойынша білім беру сапасына оң әсер етеді:

- Кеңістіктік ойлауды дамытады, бұл болашақта жобалау, архитектура, машина жасау, IT салаларында сұранысқа ие;
- Креативтілік пен шығармашылық қабілеттерді дамытады;
- Техникалық терминология мен стандарттармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады;
- Цифрлық бағдарламалармен (AutoCAD, SolidWorks, т.б.) жұмыс істеуге негіз қалайды;
- STEM-бағыттағы пәнаралық байланысты күшейтеді.

Графикалық даярлау сапасын қамтамасыз етудегі өзекті мәселелер

Графикалық даярлауға қатысты да бірқатар өзекті мәселелер бар. Олар:

1. Материалдық база мен бағдарламалық қамсыздандырудың жеткіліксіздігі. Заманауи графикалық құралдар мен бағдарламалық жабдықтарды пайдалану үшін мектептер мен колледждер тиісті техникамен жабдықталуы тиіс.

2. Мұғалімдердің IT-графика саласындағы біліктілігі. Кейбір мұғалімдер заманауи графикалық бағдарламалармен жұмыс істеуде тәжірибесіз болуы мүмкін. Бұл оқушылардың жоғары деңгейде білім алуына кедергі келтіреді.

3. Бағдарламалар мен оқу құралдарының өзектілігі. Көптеген оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар ескірген және жаңа талаптарға сәйкес келмейді.

4. Практикалық тапсырмалардың аздығы. Теориялық біліммен қатар практикалық жұмыстар да жеткілікті деңгейде ұйымдастырылуы қажет.

Материалдық база мен бағдарламалық қамсыздандырудың жеткіліксіздігі.

Мысал: Ауыл мектебінде сызу пәніне арналған тек бор тақта мен циркуль ғана бар, компьютер, проектор және заманауи бағдарламалар мүлдем жоқ. Мұндай жағдайда оқушылар тек қағаз бетінде жұмыс істейді, бұл заманауи талаптарға сай келмейді.

Мұғалімдердің IT-графика саласындағы біліктілігі.

Мысал: Графикалық пән мұғалімі AutoCAD бағдарламасын меңгермеген. Сондықтан оқушылар бағдарламаны өз бетімен үйренуге мәжбүр немесе тек теориямен шектеледі, бұл білім сапасын төмендетеді.

Бағдарламалар мен оқу құралдарының өзектілігі.

Мысал: 2010 жылы шыққан сызу пәнінің оқулығында заманауи бағдарламалар мен цифрлық құралдар жайлы мүлдем ақпарат жоқ. Бұл оқушыны XXI ғасырдағы еңбек нарығына дайындауда жеткіліксіз.

Практикалық тапсырмалардың аздығы.

Мысал: Оқушыларға тек фигураларды көшіріп салу тапсырмасы беріледі, бірақ нақты жобалау немесе модель жасау секілді шығармашылық, зерттеушілік элементтер қарастырылмаған. Бұл оқушының өз бетімен ойлау қабілетін шектейді.

Графикалық даярлаудың артықшылықтары мен өзекті мәселелеріне қатысты мысал үлгілерінің (модельдерінің) құрылымдық нұсқасы (шаблоны) берілген. Бұл модельдерді әртүрлі мазмұнға бейімдеп қолдануға болады.

Артықшылықтар үлгі моделі (позитивті әсер мысалы):

Артықшылық атауы: Кеңістіктік ойлауды дамытады.

Мысалы, 9-сынып оқушысы "Архитектура негіздері" бөлімі бойынша тапсырма орындау кезінде ғимараттың фронтальды және изометриялық проекцияларын сызады. Бұл тапсырма арқылы оқушы кеңістікте ойлау, нысанның әр қырын елестету және оны қағаз бетіне дәл түсіру дағдыларын дамытады. Мұндай дағды болашақта сәулет немесе инженерлік салада таптырмас қабілет болып табылады.

Цифрлық бағдарламалармен жұмыс істеуге негіз қалайды.

Мысалы, колледж студенті SolidWorks бағдарламасында редуктор тетігінің қарапайым моделін жасап шығарады. Бұл процесте ол эскиз құру, 3D-объект жасау, деталь бөліктерін жинау секілді нақты инженерлік операцияларды игереді. Мұндай машықтар өндіріс пен машина жасауда өте қажет.

Пәнаралық байланысты күшейтеді.

Мысалы, 8-сынып оқушысы физика пәнінде рычаг принципін оқи отырып, графикалық даярлау сабағында сол рычагтың сызбасын салады, ал информатикада оның анимацияланған моделін жасайды. Бұл оқушының пәндерді өзара байланыстыра отырып, білімін тереңдетуіне мүмкіндік береді.

Өзекті мәселе үлгі моделі (негативті жағдай мысалы):

Мәселе атауы: “Материалдық базаның жеткіліксіздігі”

Мысалы, кейбір ауыл мектептерінде графикалық даярлау сабағы тек тақта мен бор арқылы өтеді, ал компьютерлік сыныптарда заманауи бағдарламалар орнатылмаған. Мұндай жағдайда оқушылар заманауи жобалау құралдарын көрмейді, нәтижесінде олардың білім деңгейі қалалық мектептерге қарағанда төмен болуы мүмкін.

Мәселе атауы: “Мұғалімдердің біліктілігінің жеткіліксіздігі”

Мысалы, кейбір мұғалімдер AutoCAD немесе Tinkercad сияқты бағдарламалармен жұмыс істей алмайды. Сабақ тек қағаздағы сызбамен шектеліп, оқушылар цифрлық графикамен таныспайды. Бұл – оқыту мазмұны мен еңбек нарығы талаптарының арасындағы алшақтықты арттырады.

Мәселе атауы: “Практикалық тапсырмалардың жеткіліксіздігі”

Мысалы, оқушы жыл бойы тек стандартты геометриялық фигураларды көшіріп салып келеді, бірақ "өз жобасын құру", "модель жасап шығару" сияқты тапсырмалар берілмеген. Бұл шығармашылық ойлауды шектейді және кәсіби бағыттылықты дамытпайды.

Шешу жолдары мен ұсыныстар

Білім беру сапасын, оның ішінде графикалық даярлауды арттыру үшін келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

- Білім беру бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сай жаңарту;
- Графикалық даярлау курстары үшін заманауи техника мен бағдарламалық құралдарды сатып алу;
- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, әсіресе цифрлық графика және инженерлік дизайн саласында;
- Оқу материалдарын визуализациялау, интерактивті құралдар мен графикалық элементтерді кеңінен қолдану;
- Пәнаралық жобалық жұмыстар арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыру;
- Білім алушылардың графикалық сауаттылығын бағалаудың нақты критерийлерін енгізу.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету – кешенді әрі үздіксіз процесс. Бұл процеске оқу мазмұны, мұғалімдердің кәсіби деңгейі, оқыту әдістері, техникалық база және оқушылардың мотивациясы сияқты көптеген факторлар әсер етеді. Ал графикалық даярлау – бұл заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқан маңызды бағыт. Ол тек техникалық бағыттағы мамандықтар үшін ғана емес, жалпы ойлау қабілеті, креативтілік пен заманауи технологияларды игеру тұрғысынан да маңызға ие. Сондықтан білім беру сапасын арттыруда графикалық даярлау мәнмәтінін ескеру – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. iaar.agency
3. Құдайбергенова К.Ш. Білім беру сапасын басқарудың заманауи механизмдері // Педагогика және психология. – 2022. – №1 (50). – Б. 5–12.
4. Мырзахметов М.М. Техникалық және кәсіптік білім беруде графикалық даярлықтың рөлі // Кәсіптік білім. – 2021. – №4. – Б. 28–32.
5. Сызу пәнінен оқу бағдарламасы (негізгі орта білім беру деңгейі, 5–9 сыныптар). – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 32 б.
6. Жүнісова А.Ж. STEM-білім беру аясында кеңістіктік ойлауды дамыту жолдары // Білім – Образование. – 2023. – №3. – Б. 45–49.
7. Оралбаева Г.С. Колледж студенттерін SolidWorks бағдарламасы арқылы кәсіби даярлау тәжірибесі // Инженерлік білім. – 2022. – №2. – Б. 56–60.
8. Bespalko V.P. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
9. Lerner I.Ya. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 143 с.

10. OECD. Harnessing Spatial Thinking to Support STEM Learning. – OECD Publishing, 2017. – https://www.oecd.org/education/harnessing-spatial-thinking-to-support-stem-learning.htm

ИНТЕРАКТИВТІ ҚОЛДАНБАЛАРДЫҢ ДИЗАЙН ЖОБАСЫ

Наурызбай А. геозедия магистрі
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ , г.Астана, Казахстан

Аннотация. Бұл мақала визуалды портфолио жасауға арналған интерактивті қосымшаның тұжырымдамасы мен прототипін әзірлеуге бағытталған. Қосымша пайдаланушыларға өз жұмыстарын және жетістіктерін заманауи дизайн мен визуалды ақпаратты қабылдау психологиясының талаптарын ескере отырып, тиімді ұсынуға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі кәсіби өзін-өзі таныстыру үшін интуитивтілік және мультимедиялық принциптерге сәйкес келетін жеке цифрлық шешімдерге деген сұраныстың артуымен байланысты.
Кілт сөздер: интерактивті қосымша, визуалды портфолио, цифрлық портфолио, пайдаланушы интерфейсі (UI), пайдаланушы тәжірибесі (UX), интерфейсті жобалау, веб-дизайн, мобильді қосымша.

Abstract. This article focuses on the development of a concept and prototype for an interactive application designed to create visual portfolios. The application aims to enable users to effectively present their work and achievements, taking into account modern trends in design and the psychology of visual perception. The relevance of the study is driven by the growing demand for personalized digital solutions for professional self-presentation that adhere to the principles of intuitiveness and multimedia integration.

Keywords: interactive application, visual portfolio, digital portfolio, user interface (UI), user experience (UX), interface design, web design, mobile application.

Қазіргі заманғы кәсіби кеңістік әртүрлі салалар мамандарының өзін-өзі таныстыру әдістеріне жоғары талаптар қояды. Визуалды портфолио кәсіби жетістіктерді, құзыреттер мен шығармашылық әлеуетті көрсетудің негізгі құралы болып табылады. Цифрландыру жағдайында кеңейтілген функционалдық мүмкіндіктері бар көпөлшемді портфолиолар жасауға мүмкіндік беретін интерактивті қосымшаларды әзірлеу ерекше маңызға ие болуда.

Бұл мақала визуалды портфолио жасауға арналған интерактивті қосымшаның тұжырымдамасы мен прототипін әзірлеуге бағытталған. Қосымша пайдаланушыларға өз жұмыстарын және жетістіктерін дизайн саласындағы заманауи үрдістер мен визуалды ақпаратты қабылдау психологиясын ескере отырып тиімді таныстыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі кәсіби өзін-өзі таныстыру үшін интуитивтілік пен мультимедиялық принциптерге сәйкес келетін жеке цифрлық шешімдерге сұраныстың артуымен байланысты. [1]

Портфолионың кәсіби жетістіктерді көрсету тәсілі ретіндегі тұжырымдамасы ұзақ тарихқа ие, оның түп-тамыры Қайта өрлеу дәуіріне (XIV–XVIII ғасырлар) кетеді. Осы кезеңде суретшілер мен мүсіншілер өз жұмыстарының жеке коллекцияларын қалыптастыра бастады. Олар тек шеберлікті көрсету үшін ғана емес, сонымен қатар тапсырыстар тарту құралы ретінде де қолданылды, сондай-ақ авторларға шығармашылық өсуін қадағалауға мүмкіндік беретін өзін-өзі рефлексиялаудың құралы болды. XIX ғасырда портфолио архитектура және дизайн тәжірибесінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол жүзеге асырылған жобалардың каталогы мен әлеуетті клиенттер алдында дағдыларды таныстыру құралы

ретінде қолданылды. Осы кезеңде портфолио құрылымдалған түрге ие болып, кәсіби тәжірибені ресми түрде растау құралы ретінде пайдаланыла бастады. [2]

XX ғасырдың соңына қарай портфолио айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, білім беру саласында жаңа рөлге ие болды. 1980-1990 жылдары ол тек презентация құралы ғана емес, сонымен қатар бағалау және оқыту әдісі ретінде де қолданылды. Академиялық ортада портфолионы студенттердің білім жетістіктерін тіркеу, олардың кәсіби өсуін талдау және өзін-өзі рефлексиялау дағдыларын дамыту үшін пайдалана бастады.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы цифрлық технологиялардың дамуы портфолио эволюциясына маңызды ықпал етті. Бұған дейін портфолио физикалық альбомдар немесе жұмыстар жинақталған папкалар түрінде ұсынылып, оның мобильділігі мен қолжетімділігін шектейтін. Алайда, 1990-2010 жылдар аралығында электронды портфолиоларға көшу үрдісі басталып, мультимедиялық форматтар, қашықтықтан қолжетімділік және өзара әрекеттестіктің кеңейтілген мүмкіндіктері арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылды.

Портфолио дамуының қазіргі кезеңі (2010-2024 жылдар) бұлтты технологияларды, интерактивті құралдарды және дербестендірілген шешімдерді енгізумен сипатталады. Сондай-ақ, осы кезеңде мазмұнды пайдаланушылардың нақты сұраныстары мен міндеттеріне бейімдеуге мүмкіндік беретін жасанды интеллекттің ықпалы күшейді. Нәтижесінде портфолио қазіргі заманғы кәсіби және академиялық жетістіктерді көрсету талаптарын ескере отырып, икемді, интерактивті және функционалды бола түсті.

Бұл зерттеуде пайдаланушы интерфейстері мен UX жобалауын жан-жақты талдауға бағытталған кешенді әдістемелік тәсілдер қолданылды. Теориялық, эмпирикалық және жобалық әдістерді қамти отырып, жүйелі және тәжірибеге бағытталған тәсіл қамтамасыз етілді. [3]

Теориялық зерттеу кезеңінде келесі әдістер қолданылды:

- **Ғылыми әдебиеттерді талдау** – UX/UI-дизайнның негізгі тұжырымдамаларын, қазіргі трендтерді анықтап, адамның интерфейспен өзара әрекеттесу туралы түсініктерді жүйелеуге көмектесті.
- **Платформаларды корпоративтік талдау** – бар шешімдердің функционалдық ерекшеліктерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеуге мүмкіндік берді, бұл ең тиімді тәсілдерді анықтап, қазіргі интерфейстердің проблемалық жақтарын ашуға септігін тигізді.
- **Теориялық концепцияларды жалпылау** – UX жобалаудың әдіснамалық негіздерін толық түсінуге ықпал етіп, пайдаланушының интерфейспен өзара әрекеттесу тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтауға көмектесті.

Пайдаланушыларға сауалнама жүргізу – қазіргі UX-шешімдерге қанағаттанушылық деңгейін, мінез-құлық үлгілерін және пайдаланушылардың артықшылықтарын анықтауға көмектесті. Сауалнамада жабық және ашық типтегі 22 сұрақ болды.

UX/UI саласындағы мамандармен тереңдетілген сұхбаттар – типтік мәселелерді шешу, заманауи трендтерді кәсіби бағалау және интерфейстерді дамытудың болашағы туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Прототиптің UX-тестілеуі – әзірленген шешімдердің шынайы пайдалануға жақын жағдайларда қолданылуын тексеруге көмектесті.

Пайдалануға жарамдылықты зерттеу (юзабилити-зерттеу) – стандартталған тапсырмаларды орындаған пайдаланушыларды бақылауды, сондай-ақ ыңғайлылықты, өнімділікті және қанағаттанушылықты талдауды қамтыды.

Алынған мәліметтер негізінде келесі әдіс қолданылды:

Прототип жасау – интерфейстерді әртүрлі детализация деңгейлерінде (low-fidelity-ден high-fidelity-ге дейін) әзірлеу, бұл кері байланысты ескере отырып шешімдерді сынауға және жетілдіруге мүмкіндік берді.

Интерфейстерді модельдеу (Figma, Adobe Illustrator) – пайдаланушылардың өзара әрекеттесуін визуализациялау және құрылымдау үшін қолданылды. [4]

Зерттеу үш кезеңде итеративті тестілеу және шешімдерді жетілдіру арқылы жүргізілді. Әртүрлі әдістерді қолдану мәселе туралы кешенді түсінік алуға және нәтижелердің сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Теориялық, эмпирикалық және жобалық тәсілдерді біріктіру UX-дизайндағы қолданыстағы мәселелерді анықтауға ғана емес, сонымен қатар ғылыми негізделген шешімдер ұсынуға көмектесті. Бұл талдаудың мақсаты – қазіргі шешімдердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, олардың даму үрдістерін белгілеу және пайдаланушылардың заманауи қажеттіліктерін ескеретін жаңа интерактивті қосымшаны жобалауға қойылатын талаптарды қалыптастыру. Зертеу жүргізу барысында, визуалды портфолио жасауға арналған интерактивті қосымшаның әлеуетті пайдаланушыларының негізгі бөлігін 19-25 жас аралығындағы жастар құрайтынын көрсетті. Гендерлік бөлу ерлер аудиториясының (58,3%) әйелдерге қарағанда (41,7%) аздап басым екенін көрсетеді. Бұл қатынас, негізінен, портфолио жасау құралдары ең қажет болатын кәсіби салалардың ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Атап айтқанда, IT, дизайн және инженерия салаларында дәстүрлі түрде ерлер үлесі жоғары

Сонымен қатар анкеттеу жүргізу кезіндегі нәтижелері қатысушылардың кәсіби өзін-өзі таныстыруындағы маңызды олқылықты анықтады: респонденттердің айтарлықтай бөлігі (50%-дан астамы) портфолиосының мүлдем жоқ екенін көрсетіп, оны жасаудың бастапқы кезеңіне қатысты сенімсіздік білдірді. Бұл факт осы кәсіби қызмет саласына кіруде айтарлықтай кедергінің бар екенін көрсетеді.

Портфолио қалыптастыру бойынша негізгі білім мен дағдылардың болмауы респонденттердің мансаптық дамуына кедергі келтіріп, олардың әлеуетті жұмыс берушілерге кәсіби құзыреттерін көрсету мүмкіндіктерін шектейді.

Жауаптарды талдау көрсеткендей, портфолионың маңыздылығын түсінгеніне қарамастан, респонденттер оны жасау процесіне психологиялық ыңғайсыздық пен техникалық дайынсыздықты сезінеді.

Бұл нәтижелер портфолио жасауға арналған арнайы бағдарламалық шешімді әзірлеу қажеттілігін көрсетеді. Мұндай шешім тек портфолио құруға арналған техникалық мүмкіндіктерді ғана емес, сонымен қатар әдістемелік қолдауды да қамтуы керек. Бұл қолдау кезең-кезеңімен нұсқаулықтар, бөлімдерді толтыру үлгілері және әртүрлі кәсіби салаларға бейімделген шаблондар түрінде ұсынылуы қажет.

Ерекше назар жұмыстың бастапқы кезеңіне аударылуы керек, пайдаланушыларға анық әрекет құрылымын ұсыну арқылы когнитивті жүктемені азайтып, алғашқы портфолионы жасау процесіндегі белгісіздіктерді жою қажет.

Зерттеу қорытындылары:

1. Қажеттілік анықталды: Портфолио құру саласындағы бастапқы кезеңде техникалық және психологиялық кедергілердің бар екені анықталды.
2. Интуитивті интерфейс: Қолданушыларға түсінікті, қарапайым және құрылымды интерфейс жасау қажеттілігі айқындалды.
3. Әдістемелік қолдау: Портфолио жасаудағы қиындықтарды жеңілдету үшін нақты нұсқаулықтар мен шаблондар әзірлеу ұсынылды.
4. Кәсіби бейімделу: Шешім әртүрлі кәсіби салалардың ерекшеліктерін ескере отырып, жеке қажеттіліктерге бейімделген болуы керек.
5. Тәжірибелік бағдар: Интерактивті қосымша пайдаланушыға алғашқы қадамнан бастап барлық процестерді басшылыққа алуға мүмкіндік беруі керек.

Визуалды портфолио жасауға арналған интерактивті қосымшаны әзірлеу UX/UI-дизайн принциптерін, қабылдау психологиясын және заманауи ақпараттық технологияларды біріктіретін кешенді пәнаралық тәсілді талап етеді. Зерттеу барысында мұндай қосымшаның сәттілігін анықтайтын негізгі факторлар анықталды.

Ең алдымен, бұл – қолдануға ыңғайлы және қарапайым интуитивті интерфейс. Шаблондарды икемді түрде баптау да маңызды рөл атқарады, бұл пайдаланушыларға визуалды безендіруді өздерінің қажеттіліктері мен стиліне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Ақпаратты мультимедиялық түрде көрсету, интерактивтілік және ұсынылған жұмыстардың тиімділігін талдауға мүмкіндік беретін аналитикалық құралдардың болуы да маңызды аспектілер болып табылады. [7]

Интерактивті портфолио жасау процесі идеядан бастап іске асыруға дейінгі барлық кезеңдерде кешенді тәсілді талап етеді. Мұндай қосымша тек ақпаратты ұсыну құралы ғана емес, сонымен қатар қолданушының шығармашылығын, жеке стилін және кәсіби ерекшеліктерін тиімді көрсетуге мүмкіндік береді.

Ең алдымен, бұл – қолдануға ыңғайлы және қарапайым интуитивті интерфейс. Шаблондарды икемді түрде баптау да маңызды рөл атқарады, бұл пайдаланушыларға визуалды безендіруді өздерінің қажеттіліктері мен стиліне бейімдеуге мүмкіндік береді. Ақпаратты мультимедиялық түрде көрсету, интерактивтілік және ұсынылған жұмыстардың тиімділігін талдауға мүмкіндік беретін аналитикалық құралдардың болуы да маңызды аспектілер болып табылады. [7]

Зерттеу аясында әзірленген қосымшаның тұжырымдамалық моделі мен прототипі визуалды портфолио жасауға арналған инновациялық құралды тәжірибеде іске асыру мүмкіндігін растады. Жоғары деңгейдегі дербестендіру мен бейімделгіштік оны цифрлық ортада кәсіби өзін-өзі таныстыру үшін перспективалы шешімге айналдырады.

Алдағы уақытта бұл зерттеу заманауи талаптар мен пайдаланушылардың үміттеріне сәйкес келетін толыққанды өнімді әзірлеуге негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Норман Д. Дизайн привычных вещей / А. Крылова. М.: Альпина Паблишер, 2020. - 416 с.
2. Круг С. Веб-юзабилити и здравый смысл / П. А. Орехова. - М.: Питер, 2021. - 224 с. [1]
3. Гаррет Д. Элементы опыта пользователя: фундамент UX-дизайна / К. Лебедевой. - М.: Бомбора, 2019. - 272 с. [2]
4. Гомбрих Э. История искусства / С. Муратова. - М.: Альпина Паблишер, 2020. - 688 с. [4]
5. Макгонигал Дж. Реальность под вопросом. Почему игры делают нас лучше и как они могут изменить мир / О. Васильевой. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2015. - 464 с. [5]
6. Цихерман Г., Кантер Д. Геймификация в бизнесе: мотивация, обучение и вовлечение пользователей / А. Уколовой. — М.: Альпина Паблишер, 2019. - 288 с. [6]
7. Годболд А. Мастерство разработки UI в Unity / В. Климова. - М.: Питер, 2022. - 368 с. [7]
8. Сален К., Циммерман Э. Правила игры: основы игрового дизайна / А. Фокина. - СПб.: Питер, 2014. - 688 с.[8]

DIGITALIZATION OF EDUCATION AND ITS IMPACT ON THE QUALITY OF THE LEARNING PROCESS

[1]Nygmetova M.O., M.A. in Philology, Lecturer
[2]Murat R., M.Ed. in Pedagogical Sciences, Lecturer
[1,2]Astana International University,
Astana, Kazakhstan

Abstract. The digitization of the education system is one of the key areas of education modernization in Kazakhstan. The introduction of digital technologies contributes to improving the quality of education, increasing the accessibility of educational resources, and developing digital literacy among students and teachers. However, in order to achieve a uniform level of digitization in schools and increase the digital literacy of the population, a thorough analysis of the current state and dynamics of key indicators is necessary. The relevance of this topic is due to the need to adapt the education system to the challenges of the digital age, ensure the accessibility of knowledge,

individualize learning, and increase its effectiveness. The purpose of this article is to determine the impact of digital technologies on the quality of the educational process in modern educational institutions. The object of study is the education system in the context of digital transformation. The conclusions emphasize the need for a comprehensive approach to the digital transformation of education, taking into account pedagogical, technological, and organizational aspects.
Key words: digitalization of education, quality, technologies, educational platforms, pedagogical approaches, individualization of learning.

Digital education is a multifaceted phenomenon. The development of breakthrough digital technologies in education is an objective process and a global trend. Both in Kazakhstan and abroad, digitalization is seen as a driver for improving the accessibility and quality of educational services. However, this process is accompanied by temporary (solvable by systemic educational policies of states) and inherent problems, one of which is the lack of close social interaction and a personal approach. Currently, one of Kazakhstan's strategic objectives in the field of education is «the introduction of new teaching and training methods and educational technologies at the primary and secondary education levels that ensure the acquisition of basic skills and abilities by students, increase their motivation to learn, and engage them in the educational process».

Stress factors in online learning are the subject of many international studies. Scientists have noted a rise in anxiety among parents. Family conflicts and fears of social isolation have increased significantly, with parents reporting growing feelings of powerlessness and helplessness. According to D.A. Petrusevich, online learning worsens the health and psychological state of all participants in the learning process [1]. S.K. Shrivastava, C. Shrivastava believe that moving education from school to the home environment creates risks of emotional and motivational problems [2]. In this context, N. Ronzhina notes the need to implement supportive measures for the psychological support of students [3]. The following areas of activity show promise: close cooperation with families, linking the goals of individual educational programs with students' daily activities, supporting access to information resources, constructive interaction with peers, and adapting performance monitoring to the distance learning format.

The increase in the proportion of educational institutions with broadband access indicates an improvement in the infrastructure for using digital technologies in the educational process. The stability of overall internet connectivity confirms that Kazakhstan has practically achieved the global goal of digitalization in the education sector. Despite the high level of connectivity, attention should be paid to the quality of services provided and the even distribution of infrastructure between regions. The technical equipment of educational institutions is a key factor determining the quality of the educational process in the context of digitalization. Providing access to modern computer technologies contributes to improving students' digital literacy, expanding educational opportunities, and effectively integrating digital tools into the learning process. Regional differences in this indicator point to an uneven distribution of resources, which requires detailed analysis and the development of recommendations to eliminate existing disparities.

It should be noted that not all educational institutions consider digitization to be a priority area for modernizing the educational process. At the same time, they cannot remain on the sidelines of technological progress, which promises certain benefits to all interested parties, since it is believed that the introduction of digital technologies and tools expands the possibilities for using interactive teaching methods and has a positive effect on student engagement in the learning process. Effective technologies include the use of learning management systems (LMS), which, according to K. Ismail, S.H. Shaikh Ali, S. Mohd Sharifuddin, facilitate access to learning materials and make the learning process more flexible [4]. Digital technologies based on artificial intelligence, such as chatbots, are also proving to be very useful in organizing the educational process. A study by S.

Islam, N. Jahan showed that students find chatbots convenient to use: they can quickly obtain the necessary literature or answers to their questions; they do not have to go to the library if it is located far away [5]. Some students find it more convenient to ask questions to a chatbot rather than to a librarian in person.

Thus, this technology is a real help to students, making it easier for them to search for literature and place orders. At the same time, the chatbot frees library staff from routine work. Chatbots are also used as virtual consultants, helping both students and teachers adapt the learning process to the abilities of students. For example, in the «Summit Learning» project, the chatbot acts as a tutor, engaging in dialogue with each student and identifying areas where they are falling behind. The chatbot then uses this data to create a personalized learning program that focuses on the subjects that cause the most difficulty. The chatbot tracks students' progress from the first to the last class. It can answer standard questions on an online forum and provide technical information, thereby freeing up the teacher's time for creative work.

Along with digital technologies in universities, even those that adhere to a conservative model of education, interactive Web 2.0 tools are used in educational practice. These tools are created on Internet resources such as Wikia, Babylon, Wikidot, etc., using various services (e.g., Learning Apps). It is believed that these tools can stimulate students' interest in learning, increase their involvement in the educational process, and improve the quality of preparation for future professional activities. For example, a study by E.V. Frolova, O.V. Rogach, N.V. Medvedeva describes an experiment involving the introduction of interactive Web 2.0 tools developed on the Media Wiki platform into the educational process for the implementation of Content and Language Integrated Learning (CLIL) technology [6]. The experiment demonstrated the positive impact of these tools on the results of learning the subject. At the same time, it should be noted that the introduction of web tools creates new requirements for both teachers and students.

In addition, the development and implementation of digital tools and technologies in the educational process also leads to changes in the educational situation: new participants are included in the circle of actors involved in education, whose activities transform the usual relationships between teachers, students, and the administration of educational organizations. These actors include software and tool developers, educational platform developers and owners, and intermediaries who provide services to adapt both the tools and technologies themselves to the educational process at universities and teachers and students to new technologies. New actors are actively involved in the decision-making process regarding the content and organization of the educational process, partially displacing academic staff from this sphere. Such changes are clearly visible in the transition to online education. Online learning based on digital technologies makes the educational process more dynamic, interesting, and flexible. The electronic teaching materials created (e-textbooks, presentations, video lessons, etc.) can be used repeatedly, which saves teachers time in preparing for classes. They can devote more attention to communicating with students.

The Socrative, Kahoot, Edmodo, and Nearpad systems, which have been integrated into the educational process, allow teachers to share interactive materials, engage students in discussions on various topics, and assess the completion of assignments in real time. At the same time, technical support is needed for effective work in these systems (both in the preparation of electronic teaching materials and in the use of Internet resources). This creates a need for specialists or even separate structural units within the university to provide such support. This complicates the process of managing the educational organization.

The result of digital transformation should be considered to be an improvement in the individual quality indicators of the educational process, and the digital educational environment, i.e., the infrastructure, educational content, and software built on artificial intelligence, virtual reality,

and big data, among other things, are the conditions for achieving these results. It is quite obvious that the digitization of higher education is a multifaceted process that is intended to affect all aspects of education: content, methodology, teaching, upbringing, management, and infrastructure.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында математика мұғалімдерін даярлау бағдарламалары жаңартылуда. Алайда, оқу бағдарламаларының мазмұны мен әдістемелері кейде мектептердегі нақты қажеттіліктерге сәйкес келмейді.[2] Бұл мәселе оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруға кедергі келтіреді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Педагогтің кәсіби стандарты болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін нақты айқындап, білім мазмұнын практикалық қажеттіліктермен ұштастыруды міндеттейді. Стандартта пәндік, психолого-педагогикалық, әдістемелік, коммуникативтік және цифрлық құзыреттіліктер жүйесі қарастырылған. Сонымен қатар, мектеп пен ЖОО арасындағы өзара байланысты нығайту, оқытудың практикалық бағыттылығын күшейту, болашақ мұғалімдердің кәсіби міндеттеріне нақты дайын болуын қамтамасыз етуге басымдық берілген. [1]

Біздің ойымызша, болашақ мұғалімдерді даярлауда келесі бағыттарға назар аудару қажет:

- Пәндік білім мен дағдыларды меңгерту: Математика пәнінің терең негіздерін оқыту.
- Әдістемелік білім беру: Оқыту әдістері мен тәсілдерін үйрету.
- Педагогикалық тәжірибе: Мектептерде практикадан өту арқылы тәжірибе жинақтау.
- Цифрлық құзыреттілік: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.[2]

Осы мәселені шешу үшін Шәкәрім университетінің В009-Математика мұғалімдерін даярлау білім бағдарламасы тобының 6В01501-Математика, 6В01502-Математика-Информатика білім бағдарламалары даярлауда кәсіби, практикалық дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді. Математика мұғалімі білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студент қазіргі заманғы математикадағы негізгі бөлімдер бойынша терең білім алуына, оның ішінде математикалық талдау, алгебра, сандар теориясы, аналитикалық геометрия, сызықтық алгебра және элементарлық математика негіздерінің практикалық қолданысы қарастырылған. Әртүрлі салалардағы практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін пайдалана алатындай, алынған нәтижелерді талдап, интерпретациялай білуге, математикалық модельдер құруға, негізді болжамдар жасайтын және қорытындылар шығара алатындай деңгейге жеткізу көздеоген. Оқу барысында кәсіби математикалық ойлау, логикалық пайымдау және дәлелдеу дағдылары қалыптасуы үшін - мектепте математика оқытудың әдістемелермен танысып, педагогикалық жне өндірістік іс-тәжірибе кезеңдерінде практикалық жағдаларын шыңдау жоспарланып, іске асырылуда. Нәтижесінде аталған ББББ бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 100% құрайды, бітірушілердің біліктілік тестінен өту көрсеткіші де жоғары.

Қазіргі заманғы талаптар мен қиындықтар: Қазақстанның білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға көшу барысында математика мұғалімдеріне қойылатын талаптар артты. Мұғалімдер тек пәнді жақсы білуі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту, инновациялық әдістерді қолдану, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану сияқты міндеттерді орындауы қажет.[3]

Болашақ математика мұғалімдерін даярлауда келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

– Оқу бағдарламаларын жаңарту**:** Мектептердің нақты қажеттіліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын бейімдеу.

– Инновациялық әдістерді енгізу**:** Оқытуда жаңа технологиялар мен әдістерді

қолдану.

– Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау**:** Үнемі біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру.

– Зерттеу мәдениетін қалыптастыру**:** Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға ынталандыру.[2]

Жоғары оқу орындары математика мұғалімдерін даярлау бағдарламаларын үнемі жаңартып отыруда. Алайда, мектептердегі нақты білім беру талаптары мен оқу жоспарларының арасында кейбір сәйкессіздіктер кездеседі. Бұл өз кезегінде оқушылардың математикалық білімін сапалы қалыптастыруға кедергі жасау мүмкін. Осыған байланысты оқу бағдарламаларын мектептердің қажеттіліктеріне қарай қайта қарау және бейімдеу маңызды міндет ретінде қарастырылуда. Қазіргі уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жұмыс берушілердің пікірлері мен ұлттық білім беру стандарттарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде.

Инновациялық технологияларды оқыту процесіне енгізу қазіргі заманғы білім сапасын арттырудағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Университеттерде педагогикалық практикаға жаңа әдістер мен цифрлық құралдарды қолдану кеңінен дамып келеді. Мұндай әдістер студенттердің ойлау қабілетін, шығармашылығын және теориялық білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әрбір оқытушы өз сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланып, білім беру мазмұнын жаңартуда.

Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы даярлау үдерісінде педагогикалық практиканың маңызы ерекше. Теориялық білім мен практикалық дағдыны ұштастыру – сапалы мұғалім дайындаудың басты кепілі. Студенттердің мектеп қабырғасында өткізетін педагогикалық практикасы олардың кәсіби құзыреттілігін, оқыту әдістерін меңгеруін және нақты оқу үдерісіне бейімделуін қамтамасыз етеді.

Педагогикалық практика барысында студенттер:

- сабақ жоспарлауды және өткізу әдістемесін меңгереді;
- оқушылармен және мектеп ұжымымен қарым-қатынас орнатады;
- сыныптағы педагогикалық ахуалды талдайды және оқыту үдерісін бақылап, талқылайды;
- түрлі оқыту әдістерін, соның ішінде саралап оқыту, оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістерді қолдануға мүмкіндік алады.

Алайда, практика барысында бірқатар проблемалар да байқалады. Мысалы:

- кейбір мектептер студенттерге қажетті жағдай жасамайды;
- тәлімгер-мұғалімдердің белсенділігі мен қолдауы жеткіліксіз болуы мүмкін;
- студенттердің сабақ жүргізу тәжірибесі шектеулі әрі нақты кері байланыс жетіспейді.

Осы мәселелерді шешу үшін:

- ЖОО мен мектеп арасындағы өзара байланысты нығайту;
- тәлімгерлерге арналған нұсқаулықтар мен семинарлар ұйымдастыру;
- практикаға дейінгі арнайы дайындық курстарын енгізу қажет.

Болашақ математика мұғалімдерінің практикасын жаңаша ұйымдастыру – олардың кәсіби қалыптасуын жақсартудың маңызды бағыты. Мысалы:

- практикаға цифрлық технологияларды кеңінен енгізу;
- микропрактика немесе виртуалды сабақ жүргізу форматтарын пайдалану;
- сабақтан кейін рефлексия жүргізуді жүйелі түрде енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуына оң әсерін тигізеді.

Қазіргі білім беру жүйесі болашақ мұғалімдерге қойылатын талаптарды үнемі арттырып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ математика мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы даярлау – теория мен практиканы өзара ұштастыратын кешенді үдеріс.

Бүгінгі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар білім берудің барлық деңгейінде кеңінен қолданылуда. Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің маңызды

құрамдас бөлігінің бірі – **цифрлық құзыреттілік**. Бұл – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді қолдану дағдыларын қамтитын кешенді қабілет.
Цифрлық құзыреттіліктің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- электронды ресурстармен (электронды оқулықтар, интерактивті платформалар, білім беру порталдары) жұмыс істеу;
- цифрлық құралдар арқылы сабақ ұйымдастыру (мысалы, GeoGebra, Desmos, Padlet, Jamboard);
- нлайн оқыту платформаларын (Google Classroom, Microsoft Teams, Moodle) қолдану;
- цифрлық бағалау және кері байланыс құралдарын (Kahoot, Quizizz, Mentimeter) тиімді пайдалану;
- білім беру мазмұнын цифрлық форматта құрастыра білу (бейнесабақтар, презентациялар, сандық тапсырмалар).

Цифрлық құралдарды меңгеру мұғалімдердің сабақ сапасын арттыруға, оқушылардың қызығушылығын оятуға, сонымен қатар оқу процесін жекешелендіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту кезеңіндегі тәжірибе болашақ мұғалімдердің цифрлық ортада еркін әрекет етуі қаншалықты маңызды екенін көрсетті.
Осыған орай, ЖОО-ларда болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында арнайы пәндер мен курстар (мысалы, «Цифрлық педагогика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Математиканы оқытуда АКТ») енгізілуде.
Мәселелер:

- Кейбір студенттердің базалық цифрлық дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан;
- Цифрлық құралдарды механикалық түрде қолдану (интербелсенділік, мақсаттылық жеткіліксіз);
- Университет оқытушыларының өздерінің цифрлық құзыреттілігі де әртүрлі деңгейде.

Ұсыныстар:

Практика кезеңінде цифрлық құралдарды қолданып сабақ беру талап етілуі тиіс;
Цифрлық құзыреттілікке арналған портфолио немесе сертификат жүйесін енгізу;
Университет базасында цифрлық зертханалар ашу;
Студенттерді білім беру IT жобаларына тарту.

Цифрлық құзыреттілік тек пәнді тиімді оқытудың құралы ғана емес, сонымен қатар заманауи мұғалімнің кәсіби имиджінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл құзыреттілік болашақ математика мұғалімдерін білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мақалада қарастырылған мәселелер көрсеткендей, бұл даярлық барысында педагогикалық практиканың рөлі ерекше. Студенттердің мектептегі нақты оқу үдерісіне қатысуы, кәсіби әрекетті тікелей сезінуі – олардың педагогикалық шеберлігін дамытудың басты жолы.

Алайда педагогикалық практикада шешімін қажет ететін проблемалар да бар. Оларды шешу үшін жоғары оқу орындары мен мектептер арасында тығыз ынтымақтастық орнатып, студенттерге әдістемелік және психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету қажет.

Сонымен қатар, практика үдерісін цифрландыру, жаңаша оқыту форматтарын енгізу арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттыруға мүмкіндік бар.
Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы даярлау жүйесін жетілдіру – еліміздің білім беру сапасын көтерудің маңызды алғышарты. Сондықтан да бұл бағыттағы жұмыстар ғылыми негізделген, тәжірибеге бағытталған және үздіксіз жетілдіріліп отыруы тиіс.

Кәсіби даму да тұрақты түрде қолдау табады. Біліктілікті арттыру курстары арқылы оқытушылар өздерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіріп, заманауи әдістемелер мен оқыту технологияларын меңгереді. Бұл білім беру сапасын арттыру мен педагог мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Сондай-ақ, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен студенттердің жобалық бастамалары университеттің маңызды құрамдас бөлігіне айналуда. Студенттер мен оқытушылар зерттеу бағытында белсенділік танытып, халықаралық және республикалық ғылыми байқауларда үздік нәтижелерге қол жеткізуде. Бұл олардың ғылыми ізденісін және аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, болашақ математика мұғалімдерін даярлау саласында оқу бағдарламаларын жаңарту, инновациялық әдістерді енгізу, педагогтардың кәсіби өсуін қамтамасыз ету және ғылыми зерттеулерді дамытуға бағытталған кешенді шаралар университет деңгейінде жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бұл факторлар болашақта сапалы және кәсіби мамандардың қалыптасуына зор үлес қосады.

Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби-бағдарлы даярлау — бұл білім беру сапасын арттырудың маңызды кезеңі. Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру арқылы біз болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқушылардың математикалық сауаттылығын көтеруге үлес қоса аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының педагогтердің кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы
2. Джарасова Г.С., Сейтханова А.К., Токжигитова А.Н. Математика мұғалімдерін даярлайтын жоғары білім беру бағдарламаларының мектептерде оқыту сапасына әсері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. 2021. №4. – Б. 133–142. DOI: https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-5496.16
3. Сабырханова П., Аширбаев Н., Мырзабеков Т. Болашақ математика мұғалімдерінің цифрлық білім беру үдерісіне интеграциялау дайындығын талдау әдістері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы. 2024. №1. – Б. 260–275. DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.85.1.025
4. Сайлаубаева А., Сайдалиева И., Салиева Қ., Зайтжанова А. Математика сабақтарында үлгерімі төмен оқушыларды білім алуға ынталандырудың жолдары // SDU University Bulletin: Pedagogy and Teaching Methods. 2021. №2. – Б. 101–111. DOI: https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v55i2.571
5. Құрманова С.К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // *Білім*. – 2020. – №3. – Б. 15–18.
6. Сариева Ж. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту // Педагогика және психология. – 2022. – №2(51). – Б. 85–91.
7. Кенжебекова А.К., Мырзагелдиева А.А. Болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары // Педагогикалық білім журналы, 2023. – №3. – Б. 55–63.
8. Ниязбаева А. Мұғалімдердің кәсіби дамуы және педагогикалық практикадағы өзекті мәселелер // Мектептегі білім. – 2023. – №1. – Б. 22–26.
9. Баймұратова Ж. Білім беру процесінде АКТ қолдану тиімділігі // Инновациялық білім беру. – 2021. – №2. – Б. 30–34.
10. Аймағанбетова С.А. Болашақ мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту жолдары // Қазіргі білім беру. – 2022. – №4. – Б. 44–49.
11. Қазбекова А.Т. Педагогикалық практиканы ұйымдастырудың тиімді әдістері // Білім және ғылым әлемі. – 2021. – №2. – Б. 58–63.
12. Мырзахметова Г. Педагогикалық практика барысындағы кәсіби құзыреттілік // Жоғары мектеп. – 2023. – №1. – Б. 19–24.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

ғылыми жетекшісі: Әлімбаева А.Қ., педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Рахимжанова А. М.
КеАҚ «Шәкәрім Университеті», Семей қаласы, Қазақстан Республикасы, 2 курс студенті

Зерттеу әдістері: тест: «Эмоцияларды тану», тест: «Эмоциялық түсінік» (Л.Ф. Обухова әдістемесі негізінде), тест: «Суретті толықтыру» (М.А. Нгуен әдісі), тест: «Эмоцияны білдіру»

Зерттеу мақсаты: мектепке дейінгі балалардың эмоционалдық интеллектінің қалыптасу деңгейін анықтау, сондай-ақ оны дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар мен әдістерді айқындау.

Бұл мақсатқа мыналар кіреді:

- эмоционалдық интеллект компоненттерін (эмоцияны қабылдау, тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия) диагностикалау;
- тәрбиелік ортаның эмоционалдық сезімталдықты қалыптастыруға әсерін зерттеу;
- мектепке дейінгі ұйымдарда эмоционалдық интеллектіні дамыту әдістемелерін әзірлеу және сынақтан өткізу.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда толық тұлға қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі - баланың эмоционалды және әлеуметтік қабілеттерін дамыту. Әсіресе мектепке дейінгі кезең баланың эмоцияны сезіну, тану және оны реттей білу дағдыларын қалыптастыруда ең қолайлы кезең болып табылады. Бұл үдерісте эмоционалды интеллекттің рөлі ерекше

Д. Б. Эльконин балалар психологиясындағы парадокстарды - ғылым әлі шешімін таппаған даму жұмбақтары деп сипаттаған. Шынында да, баланың ішкі жан дүниесі мен эмоциялық дамуы - терең әрі күрделі үдеріс. Осы тұрғыдан алғанда, баланың эмоционалдық интеллектін зерттеу арқылы шешімін табуға болады.[5]

Эмоционалды интеллект баланың балабақшадағы тұлғалық және әлеуметтік дамуының негізі екені тәжірибелік зерттеу барысында дәлелденді. Бұл ұғым тек эмоцияны тану немесе түсіну қабілетімен шектелмейді. Ол - өзін-өзі бақылау, ішкі бастамашылық, өзін-өзі ынталандыру, эмоцияны реттеу және басқа адамдардың көңіл-күйіне жанашырлықпен қарау сияқты маңызды әлеуметтік-моральдық дағдылардың жиынтығы.[4]

Баланың эмоционалды интеллектін дамыту — оның бойындағы импульстік әрекеттерді бақылау қабілетін нығайтып, жанындағы адамдармен тиімді қарым-қатынас орната алуына жол ашады. Бұл мектепке дейінгі балалар үшін маңызды. Себебі осы кезеңде баланың моральдық қасиеттерінің, тұлғалық негізінің қалыптасуы жүреді. Зерттеулер көрсеткендей, эмоцияны тану, мимика арқылы білдіру, өзгенің көңіл күйін түсіну секілді қабілеттерді ойын арқылы дамыту балалардың ынтымақтастыққа бейімділігін арттырып, агрессивтілік, тұйықтық секілді қиын мінез-құлықтың алдын алады.[2]

Гоулман атап өткендей, өзін-өзі ұстай алмау, импульске берілу моральдық әлсіздіктің негізі болып табылады. Ал эмпатия, яғни басқа адамның эмоциясын тану қабілеті - альтруизм мен адамгершілік көзқарастың негізі. Осы қасиеттерді ерте жастан балаға үйрету арқылы біз тек әлеуметтік дағдыны ғана емес, болашақта жауапкершілігі жоғары, мейірімді тұлғаның болуына ықпал етеміз.[1]

Осылайша, эмоционалды интеллектті - қоғамның рухани және моральдық жаңғыруының маңызды кілті. Бұл ұғымды балабақша бағдарламасына енгізу арқылы болашақ ұрпақтың жетілуіне кепілін тигізеді. Осы тұжырымды тәжірибе жүзінде дәлелдеу үшін 3-4 жастағы балалармен зерттеу жүргізіп, олардың эмоционалды интеллект деңгейін анықтап, дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргіздім.

07.04.2015-25.04.2025 аралығында баланың эмоционалды деңгейін және эмоционалды интеллектіні дамыту үшін 3-4 жастаға балаларға зерттеу іс – әрекеті орындалды. Зерттеу барысында түрлі әдістер қолданылды: баланың эмоционалды интеллектін анықтайтын «суретті толықтыру: заттар әлемі адамдар әлемі -эмоциялар әлемі» әдістемесі (М.А.Нгуен), эмоционалды интеллектін деңгейін анықтайтын тест және рөлдік, танымдық ойындар ойнатылды. Зерттеу нәтижесінде балалардың эмоционалды деңгейі жоғарылап, өз эмоцияларын тану, оларды бақылау және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттері айтарлықтай дамығаны байқалды. Сонымен қатар, балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі реттеу деңгейлері де оң өзгеріске ұшырады.

Зерттеудің алғашқы аптасында 3–4 жастағы 20 баламен диагностикалық жұмыс жүргізілді. Бұл кезеңнің басты мақсаты – балалардың эмоционалдық интеллект деңгейін анықтау болды. Ол үшін үш түрлі психологиялық тапсырма мен тест қолданылды.

1-тест: «Эмоцияларды тану»

Мақсаты: Баланың негізгі эмоцияларды (қуаныш, қайғы, ашу, таңғалу, жиіркену) тану қабілетін анықтау.

Тест барысында балаларға түрлі эмоцияларды бейнелейтін бес сурет көрсетілді. Әр балаға «Бұл бала не сезіп тұр?», «Сен осындай сезімді қашан бастан кешірдің?» деген сұрақтар қойылды. Балалар кейде нақты жауап беріп, кейде шатасып жатты. Дегенмен бұл әдіс олардың эмоцияны қабылдау және есте сақтау қабілетін көруге көмектесті.

2-тест: «Эмоциялық түсінік» (Л.Ф. Обухова әдістемесі негізінде)

Мақсаты: Басқа адамның эмоциясын түсіну және себеп-салдарын анықтау қабілетін тексеру.

Балаларға бірнеше сюжеттік суреттер ұсынылды:

– Бала ойыншығын сындырып алды – мұңайды,
– Анасы баласына сыйлық берді – қуанды,
– Бала досының балмұздағын тартып алды – ашуланды,
– Досы құлап қалды – көмектесті.

Әр жағдай бойынша: «Бұл бала не сезіп тұр? Неге? Сен осындай жағдайға тап болдың ба?» деген сұрақтар қойылды. Балалардың эмоцияны түсіну қабілеті әртүрлі деңгейде байқалды. Кейбіреулер тек жағдайды сипаттап берсе, енді біреулері өзін сол жағдайға қойып, шынайы сезіммен жауап берді.

3-тест: «Суретті толықтыру» (М.А. Нгуен әдісі)

Мақсаты: Баланың эмоционалдық бағытын анықтау – оның қызығушылығы адамдар әлеміне ме, әлде заттар әлеміне бағытталған ба?

Балаларға бос фигуралар (дөңгелек, сопақ, төртбұрыш) берілді. 15 минут ішінде олар осы фигураларды өз қалағаны бойынша толықтырып, суретке айналдыруы керек болды. Кейбір балалар адам кейпін, көңіл-күйді бейнелесе, кейбірі көлік, гүл, үй сияқты заттық бейнелер салды. Осы тапсырма арқылы балалардың ішкі эмоционалдық әлеміне және қандай ортаға көбірек көңіл бөлетініне баға берілді.

4 -тест: «Эмоцияны білдіру»

Мақсаты: Баланың эмоцияны мимика, дауыс, қимыл арқылы көрсету қабілетін бағалау.

Балаға қуану сияқты түрлі эмоцияны көрсетуді ұсынылды. Балалар қызыға эмоцияларды көрсетті

Жүргізілген төрт тест арқылы 3-4 жастағы балалардың эмоционалдық интеллектінің деңгейі анықталды. Әр бала эмоцияны тану, түсіну, мимика арқылы көрсету қабілеті бойынша бағаланды. Бағалау 3 балдық шкала негізінде жүргізілді (0- мүлде білмейді, 1- ішінара біледі, 2 - түсінеді, 3-толық түсінеді және көрсете алады).[3]

Жалпы қорытынды: 1 тест нәтижесі

Деңгей	Бала саны	Пайыз
Жоғары (3 балл)	8 бала	40%
Орташа (2 балл)	7 бала	35%
Төмен (0-1балл)	5 бала	25%

2 тест нәтижесі

Деңгей	Бала саны	Пайыз
Жоғары	6 бала	30%
Орташа	9 бала	45%
Төмен	5 бала	25%

3 тест нәтижесі

Деңгей	Бала саны	Пайыз
Жоғары	5 бала	25%
Орташа	10 бала	50%
Төмен	5 бала	25%

4 тест нәтижесі:

Деңгей	Бала саны	Пайыз
Жоғары	7 бала	35%
Орташа	9 бала	45%
Төмен	4 бала	20%

Диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеу жұмысының келесі



эмоционалдық дамуға бағытталған кезеңіне 20 балалар алынды. 20 балалардың 10 балалары бақылау тобы болса, қалған 10 балалар эксперименттік топ болды. Эксперименттік топтағы балалармен арнайы ойындар, эмоциямен жұмыс істеуге бағытталған тапсырмалар қолданылды. Бұл ойындардың мақсаты баланың эмоционалдық интеллект деңгейін көтеріп, әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін басқа балалармен қарым-қатынасын жақсартуға бағытталды. Бақылау тобындағы балаларға күнделікті оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу нәтижесі:

Эксперименттік топтағы балаларға қолданылған ойын іс-әрекеттері:

«Сезімді тап» ойыны : балаларға бет-әлпет суреттері немесе мимика көрсетілді. Олар сол эмоцияны (қуаныш, ашу, қорқыныш, жылау т.б.) тауып, атауы керек болды. Бұл жаттығу эмоцияны тануға үйретті.

«Мимика айнасы» жаттығуы: балалар бір-бірінің бет-әлпетін қайталауға тырысты. Мысалы, бір бала «ренжіген» мимика көрсетсе, екіншісі соны айна сияқты қайталайды. Бұл ойын эмоцияны білдіру мен еліктеу қабілетін дамытты.

«Жақсы сөз жанға медет» ойыны: балалар бір-біріне жылы сөздер айтып, мақтау айтты. Бұл өзара қарым-қатынасты жақсартуға көмектесті.

Осындай ойындарды балаларға ойната отырып, олардың эмоционалды интеллект деңгейін және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда оң ықпал етті.

Балалар белсенді қатысып, өз ойларын ашық айтуға, эмоцияларын танып-білуге, түсінуге үйренді. Осындай ойын іс-әрекеттерді жасау арқылы 3 апта ішінде балалардың эмоционалдық деңгейі жақсарып, әлеуметтік дағдысын дамытуға оң ықпал етті.



Жүргізілген 3 апталық зерттеу нәтижесінде эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығулардың тиімділігі дәлелденді. Эксперименттік топтағы балалардың көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Мысалы, «эмоцияларды тану» тестінде жоғары деңгей көрсеткен балалар саны 8-дан 10-ға дейін өсті. «Эмоциялық түсінік» бойынша 6 баладан 8 балаға дейін, «Суретті толықтыру» 5-тен 8 балаға, ал «Мимиканы көрсету» тапсырмасында 7-дан 10 балаға дейін жоғары деңгейге көтерілді. Бұл көрсеткіштер балалардың эмоционалдық дамуына арналған жүйелі әрі мақсатты жұмыстардың нәтижелі екенін дәлелдейді.

Жүргізілген зерттеу эмоционалды интеллекттің мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына үлкен ықпал ететінін көрсетті. Арнайы ойындар мен жаттығулар балалардың эмоцияны тану, түсіну және білдіру қабілеттерін жақсартуға айтарлықтай әсер етті. Эксперименттік топтағы оң өзгерістер бұл бағыттағы тәрбиелік жұмыстардың маңыздылығын дәлелдейді.

Эмоционалды интеллект тек мектепке дейінгі кезеңде ғана емес, баланың бүкіл өмір жолында маңызды рөл атқарды. Сондықтан балабақша бағдарламасына эмоциямен жұмыс істеуге бағытталған әдіс-тәсілдерді кеңінен енгізу қажет. Болашақта бұл бағытта мұғалімдерді даярлау, ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізу, эмоцияны дамытуға арналған әдістемелік құралдар мен ойындарды жетілдіру келесі маңызды қадам болмақ.

Осылайша, эмоционалды интеллектіні дамыту -баланың жан-жақты дамуының, тұлғалық өсуінің және қоғамға бейімделуінің маңызды тетігі .

Әдебиет:

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2019. 20 б.
2. Проективная методика "Дорисовывание: мир вещей - мир людей - мир эмоций https://nsportal.ru/detskii-sad/vospitatelnaya-rabota/2022/10/16/proektivnaya-metodika-dorisovyvanie-mir-veshchey-mir
3. Л.Ф. Обухова. Детская (возрастная) психология. Российское педагогическое агентство. 1996, 5-7 б.
4. Урунтаева Г.А. Дошкольная психология. Академия 2001. 26-30 б.
5. Коулман М. Эмоциональный интеллект для детей. — М.: Эксмо, 2019.

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТІҢ РӨЛІ

А. Жаманкулова, педагог-психолог
Қазақстан Республикасы Абай облысы Ақсуат ауданы
«М. Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебі» КММ

Аннотация. Аталған мақалада заманауи педагогтің психологиялық білімін жетілдіру мәселелері қарастырылады. Көптеген педагогтер білім сапасын арттыру үшін психологиялық білімдермен қаруланууы аса маңызды. Білім беру мекемесінде педагогтердің оқушылардың білім сапасын арттыруы үшін психологиялық білімдерді меңгеру керектігі қарастырылған. Қазіргі таңда педагогтердің психологиялық білімді игеруі өз алдына, ал бірақ оқыту мен

тәрбиелеу процесінде қолдануы әрине басқа мәселе. Бұл мақалада психологиялық зерттеулердің қорытындылары мен ұсыныстары ұсынылған.

Тақырыптың өзектілігі: қазіргі таңда цифрлы технологиялардың даму қарқыны жоғары болғандықтан алдымызда білім алып отырған "Альфа" ұрпақтарын оқыту мен тәрбиелеуде педагогтерімізді психологиялық біліммен қаруландыру мәселесі тұр. Әр педагогтің оқушымен жұмысты үйлесімді, стрессіз, қолайлы ортада жүзеге асырған жағдайда ғана білім сапасын арттыра аламыз.

Абай атамыздың нақыл сөзінде «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» демекші, педагогтің бойынан осы үш қасиеттің толыққанды табылуы оның кәсіби құзіреттілігін толық құраушы деуге негіз бар. Заманауи педагогтің тұлғасына қойлатын талаптар өте көп. Әлбетте, ең әуелі педагог қандай кәсіби құзіреттіліктерді игеруі керек деген сұраққа жауап беріп көрелік.

Мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін оның кәсіби-пәндік және кәсіби-тұлғалық құзыреттілігінің жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынамыз (1-кесте). Педагогикалық өзара әрекеттестіктің қиын жағдайларының алдын алу және басқарумен тікелей байланысты құзыреттер дәл осы екінші категориясына жатады.

1 кесте. Педагог құзіреттілігі

<table>
<tr><td colspan="5">Педагог құзіреттілігі</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Кәсіби-пәндік құзіреттілік</td><td colspan="3">2. Кәсіби-тұлғалық құзіреттілік</td></tr>
<tr><td>Мотивация-лық</td><td>Дидакти-калық</td><td>Аналитика-лық</td><td>Коммуникативті</td><td>Диспозициялық
1. Құндылық-адамгершілік
2. Эмоционал-ды-еріктік
3. Әріптестік</td></tr>
</table>

1-кестеде педагогтің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөліктері оның оқу пәндері бойынша білім беру үшін қажетті кәсіби-пәндік құзыреттіліктері (мотивациялық және дидактикалық) және тиімді педагогикалық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін қажетті кәсіби-жеке (аналитикалық, коммуникативті және диспозициялық) болып табылатындығы көрсетілген. Қазіргі уақытта педагогтерді оқыту технологиясы құзыреттердің соңғы тобын дамытуға бағытталды. [4, 28-б]

Аталған құзыреттер әртүрлі дәрежеде педагогикалық өзара әрекеттесудің күрделі жағдайларымен жұмыс жасауда көрінеді. Сондықтан кәсіби-жеке құзыреттіліктерді дамыту технологиясы семинар-тренинг бағдарламасы болып табылады, оның шеңберінде теориялық материалдан басқа мұғалімдер кейстерді (педагогикалық қарым-қатынастың өзекті күрделі жағдайларын) шешу арқылы оқушылармен және олардың ата-аналарымен, оқу топтарымен, сондай-ақ мектеп бойынша әріптестерімен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын игереді. [1, 93-б]

Педагогтер оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде психологиялық білімдермен қаруланууы тиіс:

Ең әуелі жайлы білім беру ортасын құру. «Жағымды психологиялық климат құру әр сабақтың және жалпылама алғанда бүкіл білім игеру процесінің басты мақсаты» деп Асхат Алимов айтқандай жайлы орта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады, оқушылармен достық қарым-қатынас орнатуға көмектеседі және тиімді білім беру процесін ұйымдастыруға ықпал етеді. Егер мұғалім бәрін дұрыс жасаса, оқушы өз пікірін еркін айтуға дайын. «Мен өз шәкірттерімді ешқашанда үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» деген Альберт Эйнштейннің пікірі оқушы үшін ең әуелі оқыту мен тәрбиелеуде табысқа жету үшін тиімді, әрі қолайлы орта құрудың маңыздылығын тағы да дәлелдегендей. Әр педагог, психолог бола отырып оқушылардың күнделікті көңіл-күйін бақылай білуі маңызды. Сабақта жайлы орта қалыптастыра отырып оқушылардың көңіл-күйлерін көтере алады. О.С. Михалюк пен А.Ю.Шальтоның әдістемесі бойынша «Ұжымның әлеуметтік психологиялық ахуалын зерттеу» сауалнамасының қорытындысы

бойынша толық, жайлы қолайлы ахуал-86,5%, негізінен қолайлы ахуал 13,4%-ды құрайды. Демек,педагогтердің шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауына ешқандай кедергі жоқ деген сөз.

Педагог жайлы оқыту ортасын құру үшін ең әуелі оқушыға деген **“сенім”** керек. Оқушыға сенбейтін ұстаз-гүлге су құймай кеткен бағбан сияқты. Оқушы мен мұғалім арасындағы сенімді қарым-қатынас мәселесіарнайы психологиялық сауалнаманың көмегімен зерттелді. Нәтижесінде кейбір педагогтердің оқушыларға сенім ұялата білу қабілеттері бұрынғы көзқараста қалып қойғанын көруге болады. Оқушылармен тренинг, әңгімелесу, пікірталастар барысында кейбір педагогтермен оқуға байланысты мәселемізді ашық талқылай алмаймыз деген пікірлерде кездесті .Шалва Амонашвили көрнекті педагог, психология ғылымдарының докторы адамгершілік педагогикасының негізін қалаушы. Адамгершілік педагогикасы-оқушының тұлғасын сыйлауға, оның эмоционалдық және әлеуметтік дамуына бағытталған білім беру концепциясы. Адамгершілік педагогикасы-адамға жеке тұлға ретінде қарауға бағытталған ықпал. Амонашвили мектепті өте нашар оқыған, бір педагогтің ерекше сенім білдіріп қолдау көрсетуінен білім сапасын көтеріп, жақсы оқуды мақсат еткен, соңында ғалым болып, кітаптар жазды. Осы мысалдан көп нәрсені үйренуге болады деп ойлаймын. Оқушы мен мұғалім арасындағы сенімді қарым-қатынасты зерттеуге арналған сауалнама қорытындысы келесідей: Жалпы зерттеуге 5-11 сынып оқушыларынан 255 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижесінде келесідей қорытынды алынды:

Жақсы сенімділік, мұғаліммен тұрақты қарым-қатынас- (жылдың басы-39,2%/ жылдың соңы -45%

Орташа сенім, қолдауды арттыру керек- (жылдың басы 43,9%/жылдың соңы-50%)

Қарым-қатынаста кедергілер бар-(жылдың басы-16,8%/жылдың соңы-3,9%)

Осы сандық мәліметтерге назар аударатын болсақ оқушылар мен педагогтер арасында сенім мәселесінде оқу жылының басында елеулі қиындықтардың бар екендігін көруге болады. Бұл жағдайда ағарту жұмыстарын жүргізу әлбетте педагог-психологтардың міндеті. Мектебімізде келесі тараптарда педагогтерге арналған арнайы оқыту семинарлары өтті: “Білім беру мекемесінде қолайлы орта құру”, “Позитивті ойлауды дамыту”, “Оқушылардың рухани-адамгершілік дамуындағы педагогтің рөлі” т.с.с. Осы тренингтердің нәтижесінде педагогтер мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынас орнатуда өсу динамикасы байқалды. Тағы бір айтқым келгені, оқушылар педагогтердің олардың ішкі үнін естігенін, нақты қалауын білгенін қалайды екен.

Заманауи педагогтің психологиялық білімдердерінің тағы бір маңызды аспектісі-педагогтердің оқушылармен қарым-қатынаста жеке шекараларды сақтауы. Оқу тақырыптарын талқылау кезінде және баламен кез-келген бейресми қарым-қатынаста мұғалім қашықтықты белгілей білуі керек. Қашықтықты сақтай отырып педагог өзінің кәсіби міндеттерін саналайды сонымен қатар оқушы өзінің оқушылық міндетін атқарады. [5, 36-б]

Көптеген психологиялық зерттеулерді өз тәжірибемде жүргізу кезінде оқушылардың кейбір пәндерге немқұрайлы қарайтындығын көруге болады. Ол дегеніміз педагогтердің сынып оқу процесіне толық тарта білмеуі деген сөз. Оқу іс-әрекетінің сапасы балалардың оқу процесіне қатысу деңгейі бойынша бағаланады. Баланың оқуға қызығушылығын арттыру үшін мұғалім сабақтың мақсатын нақты қоюы керек. Жаңа материалмен таныстыру үшін тиімді құралдар мен әдістер қолданылады, оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін сабақтағы көрнекіліктер өте креативті болуымен қатар тапсырмалардың да қызықты құрылуы маңызды. Жақсы мұғалім осы аталғанның бәрін біледі және мақсатына сай қолданады.

Жайлы орта құрумен қатар, сынып тарта білу де өнер. Оқыту ортасын тиімді ұйымдастыруда кабинеттің техникалық жабдықталуы да балаларды қызықтыруға көмектеседі. Сабақта мұғалім стандартты тақталарды, стендтерді және көрнекі құралдарды ғана пайдалана алмайды. Көптеген мектептер заманауи жабдықтарды — интерактивті тақталарды, проекторларды, компьютерлерді алады, Бұл сандық форматтарды пайдалануға және онлайн ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұғалімнің жаңа әдістерді,

технологияларды, жеке әзірлемелерді, таныс нәрселерге стандартты емес тәсілдерді қолдану арқылы балаларды қызықтыру қабілеті қатысу деңгейін арттыруға көмектеседі. Мысалы, интерактивті платформа алған білімдерін ойын түрінде бекітуге көмектеседі, ал оқу іс-әрекетіне ойын сәтін қосу бәсекелестік аспектіні қосады.

Оқу материалдарын стратегиялық жоспарлау және іріктеу кезінде педагогтер оқушылардың темперамент типтерін (холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик) білуі керек, мысалы холериктер тапсырманы жедел орындайды, сангвиниктер бастаған тапсырманы аяқтамауы мүмкін, ал флегматиктер болса тапсырманы соңына дейін жеткізіп, мұқият орындайды. Меланхоликтер баяу қозғалатындықтан, осы типтегі оқушыларға өзінің пікірін еркін айтуға мүмкіндік беру керек. Мектебімізде оқушылардың темперамент типтері зерттедім, педагогтерге арнайы ұсыныстар бердім. Сыныптың білімдерді меңгеру деңгейін бағалауда оуқышардың қабылдау типтерін (аудиал, визуал, кинестетик) ескеруі керек. Мысалы аудиалдар оқу материалын есту арқылы, визуалдар көру арқылы, кинестетиктер қимыл-қозғалыстар арқылы қабылдайды. Сол себепті оқу материалын әзірлеу кезінде сыныптың үлгерім деңгейі мен психологиялық ерекшелігін ескеру маңызды. Сауатты педагогтің дағдыларының бірі-сыныптағы барлық балаларды ерекшеліксіз қызықтыра білу. Педагог оқу материалын шапшаңдықпен орындайтын оқушыларда зерігу болмау үшін және сонымен бірге жаңа білімді оңайшылықпен қабылдай алмайтын оқушылармен жұмысты тиімді ұйымдастыра білуі керек. Ол педагогтің кәсіби шеберлігіне байланысты деуге болады.

Сандық құзыреттерге тоқталатын болсам. Оқу процесінде интерактивті құралдар көбейіп келеді, олар балалардың назарын аударуға кең мүмкіндіктер береді. Бұл тек стандартты компьютерлік сауаттылық туралы емес. Мұғалім балаларды қандай цифрлық құралдар қоршап тұрғанын, оларға қандай технологиялармен жұмыс істеу ыңғайлы және таныс екенін түсінуі керек, содан кейін мұғалім мен оқушылар арасындағы байланыс тиімдірек болады, ал оқыту жоспарланған нәтижеге тез жетеді. Осылай да оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Жасанды интеллект технологияларын қолдануға болады. [2, 50-б]

Сыныптағы оқушылардың көңіл-күйін бағалау өте маңызды болып саналады. Мұғалім балалардың көңіл-күйін және сыныптағы жалпы атмосфераны сезінуі керек. Бұл оқытудың өнімділігіне тікелей әсер етеді. Тіпті үлгерген бала да сыртқы факторлардың әсерінен оқу материалын қабылдай алмайды. Мұнда мұғалім “жеке тәрбиеші” немесе “әлеуметтік тәрбиеші” ретінде әрекет етеді, қажет болған жағдайда балаға көмекке келеді. [3, 43-б]

Білім сапасын арттыруда педагог қандай тұлғалық сапаларды игеруі керек?

1. Жақсаруға ұмтылыс. Қазіргі әлемдегі білім кеңейіп, жаңа форматтарға ие болуда, сондықтан мұғалім өзін-өзі тәрбиелеуге уақыт бөлуі керек. Заманауи құралдар мен қызметтер пайда болады, балалардың әр жаңа буыны бұрынғыдан ерекшеленетіндіктен педагог әрдайым ізденісте болуы керек. Қазіргі уақытта байлық пен ақша емес, білім негізгі бренд.
2. Коммуникация құра білу ең маңызды үдеріс. Балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас кезінде өзара әрекеттесу және тиімді қарым-қатынас жасау дағдысы да пайдалы. Бұл педагогтің кәсіби қызметі үшін маңызды қасиет. Жұмыста көбінесе баланың оқуда немесе әлеуметтік бейімделуде неліктен қиындықтарға тап болғанын анықтау, ата-аналардың пікірін, олардың өзара қолдау тұрғысынан мүмкіндіктерін нақтылау және іс-қимыл жоспарын тиімді үйлестіру қабілеті жоғары болуы қажет.

   Ата-аналармен және балалармен өзара әрекеттесудің негізгі ережелері:

*әңгімелесушіні есті білу,
*сабырлы құрметпен сөйлесу,
*тікелей айыптаудан аулақ болу,
*арандатушылыққа берілмеу,
*қашықтықты сақтау және жеке тұлғаға ауыспау.

Ата-аналармен қарым-қатынаста мұғалім баланың мәселелерін талқылап қана қоймай, не болып жатқанының себептерін анықтап қана қоймай, одан әрі әрекет ету туралы шешім

қабылдауы керек. Оқушының білім сапасын арттыру үшін ата-анамен тығыз байланыс орнатудың да маңызы зор.

Шығармашылық ойлауды дамытудың маңыздылығы мұғалімнің жұмысындағы шығармашылық қабілеттердің көрінуі, атап айтқанда оқытудың өзіндік стратегиясын жасау және оқушылармен өзара әрекеттесу арқылы түпнұсқа әдістерді қолдану және қызықты сабақ жоспарын құру. Барлық балалар әртүрлі, әрқайсысына ерекше көзқарас қажет. Егер мұғалім білім беру процесін әр балаға қызықты болатындай етіп құра алса, бұл шығармашылық қабілеттерін жетілдіре алатын педагогтер болып саналады. Шығармашыл педагогтердің әр сабағы қызықты болғандықтан оқушының білім сапасын арттырудың мүмкіндігі зор деуге болады.

Мұғалім үшін шыдамдылық ең маңызды жеке дағды. Көбінесе оқушылар бір нәрсені бірнеше рет қайталауы керек. Сонымен қатар, барлық білім беру бағдарламалары материалды игеруге, қайталауға және бекітуге негізделген. Арнайы психологиялық тәжірибелер сабырлы болуға және шыдамдылықты арттыруға көмектеседі. Тәрбие процесінде шыдамдылық өз жемісін міндетті түрде береді. [6, 180 б]

Педагог айналасындағыларға бей-жай қарамауы керек. Педагогтердің бей-жай қалу қауіпті, бұл білім беру процесін тежеп қана қоймай, сыныптағы тікелей қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Мұғалім оқушыға оқуда да, жеке мәселелерді шешуде де көмектесуге, кеңес беруге, сөйлесуге уақыт бөлуге, қажет болған жағдайда басқа мамандарды тартуға дайын болуы керек. Себебі, қазір мектептерде түрлі әлеуметтік жағдайы бар оқушылар білім алуда. Сынып оқушылары арасында әлеуметтік әл-әуқатқа қарап кемсіту жағдайлары, басқа да кикілжіңге әкелетін жағдайларға ерекше назар аудару керек. Буллинг мәселелері де баршылық, оқушылардың сыртқы келбетіндегі өзгерістер мен мінез-құлқындағы өзгерістерге бірден мән беру керек. Оқушылардың қажеттіліктерін қыңырлықтан ажырату маңызды, баланың мінез-құлқының себебін анықтау арқылы, онымен әрі қарай жұмыс жасаудың бағытын айқындау мүмкіндігі туады.

Егер педагог өзінің кәсіби құзыреттілігінің маңыздылығын түсініп, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылса, ол өзіне ұсынылған барлық мүмкіндіктерді сәтті пайдаланады. Білімді және үнемі дамып келе жатқан мұғалім білім берудің оңтайлы құралдарын таңдай алады, сыныптың көңіл-күйін сезініп, оны басқара алады, оқытудың тиімділігін арттырады. Сол арқылы білім сапасын арттыра алады. «Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер»-деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай педагогтің оқушыға сапалы білім мен саналы тәрбиені санасына сіңіргені ешқашан ұмытылмайтын еңбек дегім келеді.

Біздің мектебіміздің басты стратегиясы-оқушының білімін әділ бағалау. Білім сапасын арттыру жұмыстарының нәтижесі тек бірлескен жұмыста байқалады. Ойымды қорытындалайтын болсам “Адам мен адамды, халық пен халықты теңестіретін нәрсе -білім” деп әйгілі жазушы М. Әуезов айтқандай қазіргі замандағы нағыз бренд ол білім.

Әдебиеттер тізімі

Таубаева Ш.Т., Педагогикалық зерттеулердің әдіснәмасы мен әдістері: оқулық/.-Алматы: Қазақ университеті, 2019.-360 б.

1. Рысбаева А. Педагогикалық процесс субъектілерінің табысты іс-әрекетіне интерактивті оқытудың ықпалы. Оқу құралы.-Алматы, 2008.-80 б.
2. Анцупов А.Я. Профилактика конфликтов в школьном коллективе: Учебное пособие. М.: КноРус, 2022. 216 с.
3. Громыко Ю.В., Рубцов В.В., Марголис А.А. Школа как экосистема развивающихся детско-взрослых сообществ: деятельностный подход к проектированию школы будущего [Электронный ресурс] // Культурно-историческая психология. 2020. Том 16. № 1. 285с.

4. Коттл Т.В., Крушельницкая О.Б., Орлов В.А. Взаимодействие психолога с субъектами образовательного процесса в школах США [Электронный ресурс] // Социальная психология и общество. 2018. Том 9. № 2. 278 с
5. Кочетков Н.В., Маринова Т.Ю., Орлов В.А., Расходчикова М.Н., Хаймовская Н.А. Актуальные зарубежные исследования профессионального выгорания у учителей [Электронный ресурс] // Современная зарубежная психология. 2023. Том 12. №2. 225 с.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМЫТУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

[1]Жумадуллаева А.А. п.ғ.к., доцент,
[2]Каримжанова Э.А. -магистрант

[1,2]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Аңдатпа. *Бұл мақалада цифрлық білім беру ортасы мұғалімнің кәсіби рефлексиясын дамыту факторы ретінде қарастырылады. Мұғалімнің кәсіби рефлексиясы мұғалімнің өз кәсіби іс-әрекетін, оның тиімділігін және оқытудағы жетістіктерін талдауға, бағалау және жақсартуға септігін тигізеді. Рефлексия мұғалімге өзінің педагогикалық тәжірибесіне сын көзбен қарап, жіберілген қателер мен кемшіліктерді анықтауға, жетістіктерді бағалауға және болашақта оларды жақсарту үшін жаңа тәсілдер іздеуге мүмкіндік береді.*
Тірек сөздер: цифрлық білім беру ортасы, педагогикалық рефлексия, кәсіби рефлексия, рефлексия, рефлексивті күнделік.

Аннотация

В этой статье цифровая образовательная среда рассматривается как фактор развития профессиональной рефлексии учителя. Профессиональная рефлексия учителя способствует анализу, оценке и улучшению его профессиональной деятельности, ее эффективности и успехов в обучении. Рефлексия позволяет учителю критически взглянуть на свой педагогический опыт, выявить допущенные ошибки и недостатки, оценить достижения и найти новые способы для их улучшения в будущем.

Ключевые слова: *цифровая образовательная среда, педагогическая рефлексия, профессиональная рефлексия, рефлексия, рефлексивный дневник.*

Annotation

This article considers the digital educational environment as a factor in the development of a teacher's professional reflection. A teacher's professional reflection facilitates the analysis, evaluation, and improvement of their professional activities, effectiveness, and achievements in teaching. Reflection allows the teacher to critically examine their pedagogical experience, identify mistakes and shortcomings, assess successes, and seek new ways to improve them in the future.

Keywords*: digital learning environment, pedagogical reflection, professional reflection, reflection, reflective journal*

Кіріспе

Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруда педагогикалық рефлексияның алатын орны ерекше, себебі мұғалімнің өз ісіне басқаның көзімен қарауы, оның өз қателігін өзі көріп, өзі түсінуге, өзін-өзі бағалауға, түзетуге, жетілдіруге үйренеді. Яғни, рефлексия белгілі бір салалар бойынша ойды жүйелеп, оның мән-мағынасын түсінуге жетелейді.

Сол себепті, сабақ барысында мұғалім де, оқушы да рефлексия жасауы керек. Өз іс-ерекетін зерттеу арқылы мұғалім өзінің іс-тәжірибелерін түсінуге(анализдеуге), өзгеріс

енгізу арқылы жетілдіруге және “оқыту мен оқу туралы аналитикалық тұрғыдан қалай ойлауды бастауға болатынын түсінуге мүмкіндік береді” [1, 4 б.].

Рефлексия – бұл жеке тұлғаның негізгі қасиеті, ол адамға өз өмірлік әрекеттерін түсініп, реттеуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі талдау және өзіне деген баға рефлексиямен тығыз байланысты, бұл ойлау мен әрекеттерді бағалауға, өткенді талдап, болашақты жоспарлауға және мүмкін болатын нәтижелерді ең тиімді түрде болжауға мүмкіндік береді [2, 447 б.].

Рефлексияға анықтама берген ғалымдардың ішінде И.Н. Семеновтың көзқарасы былайша сипатталады, ол рефлексияның мақсат және мағына қалыптастырушы аспектісін ерекше атап көрсетеді: «рефлексия — бұл адамның жағдайды және сол жағдайдағы өзін түсіну үшін, өткен істелген және орындалған нәрселерге мағыналы түрде қарауы, бұдан сабақ алу арқылы мінез- құлық пен қызметті өзгерту, сонымен қатар өз болашағын жобалау» [3, 114 б.]. Мұнда рефлексияның функциясы көрсетілген, ол тіршіліктің мағыналарын қалыптастырумен және мінез-құлық пен қызметті реттеуші мақсат қоюмен байланысты. Бұл көбінесе өзін-өзі дамыту қабілетімен және “Мен”нің құндылық-мағыналық аспектісін бейнелейтін жоғары рефлексиялық қабілеттермен тығыз байланысты.

Қазіргі заманда адамның рефлексивті мүмкіндіктері, өзін және сыртқы әлемді саналы түрде түсініп, бағалай алу қабілеті үлкен маңызға ие болып келеді. Бұл қабілет адамның үнемі өзгеріп отыратын ортада тиімді әрекет етуіне көмектеседі. Қазіргі психологиялық және педагогикалық ғылымда рефлексия мәселесі – адамның ішкі психикалық әрекеттері мен жағдайларын тану процесі ретінде ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген зерттеулер рефлексияның қажеттілігін дәлелдеді. Оның ішкі табиғаты, құрылымы және оны дамыту мүмкіндіктері ғылымда үлкен қызығушылық тудырады. Рефлексиялық ерекшеліктердің талдауы әртүрлі деңгейлерде (теориялық, әдістемелік, практикалық) жүргізіледі, сондай-ақ осы ерекшеліктердің әртүрлі мамандықтардағы көрініу спецификасы нақтыланады. Рефлексияның кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында шешуші рөл атқаратынына ерекше назар аударылған, бірақ бұл әсіресе оқытушылық мамандықта өзекті, өйткені ол балалар мен ата-аналардың мінез-құлқын, олардың өзара қарым-қатынасын, қақтығыстық коммуникацияларды түзету қажеттілігін талдауды талап етеді[4, 140 б.].

Мұғалімнің өзіндік дамуында кері байланыс, кәсіби рефлексия – маңызды екендігі сөзсіз. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру саласында мектеп жұмысының дамуының ең басты фактор болып отыр. Әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек [5, 120 б.].

Рефлексиялық дағдыларды меңгеру мұғалімге өз қызметін түсініп, талдап, оны реттеудің (сәтті нәтижеге әкелетін әрекеттер мен операциялар жүйесі) құралдарын шебер пайдалана білуге мүмкіндік береді. Рефлексияның бұл екі жақты процесі қазіргі заманғы педагогтың нағыз педагогикалық қызмет субъектісі болуына қажет [6, 608 б.].

Кәсіби рефлексияға ие мұғалім педагогикалық қызметті дамытып, оны реттей алады, іс-әрекеттерін жоспарлау кезеңінде де, оларды жүзеге асыру кезінде де түзетулер енгізе алады [7, 147 б.].

Кәсіби педагогикалық рефлексияның өзіндік ерекшелігі бар. Ең алдымен, педагогикалық рефлексия процесінде мұғалімнің өз-өзіне, жеке тұлғалық және кәсіби дамудың барлық күрделілігімен қатар, басқа адамды (оқушыны, әріптесті және т. б.) тұтас, бірегей, тұлға ретінде қабылдауы маңызды екенін атап өту қажет. Бұл жерде тек қызметтің өзі ғана емес, сондай-ақ педагогикалық өзара әрекеттесу немесе кәсіби коммуникациялар процесінде қолданылатын коммуникативтік құралдар да рефлексияға ұшырайды.

Осылайша, педагогикалық рефлексия – бұл мұғалімнің тек өзін-өзі білуі немесе түсінуі ғана емес, сонымен қатар басқалардың оның тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциялық реакцияларын және когнитивтік түсініктерін қалай білетіні мен түсінетінін анықтау. Бұл өзара субъектілердің бір-бірін бейнелеу процесінің өзіндік түрі, оның мазмұны педагогикалық қызмет барысын түсіну, бір-бірінің ерекшеліктерін қайта құру болып табылады. Мұғалімнің рефлексиялық қабілеттерінің қалыптасу деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол өзгермелі жағдайға сәйкес өз жеке орнатулар жүйесін өзгертуге соғұрлым дайын болады [8, 113 б.].

Цифрлық білім беру ортасы мұғалімдердің кәсіби рефлексиясын дамытуға көптеген мүмкіндіктер береді, бұл олардың өсуіне және білім беру процесінің сапасын арттыруға көмектеседі. Мұғалімдердің рефлексиялық қабілеттерін дамыту практикасы әдістемелік құралдардың, тәсілдердің және оқыту формаларының кең жиынтығын қамтиды. Мұғалімді өз

кәсіби қызметіне және өзіне осы қызметтің субъектісі ретінде рефлексиялық көзқарас қалыптастыруға ынталандыру үшін жиі қолданылатын тәсілдер:

- кәсіби маңызды жағдайларда өз әрекеттерін немесе әріптестерінің әрекеттерін бақылау бағдарламаларын қолдану және алынған нәтижелерді талдау, заманауи цифрлық орталар (мысалы, Moodle, Google Classroom) оқушылармен және ата-аналармен тұрақты қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, бұл мұғалімге өз жұмысы туралы үнемі кері байланыс алу және оқыту әдістерін түзетуге мүмкіндік береді;
- кәсіби өмірдегі оқиғаларды тіркейтін күнделік жазбаларын жүргізу, оларды әрі қарай талдау және түсіну;
- мұғалімнің сабақты өткізуін бейнежазбаға түсіріп, кейін өзін-өзі талдау және талқылау;
- әртүрлі ойын тәсілдері (ұйымдастырушылық-әрекеттік ойындар, имитациялық ойындар және т.б.), қатысушылардың белгілі бір рөлдерді қабылдап, модельденген проблемалық жағдайды шешуге бағытталған топтық талдауды қамтиды;
- кейс-әдіс - миниатюрадағы іскерлік ойын түріндегі танымал белсенді оқыту әдістерінің бірі. Кейс-әдіс, әдетте, педагогтардың кәсіби өміріндегі нақты оқиғаға негізделеді және барлық қатысушылардың өзара әрекеттерінің процессі мен нәтижесін талқылай отырып, ұсынылған мәселені шешуге бағытталған.

Кәсіби рефлексияны қалыптастырудың кең тараған түрі, ол рефлексивті күнделік. Рефлексивті күнделіктің сұрақтары мұғалімнің ыңғайына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Сол сұрақтарды мұғалім өз-өзіне қойып оған шынайы жауап беру арқылы өзінің іс-тәжірибе барысында әрекетінің дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтап, анализ жасау арқылы шеберлігін арттыра алады. Рефлексивті күнделік сұрақтары келесідей бола алады:

1. Сабақта ерекше бір нәрсе болды ма? Егер иә болса, не болды және неге?
2. Оқушыларым сабақта жаңа бір нәрсені үйрене алды ма? Егер иә болса, не нәрсе арқылы? Егер жоқ болса, себебі неде?
3. Сабақ барысында тәртіпті ұстай алдым ба? Сабақтағы тәртіпті сақтаудағы қандай әдістерім жақсы жұмыс істеді, ал қайсысы нәтижесіз болды? Неге? Не істеу керек еді?
4. Сабақтың стратегиясы сәтті болды ма? Сабақты тиімді ету үшін оны қалай құруға болар еді?

5. Менің сабағым оқушылардың білімдеріне, тәжірибелеріне және қызығушылықтарына қаншалықты негізделді? Мұны жақсарту үшін не істеуге болады?

6. Сабақ барысын оқушылардың жауаптарына және олардың тапсырманы орындау кезіндегі әрекеттеріне қаншалықты икемді бейімдей алдым?

7. Мен оқушылардың оқу жұмысын қаншалықты объективті бағаладым? Оқушылар үшін қойылған бағаларды жеткілікті түрде түсінікті түсіндірдім бе? Бағалар оқушылардың көңіл- күйіне және сабақтың жалпы өтуіне қалай әсер етті?
8. Сабақ барысында өзімнің эмоционалдық күйімді басқара алдым ба? Егер жоқ болса, неге? Болашақта не ескеруім қажет?
9. Сабақта маған ең қиыны не болды? Маған ерекше күш жұмсауды талап еткен нәрсе не? Осындай жағдайда келесі жолы не істеу керек?
10. Мен қолданған оқыту әдістері қаншалықты тиімді болды? Балалар үйренген нәрсе менің оқыту әдістеріммен қаншалықты байланысты? Болашақта нені ескеруім қажет?
11. Бұл сабақты өзгеше өткізуге болар ма еді? Егер иә болса, қалай? Сабақтың қай жағына көбірек көңіл бөлу керек: мазмұндық, әдістемелік немесе эмоционалдық?
12. Мен сабақта оқушыларымның қандай ынталандыруларын қолдандым? Олардың ішкі мотивациясын ескердім бе, әлде негізінен сыртқы ынталандыруды қолдандым ба? Оларды оқуға және жетістікке жетуге тағы қалай ынталандыруға болады?
13. Бұл сабақтың нәтижесінде оқыту өнері туралы қандай жаңа нәрсені түсіндім? Өзімді және сабақты талдаудың арқасында қандай пайдалы тәжірибе жинадым? Не істеу керек, табыстырақ мұғалім болу үшін?

Қарастырылған рефлексиялық практика әдістері мен форматтары қандай болса да, мұғалімдердің өздерін сырттан көре білу қабілеттерін (рефлексиялық децентрация) дамытуға, өз әрекеттерін белсенді талдауға және өздерінің кәсіби «менін» түсінуге бағытталған.

Осылайша, цифрлық білім беру ортасы мұғалімдердің кәсіби рефлексиясын дамытуда маңызды факторға айналады, себебі ол талдау, оқыту әдістерін жақсарту және тұрақты білім алу үшін жағдайлар жасайды.

Қазіргі педагогикалық білім берудің басты мақсаттарының бірі – студенттің жоғары оқу орнында алған кәсіби білімдері мен дағдыларын жүйелі түрде толықтырып, байытып, өмір бойы оқуға деген ниеті мен қабілетін дамыту болып табылады. Өздігінен жетілу қажеттілігі ретінде оқуға деген қабілет – педагогикалық мамандықтың негізі. Мұғалім өз ішкі әлеміне үңіліп, өз іс-әрекетінің себептерін түсіне білуі керек. Қалыптасқан рефлексиялық дағдылар мұғалімнің өзін-өзі тануы мен педагогикалық өзін-өзі талдауы үшін аса маңызды. Т.Ф. Ушеваайтқандай, біз рефлексияны немесе өзін-өзі тануды күмәнданудан бастап, оны өзімен талқылап, шешім іздеуге дейінгі дәйекті әрекеттер процесі ретінде қарастырамыз. Осылайша, рефлексия – бұл кәсіби қызметтің әр қадамын үнемі талдау және бағалау үшін күрделі психикалық қабілет. Интеллектуалдық, тұлғалық, коммуникативтік және кооперативтік рефлексиялық дағдыларды пайдалану арқылы адам өзінің кәсіби қызметін басқара алады және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасай алады.[9, 42 б.]

Қорытындылай келе, рефлексияны игеру арқылы мұғалім өз мамандығының шынайы субъектісі болуына мүмкіндік беретіні сөзсіз. Себебі, рефлексия жасау мұғалімдердің бойында жоғары құзіреттілік, дербестік, өзін-өзі баскару секілді қасиеттердің дамуына септігін тигізеді. Өздігінен жетілген, өзіне сенімді кәсіпқой бола тұрып, рефлексивті мұғалім ешқашан да өзін жай ғана мемлекеттік білім беру реформаларын іске асыру құралы ретінде сезінбейді. Мұндай мұғалім – көшбасшының өзі реформаларға белсенді түрткі болады, олардың идеяларын алға жылжытуға, іске асыруға қабілетті, өз айналасында пікірлестерін біріктіретін өз ісінің шебері бола алатындығы анық. Соңында Джон Дьюидін [10, 42 б.] сезімен корытындылап кетсем: «Рефлексия жасай алатын мұғалім — өз кәсібінің мәңгілік оқушысы».

Әдебиет тізімі

1. Әділжанова Д.Ә. Рефлексияның педагогикалық шеберлікті жетілдіруге әсері // Педагогикалық диалог журналы, 1(15). 2016. Б. 4-15.

2. Педагогическая психология: Учебник для вузов. Москва: Московский психолого- социальный институт; Воронеж: МОДЭК, 447 с.
3. Семенов И.Н. Рефлексивность самонаблю- дения и персонология интроспекции: к онтологии и методологии рефлексивной психологии индиви-дуальности // Вестник Московского. С. 114-119.
4. Ушева, Т. Ф. (2009). Педагогические условия формирования рефлексивных умений студентов в процессе коллективных учебных занятий. Сибирский педагогический журнал, 5, 140-152б.
5. Сурначева О.Г., Маторина Е.А. Рефлексиялық тәжірибенің мұғалімнің эмоционалдық интеллектісіне ықпалы // Педагогикалық диалог журналы, 3(17). 2016. Б. 120-126.
6. Хуторской, А. В. (2019). Педагогика: Учебник для вузов. Санкт-Петербург: Питер, 608 б.
7. Маркина, Н. В. Взаимосвязь профессиональной востребован-ности педагогов и особенностей их жизненных сценариев в контексте профессиогенеза / Н. В. Маркина, И. Р. Крамская, Ю. Г. Маковец-кая // Вестник Челябинского государственного педагогического уни-верситета. - 2017. - № 3. - С. 147-155.
8. Аверина, М. Н. Структура общепрофессиональных умений пе-дагога: рефлексивный компонент / М. Н. Аверина, А. В. Воронин // Ярославский педагогический вестник. - 2013. - Т. 2 (Психолого-педагогические науки), № 2. - С. 113-119.

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ И ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТИРОВ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ: КЛЮЧЕВЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Кумарова А.Е., магистр педагогических наук, методист-психолог
КГУ «Региональный методический центр психологической поддержки»
управления образования области Абай, город Семей
Республика Казахстан

Введение

Современное образование предъявляет высокие требования к подготовке педагогов. Студенты педагогических специальностей должны не только усваивать фундаментальные знания, но и развивать профессионально значимые качества, умение строить образовательный процесс, формировать позитивный настрой и готовность к работе с детьми. В этой связи вопросы обучения и воспитания будущих педагогов приобретают особую актуальность.

Цель данной статьи — рассмотреть ключевые проблемы обучения и воспитания студентов педагогических специальностей, а также обозначить возможные пути их решения.

Проблемы обучения студентов педагогических специальностей:

Недостаточная профессиональная мотивация.

Одной из серьёзных проблем является низкий уровень профессиональной мотивации студентов. Зачастую выбор педагогической профессии продиктован внешними обстоятельствами, а не внутренним призванием, что приводит к формальному освоению учебной программы и снижению учебной активности [1, с. 46].

Кроме того, наблюдается дефицит целенаправленной работы по формированию у студентов устойчивого интереса к будущей профессии. Отсутствие осознания значимости педагогической деятельности препятствует развитию профессиональной идентичности [2, с. 102].

Неэффективные методы преподавания.

Во многих вузах сохраняются традиционные формы преподавания, основанные на репродуктивных методах: лекциях и конспектировании. Эти методы не способствуют формированию активной позиции студентов, их готовности к педагогической деятельности [3, с. 78].

При этом современные образовательные технологии (проектное обучение, кейс-методы, использование цифровых инструментов) применяются фрагментарно. Отсутствие системного внедрения инновационных подходов ограничивает возможности профессионального развития студентов [4, с. 58].

Ограниченность практической подготовки.

Практическая подготовка является ключевым этапом профессионального становления педагога. Однако многие студенты жалуются на недостаточное количество часов практики, разрыв между теоретическими знаниями и реальной практической деятельностью [5, с. 76].

Отсутствие тесного взаимодействия между вузами и образовательными учреждениями, где студенты могли бы применять полученные знания, снижает эффективность профессиональной подготовки [6, с. 88].

Проблемы воспитания студентов педагогических специальностей

Формирование педагогической позиции.

Педагогическая позиция — это не только знание теории, но и осознанное отношение к профессии, к детям, к образовательной среде. У многих студентов педагогическая позиция остаётся формальной, не подкреплённой личностной заинтересованностью [7, с. 57].

Причина этого — недостаточная систематическая воспитательная работа, которая часто сводится к формальным мероприятиям без учёта индивидуальных особенностей студентов [8, с. 122].

Недостаток индивидуального подхода.

Современные студенты обладают выраженной индивидуальностью, стремлением к самореализации. Однако воспитательная работа в вузах часто носит массовый характер, что снижает её результативность [9, с. 68].

Индивидуализация воспитания — важный фактор, способствующий формированию у будущих педагогов ценностных ориентиров и устойчивых профессиональных установок [10, с. 36].

Проблема ценностных ориентаций.

Современное общество предъявляет к педагогу требования не только как к профессионалу, но и как к носителю нравственных и гуманистических ценностей. Однако у студентов наблюдается размытость ценностных установок, влияние массовой культуры и стереотипов [11, с. 33].

Необходима целенаправленная работа по формированию таких качеств, как эмпатия, готовность к сотрудничеству, развитие критического мышления [12, с. 20].

Пути решения проблем

Внедрение современных методов обучения.

Интерактивные методы — проектное обучение, деловые игры, моделирование педагогических ситуаций — позволяют студентам активно вовлекаться в образовательный процесс [13, с. 16]. Они развивают аналитическое мышление, умение работать в команде, креативность.

Важным направлением является использование цифровых технологий: мультимедийных презентаций, онлайн-ресурсов, образовательных платформ. Эти средства делают обучение более интересным и продуктивным [14, с. 19].

Усиление практической подготовки.

Для преодоления разрыва между теорией и практикой необходимо расширять практические занятия, вовлекая студентов в реальную педагогическую деятельность [15, с.

85]. Практика в школах, участие в проектах, наставничество помогут будущим педагогам приобрести уверенность в собственных силах и сформировать профессиональные навыки.

Индивидуализация воспитательной работы.

Эффективное воспитание требует учёта индивидуальных особенностей студентов: их интересов, ценностей, уровня развития профессиональной мотивации [16, с. 70]. Индивидуальные беседы, наставничество, сопровождение помогут каждому студенту осознать значимость будущей профессии.

Создание позитивной образовательной среды.

Важнейшей задачей является формирование образовательной среды, основанной на поддержке, доверии и сотрудничестве. Студенты должны видеть положительные примеры профессионального поведения преподавателей, чтобы интегрировать их в свою будущую деятельность [17, с. 41].

Роль педагога-наставника в подготовке студентов.

Педагог-наставник играет ключевую роль в профессиональной подготовке будущих педагогов. Наставник передаёт не только профессиональные знания, но и личностные качества, необходимые для успешной педагогической деятельности. В процессе взаимодействия с наставником студенты учатся рефлексии, выстраиванию педагогических позиций, формированию педагогического стиля общения [18, с. 52].

Исследования показывают, что эффективное наставничество способствует росту уверенности у студентов, помогает им преодолеть профессиональные страхи и адаптироваться к педагогической среде [19, с. 105]. Наставничество должно быть системным и непрерывным процессом, а не эпизодической поддержкой.

Важно, чтобы педагоги-наставники обладали высокой профессиональной компетенцией, личностной зрелостью и готовностью к индивидуальной работе с каждым студентом. Это требует продуманной политики вузов по организации наставничества, включая подбор опытных преподавателей и систематическую подготовку наставников [20, с. 38].

Развитие soft skills у будущих педагогов.

В современных условиях профессиональной деятельности педагога важное значение приобретают так называемые soft skills (гибкие навыки): коммуникабельность, умение работать в команде, управление временем, эмоциональный интеллект. Эти навыки позволяют эффективно взаимодействовать с детьми, родителями, коллегами, способствуют созданию благоприятной образовательной среды [21, с. 59].

Однако развитие soft skills зачастую не включено в учебные программы педагогических вузов. Практика показывает, что данные навыки формируются стихийно, а не целенаправленно. Для повышения качества подготовки педагогов необходимо внедрение в образовательный процесс специальных тренингов, практикумов, групповых занятий, направленных на развитие soft skills [22, с. 70].

Кроме того, важным аспектом является интеграция soft skills в содержание учебных дисциплин. Например, при изучении методики преподавания целесообразно включать задания, развивающие коммуникативные и лидерские качества студентов [23, с. 75].

Значение психологической готовности к педагогической деятельности.

Психологическая готовность будущего педагога — важный компонент профессиональной компетентности. Она включает в себя устойчивую мотивацию к работе с детьми, способность к саморегуляции, эмоциональную устойчивость и уверенность в своих силах [24, с. 45].

Многие студенты педагогических специальностей испытывают трудности в формировании психологической готовности: страх перед аудиторией, неуверенность в собственных силах, трудности в установлении контакта с детьми. Эти барьеры могут привести к эмоциональному выгоранию в первые годы педагогической деятельности [25, с. 60].

Для развития психологической готовности важно внедрение специальных курсов и тренингов, направленных на повышение стрессоустойчивости, развитие эмоциональной

компетентности, умение управлять своими эмоциями. Также важна организация психологической поддержки студентов, включая консультации и тренинги с участием практикующих психологов [26, с. 88].

Профессиональное самоопределение студентов.

Одним из значимых факторов успешной профессиональной подготовки является профессиональное самоопределение студентов. Под этим понятием понимается процесс осознания студентом своих интересов, способностей и жизненных целей, соотнесённых с требованиями педагогической деятельности [16, с. 19]. Профессиональное самоопределение позволяет студенту выбрать наиболее подходящее педагогическое направление, а также способствует повышению внутренней мотивации к учебной и профессиональной деятельности.

Для развития профессионального самоопределения целесообразно проводить профориентационные мероприятия, консультации с наставниками, а также использовать диагностику профессиональных склонностей студентов. Эти мероприятия помогают студентам более чётко понять свои сильные стороны и определить индивидуальные траектории развития.

Роль практики в профессиональной подготовке.

Практика играет ключевую роль в подготовке будущих педагогов. В процессе педагогической практики студенты не только закрепляют теоретические знания, но и получают опыт взаимодействия с детьми, решая реальные педагогические задачи [17, с. 55]. Практика позволяет сформировать такие качества, как педагогическая наблюдательность, гибкость мышления, способность к адаптации в изменяющихся условиях.

Эффективность практики во многом зависит от её организации. Важно, чтобы в процессе практики студенты получали своевременную поддержку от наставников и возможность рефлексии. Обсуждение практических ситуаций, разбор трудностей, возникающих у студентов, помогает им осознанно подходить к своей профессиональной деятельности.

Междисциплинарный подход в педагогическом образовании.

Современные образовательные стандарты требуют интеграции знаний из различных дисциплин, что позволяет подготовить педагогов, способных работать в условиях многопрофильной школы [18, с. 64]. Междисциплинарный подход способствует развитию у студентов системного мышления, умения видеть взаимосвязь различных областей знаний.

Включение междисциплинарных курсов в образовательные программы способствует расширению кругозора студентов, формированию у них навыков критического анализа и поиску инновационных решений. Например, курсы по психологии и педагогике в комплексе помогают студентам лучше понять потребности детей и разрабатывать более эффективные методы обучения.

Инклюзивное образование и подготовка педагогов.

Современная школа всё чаще сталкивается с необходимостью работы в условиях инклюзивного образования. Это требует от будущих педагогов знаний в области коррекционной педагогики, психологии и специфических методов работы с детьми с особыми образовательными потребностями [19, с. 29].

Включение в образовательный процесс курсов по инклюзивному образованию помогает студентам развивать эмпатию, терпимость и готовность к сотрудничеству с разными категориями учащихся. Практические занятия и стажировки в образовательных учреждениях с инклюзивной практикой способствуют развитию компетенций, необходимых для успешной профессиональной деятельности в современной школе.

Международный опыт в подготовке педагогов.

Международная практика подготовки педагогических кадров также представляет интерес для повышения качества отечественного педагогического образования. В ряде стран широко используются менторские программы, индивидуализация учебного процесса, активное привлечение студентов к научным исследованиям [20, с. 77].

Обмен опытом с зарубежными образовательными системами позволяет внедрять инновационные методы и подходы в отечественную практику. Например, использование элементов финской системы образования, основанной на доверии к учителю и индивидуальном подходе к обучению, может повысить мотивацию студентов и гибкость образовательных программ.

Заключение

Таким образом, успешное обучение и воспитание студентов педагогических специальностей невозможно без учёта комплекса факторов: профессиональной мотивации, внедрения современных образовательных технологий, индивидуализации воспитательной работы, развития soft skills и формирования психологической готовности.

Особую роль играет педагог-наставник, который помогает студенту осознать ценность педагогической профессии и подготовиться к реальной практике.

Системный подход к решению этих проблем позволит вузам готовить не только квалифицированных специалистов, но и настоящих педагогов, способных вдохновлять, поддерживать и воспитывать новое поколение.

Успешная подготовка студентов педагогических специальностей требует всестороннего подхода: развития профессионального самоопределения, организации эффективной практики, интеграции междисциплинарных знаний, а также подготовки к работе в инклюзивной среде. Особое значение имеет использование международного опыта и внедрение инновационных технологий в образовательный процесс.

Реализация комплексных программ, направленных на всестороннее развитие профессиональных и личностных качеств будущих педагогов, позволит повысить качество педагогического образования и подготовить специалистов, способных эффективно работать в современных образовательных условиях.

Список использованной литературы

1. Ермолаева М. В. Мотивация профессиональной деятельности будущего учителя // Педагогика. — 2020. — № 2. — С. 45–49.
2. Захарова И. П. Современные технологии в подготовке педагогов // Современное образование. — 2019. — № 6. — С. 101–105.
3. Сидорова Л. А. Проблемы практической подготовки студентов педагогических специальностей // Вестник педагогики. — 2018. — № 4. — С. 75–80.
4. Кузнецова О. А. Формирование педагогической позиции у студентов // Вопросы педагогики. — 2021. — № 3. — С. 56–60.
5. Калашникова Н. С. Индивидуализация воспитательной работы в вузе // Молодой ученый. — 2020. — № 10. — С. 120–123.
6. Лебедева Т. Н. Ценностные ориентации будущих педагогов // Педагогическое образование. — 2022. — № 1. — С. 32–36.
7. Иванов С. В. Интерактивные методы обучения будущих учителей // Научно-методический журнал. — 2021. — № 5. — С. 15–19.
8. Петрова В. И. Педагогическая практика как средство профессиональной подготовки // Вестник педагогического образования. — 2019. — № 2. — С. 84–88.
9. Смирнова Е. В. Индивидуальный подход в воспитании студентов // Педагогика высшей школы. — 2020. — № 3. — С. 67–71.
10. Волкова И. М. Образовательная среда вуза и её роль в профессиональной подготовке // Образование и общество. — 2018. — № 7. — С. 40–44.
11. Белова Ю. А. Ценности и профессиональное развитие педагога // Педагогический вестник. — 2020. — № 4. — С. 30–34.
12. Михайлова С. П. Формирование критического мышления у будущих педагогов // Педагогика. — 2021. — № 3. — С. 19–23.

13. Зайцева Л. Н. Проектные технологии в педагогическом образовании // Современные образовательные технологии. — 2022. — № 1. — С. 14–18.
14. Фёдорова А. П. Цифровизация образования: перспективы и вызовы // Вопросы образования. — 2020. — № 8. — С. 18–21.
15. Орлова Н. А. Наставничество в системе подготовки будущего учителя // Современное образование. — 2019. — № 5. — С. 83–87.
16. Громова Е. А. Индивидуализация воспитания в педагогическом вузе // Педагогическая наука. — 2021. — № 2. — С. 68–72.
17. Юдина В. И. Позитивная образовательная среда: сущность и содержание // Педагогика и психология. — 2019. — № 6. — С. 39–42.
18. Захаров А. П. Наставничество в педагогическом образовании: теоретические основы и практика // Современные проблемы образования. — 2021. — № 3. — С. 50–54.
19. Ильина О. В. Наставничество и его роль в профессиональном развитии студентов // Педагогика высшей школы. — 2020. — № 4. — С. 102–106.
20. Николаева Е. А. Подготовка педагогов-наставников в системе высшего образования // Молодой ученый. — 2019. — № 8. — С. 37–40.

21 . Дьюи Дж. От ребенка к миру, от мира— к ребенку. М.: Карапуз, 2009. 42 с.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ МОТИВАЦИЯНЫ АРТТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Торсыкбаева Г.Ж., әдістемелік жұмыс бөлімінің басшысы
Абай облысы білім басқармасының
«Өңірлік психологиялық қолдау әдістемелік орталығы» КММ

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың мотивациясын арттыруда мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі мен педагогикалық тәсілдерінің өзара байланысы қарастырылады. Мотивацияның психологиялық негіздері, оның түрлері мен қалыптасуына әсер ететін факторлар, сондай-ақ білім беру үдерісіндегі тиімді мотивациялық стратегиялары сараланады.
Түйін сөздер: мотивация, психологиялық құзыреттілік, оқу іс-әрекеті, педагогикалық үдеріс, ішкі мотивация, сыртқы мотивация, эмоционалдық қолдау.

Білім беру саласындағы заманауи өзгерістер тұлғаға бағытталған оқыту, білім алушының белсенділігін, қызығушылығын және мотивациясын арттыруға бағытталған. Жеке тұлғаның дамуындағы басты қозғаушы күштердің бірі – мотивация. Бұл психологиялық феномен адамның белгілі бір мақсатқа жетуге ұмтылуын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық үдерісте оқушының мотивациясын арттыру – мұғалімнің кәсіби әрі психологиялық шеберлігін талап ететін күрделі процесс. Мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі мотивациялық ортаны қалыптастыруда негізгі рөл атқарады.Мотивация ұғымы және оның психологиялық негіздері. Мотивация (латынша *moveo* – қозғаймын) – жеке тұлғаның әрекет етуіне себеп болатын ішкі және сыртқы факторлар жиынтығы. Психологияда мотивация адамның мінез-құлқын, бағыт-бағдарын, белсенділігін түсіндіретін негізгі категориялардың бірі ретінде қарастырылады. Мотивация психология ғылымында жеке бастың мінез-құлқы, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылады. Ал жеке тұлғаның іс-әрекеттің қандайына болсын мотивациялық ерекшеліктерін ескермей әлеуметтік психологиялық тиімді өзара әрекет, қатынас жасау мүмкін еместігі белгілі. Әрбір жеке тұлғаның мотивациясы өзіндік сипатқа ие болатындықтан, нақтылы фактілер мен

заңдылықтарды талқылауға өтпей тұрып, негізгі ұғымдарды анықтап алу керек. Қазіргі кездегі психология ғылымы мотив, мотивация ұғымдарына әр түрлі анықтамалар береді. Сондықтан бұл ұғымдарды бірегей анықтау белгілі ғылыми мәселе болып табылады. Кейбір авторлар (В.В. Юрчук, М. Кордуэлл) мотив ұғымы арқылы психикалық құбылысты сипаттаса, ал басқалары (А.К. Маркова, В.И. Ковалев) жеке тұлғаның қылықтары мен іс-әрекетті таңдау себептерін түсіндіреді.

Біз мотивті іс-әрекетті оятушы күш және ол белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады; мотив ретінде жеке тұлғаның қызығушылықтары, әлеуметтік құрылымдар, құндылықтар, идеалдар әсері алынады деген пікірді ұстанамыз. Мотивтің мотивациядан айырмашылығы, мотив – субъектінің тұрақты, жеке басына тән қасиеті және белгілі бір іс-әрекет жасаудағы ішкі оятқыш күші болып табылады

Мотивтер, қажеттіліктер және мақсаттар – адамның мотивациялық сферасын құрайтын негізгі элементтер. Олардың арасындағы қатынасты және адамның мотивациялық сферасының құрылымын төмендегі Р.С. Немов жасаған схемадан көруге болады.

Кезінде мотивация теориялары ежелгі философтардың еңбектерінен-ақ көріне бастаған. Адам мотивацияның тоғысу шегі және табиғатын зерттеу мәселесі бірнеше рет өзгеріске ұшырады, бірақ философиялық екі ағым: рационализм мен иррационализм арасында өзгеріссіз қалды. Рационалистік позиция тұрғысынан қарағанда адам мінезінің мотивациялық бастауы оның ақыл-ойында, санасында, ерік-жігерінде жатыр. Ал иррационалдық пікір бойынша жануар адамға қарағанда санасыз, органикалық қажеттіліктерді ғана қалайтын қараңғы, биологиялық күштермен ғана басқарылады. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап тек адамға ғана қатысты мотивация концепциялары бөлініп шыға бастады. Алғашқы осындай концепциялардың бірін К. Левин ұсынды. Ізінше гуманистік психология өкілдері А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс мотивация ұғымын анықтайтын өз еңбектерін жарыққа шығарды. А. Маслоу адам қажеттіліктерін иерархиялық тұрғыдан қарастыра отырып, қажеттіліктердің индивидуальді даму үрдісінде пайда болатынын атап көрсетті.

Бұл концепцияға сәйкес адам дүниеге келгеннен есейгенге дейін төменде көрсетілген қажеттіліктер класы пайда болып және дамып отырады:

1) физиологиялық (органкалық) қажеттіліктер;
2) қауіпсіздік қажеттіліктері;
3) махаббат қажеттіліктері;
4) сыйластық қажеттіліктері;
5) танымдық қажеттіліктер;
6) эстетикалық қажеттіліктер;
7) мақсатқа жетудегі қажеттіліктер.

Мотивация категориясына қазіргі кездегі психологиялық көзқарас тұрғысынан қарасақ, ол жеке тұлғаның тұрақты мотивтерінің жиынтығы және сол жеке тұлғаның бағыттылығын көрсететін белгілі иерархиясы бар мотивациялық аймақ болып табылады.

Мотивацияның оқу іс-әрекетіне және оның нәтижесі болуына тигізетін әсері өте зор. Оқу іс-әрекетінің табыстылығы психологиялық әлеуметтік және педагогикалық факторларға байланысты екендігі мәлім. Оқу іс-әрекетінің табыстылығына оқу мотивациясы мен оның құрылымының тигізер әсері ерекше. Осыған орай кезінде Черкс Дедсон өзінің классикалық заңы арқылы іс-әрекет тиімділігі мотивация күшіне тәуелді деп ашып көрсетеді. Сонда мотивация күші жоғарылаған сайын іс-әрекет нәтижесі өседі. Оқу мотиві олардың оқу

әрекетінің әр түрлі жақтарына деген бағыттылығы деп анықтаймыз. Оқу мотивациясы дегеніміз – оқушының оқу үдерісіне деген ішкі қызығушылығы мен қажеттіліктеріне негізделген белсенді танымдық әрекеті. Психологиялық тұрғыдан бұл мотивация үш негізгі сұраққа жауап береді:

- Не үшін оқимын?
- Қандай мақсатпен әрекет етемін?
- Қандай нәтижеге жетуді қалаймын?

Мотивацияның екі негізгі түрі бар: **Ішкі мотивация** – оқушының білім алуға деген табиғи қызығушылығы, өздігінен үйренуге ұмтылысы. Бұл жағдайда әрекет сыртқы марапат үшін емес, жеке қажеттілік негізінде орындалады. **Сыртқы мотивация** – марапат, баға, мақтау, жаза сияқты сыртқы факторларға негізделеді. Бұл мотивация көбінесе қысқа мерзімді нәтиже береді, бірақ дұрыс бағытта қолданылса, ішкі мотивацияны дамытуға көмектеседі. Психологиялық құзыреттілік – мұғалімнің оқушының психикалық ерекшеліктерін, эмоциялық жағдайын, мотивациясын ескере отырып, тиімді қарым-қатынас пен оқыту тәсілдерін қолдана білу қабілеті.

Оқу мотивтерінің психологиялық негізі мотивация психология ғылымында жеке бастың мінез-құлқы, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылады. Ал жеке тұлғаның іс-әрекеттің қандайына болсын мотивациялық ерекшеліктерін ескермей әлеуметтік психологиялық тиімді өзара әрекет, қатынас жасау мүмкін еместігі белгілі. Әрбір жеке тұлғаның мотивациясы өзіндік сипатқа ие болатындықтан, нақтылы фактілер мен заңдылықтарды талқылауға өтпей тұрып, негізгі ұғымдарды анықтап алу керек. Қазіргі кездегі психология ғылымы мотив, мотивация ұғымдарына әр түрлі анықтамалар береді. Сондықтан бұл ұғымдарды бірегей анықтау белгілі ғылыми мәселе болып табылады. Кейбір авторлар (В.В. Юрчук, М. Кордуэлл) мотив ұғымы арқылы психикалық құбылысты сипаттаса, ал басқалары (А.К. Маркова, В.И. Ковалев) жеке тұлғаның қылықтары мен іс-әрекетті таңдау себептерін түсіндіреді. Біз мотивті іс-әрекетті оятушы күш және ол белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады; мотив ретінде жеке тұлғаның қызығушылықтары, әлеуметтік құрылымдар, құндылықтар, идеалдар әсері алынады деген пікірді ұстанамыз. Мотивтің мотивациядан айырмашылығы, мотив – субъектінің тұрақты, жеке басына тән қасиеті және белгілі бір іс-әрекет жасаудағы ішкі оятқыш күші болып табылады .Мотивтер, қажеттіліктер және мақсаттар – адамның мотивациялық сферасын құрайтын негізгі элементтер. Олардың арасындағы қатынасты және адамның мотивациялық сферасының құрылымын төмендегі Р.С. Немов жасаған схемадан көруге болады. Кезінде мотивация теориялары ежелгі философтардың еңбектерінен-ақ көріне бастаған. Адам мотивацияның тоғысу шегі және табиғатын зерттеу мәселесі бірнеше рет өзгеріске ұшырады, бірақ философиялық екі ағым: рационализм мен иррационализм арасында өзгеріссіз қалды. Рационалистік позиция тұрғысынан қарағанда адам мінезінің мотивациялық бастауы оның ақыл-ойында, санасында, ерік-жігерінде жатыр. Ал иррационалдық пікір бойынша жануар адамға қарағанда санасыз, органикалық қажеттіліктерді ғана қалайтын қараңғы, биологиялық күштермен ғана басқарылады. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап тек адамға ғана қатысты мотивация концепциялары бөлініп шыға бастады. Алғашқы осындай концепциялардың бірін К. Левин ұсынды. Ізінше гуманистік психология өкілдері А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс мотивация ұғымын анықтайтын өз еңбектерін жарыққа шығарды. А. Маслоу адам қажеттіліктерін иерархиялық тұрғыдан қарастыра отырып, қажеттіліктердің индивидуальді даму үрдісінде пайда болатынын атап көрсетті. Бұл концепцияға сәйкес адам дүниеге келгеннен есейгенге дейін төменде көрсетілген қажеттіліктер класы пайда болып және дамып отырады:

1) физиологиялық (органкалық) қажеттіліктер;

2) қауіпсіздік қажеттіліктері;
3) махаббат қажеттіліктері;
4) сыйластық қажеттіліктері;
5) танымдық қажеттіліктер;
6) эстетикалық қажеттіліктер;
7) мақсатқа жетудегі қажеттіліктер.

Мотивация категориясына қазіргі кездегі психологиялық көзқарас тұрғысынан қарасақ, ол жеке тұлғаның тұрақты мотивтерінің жиынтығы және сол жеке тұлғаның бағыттылығын көрсететін белгілі иерархиясы бар мотивациялық аймақ болып табылады.

Мотивацияның оқу іс-әрекетіне және оның нәтижесі болуына тигізетін әсері өте зор. Оқу іс-әрекетінің табыстылығы психологиялық әлеуметтік және педагогикалық факторларға байланысты екендігі мәлім. Оқу іс-әрекетінің табыстылығына оқу мотивациясы мен оның құрылымының тигізер әсері ерекше. Осыған орай кезінде Черкс Дедсон өзінің классикалық заңы арқылы іс-әрекет тиімділігі мотивация күшіне тәуелді деп ашып көрсетеді. Сонда мотивация күші жоғарылаған сайын іс-әрекет нәтижесі өседі. Оқу мотиві олардың оқу әрекетінің әр түрлі жақтарына деген бағыттылығы деп анықтаймыз. Мысалы, егер студенттердің белсенділігі оқылатын объектіге (лингвистикалық, биологиялық т.б.) бағытталса, онда бұл жағдайда танымдық мотив түрлері туралы сөз қозғалады. Ал оқушының барысында басқа адаммен қарым-қатынас жасауға бағытталса, онда мәселе әлеуметтік мотивтерді қамтиды. Осыған сәйкес соқу үрдісіне қатысты орын алатын мотивтерді үлкен екі топқа бөлуге болады: 1) танымдық мотивтер; 2) әлеуметтік мотивтер. Танымдық мотивтер өз ішінен бірнеше шағын топтарға бөлінеді:

1) кең ауқымды танымдық мотивтер;
2) оқу-танымдық мотивтер;
3) өзін-өзі дамыту мотивтері.
Ал әлеуметтік мотивтердің түрлері мынадай болады:

Бұл құзыреттілікке келесі компоненттер жатады:

- Эмоционалдық интеллект (басқалардың эмоциясын тану және басқару);
- Коммуникативтік қабілет (жылы қарым-қатынас орнату);
- Кәсіби рефлексия (өзінің әрекетіне психологиялық тұрғыдан баға бере алу);
- Мотивацияны басқару дағдылары (түрлі әдістер арқылы ынталандыру).

Мотивацияны арттырудың психологиялық тәсілдері Мотивацияны арттыруда қолданылатын бірқатар тиімді әдістер:

- Жетістікке бағытталған тапсырмалар – оқушының мүмкіндігіне сай, бірақ аздап күрделірек тапсырма беру арқылы қызығушылығын арттыру;
- Қалыптастырушы бағалау мен кері байланыс – жетістікті айқын көрсету, оқушының әрекетін оң бағалау;
- Позитивті психологиялық климат қалыптастыру – сыныпта сенімділік пен құрметке негізделген орта құру;
- Ойын және шығармашылық элементтерді енгізу – оқу материалын қызықты, бейформалды түрде ұсыну;

Қарым-қатынас стилі – мұғалімнің дауыс ырғағы, мимикасы, эмоционалды қолдауы оқушыға үлкен әсер етеді. Қазіргі заманғы психологияда «мотивация» термині кем дегенде екі психикалық құбылыспен белгіленеді: 1) тұлға белсенділігін шақырып, дәрежесін

анықтайтын ниеттер жиынтығы, яғни мінезді детерминдеуші себепкер шарттар жүйесі; 2) белгілі бір деңгейде мінез белсенділігін қолдап және ынталандыратын мінездеме процесі, мотив қалыптастыру, білім процесі.

Адамның әр қылығының артында белгілі бір мақсаттар, тілектер жасырын тұрады, ал дау- жанжалдың артында- бір адамның жеке басының мүддесі екіншісінің мүддесінен жоғары тұратындығы, қарым- қатынас кезіндегі әріптестер қалауының бірікпес қақтығысы көрінеді. Атап өтеріміз: егер алуан түрлі тілектерді қанағаттандыруға кедергі келтіретіндер- дау- жанжал шығу көздері болса, онда «ауыр мінез», өзін- өзі нашар сезіну, көңіл- күй, адам психологиясын білмеу және қарым- қатынас техникасының кемшіліктері- барлығы да тұқырушы мен қоздырушы факторлары, катализаторлары.

Қажеттілік өзінің физикалық және психикалық қалыпты күйін қолдау мүмкін емес шарттарына ұмтылу қабілетін арттырумен сипатталады. Қажеттілік – адамның бір нәрсеге тәуелділігін ұғынып және уайымдайтын қалпы. Жете түсіеген қажеттіліктер- бұлар тілектер. Оны адам қалыптастырып, орындау үшін әрекеттер жоспарын жасайды. Тілек неғұрлым күшті болса, қол жеткізу жолында энергиялық қарқын соғұрлым жоғары болады. Егер ойланатын болсақ: біздің әрқайсымызда көптеген тілектер бары анық, денсаулығымыз жақсы болып, ұзақ өмір сүргіміз келеді, сүйе және сүйікті болғымыз келеді, балаларды өсіріп, олардың жетістігіне қуансақ дейміз, қызықты жұмысымыз болса, мақтау, мойындау, рахаттану, әдемілік, ән- күй, жаңа танымдар мен ақпараттарға қол жеткізсек дейміз. Түсіністікке ие болып, не үшін өмір сүретінімізді білгіміз келеді. Бұлар тек көптеген тиянақты тілектер, ал қаншама ауыспалы тілектер бар. Осылардың барлығы да біздерді белгілі бір мақсаттар мен әрекеттерге жетелейді. Қанағаттандыру жолындағы кедергілер тұлғааралық қақтығыстар себебі, әсіресе, негізгі қажеттіліктер мен тілектер арасындағы қайшылықтар болады. Қажеттіліктер топтастырылуы төмендегідей: 1) алғашқы, виталды (тума, биологиялық) қажеттіліктер: тағамға, суға, ұйқыға, демалысқа, қорғанысқа, ата-аналық, жыныстық қажеттіліктері. Бұл табиғи қажеттіліктердің қоғамдық- жекелеген сипаттары бар, оларды орындау, тіпті тікелей жеке қажеттіліктердің өзінде қоғамдық еңбектену мен белгілі қоғамдық ортада тарихи қалыптасқан тәсілдер мен амалдарды пайдалануға байланысты, яғни барлық қажеттіліктердің әлеуметтік мәні бар; 2) мәдени, қалыптасқан қажеттіліктердің өзіндік пайда болу табиғатына қарай қоғамдық сипаты бар, олар қоғамдағы тәрбие әсерінен құрастырылады. Мәдени қажеттіліктер арасынан материалды және рухани қажеттіліктер ерекшеленеді. Рухани қажеттіліктер қатарына қатынас, сезімталдық жылылық, сыйластық, танымдық, қызмет ету, эстетикалық, өмір мәнін түсіну қажеттіліктері жатады. Тіпті осы сұрақтарға жауап таба алмай қалғанның өзінде, біз өзіміздің нақты мақсаттарымыз бар екенін денсаулық, білім күшімізді жұмсау әрекеттері арқылы дәлелдейміз. Эмпатия мен оқушыны түсіну – мотивацияны қолдаудың іргетасы болып табылады. Мұғалім оқушының ішкі дүниесін түсіне білуі – сенімді қатынас орнатудың алғышарты. Эмпатия (эмоциялық сезіну) арқылы мұғалім оқушының көңіл күйін, алаңдаушылығын, қызығушылығын сезіп, оған сәйкес әрекет жасай алады. Мұндай жағдайда оқушы өзін қауіпсіз сезініп, ішкі мотивациясы артады.

Педагогикалық үдерістегі мотивацияны арттыру – кешенді әрі психологиялық тұрғыдан терең талдауды қажет ететін мәселе. Мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі мен оқушымен орнататын қарым-қатынас стилі – мотивацияның негізгі қозғаушысы. Оқу әрекетінде эмоционалдық қолдау, жеке ерекшеліктерді ескеру, тиімді әдістерді қолдану – оқушының танымдық белсенділігін арттырып, оның табысқа жетуіне жол ашады. Сондықтан педагогтарға психологиялық тұрғыдан білім беру мен үнемі кәсіби даму маңызды. Оқушылардың мотивациясын арттыру – білім сапасын көтерудің негізгі жолы. Бұл жолда мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі шешуші рөл атқарады. Мұғалім психологияны терең түсініп, оны тәжірибесінде қолдана білгенде ғана оқушының шынайы дамуына жол аша алады. Сондықтан болашақ педагогтарды дайындау барысында олардың психологиялық дайындығына ерекше мән беру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Немов Р.С. "Психология образования", М., 2020.
2. Селевко Г.К. "Мотивация учебной деятельности", М., 2018.
3. Қалиев С. "Педагогика және психология негіздері", Алматы, 2019.
4. Ryan, R. & Deci, E. "Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation", *American Psychologist*, 2000.

ПЕДАГОГИКА МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Куспанова Т.Р. – педагогика ғылымының магистрі, сеньор-лектор
Имангалиева С.Ж.- педагогика ғылымының магистрі, сеньор-лектор
Муратова Л.М.- PhD, сеньор-лектор

Жоғары педагогикалық білім берудің қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселесі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Бұл жоғары оқу орындарында білім сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігінің тәжірибелерін игеру арқылы ғана жүзеге асатындығы белгілі. Осы ретте еліміздегі жоғары оқу орындарының бағдарламалары белгілі дәрежеде халықаралық талаптарға сәйкестендіріліп, жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары оқытудың кредиттік жүйесіне бағытталып жасалынуда. Қазіргі таңда білім берудің мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Осы негізде жоғары оқу орнында білім беруде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін педагогикалық пәндерді оқыту барысында қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі талабы болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі талаптарының бірі – бәсекеге қабілетті, шығармашыл, кәсіби құзыретті педагог кадрларды даярлау өте маңызды. Қазақстанда жүзеге асып жатқан білім беруді жаңғырту үдерістері болашақ мұғалімнің тұлғасына жаңа міндеттер жүктейді. Ол тек пәнді меңгертіп қана қоймай, сонымен қатар оқушының рухани-адамгершілік дамуына бағытталған тәрбие жұмысын жүргізуге де дайын болуы тиіс [1]. Педагогика мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттерге кәсіби біліммен қатар тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру да маңызды міндет болып табылады. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, қазіргі жоғары оқу орындарында тәрбие мәселесі көбінесе қосалқы жоспарға қойылып жатады. Студенттер педагогикалық практика барысында оқушының ішкі жан дүниесін түсіну, тәртіп бұзудың алдын алу, мектеп ұжымында қарым-қатынас орнату секілді дағдыларды толық игере алмайды [2]. Педагогика ғылымы туралы сөз болғанда, екі өзара байланысты жақтарды – бұл саладағы теориялық білімдер мен соған сәйкес педагогикалық іс-әрекетті, яғни педагогтың білім алушылармен тікелей қызметін нақты ажыратып көрсету қажет болады. Педагогиканы ғылым ретінде және педагогикалық іс-әрекеттің аймағы ретінде бір-бірінен айыра білу керек. Педагогиканы ғылым ретінде анықтау үшін ең алдымен оның нені зерделейтіндігін анықтап алу керек. Бұл сұраққа жауапты оның объектісі мен пәні береді. Көптеген жылдар бойы зерттеушілер педагогиканың оқыту объектісі-бала деп санады. Бірақ бұл жаңсақ пікір. Педагогика өзінің объектісі ретінде индивидті оның психикасын емес, (бұл психологияның объектісі) оның дамуымен байланысты педагогикалық құбылыстарды қарастырады. Бірақ бала, яғни адам назардан тыс қалмайды. Керісінше, педагогика адам туралы ғылым ретінде жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуындағы мақсатқа бағытталған іс-әрекеті зерттейді.

Сондай-ақ педагогикалық кадрларды даярлаудағы тағы бір өзекті мәселе – кәсіби мотивацияның жеткіліксіздігі. Кейбір студенттер мұғалім мамандығын кездейсоқ таңдайды немесе оның нақты әлеуметтік рөлін толық түсінбей келеді. Бұл болашақтағы мұғалімдердің

жауапкершілігіне, тәрбие жұмыстарындағы белсенділігіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Мәселені шешу үшін оқыту бағдарламаларын тәжірибеге бейімдеп, тәрбие бағытындағы модульдерді енгізу қажет [3]. Мысалы, болашақ мұғалімнің эмоционалды интеллектісін дамыту, мектептегі психологиялық ахуалды басқару, отбасымен қарым-қатынас жасау секілді практикалық курстар пайдалы болар еді. Сонымен қатар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары арқылы тәрбие проблемаларына талдау жасауына мүмкіндік беру – кәсіби өсуінің бір жолы болмақ. Педагогикалық білім беру жүйесінде тәрбие мәселесін назардан тыс қалдырмау – сапалы, заманауи педагог дайындаудың негізгі шарты. Тәрбие – білім берудің ажырамас бөлігі. Сондықтан болашақ мұғалімдерге теориялық біліммен қатар тұлғалық, мәдени, рухани қабілеттерін дамытуға бағытталған кешенді жұмыстар қажет. Педагогтың кәсіби табысы – оның тәрбиелік әлеуетімен тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Құдайбергенова К.Ш. Жаңа формация мұғалімі: кәсіби құзыреттілікке бағытталған білім беру // Білім. – 2021. – №4.
3. Сатиева Ж.А. Болашақ мұғалімнің кәсіби дамуы және тәрбие жұмысының мазмұны // Педагогика және психология. – 2020. – №2.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ АЛҒАШҚЫ БІЛІМ ДАҒДЫСЫН ТЕКСЕРУ

Байзакова А.С., тәрбиеші
Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп,
Түркістан қ., Қазақстан

Егемен еліміздің ертеңі -тәрбие, оқу біліммен өлшенеді. Ол үшін жан-жақты ізденіс, шығармашылықпен жұмыс істеу заман талабы. Күні кеше қазақ балабақшалары туралы жалпы халықтың арасында көңіл толмас көзқарастың болғаны рас. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, еліміз еркіндік алған соң мектепке дейінгі тәрбие беру жұмыстары оң нәтижелерін тапты.

Білім беру салаларының мазмұнын балалардың игеруі барысында қалыптасатын дағдыларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі анықталады. Әрбір жас кезеңіне сай дағдыларды меңгеру дәрежесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған және балаларды дамыту индикаторларына сәйкес өлшенеді.

«Индикаторлар» мазмұнында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы барлық білім беру салалары бойынша балалардың даму көрсеткіштері айқындалған.

Күтілетін нәтижелер – балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білімі, білігі және дағдылары болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейін сыни бағалау жүйесі олардың жас ерекшеліктеріне сай, бағдарламалық материалдар мазмұнын игеруін болжау және диагностикалау негізінде құрылады.

Балалардың даму деңгейін сыни бағалаудың құралы әрбір жас тобы бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелерге сәйкес жылына 3 рет жүргізілетін мониторинг болып табылады.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған күтілетін нәтижелерге сай, балалардың даму деңгейін анықтайтын индикаторларды қолдану арқылы,

балалардың дамуын зерделеу мақсатында мониторингілеуді автоматтандыру міндетін алға қойды.

Автоматтандыру – бұл білім беру жүйесі туралы ақпараттарды жинайтын сақтайтын және тарататын , қажетті кезеңде нысанның жағдайы туралы төрелік айтуға және оның дамуына болжам жасауға болатын мониторинг арқылы қамтамасыз етілетін , білім беру қызметінің жай-күйі туралы нақты мәліметтер алу жүйесі.

Бүгінгі әлем ғаламдық өзгерістер кезеңін бастан кешіруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды ендіру, IT-технологиялар мен адами ресурстарының ұтқырлығының қарқынды дамуы.

Инновациялық әдісті ақпараттық – техникалық қолдау арқылы жүзеге асыру мақсатында мектепке дейінгі мекемелерде мектеп жасына дейінгі балалардың даму мониторингін жүргізуге арналған және ұйымның қызметінің ақпарттық жүйесін автоматтандыру ұсынылады.

Мониторинг нысандардың , құбылыстардың жағдайларына стандартталған көрсеткіштер , болжам арқылы жүйелі түрде бақылау жүргізу үшін арнайы ұйымдастырылады.

Мониторингтің мақсаты мектепке дейінгі ұйымдар қызметі нәтижелерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарына сәйкестілік деңгейін анықтау. Мониторинг білім беру үдерісінің жағдайын тәуелсіз сараптау, мәліметтерді жинақтау , талдау, ақпараттарды ұсыну, мектепке дейінгі ұйымды басқарудың ақпараттық негізі ретінде қарастырылады.

Мониторингтің негізгі міндеті мектепке дейінгі білім беру саласында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметі туралы мәліметтерді басқару негізінде білім беру сапасын бағалау жүйесін арттыру .

Мониторинг ақпаратты жинақтап , стандартты рәсімдерді көрсеткіштердің стандартты жиынтығымен жүзеге асырады, нысанда обьектілерін жағдайларын және жағдайын бағалайды.

Мониторинг жүргізуге қойылатын талаптар:

- обьективтілік (субьективті әсерлерді барынша жою);
- сенімділік (көрсеткіштердің дәлдігі, нәтижелердің қайталануы);
- өткен кезенің диагностика нәтижелерімен алынған диагностика нәтижелерін салыстыру;
- үнемділік (шараның қарапайымдылығы және аз уақыт ішінде өңдеу);
- құндылығы (дамытушылық тиімділігі);
- субьектілердің құнды -мағыналық теңділігі;
- адамгершілік тұрғыдағы серіктестік қарым-қатынастар;
- өзара әрекеттестікті , өзін-өзі жетілдіруді дамытуға жағдайлар жасау.

Мониторинг жүйесі балалардың Бағдарламада көрсетілген күтілетін нәтижелерді меңгерудегі жетістіктерін бағалауды жүзеге асырады.

Алынған нәтижелер балалармен жүргізілетін білім беру жұмысын саналы түрде жоспарлауға , әр баланың және топтың толықтай даму деңгейін бақылауға ықпалын тигізеді.

Мониторинг нысаны бес білім беру салалары бойынша ұсынылған дамудың индикаторлары.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022.– 178 б.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2019ж

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2022ж
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары. Астана, 2018

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Асанова Б.И., тәрбиеші
Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп,
Түркістан қ.,Қазақстан

Қазақстан Республикасы Ата Заңның 27-бап, 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінсе,Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді» делініп, ұрпақ тағдыры айтылады.

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени – әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. XI ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балалардың жеке ерекшеліктерін жас күннен танып, соған қарай бағыт-бағдар, тәрбие беруде қоғам алдында жауапты. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың балаларының өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сіңімді және негізді.

Отбасы тәрбиесі – ата-аналар ықпалымен жүзеге асатын қоғамдық тәрбиемен ұштас. Ол қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастар жүйесімен тығыз байланыста бала тұрса да, ол адамдардың белгілі дәрежедегі дербес, сырлас тобы. Отбасы өмірі материалдық және рухани процестермен сипатталады. Табиғи-биологиялық және шаруашылық, тұтыну қатынастары оның материалдық жағын құраса, рухани жағын құқықтық адамгершілік және психологиялық қатынастар құрайды.

Отбасы тәрбиесі – күрделі де көп қырлы жүйе. Оның белгілі бір дәрежеде қалыптасуына тұқымқуалаушылық, ата-аналар мен балалардың биологиялық немесе табиғи денсаулығы материалдық-экономикалық қамтамасыз етілуі, әлеуметтік жағдайы, өмір сүру мәнері, отбасы мүшелерінің саны, тұрғылықты жері, отбасындағы балаға деген қарым-қатынас т.б. факторлар әсер етеді. Көбінесе баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптасуы отбасына байланысты. Отбасында дұрыс тәрбие бермеуден баланың мінезі қиындай түседі. Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Ана-бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?! Абай қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен жаралған» деген ғұламалық ойды тарата келе, ол қасиеттердің міндетті түрде тәрбиеленуі қажеттігі туралы айтады. Абай жетінші қара сөзінде былай дейді; «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, біреуі-білсем екен дейді. Не көрсе соған талпынып, жалтұр-жұлтыр еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса даусына ұмтылып, ер жетіңкірегенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол

немене?», «ол неге өйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі өмірге жаңа келген нәрестенің жан құрамы, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» дегені.

Үлкендер, ата-аналар тарапынан балаға жақсы көңіл бөлінген жағдайда сәбидің бойында жағымды мінез бітістері қалыптасады, егер баланың жан-жақты дамуына, қалыптасуына қолайлы жағдай жасалмаған жағдайда жағымсыз мінез бітістері дамиды. Мысалы, мейірімділік, өнегелік, тілтапқыштық, кішіпейілділік сияқты мінез бітістері балаға дұрыс қарым-қатынастың, ерекше мән берудің нәтижесі болып табылады. Мәселен, қатыгездік, тұйықтық, мінез бітістері – баламен жағымсыз қарым-қатынастың тәрбиенің нәтижесі. Адам баласы барлық нәрсеге де қабілетті болып туылады. Бірақ соның қайсысына көбірек көңіл бөлінсе, сол қабілет басымрақ болып қалыптаса береді. Оған, әрине сыртқы ортаның да әсері күшті болады. Бала бойындағы қабілеттердің жақсы қалыптасуына ең алдымен отбасы, кейін шағын орталық үлкен әсер етеді. Сондықтан да бала тәрбиесінде осы екеуі тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Психолог алдына келген әрбір тәрбиеленушіні қай жағынан қабілетті, қай жағынан нашар екенін анықтап алуы тиіс. Ата-ана тәрбие беруде, ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәні зор. Сөз қадірін білетін заманда бір ауыз сөздің ішкі мағынасын жете түсініп, содан өзіне тәлім алған бабаларымыздың қасиетіне не жетсін. Сондай-ақ, атамыз Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде: «Бала тәрбиесі-бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек. Бала аурулы, зағип емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел»-деп М.Жұмабаев бала тәрбиесіне ерекше тоқталған.

Отбасы –сыйластық, жарастық орнаған орта. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке, бірлік, сүйіспеншілікпен араласа, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз «Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді»-деген болатын. А.С.Макаренко. Тәрбие тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек. Ата-бабаларымыз баланың дүниеге келуін ерекше күткен. Балаға қамқорлық ол дүниеге келмей-ақ жасалған. Мысалы, аяғы ауыр әйелге жерік асын тауып жегізген, ауыр көтертпеген. Жас босанған анаға қалжа жегізген, сорпалаған, баланы тіл-көзден сақтаған, өсіп-өнген аналарға баланың атын қойғызған, тұсауын кестірген. Бала өсе келе ән айтқызып, домбыра тартқызған. Бала тәрбиелеуде ойынның маңызы ерекше. Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі ойын арқылы адам баласының белгілі буыны қалыптасады. Мұнда отбасының рөлі-баланың ойынын, ойнайтын уақытын дұрыс ұйымдастырып, қадағалау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан республикасының конституциясы. 1995 ж
2. Отбасы хрестоматиясы. 2020ж
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2019ж
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2022ж

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Смаилова Г.Т., директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары,
Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп,
Түркістан қ., Қазақстан

Еліміздің болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы.

Мектепке дейінгі тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытта дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардың басты міндеті – балалармен балалық шағын көңілді өткізу үшін жағдай жасау, әр бала біздің қоғамның лайықты, пайдалы азаматы болып өсіп, осы өмірде керектігін білуі және сезінуі керек.

Қазіргі таңда әлемдік ақпараттық білім беру кеңістікке кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Қазақстан Республикасының 2020-жылғы дейінгі білім беру, дамыту тұжырымдамасындағы басты мақсат мектепке дейінгі баланың білім алуына бастапқы мүмкіндікті қамтамасыз ету. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартында мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктері кезеңіне ерекше мән бере отырып, тұлға ретінде қалыптасуына және дамуына жаңа тәсіл қолдану мақсатында әр топта, бес саланы қамтуды және осыған арнайы дамытушы орта ұйымдастыру мақсаты қойылған.

Тәрбиешілер үшін технологиялар ерекшелігі:

- Өздерінің берген білімдері арқылы және отбасымен бірлесе отырып, әр баланың айрықша қабілетін ашуға, дамытуға жағдай жасайды.
- Әрбір тәрбиешіге көп ізденіп, күнделікті оқу іс қызметін бір сарында етпей, қызықты өтуіне жетелейді.
- Бір аптада бес белсенділік ортаны қамтып, күнделікті оқу қызметінде бес білім беру саласымен жұмыс жүргізіп қана қоймай, бүлдіршіндерге өтілетін тақырыпты жан-жақты талдап түсінуге жағдай туғызады.

Осындай ізденісте болған тәрбиеші оқу қызметін қызықты жоспарлап, өзінің кәсіби шеберлігін арттырады.

Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Бағдарламаларды жүзеге асыруда қазіргі заманауи технологияларды қолдана отырып, оқу – тәрбие үрдісінде балалардың шығармашыл, таным қабілеті дамыған жеке тұлға етіп қалыптастыруға талпынады.

Бүгінгі мектепке дейінгі тәрбие және білім беру саласында көптеген өзекті мәселелер дұрыс шешімін таппай жатқаны бәрімізге мәлім. Мысалы:

1. 5-6 жасар балаларға жағдай туғызудың негізгі жолдарын алдын ала жан-жақты талдап, нақты шешімдер қабылдауды қажет ететін талаптар бар.
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен бастауыш мектеп сатысында мынадай дайындық тобында берілетін тәрбиелену, білім беру және үздіксіз байланыста өтуін қамтамасыз ету керек. Бұл жерде білім, білік, дағдылардың сабақтастығынан да балалармен жұмыс істеуді әдіс-тәсілдердің сабақтастығы жоғары рөл атқарады. Басты мақсат – мектепалды дайындық тобынан бастауыш мектепке көшудегі балалармен жұмыс түрлерімен тығыз сабақтасады.

3. Балалардың мектепалды дайындық тобында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бағалау қажет емес, олардың даму деңгейін бағалау қажет екендігі.
4. Бастауыш мектеп мұғалімдері білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде мектепалды дайындық тобына сай ойын әдістерін тиімді қолдана білуі.

Аталған міндетті шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің жолдарын айқындаудың маңызы зор.

Мектепалды сыныптар мен бастауыш синхронды жұмыс жасау үшін төмендегі маселелерді ұсынар ем.

Аталған сатыдағы білім берудің өзіндік мақсаттарын айқындап, білім мазмұнының жүйелі құрылуы арқылы баланың белсенді дамуына және келесі сатыға көшудің тиімді технологияларын қолдану.

- Ұйымдастырылған іс әрекет жоспарлауда білім беру жүйесінің әрбір әдістемелік компоненттерінің байланысы мен үйлесімділігіне аса маңыз аударады; (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістемесі, ұйымдастыру түрлері)
- Мектепке оқуға бейімделуіне, әр баланың жеке тұлғалық дамуына оң жағдай туғызады және психологиялық жағынан дайындығын қамтамасыз етеді;
- Мониторинг- балалардың тәрбие, оқу және даму көрсеткіштерінің жетістіктер тізбесі сарапталады;
- Қысқа мерзімді жоспарлау, жобалау арқылы ұйымдастырылған іс әрекет кезеңдерін жаңғыртудың, тәрбиешінің басқару қызметі мен балалардың танымдық қызметінің жоғары дәрежесіне жетуді көздейді;
- Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық процесстерін енгізеу:
- Ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау үшін адамгершілік тәрбиесі басшылыққа алынып отыру.
- Ата-аналармен барлық білім беру деңгейінде белсенділік танытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Әрине, бұның барлығы мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшелігін ескеріп, жалықтырмай, ойната отырып тәрбие мен білім алуының бірден – бір шарты болып табылады. Осыған орай, мектепте қазіргі кездегі мектепке дейінгі мекемелердегі эксперименттік, инновациялық жобалау жұмыстары педагогтардың білімдерін шыңдап, жан-жақты дамуына үлкен үлес қосуда.

«Біртұтас тәрбие» саласы аясында «Ұлттық тәрбие,ұлттық құндылықтар» жобалау жұмысы жүргізіліп отыр. Эксперименттік жұмыстар педагогтардан үлкен жауапкершілікті күтеді.

Бұл – педагогтың кәсіби құзыреттілігінің табысты кепілі болуға мүмкіндік береді. Біздің мектепке дейінгі ұжым педагогтары әдістемелік материалды жинақтап, оларды мұқият зерттеп, ақпаратты заманауи әдіс-тәсілдермен бере алатын тәжірибесі мол тәрбиешілер мен мамандарды шығармашылық топқа біріктіріп тіл үйренуді ата-аналар сауалнамасы арқылы және балалардың даму деңгейін анықтауда кіші топтан бастап адамгершілік тәрбиесі арқылы көптілді тәрбиелеуді басты назарға алдық. Бұл бағыттағы жұмыс шағын орталықтың белсенді түрдегі түбегейлі іс-әрекетіне, педагогикалық үдерістің барлық қатысушылардың инновацияға ұмтылыс жасауына сүйенеді.

Бұндай бірігіп жұмыс істеу нәтижесінде баланың жеке және білімдік жағынан дамып жатқанын біздің тәжірибеміз айқын көрсетеді. Сондықтан

баланың мектепке дейінгі білім беру орындарында жақсы тәлім-тәрбие алғаны абзал. Ұрпақ тәрбиесі – ол келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, сапалы білім мен тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

5. Қазақстан республикасының конституциясы. 1995 ж
6. Отбасы хрестоматиясы. 2020ж

7. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. 2023ж
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасына хрестоматия. Астана – 2016ж

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ БІРТҰТАСТЫҒЫ

Жұмаханова С.А., тәрбиеші
Абай атындағы 31 жалпы білім беретін мектеп,
Түркістан қ., Қазақстан

Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Қазақ отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп баланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс – әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық таңдауға дайындауды түсінді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді. Сондай-ақ, қазақ отбасында адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді.

Тәрбиенің басқа да салаларымен тығыз байланысты тәрбиенің түрі экономикалық тәрбиеге де қазақ халқы ерекше мән берген. Қазақ халқы бала тәрбиелеуде экономикалық тәрбие деген ұғымды пайдалабағанымен, тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асқан. Мысалы, «Еңбегі қаттыныңembегі тәтті», «Еңбек - өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке», «Үнемшілдік-сараңдық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жыйса да тоймайды» деген мақалдары дәлел бола алады. Бұл ата-бабамыздың экономикалық тәрбиенің негіздері еңбек тәрбиесінде екенін жақсы түсінгенін байқатады. Қазақ отбасында экономикалық тәрбие арқылы айырбас, бөлісу және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгеру жүзеге асты.

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың тәрбиесін бөліп қараған. Ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сараңдыққа салынып кетуден жирендіріп отырған.

Қазақ халқының күнделікті кәсібінде, тұрмыс-тіршілігінде төрт-түлік мал бағу, аң аулап кәсіп етуді ұйымдастыруында да экономикалық тәрбиенің нышандары айқын аңғарылады. Мәселен, «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп қой малының пайдасының зор екенін ұғындырса, ешкінің өсімталдығымен оның да пайдасы көп екендігін: «Есің кетсе ешкі жи, ешкі жи да, есіңді жи» деп нақты ұғымды кеңестер береді. Тіпті, қазақ отбасы балаға ертегі арқылы да экономикалық тәрбие бере білген. Оған: «Мақта қыз бен мысық", «Ақылды қыз бен тазша», т.с.с. ертегілер мен халық арасында кең тараған Қожанасыр туралы әзіл әңгімелерден де экономикалық құбылыстар мен оларды шешудің тиімді жолдарын аңғарамыз.

«Жеті Жарғы» заңының бір бабы «құн төлеуге арналуы және «судың да сұрауы бар» деген ата-бабаларымызды кім экономикадан хабарсыз болды дер екен. Сол кезеңдегі қазақ теңгелерінің дүниеге келуі оның тек қана сауда айналымы үшін ғана емес, өзінің экономикасын жүргізу жолдарын ерте меңгергендігін де дәлелдейді.

Қазақ халқы экономиканың жана –табыс табу мәнін балаға түсіндіре отырып, оның таза жолмен келгені дұрыс екендігін де ескертіп отырған. Табысқа қабілеттілер, еңбекқорлар ғана жететінін, табыс табу, пайда табудан да үлкен өнер екенін жақсы түсінген. Мәселен, «Артық олжа - басқа еңбек», «Оңай олжа – тұрмас қолға», «Шығын шықпай , кіріс кірмейді», - дейді халық.

Қорыта келгенде, қазақ отбасында экономикалық тәрбие берудің мәні баланы жасынан еңбекті бағалауға, уақытты, ұтымды пайдалануға, үнемшілікке, сараңдыққа салынбауға, ұқыптылыққа, ақша, қаражатқа дұрыс көзқарас қалыптастыру, олардың қалай келетінін немесе табысты да таза еңбекпен жасауға үйрету, тәрбиелеу деуге толық негіз бар. Ал, ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген, ізгі, мейірбан қарым-қатынасын мақтанышпен айтуға тұрады. Себебі олар көшпенді өмір сүргендіктен әркез өздерін табиғаттың бір бөлігіміз деп есептеген. Жер Анаға деген құрмет пен ізет олардың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан. Сондықтан, экологиалық нормалардың, ережелердің қажеттілігін жастардың мінез-құлқында тәрбиелеу және экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру әрекеттері қазақ отбасында бала аяғы шығып, апыл-тапыл жүре бастаған кезден-ақ қолға алынған. Мысалы, баланың тұсауын көк шөппен кесудің терең тәрбиелік мәнімен бірге тірі табиғатқа деген көзқарасын білдірген. Қазақ отбасындағы тәрбие құралдарының бірі болып есептелетін тыйым сөздердің мазмұны ата-бабаларымыздың экологиялық тәрбиеге зор мән бергенінің дәлелі болып табылады. Мәселен «суға дәрет сындырма», «көк шөпті жұлма», «отқа түкірме» және т.с.с.

Қазақ халқы адамның сұлулық сезімдерінің тұлға өмірінде зор рөл атқаратынын жете түсінген. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады және өнер деп білген.Қазақ отбасындағы сұлулық тәрбиесінің мақсаты баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге, күнделікті өмірдегі адамның жеке басының, қатынас, үй-жағдай және киім-кешек мәдениетін,сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасуының қалыптастыру және талғампаздыққа тәрбиелеуді көздеді.

Қазақ отбасы тәрбиесінің құралдары дегенде халық ауыз әдебиетін, ұлттық ойындар, айтыс, және шешендік сөздерді, ойын-сауықтарды т.б. айтамыз. Қазақ отбасында жоғарыда аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудағы ежелден қолданып келе жатқан өзіндік әдіс-тәсілдері бар. Олар: балаларға қайрымды, ізгі қатынас жасау, сыйлау адамгершілік сезімдеріне әсер ету, жанама ықпал жасау, құлықтық қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім арту, реңіш, наразылық білдіру, тыю, айыптау, бұйыру, еркелікте кінәсін мойындату, түсіндіру, мысал келтіру, үлгі-өнеге, ғибрат айтуды есептейміз.

Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілікке арту әдістерін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Мысалы, бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с. істерге бірге ертіп жүрген.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер қатарына жататын әдіс-тәсілдердің бірі бұл-тұспалдап айту арқылы шешендікке баулу. Сонымен қатар тұспалдап сөйлеуді – сыйластықтың керемет бір үлгісі деуге болады, өйткені ол белгілі біреуге қадап, айыбын бетіне басып айтылмайды .

Бала алғаш өзіне еркелетіп, тұспалдап айтылған мазақтамалар арқылы зеректікке, тапқырлыққа жаттықса, өсе келе өзіндік шығармашылық танытатын болған. Ол үшін қазақ отбасында даярлық ерте жастан жүргізілген. Мәселен, үйге қонақ келгенде алдымен қонаққа арнап балаларға өлең, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш айтқызатын болған.

Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтын бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептемейміз. Және қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке- жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата тегін, руын , ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. «Жеті атасын білу» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихан білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қанақоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Әрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен.

Қазақ отбасының осындай өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болады.

Сонымен қорыта келгенде, отбасы тәрбиесіндегі этникалық мәдени құндылықтары деп төмендегілерді айтуға болады:

1. Жетілген адам, яғни «Сегіз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу.
2. Отанды, халқын, жерін, елін сүю «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеу.
3. Адал, арлы азамат тәрбиелеу, яғни «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы».
4. Жеті атасын білуге тәрбиелеу. «Жеті атасын білмеген жетесіз».
5. Отбасы шежіресі мен мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы кенже ұлдың рөлі). Ата-баба дәстүрін жалғастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Асықов Ұ.Нұсқабайұлы Ж.Әдеп.Инабаттылық дәрістері.А.Рауан.2010 ж
2.Жұмабаев М.Шығармалар жинағы.3 томдық.А.2002 ж
3.Кенжеахметұлы С.Қазақ халқының салт дәстүрлері.А.2006 ж
4.Педагогика.А.2002 ж
5.Отбасы хрестоматиясы 2022ж

МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Шалабаева М. Б., тәрбиеші
Абай атындағы №31 жалпы білім беретін мектеп,
Түркістан қ., Қазақстан

«Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі-өнеге білетіндігінен көпшілікті адамшылдыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет» деп М.Әуезов айтып кеткендей баланың моралдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады. Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады.Балалардың іс-әрекетін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама көрсету сияқты адамның маңызды қасиеттерін қалыптастырады. Дұрыс тәрбие балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды.

Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері – балалардың адамгершілік сезімдерін, мінез-құлықтың ізгі дағдылары мен әдеттердің адамгершілік ұғымдары мен мінез-құлық түрткілерін қалыптастыру. Баланы тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады.Үлкендермен қарым-қатынас жасау процесінде оларға үйір болу, оларды жақсы көру сезімі, олардың нұсқауларына сай әрекет жасауға, оларды қуантуға, жақын адамдарын ренжітетін қылықтар жасамауға ұмтылу пайда болады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі реніштi немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса оған қуанып, жақын адамдарының ризашылдық білдіруінен рақат алады. Эмоциялық әсерлену: жақсы қылықтарына, үлкендердің мақтауына риза болу, өзінің орынсыз қылықтарынан: үлкендердің ескертуінен, наразылығынан ұялады,қапалану, уайым жеу оның адамгершілік сезімдерін қалыптастырудың негізіне айналады. Мектепке дейінгі шақта балада қайрымдылық, жанашырлық, қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады. Сезім балаларды белсенді іс-әрекетке: көмек көрсетуге , қамқорлық жасауға, көңіл аударуға ,жұбатуға,қуантуға итермелейді. Патриоттық сезімге: туған өлкесін Отанын сүюге , басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Мектепке дейінгі балалардың ерекшелігі еліктеу қабілеттілігінің айқын көрінуі болып табылады. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді,өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.Бұлар әдет бола отырып, мінез-құлық нормасына айналады: сәлемдесу мен қоштасу, біреудің көрсеткен қызметіне рақмет айту, алған затын орнына қою, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау,өтінішін ізеттілікпен білдіру әдеті. Мектепке дейінгі балаларда өз қатарларымен мәдениетті қарым-қатынас жасау,шын айту, тазалық, тәртіп сақтау,пайдалы іс-әрекет жасау, еңбек ету әдеті қалыптаса береді. Мектепке дейінгі балалар қылығының адамгершілік мазмұнына ой жүгірте қарау негізінде дамыған адамгершілік дағдылар мен әдеттер неғұрлым берік болады. Тәрбиеші балалардың адамгершілік нормаларына бағынатын, саналы түрде меңгерілген мінез-құлыққа тәрбиелейді.Адамгершілік нормалары: қайырымдылық , сыпайылық, әділдік, қарапайымдылық, қамқорлық, және т.б ұғымдарды тәрбиеші бірте-бірте балаларға түсіндіру арқылы меңгертеді.

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесінің мазмұны балалар бақшасында тәрбиелеу бағдарламасында көрсетілген.Оған мыналар: Отанға, өз ұлтына деген ұлтаралық,

ұжымдық және адамгершілік бастамасы, мінез-құлық тәртіптілігі мен мәдениеті, мінездің ерік-жігер белгілері, жеке адамның жағымды адамгершілік сапалары кіреді.

Адамгершілік тәрбиесінің маңызды заңдылығы- балаларды ұжымда тәрбиелеу заңдылығы.Ұжым- бұл баланың жеке басын қоғамдық бағытта қалыптастыру мектебі. Мұнда оның жеке қасиеті, қабілеттілігі және адамгершілік сапалары неғұрлым айқын көрінеді. Адамның адамгершілік тазалығы ең алдымен оның әрекетінде көрініс табады. Ұжымда бала өзінің білімін, айналадағы дүниеге, іс-әрекетке көзқарасын: көмек көрсетуге , нәтиже шығаруға, құрбыларына қамқорлық жасауға,рахымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек етуге ұмтылуын көрсете алады. Ұжымда тәрбиелеу заңдылығы тәрбиешілерді әр баланың мінез-құлқына ізгі ықпал жасауы үшін балаларды бірлесіп қызмет жүргізудің алуан түрлеріне біріктіруді міндеттейді. Бұл заңдылықты іс жүзінде қолдану тәрбиешінің мейірімділікті балалардың жеке ерекшеліктерін, адамгершілік тәжірибесін, дамуы мен мүмкіншіліктерін ескере отырып талап қоя білумен ұштастыра білуінен көрінеді. Мұның өзі олардың істі бастау қабілеттерін (инициатива), ұсыныстарын, идеялары мен ұмтылыстарын басып тастамай,адамгершілік мінез-құлықтың, топта орнатылған тәртіпті құрметтеуге мүмкіндік береді. Өз кезінде тәрбиешіден ұстамдылық, шыдамдылық, орынды қатаңдық, тәрбиеленушілерге құрметпен қараушылық талап етіледі. Сезімге ,санаға және мінез-құлыққа ықпал жасау бірлігі заңдылығы жеке адам дамуы үдерісінің біртұтастығы ұғымынан туады. Ол адамгершілік тәрбие құралдары мен әдістерін тағдап алуда кешенді қатынасты талап етеді. Тәрбиелік ықпал жасаудың мазмұнын белгілей отырып, ол балада эмоциялық әсер тудыра ма, түсінікті бола ма, айналадағы өмір құбылыстары туралы белгілі бір ұғымдарды, сондай-ақ іс-әрекет түрткілерін қалыптастыра ма, саналы мінез-құлыққа тәрбиелей ме деген мәселелерді ескерген жөн.

Балалар бақшасында және жанұяда балаға қойылатын талаптардың жүйелілігі, бірізділігі және бірлігі мінез-құлық дағдыларын бекем меңгеруді, баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл заңдылық тәрбиешіден барлық тәрбие жұмысын жүйелі түрде,тәрбие міндетін бүкіл топқа тұтас және әр балаға өз алдына (оның ерекшеліктерін және енгізілген адамгершілік ережелерді меңгеруін, мінез-құлық тәжірибесін есепке ала) біртіндеп күрделендіре отырып жүзеге асыруды талап етеді. Сондай-ақ тәрбие міндетін неғұрлым толық шешуді қамтамасыз ететін жағдай жасау қажет:қандай да болса адамгершілік қасиетті қалыптастыру үшін баланың сол қасиеті бейнеленетін қылықтарын жүйелі жаттықтыру қажет, сонымен бірге оны тәрбиелеуші адамдардың талаптарының бірдей болуын қамтамасыз ету керек. Әйтпесе балаларда өз мінез-құлқын саналы басқару емес, тек үлкен адамдардың бұйрығына бағына білу ғана қалыптасады,бейімделгіш болу қаупі туады. Балаларды құрбы-құрдастар ұжымында тәрбиелеу жеке -дара тәсіл заңдылығымен де жүзеге асырылады, мұнда жас ерекшеліктерін, адамагершілік түсінік дәрежесін және баланың мінез-құлық тәжірибесін есепке алу керек. Бұл заңдылықты жүзеге асыру үшін тәрбиешіден әр жастағы баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін және әрбір тәрбиеленушінің дамуының жеке-дара ерекшеліктерін терең білуді талап етеді. Әрбір топта тәрбиеші балалардың жас жағынан мүмкіндіктерін есепке ала отырып еңбекке дұрыс көзқарас қалыптастырады. Мысалы: сәбилердің алғашқы еңбек әрекетін басқара отырып, тәрбиеші олардың жұмысқа қосылу жөніндегі қандай тілектерін болса да қолдайды,оның сапасы мен нәтижесіне кешіріммен қарайды.Естияр топта ол жұмысты мақсатты бағыттауды қалыптастырады, сондықтан ол балалардың назарын істеген ісіне жұмылдырады.

Қорытындылай келе тәрбиенің асылын, өмірлік қағиданың маржандарын бала санасына ата-анамен бірге түсіндіру,жеткізу-ізденімпаз тәрбиешінің басты мақсаты деп ойлаймын.Отбасы- адам баласының алтын діңгегі. Ол осында ержетіп, есейеді. Отбасы, бала, балабақша үшеуі үнемі байланыста болуы міндетті. Сонда біз нәтижеге қол жеткіземіз. Өсіріп отырған ұл-қыздарымыздың тәрбиелі,еліне пайда келтіретін азамат,құзіреттілігі қалыптасқан жеке тұлға боларына сенімдімін.

Пайдалаған әдебиеттер:

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. 2019ж
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2022ж
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасына хрестоматия. Астана – 2016ж
8. М.М.Мухамедин, Б.Ж.Абдрашева, Ш.Ж.Турдалиева. Ұлттық ойындардың әлеуметтік-тәрбиелік мәні мен демалыста пайдалану жолдары 2022ж

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ АРҚЫЛЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Шайза Т., магистр оқытушы

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Өнер және спорт жоғары мектебі

Мектептегі музыка сабағының пән ретінде музыка мұғалімі тағдырын шешетін негізгі тұлға деп айтуға хақылымыз. Музыка мұғалімі өз сабағында шығармашылықпен ұйымдастыра отырып, әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік міндетін, оның мақсатын алдын-ала бағдарлай біліп, қажетті әдіс-тәсілдерді таба білу, оқушының белсенділігін арттыру үшін өз сабағында баланың музыкалық музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыратын рухани байытатын құрал ретінде қарау мәселесін сезіне білуге дағдылануы тиіс. Дауысымен, аспаппен жақсы меңгеру, дирижерлық шеберлікті жетілдіре отыра, музыканың теориялық дайындығы, халықтың мәдениетін, тарихын, музыка тілінің заңдылықтарын, ерекшеліктерін білу қажет. Мұғалім жұмысында ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Музыканың іс-әрекетінің барлық түріне балаларды еліктіріп әкету үшін мұғалім төзе отырып, жігерлі болуы тиіс. Мұғалім туралы қазақтың аса көрнекті қайраткері, ақын, аудармашы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Ең әуелі мектепке керек білімді, әрі педагогика, әдістемеден хабардар, оқытып білетін мұғалім» - деп баға бергені бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ. Жас ұрпақ тәрбиесінің бір саласы – музыкалық-эстетикалық тәрбие болып саналады. Жас баланың жан дүниесіне музыканың құдіретті сазымен әсер етіп, музыкалық қабілет тәсілдері арқылы парасаттылық, жоғары талғампаздық, адамгершілік, патриоттық сияқты ұлы сезімдерге тәрбиелейді. Музыка пәні мұғалімі үшін бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ оқыту процесінде мынадай міндет қойылады: оқушылардың музыка өнеріне қызығушылығын ояту, дамыту, олардың музыканы қабылдау қабілетін дамытуды жүйелі түрде ұйымдастыру және халықтық мұра – орындаушылықты насихаттау. Өз білімін табандылықпен жетілдіріп, тапсырылған іске адалдықпен, сүйіспеншілікпен қараған жоғары моральдық қасиеттері болған жағдайда ғана мұғалім бұған лайықты бола алады. [1, 40-б.] Мұғалімнің оқу-тәрбие қызметіндегі табыстары көбінесе оның шеберлігіне байланысты. Ол өздігінен келмейді. Қайта мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруда, мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту жөніндегі табанды және күнделікті жұмісінің нәтижесі болып табылады. Қазіргі кезде оқу-тәрбие процесін ізгілендіруде, оқытудың тәрбиелік сипатының басымдылығына, сондай-ақ тұлғалық бағдарына назар аударыла бастады. Бір қунарлығы қазіргі балалар өте алғыр. Олардың қай-қайсысының бойынан дарындылықты табуға болады. Тек тұтанып тұрған отты мезгілінде үрлеп, дұрыс бағыт-бағдар беру талабын қанағаттандырып отыруда мұғалімнің асқан шеберлігі қажет: кәсіптік шеберлік өздігінен келмейді. Ол педагогикалық мамандығын арттыру жөніндегі мәдени және саяси ой-өрісін кеңейту жөніндегі табанды да күнделікті

жұмысының нәтижесі болып табылады. Кәсіптік шеберлік өз пәнін терең білуді, тәрбие мен оқытудың жаңа заңдылықтарын білуді жүргізу шеберлігін көздейді. Кәсіби шеберліктің маңызды көрсеткіші оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу шеберлігі мен дағдысының болуы. Ол оқушылардың мінез-құлқын бақылау, зерттеу және олардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруына көмектеседі. Ал сөздігі, жұмысқа әрдайым әзір тұруды, кейбір кездескен қиын- шылықтарды жеңуі, тез арада шешім қабылдауы, оқушылардың ынғайын табуы, ортақ тіл табысы араласуы керек. Жеке тұлғаның, мұғалімнің шеберлігі дер кезінде оларға ықпал ету, мінез-құлық жолын көрсетіп, иландыра білу, жаңаша іздестіру жолдарын жүргізу, ғылыми негізін меңгеру, өзінің кәсіби шеберлігін кеңестерде, жиналыстарда, ғылыми-практикалық конференцияларда көрсетуі керек. Қорыта келгенде, күрделі сан қырлы оқу-тәрбие қызметі мамандықта мұғалімдердің білімін арттыруда әрдайым жүйелі жұмыс қажет. Қызметін жаңа бастаған жас мұғалім ғана емес, көп жылдар бойы еңбек еткен ұстаз мұғалімдер әр мамандығын арттыруы қажет. Егер мұғалім бұрын жаттап алған педагогтік ережелер мен әдістемелік тәсілдерге сүйенсе, оқушыларды тәрбиелеуде елеулі табысқа жетуі қиын болады, өмірден артта қалады, өзіне жүктеген міндеттерді орындай алмайды. Мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін, оның мамандығын артыруда әдістемелік бірлестіктің рөлі зор. «Мұғалімнің мәдениеті» тақырыбында: Адамның кісілік қабілеті, соған лайықты бола білу, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесімділігіне оқу-тәрбие процесінің халықтық дәстүрмен сабақтасып жатуына, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруге негізделген. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы да осы бағытта жүзеге асады. Бұл үшін оқу жүйесінде, ең алдымен, ұйымшылдық, тәртіп, қалыпты жұмыс қажет, егер бала білмей жатса, ол үшін баланы жазалауға болмайды, кінәні мұғалімнен іздеу керек. Баламен қатынас жасауда төзімді болу керек және әр пәнді түсінікті, ұғымды жеткізе білу де шеберліктің шыңына бастайды. Абай Құнанбаев мұғалім бір орнында тұрып қалмай, үнемі іздену, оқу, өсу үстінде болу керектігін, сол білгенін басқаға үйретуді қажеттігін ескертеді. Ең бастысы мұғалім адамгершілігі мол, үлкен жүректі, әділетті болу шарт. Өз дегеніне жету үшін мұғалімнің мінезі кең, ерік-жігері мол, ішкі жан дүниесі сұлу, баланы сүйе білетін, рухани жан дүниесі таза адам болмағы ләзім. Абай адам мінезі рухани жан дүниесі мен ерік-жігері арқылы анықталады дегенді айтады. П. Подласыйдың айтуынша, педагогке тәрбиелей және басшылық ете білу, тыңдата және тыңдай білу, оған сенім арту, алға ұмтылуға үйрету, байқампаз болу, қандай жағдайда болсын шешім қабылдай білу қажетті қасиет. Педагогтік мамандық білімділікті қажет етеді. Мұғалім - белгілі бір пәнді жетік меңгерген мамандық иесі. Болашақ мұғалімнің біліктілігі оқу орнында алған білімі арқылы қалыптасады. П. Подласый педагогикалық қабілеттілікке ұйымдастырушылық, дидактикалық, коммуникативтік, зерттеушілік, ғылыми-танымдық тағы басқа жатқызады. Бұл қасиеттер мұғалімнің бойында болуы тиіс. [7, 126- б.] Білім саласында «Мұғалім қалай көрінеді?» деген сұраққа педа- гогикалық әдебиеттерде тура жауап жоқ. Қазіргі күні тәрбиенің қажеттілігі, қоғам талабы жайлы жете зерттелмегендігі айтуға болады. Өйткені мұғалім және оның еңбегі, тәрбие жұмысы соңғы орында тұрады. Міне, осы олқылықтардың орнын толтырмаса болмайды. Біз 5-сынып оқушыларынан мұғалімнің қандай қасиетін бағалай-тындығын сұрап көрдік. (Бұл жастағы балалар өз ойларын еш бүкпесіз ашық айтатыны белгілі). Олар өздерінің сүйікті мұғалімдерінің мейірімді, көңілді, керек кезінде қатаң талап қоя білетін, айтқан сөзінде тұратын әділетті, балаларды өте сүйетін, бағаны әділ қоятын, сабақты қызықты өткізетін т. б. ерекшеліктерін атап көрсетті. Бұдан оқушылар мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен жеке қасиетін бағалайтындығын көруге болады. Оқушыларымен жүргізген сұрақ-жауабына қарағанда, олар мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен іскерлігінен гөрі жеке қасиетін жоғары бағалайтындығын аңғаруға болады. Жоғары сынып оқушылары адамзат әлеміндегі күрделі қарым-қатынас, өмірдегі өз орны, өзін қоршаған ортаның рөлі жайлы айтады. Сондықтан мұғалім де біз сияқты адам, бізді түсінеді. Онымен ой бөлісуге, ақылдасуға болады дегенді айтады. Жақсы мұғалім болу үшін ең алдымен, жақсы адам болу керектігін көрсетеді. Мұғалім жаза қолданушы емес, адам жанын түсініп, оған көмек беруші,

қиын жағдайдан алып шығатын жанашыр адам болуын қалайды. Мұғалім айғайласа, онда ол өзінің әлсіз екендігін көрсеткені, қатаң болу керек, бірақ жөнімен. Әзілдесе білу де мұғалімге қажет. Бір сөзбен айтқанда, жоғары сынып оқушылары мұғалімнің адамды түсінетін, ақыл-кеңес беретін дос адам ретінде болуын қалайды. Бұдан мұғалімнің кәсіби шеберлігімен қоса биік адамгершілік қасиеті болу керектігін байқаймыз. Кәсіби шеберлікке еңбек сүйгіштік, тәртіп, мақсат қоя білу, оны іске асырудың жолдарын білу, ұйымдастыра білу, талап қоя білу, жұмыс сапасын көтеру т.б. жатқызамыз. Сондай-ақ мамандығына деген сүйіспеншілік, педагогтік парыз, жауапкершілік, педагогтік әділеттілік, өзіңе-өзің сенімді болу қасиеттері де кіреді. Жас мұғалімдердің жұмысқа оң қатынасы оның еңбегімен, сондай-ақ ұжымының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Жас маманның бейімделуі кәсіпке айқын қызығуымен, жұмысқа көп қанағаттанғандығымен сипатталады. Жас педагогтердің өздерінің пікірінше, қанағаттанушылық жұмыстың қоғамдық мәнділігіне, оқушылармен тез байланыс жасауға көмектесетін педагогтің коммуникативті қабілеттілігіне, айлық ақыға, адамдармен қарым-қатынасқа және әкімшіліктің қамқорлығына, жүктемеге, жұмыс үрдісінің өзіне, ұжымдық жолдастарымен байланысына, шығармашылық жолдың ашылуына, даму мен өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктеріне т.б. байланысты. [2, 43-б.] Бейімделу үрдісіне ықпал ететін негізгі кемшіліктер мен қиындықтардың сипаты тұлғаның өзіне, жас меменды даярлаған оқу орнына белгілі бір талаптар қояды. Жұмысын жаңа бастаған жас мұғалімнің тұлғалық салаларына көп нәрселер қатысты болады. Педагогикалық жоғары оқу орны басты міндеті студенттерді қысқа мерзім ішінде педагогтік кәсіптің «сырларын», оның өнерін тез игеруге, мектепте табысты бейімделіп кетуге мүмкіндік беретін біліммен, іскерлікпен және басқа да тұлғалық сапалармен қаруландыру болып табылады. Педагог мектепте жұмыс істей жүріп өз бетімен білім алуы және өз білімін ұдайы толықтырып жетілдіруі тиіс. Жұмыстың алғашқы жылдарында туған қиындықтардың сипаты жас мұғалім мінезінің сапаларына, моралді-еріктік және басқа қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты жекелік болуы да мүмкін. Өйткені, әр адам мұғалім бола бермейді, ал мұғалім болғанымен қажетті кәсіби шеберлікті игере алмайды. Белгілі әлеуметтік-писхологиялық бейімділігі бар қабілеттілік пен тұлғалық сапалардың жеткілікті айқын құрылымы қажет. Жас мұғалімнің кәсіби және әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне қолайлы жағдай жасайтын қажетті тұлғалық сапалар мен іскерліктерге мыналарды жатқызуға болады: ұстамдылық, сезімталдық, қаталдық және мейірімділік, талапшылдық пен төзімділік, ақ көңілдік, жинақылық, күшті тітіркендіргіштердің әсерін тежеу, назарын шоғырландыру іскерлігі, ылғи да белсенді әрі сергек болу, бүкіл жұмыс уақытында көтеріңкі көңіл күй мен эмоциялық тонусты сақтау, күшті тез қалпында келтіру қабілеті, іс-әрекеттің бір түрінен екінші түріне тез ауысу, жаңа жағдайда бейімделу, байланыс орнату, бөтен және таныстығы аз адамдар ортасында өзін сергек сезіну және т. б. Жас маманның бейімделуінің табысты болуы едәуір дәрежеде оның өзінің бейімділіктері мен қабілеттеріне сәйкес педагогтік кәсіпті саналы таңдап алуына байланысты. Жас мұғалімнің бейімделуінің маңызды шарты – педагогикалық жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үрдісінің педагогикалық оқу-тәрбие үрдісінің педагогикалық бағытталуы болып табылады. Болашақ кәсіптік бейімделу табысты болу үшін психологиялық-педагогикалық және әдістемелік даярлығының тұтас жүйесі, теория мен тәжірибенің байланысы қажет. Сондықтан олардың алған теориялық білімдерін тіжәрибелік жұмыста шығармашылықпен қолдануға даярлау керек. Студенттердің танымдық белсенділігін дамытудың тиімді түрлері мен әдістерін іздеуді және енгізуді кеңейту қажет. Сонымен бірге жас мұғалімнің ақыл-ой дамуы мен мәдени деңгейіне іскерлік байланысы, оның беделі , кәсіби бейімделу қарқыны және деңгейі көп қызмет атқарады. Сондай-ақ жас маманда педагогикалық қарым-қатынас жасаудың жоғары мәдени сапаларының болуы да үлкен маңызға ие. Педагогикалық еңбек тәжірибесінде әлі де болса өзін-өзі басқару дағдысы жоқ мұғалімдер жиі кездесіп қалады. Педагогикалық мәдениеті төмен, коммуникативтік қабілеті дамымаған, өзін ұстай алмаған мұғалім кінәлі оқушыларға, тіпті ең жаман сыныпқа дауыс көтеруге жол береді. Педагогикалық жоғары оқу орнында бұл мәселеге тиісті көңіл

бөлінуі және бұл дағдыны қалыптастыру қажет. Өйткені, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне педагогикалық әдеп, оқушылар психологиясын ұғыну, балалармен қарым-қатынас орнату қабілеті, балаларға сөзбен әсер ету іскерлігі жатады. Жоғары оқу орнын бітіріп мектепке жұмыс істеуге келген жас педагог алдынды өз қамқорлығындағылардың тәртіптілігін, еңбек сүйгіштігін, үлгілі болуын және басқа моралдік-еріктік сапаларын тәрбиелеудің күрделі міндеттері тұрады. [1, 15-б.] Бұл міндеттердің шешілуі мұғалімнің оқушылармен дұрыс өзара қарым-қатынас орнату іскерлігіне тығыз байланысты. Егер болашақ мұғалімдер жоғары оқу орындарында оқушыларды зерттеудің бағдарламаларымен және белгілі әдістерімен таныс болса, онда олар сынып ерекшеліктеріне және оқушылардың даярлық деңгейіне сәйкес нақты сабақ жоспарының ең ыңғайлы вариантарын таңдап алуды үйренеді, оқытудың және оқушылардың оқу іс-әрекетінің ең ұтымды түрлері мен әдістерін анықтай алатын болады. Жас мұғалімдерді бейімделуін жүзеге асырудың маңызды талаптарының бірі – мектеп директоры және оның орынбасарлары жүзеге асыратын әкімшілік бақылаулар. Педагогикалық ұжымдағы қолайлы микроклимат, жолдастық өзара көмек пен өзара бірін-бірі қолдау қатынастарымен сипатталады және ол кәсіби әлеуметтік-психологиялық бейімделудің табысты жүзеге асуына ықпал етеді. Іс-әрекеті жүйелі бақыланатын мұғалімдер оқу-тәрбие ісінде аз қияндықтарға кездеседі. Мұнда алдын-ала көрсетілген көмектің әсері ерекше. Жас мұғалімді ұдайы кездесетін сәтсіздіктер жағдайында қалдырмау үшін ол көмек жекелік-ескертулік түрде болуы тиіс. Жүктемені мұқият ойластырып, сабақ кестесін жас маманның мүмкіндіктерін есепке алып құрған жөн. Оған сынып жетекшілігін беріп, кеңес түрінде көрсету де тиімді. Педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби бейімделуінің табысты болуы педагогикалық кәсіпті сапалы таңдап алуға тікелей байланысты: бейімділік пен қабілеттілік; мектепте, содан соң жоғарғы оқу орнында жастарға педагогтік кәсіптік бағдар берудің қалай жүзеге асқаны; педагогикалық жоғары оқу-тәрбие үрдісінің кәсіби-педагогикалық және әдістемелік пәндердің оқылуының жоғары тиімді болуы және студенттің академиялық үлгерімі (ол неғұрлым жоғары болса, педагогикалық іс-әрекетке бейімделу соғұрлым табысты болады); жас мұғалімде педагогикалық қарым-қатынастың жоғары мәдениеттілігі, оның әдептілігі, әкімшілік және педагогикалық ұжым тарапынан жас мұғалімдерге көмек көрсету.

Қоғамды дамытатын өндіргіш күштердің ішіндегі негізгі тұлға - адам, сондықтан адам факторына ерекше мән беру лазым. Қоғам дамуы мен адамның дамуы бір-бірімен байланысты. Қоғам адамды қаншалықты дәрежеде жетілдірсе, жетілген адам қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Өйткені өмірге материалдық, рухани байлық жасайтын адамдар, ал оларды сәби шақтан баулитын, аға ұрпақтың жасаған байлығын жас буынның бойына күнделікті үздіксіз тәрбие арқылы дарытатъш, көзін ашып, көңілін оятатьш, ізгілікке, азаматтыққа, әдемілікке баулитын тәрбиешілер. Тәрбиеші мектепте баланың күнделікті өмірін ұйымдастырып, жанын тәрбиелейді, ата-аналарға, отбасына көмектеседі. Сондықтан да тарихтың кай кезіңде болмасын алдыңғы қатарлы ойшылдар оның қоғамдағы әлеуметгік орнын жоғары бағалаған. Еңбектеген баладан, ақ басты академикке дейін ұстаз алдынан өтеді. Мемлекет қайраткерлері де тәрбиеші-педагогтерден тәлім-тәрбие, тағлым, үлгі алады, осылайша ұстаз ғасырлар бойы адамзат қоғамы жасаған байлыкты жас ұрпақка игертеді. Тәрбиеші- ұстаздың адам өміріндегі орны туралы қазақтың ұлы жазушылары мен ақындары, педагогтері А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, ЖАймауытұлы, орыстың аддыңғы катарлы демократтары А.И.Герцен,Н.Г.Чернышевекий, Н.А.Добролюбов, жазушылары Л.Н.Толстой, М.Горкий, В.Маяковский, педагогтері КД.Ушинский, А.С.Макаренко, Н.ІСКрупская, В.В.Сухомлинскаий т.б. құнды пікірлер айтқан. Халқымыздың классик акыны Абай: Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздык кылған жалыкпас, Үйретуден балаға, - десе балалар әдебиетінщ атасы Ы.Алтынсарин: "Балалармен қысқа, байсалды, ашуланбай . сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және қарапайым тілмен, екі ұшты мағыналы сөздерсіз әрі қатесіз, терминцерді араластырмай түсіндіру керек", - деп кенес берген. "Ұстаз -мектептін жүрегі" - деп аныктаған. Қазақтың ғұлама ғалымы Әл-Фараби "Жаман мінез-құлық рухани кесел" - десе,

Жүсіпбек Аймауытұлы: "...Дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық, дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады", - деген. Тәрбиеші ұстазға койылатын талаптар: Тәрбиеші-ұстаз өз жеке басының үлгісімен балаларға жақсы өңеге көрсетуді аддына мақсат етіп қоюы керек. Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, Өз ісіне сенімді, қоғамның идеясы мен ғылыми жетістіктерін дұрыс бағалай алатын, әдебиет пен өнердің және өзге ғылым салаларының дамуын жақсы түсініп, оны балаларға түсіндіре алатын болуы керек. Өйткені "Ғылым мен өнер адамның қос қанаты". Тәрбиеші-ұстаз тұлғасына тән сапа - жоғары мәдениеттілік. Мәдениеттілік-қоғамдық сананың бір түрі. Қазақ энциклопедиясында Мәдениет ұғымына адамдардын өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі, - деп түсінік берген. Марксизм мәдениетті адамдардың еңбегі мен қоғамдық қызметін бір-бірінен бөлмей, сол қызметтің жемісі, - деп қараған, сондай-ақ адамның табиғатын өзгерткен еңбек қандай болмасын мәдениеттің басты шарты болып табыдады деген. Екіншіден, мәдениет адамдардың және рухани өндіріс саласындағы қызметіңде қолы жеткен табыстардың, жай материалдық және рухани жетістіктердің жиыны ғана емес, тарихи диалектикалық дамудан, материаддық коғамдық жағдайлар мен қатынастардан туған мәдениеттің тарихи белгілі типтері мен формалары деп қараған. Мәдениет туралы ұғым өте кең. Оған ғылым, оку-ағарту, өнер, тіл, әдебиет, сезім мәдениеті /өз сезімін билей алу/, қоғамнын рухани өмірі /экономикалық негізіне байланысты/, т.б. яғни беті-қолды жуудан бастап, адам баласы ойының ең жоғары, заңғар биігіне дейінгі дамыған адамдык қатынастар, мінез-құлық /табиғатқа, қоғамға, ұжымға, отбасына, айналаға, өнерге, адамдарға, бір-біріне, өзіне т.б. қатынасы/ жатады. Мәдениетке жалпы халыктық мәдениет, ұлттық мәдениет жатады, ол ұлттық шектеушілік, халыктың тарихи дәстүріне қарсылык, мойындамаушылық - ұлттык мәдениетке жат қылыктар. Мәдениеттілік пен адамгершілік тығыз байланысты. Моральдык байлық қоғам белгілеген әлеуметгік мінез-құлықтың, ниеттің, мейірімділіктің, ізгіліктің, адамдык көрінісі. Сол себептен де ежелгі дәуірдің философтары мәдениет ұғымында адамгершіліктік мән бар, мәдениет табиғатпен, моральмен барабар деп санаған. Адагершілік - мәдениеттіліктің аса маңызды белгісі. Тәрбиеші баланы мәдениеттілікке баулуды, сауаттылыққа үйретуденг әлде қайда бұрын бастауы керек /А.С.Макаренко/. Сондықтан тәрбиешінің мәдениеттілігінің көрсеткіші айналасындағы адамдарға /үлкендерге, балаларға/ сый құрметиен қарауы, тіл табысуы, сөйлеу мәдениеті, кішіпейілдігі, әдептілігі, білімділігі, ата-аналарға ілтипатпен қарауы, мәдени-гигиеналық дағдысының қалыптасқандығы, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, қоршағал ортаға лайыкты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыкка, адалдыкка негізделген қарым-катынасы. [2, 40-43 б.] Тәрбиешінің дүниеге көзқарасы табиғат пен қоғамның даму заңдарын дұрыс түсінетін, тұрақты болу үшін ол өзінін білімін үнемі жетіддіріп, өзін - өзі ұштап дамытып отыруы керек. Онысы іс-әрекетінен, ұстаған принципінен, жүргізген оку-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерінен байкалуға тиіс. Тәрбиеші үнемі алға талпынып, жас ұрпак тәрбиесіне белсенді араласуға, балалар арасында беделді болуға міндетті. Тәрбиешіге педагогикалық зейін, ақыл-ой, ерік-қайрат, жігер, шыдамдылык, ұстамдылық, шыншылдық, адалдық, қарапайымдылық, мейірімділік, іземпаздық қасиетгер қажет. Бұл сияқты адамгершілік сапаларды игерген тәрбиеші баланың әрі қарай дамуына әсерлі ыкпал етіп, мінез-құлкында өшпес із қалдырады. Тәрбиешінін жеке басынын үлгісі - жас ұрпак тәрбиесінде ең әсерлі әдістердін бірі, балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Өйткені еліктегіштік, тез қабылдағыштық балаға тән ерекшелік. Ол үнемі жинап, таза, ұкыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы, әдемі, байыпты болуға міндетті. А.С.Макаренко тәрбиешінін жеке басына "тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын жөндеп, өзі балаларға өнеге, тәлім-тәрбие берерліктей болуы тиіс", -деп нақты талаптар қойған. 3.1.2 Тәрбиедегі қоғамдық ортаның орны Саяси экономикапық тәуелсіздіктің дами түсуі, соған сәйкес ғаламдану процесіне ену білім және тәрбие бағытын айқындауды күшейтеді.

А.И.Ракитов "ғаламдану" ұғымына белгілі бір этностар негізінде аймақтық шекара шеңберінде қалыптасқан әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттердің өзара әрекеттесуі мен араласуы деген анықтама береді. Философтың түжырымы қандай да ұлттың, тіпті әрбір адамның дүниетанымы озып тұрған елді үлгіге алуда емес, езіндік ерекшелігін дамытып өрлеуімен құнды да артық, екендігін дәлелдей түседі. Терең тамырлы ұлттық тәрбие білім беру кеңістігінің жай, қосымша толықтырушы бөлігі емес, ол білімді түгел қамтитын, оны кеңейтетін, рухтандыратын мазмүн. Ұлттық төлтума тәрбиені қорғау және дамыту кез-келген қазақстандықтың жауапты міндеті болмақ. Жеке адамды қалыптастыру, әлеуметтендіру факторларын сараптай келе пе-дагог А.В.Мудриктің оны үш топқа бөлетіндігін көреміз: макрофактор, мезафакторлар, микрофакторлар. Микрофакторларға адамға тікелей әсер ететін отбасы, құрбы-құрдас, оқу орны, жұмыс орны т.б. жатқызады. Осылардың үшіншісі баса назар аударарлық болып отыр. Қоғамдағы экономикалық өзгерістерге бейімделу жағдайында бала тәрбиесі ата-анадан гөрі педагогтерге салмақ түсіруде. Бүрын ең кем дегенде үш ұрпақ өкілінен (ата-әже, әке-шеше, аға-апа, бала, т.б.) құралатын отбасы бүгінде азайып, бала тәрбиесі жалғызбастылыққа айналған. Осының салдарынан педагогтер оқушы үшін шежіреден сыр шертетін ата-әже, баланың басқан әрбір қадамын сезіп ақыл айтатын ана, сырттан көз салып, барлайтын көрші-көлем, жанашыр қызметін атқаруға тура келеді. Әрине, отбасының рөлін ешқандай жоғары дәрежелі тәрбиеші маман да атқара алмайтындығы баршаға анық. Өйткені, отбасы ең алғашқы адамды тәрбиелеу ортасы және бала тәрбиесі оның мемлекет алдындағы міндеті. Ал үлан байтақ қазақ даласында емір сүретін балалардың тәрбиесі олардың ата-аналарының күнделікті іс-әрекеттері мен көшпелі тұрмыс қалпына байланысты болған. Балаларды жастайынан кішіпейілділікке, қайырымдылыққа, қарапайымдылыққа, еңбек сүйгіштікке, ұстамдылыққа, жауапкершілікке үйреткен. Сондықтан жас ұрпақ үшін кеңес, өсиет және басқа да инабатты ұғымдар отбасында мінез-құлықтың нормасына айналған. Мұндай өмірлік мәні бар мәселелерді шешуде шаңырақ, мүшөлерінің бірлігі, сыйластығы, түсінушілігі мен дүниеге кезқа-растары нығаяды, ата-аналар мен балалар арасындағы мейірімді қарым-қатынас бірқалыпқа түседі, отбасылық белгілі ереже қалыптасады, ал олар барлық отбасы мүшелері үшін жазылмаған заң болып қолданылады. Ғасырлар сынынан өткен болса да қазіргі ғылым мен мәдениет, осыған сәйкес тұрмыс өзгерген сәтте осындай мүралардың бүгінгі күнгі өзектілігін жұртшылыққа ғылыми дәлелдеп, түсіндіру қажет. дар жарық көріп, сандаған мақалалар жариялануда. Бұл бағытта заман ағымымен бірлесе, этнопедагогика проблемаларын жүйелі зерттеп, ғылыми мектеп құрып жүрген Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, С.Ғаббасов сынды белгілі ғалымдарымыз да бар.Ғылыми дәлелденген, о баста ғасырлар сынынан өткен мұраны білім беру жүйесінің мамандары саралап ата-аналармен жұмыс барысында қызығушылықпен пайдаланып келеді. Баланың мінезін, жалпы деңгейін, ынтасын жақсы білу үшін, оның дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет екенін әрбір әке, әрбір ана білуге міндетті. "Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық - аздырар адам баласын", дейді халық даналығы. Сонда ата-ана баласының тамағының тоқ болуымен қанағаттанбай, ең бастысы оның іс-әрекетін ұйымдастыра білуде екендігін түсінулері керек. Мәселен, баланың іс-әрекетін ұйымдастыруда ұтымды күн ырғағын құра білу - алғашқы шарт. [7, 126 -б.] Уақыты мақсатты іспен шектелген оқушы жинақылыққа, дәлдікке,мұқияттылыққа бейімделеді. Күн ырғағын сақтау негізінде мидың үлкен жарты шарының қабында шартты рефлекстер жүйесі пайда болады. Сол себепті баланың сабаққа кешігуі мен сабаққа себепсіз бармауының қаншалықты зиян-дылығын ата-ана сезінгені абзал. "Сіздің балаңыз қалай өмір сүреді, неге қызығады, нені сүйеді, нені қажет етпейді, ең алдымен Сіз осыны білуіңіз керек. Ол кіммен достасады, кіммен ойнайды, не оқиды, оқығандарын қалай қабылдайты-нын білуіңіз керек. Осының бәрін Сіз әрқашан өз балаңыздың жастайынан білуіңіз керек", деген А.С.Макаренко. Қазіргі таңда тәрбие ісінде өзекті болып отырған ^ынадай мәселелер аса назар аударарлық: баланы теледидар хабарларын көру-іде шектеу салу, бос уақытын пайдалы іспен толықтыру, еңбекке араластыру. " Халық тәрбиенің кез келген бағытының еңбектен бастау алатындығын

қашаннан да ескерткен. Баланың жас ерекшелігі, әр жасқа тән болатын дағдарыстардың себептері туралы түсіндіріп, олардан баланы қиындықсыз алып шығуға көмек көрсетуде ата-анаға көмекке келетін - мұғалім. Өйткені мектеп жасындағы баланың көбіне көп негізгі әрекеті - оқу. Оқу барысында ол білімге, қарым-қатынасқа, имандылық-адамгершілікке үйренеді. Сонда мұғалімнің жеке бас үлгісі, сезі мен ісінің сәйкестілігі, талапшылдығы отбасы тәрбиесінде баға жетпес тәрбие құралына айналады. Қорыта айтқанда, бала тәрбиесі - болашақ кепілі, отбасы мен мұғалімдер қауымының абыройлы ісі. Тәрбиенің нәтижелілігі терең тамырлы тәрбиені бойына дарытқан ортада болмақ. Ол ата-аналар өз міндетін жете түсінгенде, мұғалімдермен ынтымақтастықта болған жағдайда алға басады 3.2 Тәрбие негізі-өнеге Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Ұрпақ тәрбиесінің тілден басталатындығы, ұлттық сана-сезім мен дүние танымдық көзқарасты қамтамасыз ететін тіл екеңдігі халық тәжірибесінде, ғылымда дәлелденіп келеді. Бүгінгі таңда қоғамның басты мақсаттарының бірі және бірегейі жас ұрпақты рухани мүгедек болып қалмауы үшін қазақ тілін біліп, олардың қажетгілігіне айналдыру, сөз қадірі мен киесін бойына дарытып, еркін қолдануына мүмкіндік туғызу. Мұндай қасиеттер өздігінен қалыптаспайтыны мәлім. Ол үшін жастарды тәрбиелеу керек, өнегелік шараларды үйымдастыру қажет. Қазіргі кезде тәрбие жүмыстарының бағыттары толығымен өзгерді. Қазақтың халықтық педагогикасының ерекшеліктері, мүмкіндіктері жан-жақты зерттеліп, көптеген ғылыми еңбектер, монографиялар, оқу-әдістемелік құралдары жарық көріп, сандаған мақалалар жарияльнуда. Бүл тұрғыда заман ағымымен бірлесе этнопедагогика проблемаларына ден қойған бір топ қазақстандық этнопедагог ғалымдардың еңбектерін жұртшылық қызығушылықпен пайдалануда. Атап айтқанда, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылды, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, М.Сымайлова, Қ.Бөлеев және т.б. еңбектері. Осы сияқты халықтық педагогиканың қыр-сырын ұғындыратын еңбектер қазіргі үлкен бетбұрыстар кезеңінде ауадай қажет деп айтуға болады. Ұлттық дәстүр мен салт-сананың адам психологиясынан елеулі орын алатын біркелкі түрақты құбылыс екендігін әр кездері ғұмыр кешкен ғұламалар ерекше атап керсеткен. Халықтық психология - адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайышауларьшан туывдайтьш мінез - құлқының мәнді жақтарынан мағлұмат беретін, сол арқылы тәрбиелейтін ілім-білімдер жүйесі. Халықтық психологияның, теориялық мәселелерін зерттеумен арнайы этнопсихология ғылымы шүғыдцанады. Ал этнопсихология — әрбір хаяықтың рухани әрекеті (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, дін, т.б.) жемісін, сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдердің бірі. Ұлтгық сана деген абстракт ұғым емес, ол — ұлт тірлігінің тұрмыстық көрінісі, былайша айтқанда, сол ұлтты құрайтын халықтың салт-дәстүрінің, әдебиеті мен мәдениетінің, өнерінің, тұрмыс-тіршілігінің тарихын білу дәрежесі, яғни халықтың өзін-өзі жете танып, түсінуі. Ұлттық сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал ұлтгық дүниетаным дұрыс таным, түсінік арқьлы өріс жайып, үлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Оқыту мен тәрбие мазмұны терең ғылыми негізде бола отырып, көп қырлы дәстүрлер мен халықтың ұлттық психологиясын бейнелеуі қажет. Өйткені кез-келген халықтың мұрат тұтар түлғалары болады. Олардың бойында ұлтқа тән өзіндік санасы, кемеңгер ой-пікірі, елдің тарихи даму барысында қалыптасқан жақсылық пен жамандыққа қатысты көзқарасы, т.б. сомдалады. Бір ғажабы – мұндай мұралардың ғылыми оқьпу мен тәрбие теориялары белгілейтін қағидаларға, мазмұнға, әдіс-тәсілдерге дәл келуі. Сондай-ақ өр адамның жас шамасы мен даму дәрежесінен тетігін тауып қаланып түратындығында. Егемен ел болған кезевдегі мәдени мүраларды игеруді, біздің ойымызша екі бағытқа бөліп қарауға болады. 1. Жұмыстың басым көпшілігі ұлттық дәстүрді насихаттауға бағытталып, олардың терең дүниетанымдық, тәрбиелік маңызынан гөрі сыртқы көрінісіне көңіл бөледі. Ол түсінікті де Ұлттық мұрадан қол үзіп, алыстан кеткен білім жүйесі төл байлықты игеруге дайын емес еді. Халық қазынасының тағылымдық мазмұнын түсінуге бағыттау болмағандықтан, жас ұрпаққа

салмақты ой салатын, әсер беретін дүниелер оқу-тәрбие үрдісінен тыс қалған тұстары болды. Жүйесіз, сабақтастыққа негізделмеген, бір жақты ойын-сауық деңгейдегі іс педагогикалық үдеріске кері ықпал етті. 2. Мәдени мұраларды игеруде оның мазмұнына көңіл бөлініп, тәрбиелік, дүниетанымдық маңызы басшылыққа алынуға бет бұрылды. [3,10-б.] Педагогикалық мамандықтар бойынша оқылатын педагогика, психология ғылымдарының мазмұны мәдени мұралармен толықтыруды сұранып тұрады. Педагогика мен психологиядағы зертгеу әдістерін ғылыми негізде түсіндіре келіп, қазақ халқының рухани мұраларында кездесетін батырлық, тәрбиелік, өнердегі шеберлік, мырзалық сияқты қасиеттерді тақырыпқа сай пайдалану керек. 3.2.1 Музыкалық білім мен тәрбие берудің қалыптасуы мен дамуы Халықтың рухани өсуі және көптеген тарихи құбылыстарды кайта бағалау сипаты тән болып отырған қазіргі кезеңде, сонымен қатар, мәдени даму тұжырымдамасының жасалуы халықтың тарихи мұрасын тарихтың, мәдениеттің, ұлттық дәстүр мен халықтың көркемдік мәдени жстістіктерінің таным көзі ретінде тереңірек зерттеу ерекше маңызға ие болуда.Тарихи тәжірибе көрсеткендей, халықтың ұлттық ерекшелігін, оның тарихын, салт-дәстүрін білмеу, оның өткеніне атүсті қарау ұрпақтар байланысына, сабақтастығына кері әсер ететіндігі анық. Білім берудің тарихына тереңірек үңілсек, Павлодар аймағындагы музыкалық білім беру мен тәрбие мәсслесі Қазақстанның педагогика тарихында ең алдына зерттеу нысаны ретінде бұрын соңды зерттелмеген. Ұлы Дала көшпенділерінің мыңдаған жылдар аясында шыңдалған мәдениетінің мұрагері - қазақтар сол ұлы мәдениеттің арқауын бүгінгі күнге дейін жеткізе алды. Енді осы мәдениетті бугінгі ұрпақтың зердесіне құю, келер ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз болып табылады. Бул - мәдени-рухани сабақтастық, ягни ұйлесімді өмір сүрудің бірден-бір кепілі. Сондықтан музыкалық-халықтық тәрбиенің дамуын тарихи-әлеуметтік үрдістер аясында аса мән беруіміз керек. Жалпы Қазақстан тарихын, сонын ішінде музыкалық мәдениетінің тарихын зерделегенде басқа ұлт өкілдері енбектері деректік сипатта болып келді. Ғылыми тұрғыдан зерттеуде XYIII-XX ғасырлар аясында шет елдік тарихшылар, әсіресе Ресей тарихшылары елеулі із қалдырды. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде П.И.Рычков, А.И.Левшин, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, И.А.Аристов сияқты зерттеушілер қалдырған еңбектердің маңызы зор. Осы еңбектердің қай-қайсысында да қазақ музыкасының тарихы шолу түрінде беріледі. Қазақтың музыкалық мәдениетіне біртұтас мәдени-рухани құбылыс ретінде оның пайда болу және қалыптасу жолдарын зерделеу, музыкалық мәдениетті халықтың тарихи-әлеуметтік өмірімен байланыста саралау, халықтың музыкалык-халықтық талғам-түсінігін анықтау және оны ғылыми-танымдық жүйеге түсіру, әсіресе, музыкалық мұра туындатушы халық композиторларының өмірбаяндық, дерегі мен шығармашылык ерекшеліктерін зерттеу, сөйтіп, жеке музыкалақ туындылардың қасиетін, жеке тұлғалардың шығармашылық өресін ғана емес, әрбір тарихи кезеңдегі мәдениеттің тел қасиеттерін саралау сияқты өзекті мәселслер қазақ музыкатануында әлі де болса терендей зерттеуді кажет етстін мәселелер болып табылады. Зерттеуде Қазан төңкерісіне дейін қазақтың өзіндік музыкалық тәрбие жүйесі қалыптасып, ол отбасында, жастар мен халықтық мсрекелерде, айтыстарда жас сазгерлср-күйшілер, өзіндік мектептерінде үйрету арқылы жүзеге асырылғандығы тарихи алғышарттары ретінде баяндалады. Музыкалық білім беру - тұлғаға біртұтас жан-жақты әсер етеді; факторларының бірі. Адамның жаңа құндылық бағдарын және дүниетанымдық принциптерін қалыптастыруда көркем шығармашылық маңызды рөл атқарады. Музыкалық тәрбие - тұлғаны қоғамның музыкалық мәдениетіне қатыстыру үрдісі. Музыкалық тәрбие жүйесі жалпы және арпайы музыкалык педагогиканың әдістер кешенімен негізделеді. Музыкалық тәрбие - жастардың музыкалық талғамын қалыптастырудың мақсатқа бағытталған жүйесі түрінде дамыту, музыкаға эмоционалдық сезіміи, омың мазмұнын түсіну және терең толғану қабілетін тәрбиелеу, халықтық тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Әдебиет тізімі

1. Жайымов А., Ысқақов Б., Еңсепов Ж., Сәрсенбенов Ж. . Ақынжанов М. «Қазақтың тегі туралы», Алматы, ҚБМБ, 1956ж.

2. Асқарбекова Ғ. Қазақстан мектебі «Айтыс өлеңдерінің тәрбиелік мәні» 2001 ж, №2, 40-43 б.
3. Басенов Т.К. «Орнамент Қазақстана в архитектуре». - А., Изд. Ан. КазССР, 1957, 7-126 б.
4. Ғабдуллин Ж. Таңдамалы 2 бас. – А., «Жазушы» 1985, 177 б.
5. Еңсепов Ж., Ысқақов Б., «Музыка жалпы орта білім беретін мектептің 5-6- сыныптарына арналған бағдарламалар» Алматы: РОНД, 2003.
6. Есжанов Г. «Музыка сабағының тәрбиелік маңызы. Бастауыш мектеп». 2 «Музыка, оқыту әдістемесі» Алматы: Атамұра, 2001.
7. Жұбанов А. «Ғасырлар пернесі». Алматы, 1969, 15 б. 1
8.Күлманова Ш.Б. «Музыка пәнінің бағдарламалар жинағы». Алматы. 1996.
10. Ақынжанов М. «Қазақтың тегі туралы», Алматы, ҚБМБ, 1956ж.
11. Асқарбекова Ғ. Қазақстан мектебі «Айтыс өлеңдерінің тәрбиелік мәні» 2001 ж, №2, 40-43 б.
13. Балтабаев М.Х. «Педагогическая культурология». - А., 2000. 178.-183 б.
14. Басенов Т.К. «Орнамент Қазақстана в архитектуре». - А., Изд. Ан. КазССР, 1957, 7-126 б.
15. Ғабдуллин Ж. Таңдамалы 2 бас. – А., «Жазушы» 1985, 177 б.
16. Еңсепов Ж., Ысқақов Б., «Музыка жалпы орта білім беретін мектептің 5-6- сыныптарына арналған бағдарламалар» Алматы: РОНД, 2003.
17.Есжанов Г. «Музыка сабағының тәрбиелік маңызы. Бастауыш мектеп». 2000 ж. №3 9-10

SMART БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА WEB-ПЛАТФОРМАДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ КУРСЫН ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Мырзахметова Б.Ш., техника ғылымының кандидаты,
Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Шымкент қ.,Қазақстан Республикасы,

«Smart» білім беру жағдайында Web-платформада электронды оқыту курсын өткізуды ұйымдастыруда педагогикалық шарттарды таңдау және негіздеуде бірнеше сипаттамасын ескеру қажет:

1) Алдымен, зерттеушінің «шарт» туралы түсінігі, хабары болуы керек;

2) «педагогикалық шарт» ұғымына мазмұндық талдау жасау және нақтылау керек;

3) зерттелінетін мәселе сипаты мен табиғатына сәйкес бағытталған педагогикалық шарттар тізімін нақтылау керек;

4) жасалынған педагогикалық шарттарды нақтыланап, негіздеу керек;

5) педагогикалық шарттардың бағытын нақты түсіну керек (педагогикалық жүйе тұтастай жетілдіруі, тұлға дамытылуы, нақты мақсатқа қол жеткізілуі).

Шарттар: психологиялық, әдістемелік, технологиялық болады. Олар өзара бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады.

Жоғары оқу орындарында ақпараттық білім беру ортасын құру қажеттілігі мәселелерін ескере отырып, дамыту үшін теориялық, әдістемелік контент орналастыру мәселесі қойылды.

Педагогикалық шарттар әр түрлі зерттеулерде ой, тұжырымдар түрліше берілген.

Бірінші шарт. Осыған дейінгі жоғары білім беру процесінде қолданылып жүрмеген ақпараттық білім беру ортасымен таныстыру [1].

Ақпараттық білім беру ортасы деп тиімді оқытуды қамтамасыз ететін білім беру процесінің субъектілерінің (оқытушылар, білім алушылар) және объектілерінің (қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар базасында оқытудың мазмұны мен құралдары) жиынтығы түсініледі.

Ақпараттық білім беру ортасы – ақпаратты құру, жинау, беру, сақтау, өзектендіру мен өңдеудің заманауи ақпараттық-коммуникациялық техникалық құралдарды қолдану тәсілі, сонымен қатар, сұранысқа ие білім беру қызметін ұсыну үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану.

Ақпараттық білім беру ортасына мыналар жатады:

– цифрлық білім беру ресурстары, замануи педагогикалық технологиялар;

–оқытушалар мен білім алушылардың ақпараттық өзара әрекеттерінің ұйымдастырушылық нысандары, телекоммуникациялық технологиялар;

– коммуникациялық және ақпараттық технологиялардың технологиялық құралдары, жабдықтар, әр түрлі мәліметтер қорлары.

Екінші шарт. Смарт білім беру жағдайында ақпараттық білім беру ортасын ұйымдастыруға қажетті компоненттер.

ЖОО-ның ақпараттық-білім беру ортасы компьютерлік құралдардың мүмкіндіктерін іске асыру, пәнаралық байланыстарды тереңдету есебінен білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыруға, оқытушылар мен студенттерге ақпараттық-әдістемелік қолдауға, сондай-ақ компьютерлік коммуникация құралдары негізінде қарым-қатынас және ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейтуге, оқытушылардың біліктілігін үздіксіз арттыру және қайта даярлау мүмкіндіктерін ұсынуға ықпал етеді.

Осылайша, университеттің ақпараттық білім беру ортасы келесі бөлімдерді қамтиды: оқытушының жеке кабинеті, студенттің жеке кабинеті, автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйенің (AIBs Mark) бас каталогы, білім беру институтының қашықтықтан оқыту жүйесі, Moodle, Mahara (студенттер мен аспиранттар портфолиосы) оқу курстарын электрондық қолдау жүйесі.

Біздің зерттеуімізге сәйкес Web платформада электронды оқыту пәнінің ақпараттық білім беру ортасында ұйымдастырылуына қажетті компоненттерге тоқталып өтейік.

Үшінші шарт. Білім алушылардың пайдаланып, жасап жүрген ақпараттық білім беру ортасында оқытуды ұйымдастырудың кәсіби біліктерін қалыптастыруда міндеттерін нақтылау.

1. Бейімделу. ЖОО-ның білім беру ортасы білім алушының білім беру процесіне бейімделуі үшін тиімді және оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұл функцияны жүзеге асыру үшін оқу пәні үшін жаңа болып табылатын бейімделу жағдайларын ескеру қажет.

2. Әлеуметтік мәдениет пен жоғары білім беру жүйесі бір-бірінен бөлінбейді. Мәдени дүниетанымды қалыптастыру кезінде білім беру процесі субъектісінің мінез-құлқының әлеуметтік және мәдени нормалары қалыптасады [2].

3. Интегративті. Бұл функция келесі жағдайларға негізделген: оқу параметрлері мен процестері білім беру ортасы субъектісінің когнитивті идеяларымен функционалды түрде байланысты; адамның ойлары мен сезімдері шындықтың тұтас көрінісін қамтамасыз етеді.

4. Жеке-кәсіби. Білім беру процесі жеке тұлғаға бағытталған тәсілді қамтуы керек деген жалпы тұжырымдаманы көрсетеді.

Университеттің білім беру ортасын зерттеуде жүйелі көзқарасты ұстанатын ғалымдар оны білім беру шындығы компоненттерінің интегралды жиынтығы ретінде қарастырады.

Төртінші шарт.Смарт білім беру жағдайындағы ақпараттық білім беру орталарын бағалау.

Университеттің білім беру ортасының жүйесіне қатысты жоғарыда келтірілген теорияларды талдай отырып, ұсынылған компоненттер белгілі бір сәйкестікке ие және жалпы презентацияға дейін азаяды деп қорытынды жасауға болады.

ЖОО білім беру ортасы анықтамасына теориялық талдау жүргізу ЖОО-ның білім беру ортасы күрделі ұйымдастырылған, көп компонентті жүйе болып табылатынын және білім беру процесін қамтамасыз ету үшін білім беру технологияларының, оқу қызметін ұйымдастырудың нысандары мен әдістерінің, әлеуметтік, жеке және материалдық-техникалық жағдайлардың жиынтығын көрсететінін анықтауға мүмкіндік берді.

Осылайша, университеттің білім беру ортасы – бұл кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыруды және ішкі жеке әлеуетті іске асыруды ескере отырып, шығармашылық тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін материалдық-рухани жұмыс жағдайларының жүйесі. ЖОО-ның білім беру ортасының құрылымында: кеңістіктік-пәндік, субъектілік-әлеуметтік, әдістемелік (технологиялық), мотивациялық-құндылық, тұлғалық-психологиялық компоненттер, олардың сипаттамасы мен сапалы сүйемелдеуі, кәсібилендіру деңгейі жоғары біліктімамандарды шығаруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, анықталған педагогикалы шарттар ЖОО-да ақпараттық білім ортасын ұйымдастырудың талаптары ретінде қарастыруға болады.

Ақпараттық білім беру ортасын әзірлеу және енгізу бойынша заманауи зерттеулерді талдау олардың студенттердің өзін-өзі дамытуы жүзеге асырылатын өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеуді педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың кең мүмкіндіктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың өзін-өзі оқытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін ұйымдастыру үшін заманауи қашықтықтан білім берудің ұйымдастырушылық және психологиялық-педагогикалық артықшылықтары мен мүмкіндіктері талданды.

Жалпы және оқытуда ақпараттық технологияларды кеңінен қолданудың ықтимал жағымсыз психологиялық-педагогикалық, коммуникативті және әлеуметтік салдарына талдау жүргізілді. Білім беру процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың жалпы принциптері ұсынылған.

Аналитикалық зерттеудің нәтижелері студенттердің өзін-өзі дамытуын тиімді басқарудың педагогикалық жағдайларын жасау мақсатында студенттің жеке басын дамытуға бағытталған келесі білім беру міндеттерін шешу үшін бірыңғай федералды білім беру кеңістігін, университет сайттарын және университеттің ақпараттық-білім беру кеңістігін пайдалануды ұсынуға мүмкіндік береді: мотивациялық, ақпараттық, оқыту, тәрбиелеу, кәсіби бағдарлау, коммуникация, психологиялық түзету, дамыту.

Ақпараттық білім беру ортасындағы өзіндік жұмыс арнайы электронды ақпараттық-коммуникативті әдістемелік қолдауды қажет ететіні сөзсіз, ол үшін студенттің өзіндік іс-әрекетінің эвристикалық және алгоритімдік бағдарламаларын ұсынатын, бастапқы дайындық деңгейіне және қалыптасқан қызығушылық шеңберіне байланысты дараланған тьюторлық дискілерді қолданған жөн.

Бұл міндеттердің барлығы өзара байланысты және кешенді түрде шешілуі керек. Осы ұсыныстарды орындау бойынша жұмыстардың едәуір көлеміне және олардың барлық университеттерге ұқсастығына байланысты оларды федералды ақпараттық-білім беру кеңістігінде жоғары білікті іске асыруды ұйымдастырған жөн.

Жоғары оқу орындарының ақпараттық білім беру ортасын дамытудағы заманауи үрдістерге жүргізілген талдау оны құру және студенттердің өзін-өзі дамытуға қызығушылық тудыратын материалдармен толтыру бойынша мақсатты жұмыс әлі тиісті түрде ұйымдастырылмағанын көрсетеді. Жоғары оқу орындарының білім беру процесінде компьютерлік техника негізінен студенттерді әртүрлі әдебиеттердің электронды нұсқаларымен (оқулықтарымен, оқу құралдарымен, монографиялармен, мақалалармен және т.б.) қамтамасыз ету мақсатында электрондық кітапханаларды пайдалану үшін қолданылады.

Ақпараттық білім беру технологияларын қолданудағы басты назар оларды студенттердің алдын-ала белгіленген бағдарлама бойынша аудиториялық сабақтар процесінде қолдануға аударылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы университеттің виртуалды ақпараттық кеңістігінде және интернет желісінде студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әдістемелік ұсыныстар іс жүзінде жоқ.

Компьютерлік техниканың көмегімен жасанды түрде жасалған виртуалды білім беру кеңістігі ретінде қарастырылады. Presence құбылысы бұл жағдайда нақты физикалық мәртебесі жоқ заттармен немесе субъектілермен бір шындықта болу иллюзиясының пайда болуынан тұрады. Қазіргі уақытта бұл құбылыстың мазмұны адамның коммуникативті

қанықтылық күйінің, трансфер құбылысын субъективті қабылдаудың, батырудың, байланыстың, субъективті тәуелсіздіктің, қатысудың пайда болуымен сипатталады.

Білім алушылардың интернет желісінің ақпараттық кеңістігінде бақылаусыз болуы олардың эклектикалық, трафареттік және үстірт ойлауын қалыптастыруға, оның аналитикалық функцияларын қиындатуға, әлемінің деструктивті бейнесін қалыптастыруға, жеке бұрмалануларға, кері байланыстың мүмкін байланыстарына байланысты өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне ықпал етуі мүмкін. Таңбаланбаған ақпаратты пайдалану жалған білім мен құндылықтарды, теріс мотивацияны игеруге әкелуі мүмкін [3].

Осыған байланысты виртуалды ортаның студенттердің дамуына теріс әсерін бейтараптандыру және өтеу жөніндегі шаралар кешенін іске асыру, оның ішінде жоғары оқу орындарының ақпараттық білім беру кеңістігін мақсатты қалыптастыру, білім алушыларды инетернет желісінде болған кезде өзін-өзі басқарудың саналы дағдыларына оқыту қажет.

Ақпараттық білім беру технологияларында әдеттегі ақпараттық модельдер қолданылады. Оларға виртуалдандыру қасиеттері беріледі. 1-суретте ақпараттық білім беру ресурстарының сұлбасы көрсетілген. Ақпараттық білім беру технологиялары мен ақпараттық (білім беру) модельдері ақпараттық (білім беру) ресурстарына жатады. 1-суретте сұлбаның сол жағы білім беру ресурстарының динамикасын, сұлбаның оң жағы статиканы сипаттайды.

Ақпараттық білім беру технологиялары жұмыс бағдарламасымен анықталған тақырыптар арқылы өзгереді. Динамика модульдермен, оқу сценарийлерімен және тестілеу сценарийлерімен көрінеді. Қазіргі білім беру оқыту мен тестілеуді байланыстыратынын және оларды қосымша ақпараттық ресурстарға айналдыратынын атап өткен жөн.

Сурет–1. Ақпараттық білім беру ресурстарының құрылымы

Виртуалды оқытуда негізгі болып табылатын бірқатар типтік ақпараттық модель бар. Бұл модельдер: ақпараттық модель; динамикалық визуалды модель, сахна моделі, танымдық модель, ақпараттандыру моделі, кеңістік моделі, визуалды интерфейс, кеңістіктік модельдеу модельдері. Көрінбейтін модельдерге мыналар жатады: сценарий моделі, тестілеу моделі, тестіні тексеру моделі, қызмет көрсету модельдері, кеңістіктік құрылымдық модельдер.

Виртуалды оқытуда модельдеудің арнайы түрлері қолданылады: кеңістіктік (геоақпараттық), ситуациялық, динамикалық. Ситуациялық модельдеу – білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында нақты өндірістік жағдайлар мен процестерге еліктеу. Динамикалық визуалды модельдеу – оқушының виртуалды жағдаймен ақпараттық өзара әрекеттесуін пайдаланатын белсенді оқыту әдісі. Білім алушыларда шешім қабылдаушы рөліндегі нақты іс-әрекеттің толық мазмұнын қалыптастыруға арналған. Динамикалық визуалды модельдерді қолдана отырып оқыту технологиясы іс-әрекеттің

индикативті негізін ескере отырып, нақты жағдайларда іс-әрекеттерді орындау контекстінде білім алушылардың білімін, білігі мен дағдыларын қалыптастыру тұжырымдамасына негізделген.

Электронды оқытудың 2 негізгі формасы бар:

1. Асинхронды. Бұл онлайн сабақтарсыз материалдарды тәуелсіз зерттеуді білдіреді. Асинхронды eLearning бағдарламаларына жазылған аудио және бейне материалдар, мәтіндер, тесттер, ойындар және басқа интерактивті механика кіреді. Оқытушы фактіден кейін орындалған тапсырмаларды тексереді және бағалайды.

2. Синхронды. Оқытушы бір уақытта барлық оқушылар үшін нақты уақыт режимінде өткізетін онлайн оқыту. Сабақтар веб-конференция платформасында виртуалды сыныпта өтеді — мысалы, Zoom, Skype немесе Webinar. Мұндай қызметтерде аудиториямен өзара әрекеттесу мүмкіндіктері бар: чат, экран мен материалдарды көрсету және басқалар.

Оқу орнына бару керек әдеттегі офлайн оқытумен салыстырғанда, қашықтықтан оқыту процесінің көптеген артықшылығы бар:

Әлемнің кез-келген нүктесінен оқыту. Оқу орнын таңдауда географиялық шеңбер жоқ.

Ақша мен уақытты үнемдеу. Әдетте, онлайн білім классикалық оқытуды қалайды, себебі ол арзанырақ. Оқушыларға оқу орнына барар жолда уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, олар оны сабақтарға және тапсырмаларды орындауға арнайды [4].

e-learning кезінде сабақтар онлайн және бетпе-бет өтуі мүмкін: оқушылар бір сыныпта жиналып, құрылғылардағы тапсырмаларды синхронды түрде орындайды.

Топ ішіндегі өзара әрекеттесу. Электрондық білім беру әдістері аралас оқыту кезінде жиі қолданылады: сабақтардың бір бөлігі онлайн режимінде өткізіледі, ал басқаларында оқушылар жеке оқу орындарының қабырғаларында болады.

Қашықтықтан оқыту жүйелерінің ешқайсысы бетпе-бет кездесулерді қамтымайды. Оның орнына виртуалды сыныптарда, мессенеджер чаттарында, email-хат алмасуда және т.б. тек цифрлық байланыс қолданылады.

Қазіргі заманғы білім беру мекемелері мен ірі компаниялар қашықтықтан оқыту тәсілін қайта қарауға мәжбүр, өйткені e-learning технологияларымен бірге дамитын сараптамаға қойылатын талаптар өсуде.

Әр түрлі электронды курстар үшін әр түрлі функциялар қажет. Сондықтан білім беру бағдарламаларын ұйымдастырушылардың алдында әрдайым интернет-платформаны қалай бейімдеу немесе өсіп келе жатқан қажеттіліктерді жабатын және процестерді реттеуге көмектесетін жаңасын табу міндеті тұр.

Интернетке көшуден қорықпау керек – бұл болашақ үшін. Қашықтықтан оқыту процесі тікелей кездесулер сияқты маңызды болып қалды. Үйде оқығанда, бөтен нәрселерге алаңдауға азғырылады. Сондықтан тестілеу құралдарын, сауалнамаларды, бейнероликтерді және қатысудың басқа түрлерін мүмкіндігінше жиі пайдалану керек. Интернеттегі оқыту сапасы зардап шекпеуі керек: қатысушы неғұрлым көп қатысса, нәтиже соғұрлым жоғары болады

Бүгінгі таңда онлайн оқытуға арналған жүздеген онлайн жүйе бар, олардың көпшілігі бірдей мүмкіндіктер жиынтығын ұсынады. Егер сіз нақты талаптардың тізімін жасасаңыз, шолуларды оқып, бірнеше платформаларды жеке тексерсеңіз, таңдау туралы шешім қабылдау оңайырақ болады (көпшілігінде ақысыз сынақ мерзімі бар).

Қазір шетелдік қызметтерді пайдалану кезінде бірқатар проблемалар бар, сондықтан белсенді дамып келе жатқан және отандық бағдарламалық жасақтама тізіліміне кіретін ресейлік әріптестерге назар аударуға кеңес береміз [5].

Webinar платформасы осы талаптардың барлығына сәйкес келеді және қызметкерлерді де, оқу орындарының студенттерін де оқытуға үлкен функционалдылық береді. Басқа қызметтерден басты айырмашылықтар:

e-learning деректерінің сарапшылары мен зерттеушілері e-learning дамуының бірнеше негізгі тенденцияларын бірауыздан атап өтеді:

1. Автоматтандыру

Сабақтарды әзірлеу және студенттік жұмыстарды бағалау — оқытушылар үшін ең көп уақытты қажет ететін міндеттер. Әсіресе, егер олар тек электронды оқытуды бастаған болса. Қазірдің өзінде уақытты үнемдейтін кейбір процестер автоматтандырылған. Webinar сияқты платформаларда сауалнамалар мен сынақтар жүргізіліп, жаппай жіберулер жіберілуі мүмкін.

Сарапшылар көріп отырғандай, бұл мүмкіндіктер болашақта жедел кері байланыс пен оқушыларға арналған ұсыныстарға дейін кеңейеді. Нәтижесінде оқытушылар технологияны игеруден гөрі бағдарлама мен оқу материалдарына көбірек уақыт бөле алады.

2. Оқыту аналитикасы

Оқу үлгерімінің көрсеткіші оқытылатын білімнің сапасын ғана емес, сонымен қатар процестің өзін қалай дұрыс ұйымдастырғанын көрсетеді. Оқытушыларға білім алушылардың жетістіктерін бақылау оңайырақ болады, егер олардың алдында әркімнің қатысуы мен белсенділігі туралы егжей-тегжейлі статистика болса. Жалпы сандар қай тақырыптардың барлығына қызықты және түсінікті екенін түсінуге мүмкіндік береді: осылайша бағдарламаны тез түзетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бидайбеков Е.Ы., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информационное интегрирование и анализ образовательной области в разработке электронных средств обучения. Алматы: АГУ им.Абая. 2002. –100с.
2. Бидайбеков Е.Ы., Балыкбаев Т.О., Ибрагимова Н.Ж. Методические основы измерения результатов обучения школьников по информатике // Алматы, 2007. - 152 с.
3. Уильям и Кэтрин Хортон «Электронное обучение: инструменты и технологии» –М., 2008, 105 с.
4 Майкл Аллен «E-Learning: Как сделать электронное обучение понятным» 2009, Петербург, 125 стр.
5. Бөрібаев Б., Мадьярова Г.А. Web-технологиялар: Оқу құралы. - Алматы: ҚазККА баспасы, 2007. - 188б.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ РӨЛІ

[1]Орынбекова А.С. PhD, аға оқытушы
[2]Серикбаева Н.Б. PhD, қауым.проф. м.а.
[3]Куребаева Г.А., педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы
[1,2,3]Шәкәрім университеті, Семей қаласы, Қазақстан

Қоғам өмірдің барлық салаларында жеке жайлылықты, кәсіби тиімділікті және әлеуметтік өзектілікті қамтамасыз ететін, табысты әлеуметтенетін, әлеуметтік құзыреттілігі жоғары маманның тұлғасын қалыптастыруға мүдделі. Әлеуметтік педагогиканың мәселелерін тиімді шешу үшін әлеуметтік құзыреттілік қажет.

Әлемдегі әлеуметтік мәселелер бейнесін білу бүгінгі күні толыққанды жоғары кәсіби білім алудың табиғи шартына айналды. Балалар мен ересектердің әлеуметтік саласында оларды тиімді және толыққанды пайдалану үшін әртүрлі жоғары оқу орындарының күштерін, құралдарын және мүмкіндіктерін біріктіру қажет. Бұл мәселені шешу болашақ педагог-психологтар жұмыс істейтін мекемелердің ерекшеліктерін ескере отырып, мамандарды дайындау үшін қажет болып табылады.

Білім алушының болашақ мамандығын игерудегі әлеуметтік-педагогикалық білімнің кәсіптік іс-әрекетті нәтижелі орындау үшін қажет екендігін ұғынуы, әлеуметтік-

педагогикалық пәндер бойынша теориялық білімнің болуы. Пәнді меңгеру аясында төмендегідей міндеттер қойылды:

– әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет туралы білімдер жүйесін қалыптастыру;

– ғылыми қағидаларын меңгеру;

– болашақ кәсіби іс-әрекетін түсіну.

Болашақ маманның өзін-өзі үнемі дамытуға және өзін-өзі жетілдіріп отыруға деген талпынысы мамандықты меңгеруіндегі айқындаушы аспектілерінің бірі болып табылады. «Әлеуметтік білім берудің бүгінгі күнгі стратегиясы – күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, реформаланған қоғамда жауапкершілікпен және кәсіби түрде әрекет ете алатын маманның жеке тұлғасын дамыту және өзін-өзі дамыту» – деп есептейді В.А.Сластенин [1, 55-б.].

ЖОО-да педагог-психологтерді даярлаудың түрлі аспектілері шетелдік ғалымдардың (Г.В.Акопова, О.А. Антонова, А.А. Вербицкий, И.Е. Высотова, Е.А. Климов, Н.П. Кравцова, Ф.Г.Мухаметзянова, В.Д. Шадриков) еңбектерінде көрініс тапқан. Алайда, болашақ педагог-психологтің әлеуметтік құзыретін қалыптастыру процесі туралы зерттеулер жоқтың қасы.

Әлеуметтік құзыреттілік мәселесі салыстырмалы түрде жаңа зерттеу нысаны болмақ. Қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылымда ғалымдардың әлеуметтік құзыретінің түрлі аспектілеріне қызығушылығының артуы байқалады (В.М. Басова, С.С. Бахтеева, Д.Б. Воронцов, М.О. Ибриегит, В.Н. Калинина, Е.В.Коблянская, В.Н. Куницина және т.б.). Елімізде болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен мән берген Г.Ж. Меңлібековаңың еңбегін айтуға болады.

Отандық ғалым, «Әлеуметтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері болып саналады», - деп тұжырымдайды [2, 24-б.].

Болашақ педагог-психологтің тұлғасы үшін әлеуметтік құзыреттіліктің негізгі сипаттамалары әлеуметтік интеллектісінің жоғары, айналасындағыларға деген эмпатия және мейірімділік сезімі, рефлексиялық қабілеті, жанжалды жағдайларда өнімді мінез-құлықты көрсете білу [3, 124-б].

Әлеуметтік білім беру – баланы әлеуметтендіру мақсатында қоғам, ондағы мекемелер, қарым-қатынас және жұмыс қағидалары, ережелер, нормалар туралы білімдерін меңгеру болса, оны іс жүзінде қолдану жолдарын әлеуметтік педагогика саласы толықтырады.

Әлеуметтік педагогика саласының дамуы мен өркендеуіне өзіндік үлес қосқан ғалым А.В.Мудрик «Әлеуметтік педагогика – адамның өмір бойында сабақтаса қатар жүретін әлеуметтік тәрбиені зерттейтін ғылым. Оны адамның өміріндегі әлеуметтік тәрбиенің рөлі мен орнын, даму мен әлеуметтену үдерістерімен салыстыра отырып анықтауға болады – дейді [4, 90 б.].

Әлеуметтік педагогиканың оқу пәні әлеуметтік ортада тұлғаны оқу-тәрбие үдерісінде дамуын, жетілуін, қалыптасуын зерттейтін педагогиканың бір саласы. Әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді, сондай-ақ, адамның, топтың, тұтастай қоғамның әлеуметтік қалыптасуына елеулі түрде әсер ететін ортаның факторларын анықтайтын зерттеудің мазмұны, оны іске асырудың шарттары, нысаны мен әдістері болып табылады.

Осы тұрғыда болашақ педагог-психолог мамандарын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мазмұнымен, міндеттерімен және әдіс-тәсілдерімен таныстыру арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, әлеуметтік-педагогикалық әдістерді әлеуметтік ортада тиімді қолдануға, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда балалар мен жасөспірімдерге педагогикалық қолдау көрсетуге үйрету маңызды.

Педагог стандартында көрсетілгендей педагог-психологтің мақсаты – білім беру процесіне қатысушылардың қиындықтарын айқындау және диагностикалау, білім беру және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет кезінде психологиялық көмекті сүйемелдеуді қамтамасыз ету. Осының негізінде келесідей талаптар қойылады, педагогикалық интуиция,

байқағыштық, қарым-қатынас орната білу, эмоционалдық тепе-теңдік, стресске төзімділік, толеранттылық, кәсіби түсінік, кәсібилік, өзін-өзі дамытуға дайындық, сыни ойлау, оптимистік болжау [5].

Аталған талаптарға сай ЖОО-да әлеуметтік педагогика пәнін оқытудың мақсаты анықталады: әлеуметтік педагогика туралы теориялық білім жүйесін меңгерту, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктері туралы ойларды қалыптастыру; әлеуметтік жұмыс жүйесі, әлеуметтік тәрбиенің технологиялары мен әдістеріне қатысты мәселелер туралы білімдерін жүйелеу. Нәтижесінде болашақ маман өзінің кәсіби іс-әрекетінде ақпарат жинауды және аралас мамандықтардың білімі мен ерекшеліктерін біріктіруді жүзеге асыра алады, сондай-ақ, жас, физиологиялық, гендерлік және әлеуметтік-мәдени факторлардың әсерін анықтай отырып, жеке тұлғалық ерекшеліктерді бағалау дағдылары, әлеуметтік кәсіби құзыреттіліктері қалыптаспақ.

Педагог-психолог жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген шығармашыл тұлға болуымен қатар, адамдармен кез-келген жағдайда қарым-қатынас орната алатын, шиеленісті жағдаятта оңтайлы шешім таба алатын, әңгімелесушінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне құрметпен қарап, оның құндылығына бағдарланатын, эмпатиялық қабілеттері дамыған маман болуын талап етеді.

Адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде тұлғаның қалыптасуын және оның әлеуметтенуін зерттей отырып, ғалымдар соңғы онжылдықта тұлғаның белсенділігі жүріп жатқан әлеуметтік ортаға бейімделуіне бағытталған аспектілеріне көбірек назар аударуда. А.В. Петровский мен М.Г. Ярошевскийдің пікірінше, қарым-қатынас жүйесін, әлеуметтік өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерін, қызметтің әртүрлі түрлері мен формаларын қамтитын әлеуметтік орта тұрақты немесе өзгермелі болуы мүмкін [6, 140-б.]. Әлеуметтік ортаға бейімделе отырып, адам әлеуметтік нормаларды игереді. Адамның әлеуметтену деңгейі, оның әлемге, қоғамға, басқаларға, іс-әрекетке қатынасы әлеуметтік құзыреттіліктің даму дәрежесін көрсетуі мүмкін.

О.Н. Мачехина әлеуметтік құзыреттілікті жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынас деңгейін анықтайтын және оған әртүрлі өмірлік жағдайларда жалғыз дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін мінез, білім, дағдылар мен әлеуметтік-психологиялық сипаттамалардың қасиеттерінің жеке кешені ретінде анықтайды [7, 24-б.]. Демек, әлеуметтік құзыреттілік - бұл әлеуметтік шындықты құндылық түсінуді, іс-әрекетке басшылық ретінде әрекет ететін нақты әлеуметтік білімді, өзін-өзі анықтау және норма құру қабілетін, жеке, топтық және топтық өзара әрекеттесуді жүзеге асырудың жеке қабілетін біріктіретін интегралды жеке білім.

М.Чошановтың кәсіби құзыреттілікке берген анықтамасы негізінде, бұл ұғым тек кәсіби біліммен, шеберлікпен шектелмей, білімге байланысты міндеттерді шешуге әлеуметтік даярлығының маңыздылығын көрсеткен. Яғни, әлеуметтік даярлығы жоғары маман өзінің кәсіби білімін тек жеке табысы үшін емес, қоғамдық жұмысты жүзеге асыруға нәтижелі әрекеттер жасау дегенді білдіреді [8].

А.В.Хуторский [9] болашақ маманның кәсіби құзыреттіліктерін зерттеуде әлеуметтік құзыреттілікті болашақ кәсіптік іс-әрекетке бағдарлану, кәсіптік білімді жетілдіру жолдарын, мәнін түсіну, таңдаған мамандығының қоғам және өзі үшін маңызын бағамдау, өзінің қажеттілігі мен қызығушылықтарын бағалау, маман ретінде қоғаммен, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау бағытын түсіну деген болатын.

Б.Т.Кенжебеков болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттей келе, «Әлеуметтік құзыреттілік – топпен бірлесе кәсіби іс-әрекетті атқаруды, ынтымақтасуды меңгеру және өзінің кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік» деп қарастырған [10, 32-б.].

Педагог-психологтің кәсіби іс-әрекетінде әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешуде маңызды дағдылары болуы керек. Коммуникативтік дағдылар педагог-психологтың

басты құзыреттіліктерінің бірі – тиімді қарым-қатынас орната білу. Бұл дағды білім алушылармен, ата-аналармен және қоғамның басқа мүшелерімен ашық сөйлесуді, ақпарат алмасуды қамтиды. Эмпатия және эмоционалды интеллект. Педагог-психолог басқалардың сезімдері мен эмоцияларын түсініп, оларға қолдау көрсету қабілетіне ие болуы керек. Эмпатия қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады. Мәселелерді шешу дағдылары педагог-психологтың әртүрлі әлеуметтік мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын таба білуі. Бұл құзыреттілікке талдау жасау, жоспарлау және қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау қабілеттері кіреді. Кеңес беру және қолдау көрсету. Педагог-психологтың міндеті – білім алушылардың оқу-танымдық қызметін жүзеге асырудағы білім беру қиындықтарын анықтау, кеңес беру және қолдау көрсету. Бұл дағды қажетті ақпарат беру, олардың проблемаларын шешу жолдарын ұсыну арқылы көрініс табады. Педагог-психологта психологиялық дағдылардың болуы психология негіздерін біліп, адамдардың психологиялық күйін түсіне алуы. Бұл дағды адамдардың мінез-құлқына, эмоционалдық жағдайына әсер ететін факторларды анықтап, тиімді көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік жұмыс ұйымдастыру дағдылары. Педагог-психологтың кәсіби қызметінде әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыра алуы маңызды. Ол әлеуметтік көмек көрсету жүйесін үйлестіріп, қоғамдағы әртүрлі топтармен жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл дағдылар педагог-психологтың қызметіндегі әлеуметтік құзыреттіліктерінің негізін құрайды және оның кәсіби біліктілігін қамтамасыз етеді [11, 25-б.].

Бұл дағдылар білім алушылармен ұйымдастырылған дәрістер, семинар, пікір талас, тренинг, түсіндірмелі-иллюстративті, оқытудың белсенді (миға шабуыл) және мәселелік әдістер негізінде жүзеге асырылады және қалыптасады.

Болашақ педагог-психолог мамандардың әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл құзыреттіліктің жоғары деңгейі педагог-психологтің кәсіби қызметінің сапасын арттырып, білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сластенин В.А. Социальный педагог: готовность к профессиональной деятельности // Научные тр. МПГУ. – М., 1995. – С. 55-58.

2. Менлибекова Г.Ж. Компетентностный подход в социальном образовании: теория и практика // Докл. Казахской академии образования. – 2012. – №3-4. – С. 23-28.

3. Саудабаева Г.С., Төлеуханова А.Д. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(67), 2020 ж, 123-128 б.

4. Мудрик А.В. Социальная педагогика: учеб. – Изд. 3-е., испр. и доп. – М.: Академия, 2000. – 200 с.

5. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының Бұйрығы. Педагогтің кәсіби стандарты: 2017 жылдың 8 маусымы, №133 бекітілген.

6. Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Основы теоретической психологии. – М: Изд-во «Инфра - М», 1998. – 528 с.

7. Мачехина О.Н. Педагогические условия развития социальной компетентности старшеклассников: проектноконтекстный подход: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - М., 2007. - 24с.

8. Чошанов М.А. Теория и технология проблемно-модульного обучения в профессиональной школе: дис. ... док. пед. наук. – Казан, 1996.

9. Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб.науч.тр. / под.ред. А.В.Хуторского. – М.: ИНЭК, 2007. – 327 с.

10. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: 13.00.08: пед.ғыл.док. ... автореф. – Қарағанды, 2005. – 40б.
11. Марголис А.А., Коновалова И.В. Критерии профессиональной компетентности педагога-психолога // Психологическая наука и образование. – 2010. – №1. – С. 23-33.

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА В НЕМЕЦКОМ ЯЗЫКЕ

Гилаева Э.М., сеньор- лектор немецкого языка,
кафедра переводческого дела и иностранных языков,
Атырауский университет имени Х. Досмухамедова,

Аннотация: Перевод является сложным процессом, требующим не только глубокого знания исходного и целевого языков, но и понимания культурных, социальных и исторических контекстов. Немецкий язык, с его богатой грамматической структурой, обширной лексикой и уникальными идиоматическими выражениями, представляет особые вызовы для переводчиков. Данная статья анализирует ключевые проблемы, возникающие при переводе с или на немецкий язык, включая грамматические расхождения, лексические трудности, стилистические и прагматические аспекты, а также влияние культурных различий. Предлагаются возможные стратегии и подходы для минимизации ошибок и достижения адекватности перевода.

Ключевые слова: немецкий язык, перевод, грамматические проблемы, лексические трудности, культурные различия, стилистика, прагматика.

1. Введение

Перевод – это не просто замена слов одного языка словами другого. Это сложный когнитивный и коммуникативный процесс, целью которого является передача смысла и намерения исходного текста в целевой язык таким образом, чтобы он был понятен и адекватен для целевой аудитории. В условиях глобализации и интенсивного международного обмена, роль качественного перевода неизмеримо возрастает. Немецкий язык, являясь одним из ведущих языков науки, техники, философии и литературы, а также языком крупной европейской экономики, часто выступает в качестве исходного или целевого языка в различных областях. Однако его особенности создают значительные трудности для переводчиков.

2. Грамматические проблемы перевода

Немецкая грамматика известна своей сложностью и систематичностью, что является одновременно и её преимуществом, и источником проблем при переводе.

2.1. Порядок слов

В отличие от русского языка, где порядок слов относительно свободен и в большей степени обусловлен логическим ударением, немецкий язык имеет более строгие правила порядка слов, особенно в придаточных предложениях. Например, глагол часто перемещается в конец предложения.

Пример: "Ich weiß, dass er morgen kommt." (Я знаю, что он завтра придет.)

Прямой перевод: "Я знаю, что он завтра приходит." (Глагол "kommt" в конце).

Проблема: При переводе на русский язык необходимо изменить порядок слов, чтобы сохранить естественность звучания.

2.2. Падежная система

Немецкий язык имеет четыре падежа (именительный, родительный, дательный, винительный), которые играют решающую роль в определении синтаксических отношений

между словами. Хотя русский язык также имеет падежную систему, есть существенные различия в их употреблении и функциях, что может привести к ошибкам.
Пример: "Ich helfe dir." (Я помогаю тебе.)
В немецком "helfen" (помогать) управляет дательным падежом ("dir").
В русском "помогать" управляет дательным падежом ("тебе"), но в некоторых случаях, например, с глаголом "ждать", различия могут быть более заметными ("Ich warte auf dich" - "Я жду тебя" – в немецком предлог "auf" с винительным падежом, в русском – винительный падеж без предлога).
2.3. Времена и залоги
Система времен немецкого языка (Präsens, Präteritum, Perfekt, Plusquamperfekt, Futur I, Futur II) имеет свои нюансы, которые не всегда напрямую соответствуют русским эквивалентам. Особенно это касается употребления Perfekt вместо Präteritum в разговорной речи. Аналогично, понимание и правильное применение различных форм пассива (Vorgangspassiv, Zustandspassiv) и модальных глаголов требует особого внимания.
2.4. Согласование прилагательных
Склонение прилагательных в немецком языке (сильное, слабое, смешанное) в зависимости от рода, числа, падежа и наличия артикля представляет собой сложную систему, которая не имеет прямых аналогов в русском языке и часто вызывает трудности у переводчиков.

3. Лексические трудности перевода
Немецкая лексика богата и разнообразна, но её особенности могут стать препятствием для точного перевода.
3.1. Многозначность слов (Polysemie)
Многие немецкие слова имеют несколько значений, выбор которых зависит от контекста.
Пример: "schlagen" может означать "бить", "ударять", "побеждать", "свергать" и т.д.
"Die Uhr schlägt zwölf." (Часы бьют двенадцать.)
"Er hat seinen Gegner geschlagen." (Он победил своего противника.)
Переводчик должен тщательно анализировать контекст, чтобы выбрать правильное значение.
3.2. Сложные слова (Komposita)
Немецкий язык известен своей способностью образовывать очень длинные и сложные слова путем соединения нескольких существительных, прилагательных или глаголов.
Пример: "Donaudampfschifffahrtsgesellschaftskapitän" (капитан Дунайского пароходства)
Перевод таких слов часто требует их декомпозиции и перевода каждого компонента, а затем построения эквивалентной фразы или предложения на русском языке. Это может быть проблемой, поскольку прямой эквивалент часто отсутствует.
3.3. Ложные друзья переводчика (Falsche Freunde)
Слова, которые выглядят или звучат похоже в двух языках, но имеют разные значения, являются частым источником ошибок.
Пример: "aktuell" (немецкий) – "текущий, злободневный", но не "актуальный" в значении "действительный" (например, "актуальный вопрос"). Русский "актуальный" может быть переведен как "relevant" или "wichtig".
"konkret" (немецкий) – "конкретный, точный", но не всегда "конкретный" в значении "материальный".
3.4. Идиоматические выражения и фразеологизмы
Идиомы и фразеологизмы, специфичные для немецкого языка, не поддаются дословному переводу и требуют знания их эквивалентов в целевом языке или адаптации смысла.
Пример: "Jemandem auf den Zahn fühlen." (Дословно: "Пощупать кому-то зуб." Значение: "Выведать что-либо у кого-либо, проверить кого-либо.")
Эквивалент в русском: "Прощупать почву."

4. Стилистические и прагматические аспекты

Качественный перевод требует не только точности на лексическом и грамматическом уровнях, но и адекватной передачи стиля и прагматического значения исходного текста.

4.1. Стилистическая адекватность

- Соловьева С.М. Психология младшего школьника: возрастные особенности и развитие. – М.: Учитель, 2020. – 208 с.
- Филиппова Т.А. Методика формирования навыков слушания в начальной школе. – Казань: Центр педагогических технологий, 2018. – 156 с.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ЖӘНЕ «ЗАР ЗАМАН» АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Салимжанов Б.Е., магистрант
«Шәкәрім университеті» КеАҚ
Семей қ., Қазақстан Республикасы

Қазіргі таңда елімізде жас ұрпақтың тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Халқымыз бала тәрбиесіне ежелден баса назар аударған. Оқу-білім, тәрбие, өнер, мәдениет, тіл тақырыптары ғасырлар бойы өз маңызын жоғалтпай келеді. Керісінше, маңызы жылдан жылға артып келе жатыр. Еліміздің біртуар перзенттері, зиялы қауым өкілдері, ақын-жыраулар, жазушылар өз шығармаларына осы тақырыптарды арқау еткені де жайдан жай емес. Осы орайда М.Әуезовтің мына бір сөзін айта кеткенді жөн көрдік: «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз». Иә, бұл сөздермен келіспеске болмас. Еліміздің келешегі бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жастар аға буынға қарап үлгі алып, өздерінен кейінгі ұрпақты тәрбиелеп, білім береді. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз де осы. Халық пен ұлтты тәрбиелеу 5-10 жылдың жұмысы емес. Оған ғасырлар қажет болуы мүмкін. Нақты мақсат қойып, соған сай іс-әрекет жасай алсақ, нәтижесін сіздер мен біздердің ұрпақтарымыз көретіні анық.

Адамды тәрбиелеуде әдебиеттің маңызы өте зор. Әдебиет – сөз, тіл арқылы көркем бейнелер жасайтын өнер түрі. Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Қазақша - «асыл сөз», арабша - «әдебиет» болады [1, 352-б.].

Қазақ әдебиеті тарихында ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, бүгінгі күнгі шығармаларға дейін тәрбие, өнеге, ұлт, ел, жер, жақсылық, жамандық мәселелері өз өзектілігін жойған емес. Соның ішінде біздің тоқталатын ақынымыз XIX ғасырдағы «Зар заман» поэзиясының өкілі, елім деп еңіреген есіл ер, заманының дара тұлғасы Дулат Бабатайұлы. Қазіргі кезде Дулат ақын шығармалары мектептер мен мектептен кейінгі оқу орындарында оқытылып келеді. Автордың тәрбие мен білім, жақсы мінез-құлық тақырыптарын көтерген біршама шығармалары бар. Мысалы, «Бараққа», «Ақтанға», «Әуелгі қазақ деген жұрт», «Дүние – жемтік, мен – төбет» және т.б.

Дәуірдің күйін жырға қосқан ақындар өлең сөзге терең мән берген, ол өнерді халық жоғары бағалаған. Олар ақындықтың асқақ рухын әсерлі тілмен суреттеген. Сол арқылы жыр шеберлерінің болмысы айқындалады. Мәселен, Дулат Бабатайұлыкім десеңіз: «Жырымды менің сұрасаң, Сары алтынның буынан. Сырымды менің сұрасаң, Тұманың тұнық суынан. Кеудеме қайғы толған соң, Тұнық жырмен жуынам», - деп ақынның өзі тіл қатады [2]. Заманының жоғын жоқтап, көркемдеп жеткізген Дулаттың «мөлдір жыры» – терең ой мен көркем бейнелерге құрылған, шебер тілмен өрілген туынды. Ол қазақ өлеңін жаңа деңгейге көтеріп, қара өлеңге рух дарытты. Ақындықты киелі өнер санаған Дулат өлеңге үлкен талаппен қарады. «Сөз – жібек жіп, жыр – кесте, Айшығы айқын көрінбес, Өрнексіз тігіп баптаса» – оның талғам-таразысының өлшемін көрсететін бейнелі ұғымдар. Дулат осы деңгейден бір сәтке төмендеген емес. «Жібек жіп пен жыр – кестенің» тыңдаушыға ұғымды болуын да көркем тілмен әдіптеп аңғартты. Мысалы, «Әкенің айтқан бұл сөзін, Құтысына көңілдің, Төгіп алма, дәлдеп құй», – деген өлең жолдарында бұрын үрдісемес поэтикалық үлгіге өріс ашты. Бірі – заттық, бірі – дерексіз екі ұғымды үйлестіріп, сана, зерде мағынасын білдіретін жаңа, әдемі, әрлі тіркес түзді. «Төгіп алма, дәлдеп құй» – көңілді алаңдатпай, айтқан сөзді санаға сіңіруді міндеттейді. Ал «Айтпасымды айтқыздың» деп басталатын өлеңінде құтыны көңілден бөліп алып, «Құтың болса, құйып ал, Құтысыз болсаң, төге сал, Сөйлейтін біраз нұсқаны», - деп тыңдаушының намысын жаниды. Дулат өлең мен сөздің күшін халықты езген болыстар мен атқамінерлерді сынға алу үшін шебер қолданды. Ол әдебиетке мысқыл мен әжуаға толы бейнелердің мол жинағын әкелді. Ақынның мақсат-

мұраты да келеңсіздіктерді күлкі арқылы көрсету болды, ол бұл ойларын өлеңмен жеткізе алды:

Қайырсыз сараң малдыңды,
Еріншек, есер жарлыңды,
Халыққа емес сиымды.
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіргіш бегіңді,
Әперіп сөзбен кегіңді –
Улы тілмен улаттым.

Дулат ақындықтың сан қырына үңіліп, ой толғайды: жыр көшін бастаған өзінің міндетін айқындайды, малдыны мадақ өлең айтушыларды сын садағына іліктіреді. Жыр алыбының шығармашылығын жан-жақты зерделеген Қ.Өмірәлиев пікіріне ден қойсақ, «Дулат – ақын туралы, ақын сөзітуралы қазақ әдебиетінде бірінші айтып, өлең-жырға зор талап қойған, сол талабы тұғырынан өзі де табылып, шығармаларынан да осы талап тұғырына дейін көтергенбірінші ақын» [3, 199-б].

Қазақ әдебиетінде зор мәнге ие атақты ақындардың сөз шеберлігі, өлең құрылымы, көркем тілі уақыттың көрінісін, сол дәуірдегі адам бейнесін суреттеу арқылы айқын байқалды. Дулат Бабайтайұлы өлеңдерінде дәуірді сипаттайтын «кер заман», «азған заман» тіркестері қолданылса, Шортанбай Қанайұлы кейін тұтас бір ағымды санаға сіңірді. Халықтың тығырыққа тірелуін «кез болдың кер заманға» деп ұқтырған Дулаттың дәуірінен соң да елдің ахуалы қиындай түсті. Дулаттың: «Осындай заман кез болды, Ер дегенің ез болды», - деп түйіндеген ойын Кердері Әбубәкір сол үлгі, сол мазмұнмен «Заманың түгіл азды, Ел ішінде ер азды», - деп жалғайды. Дулат пен Әбубәкірдің заман хақында сөз-өрнектердің үйлесім табатын тұстары көп-ақ. Мәселен:

Толқынды теңіз заманнан,
Сенімді кеме болмаса,
Жел қайықпен өтер ме? –

деген Дулаттың күмән-күдігі елдің бағдарсыздығы мен қорғансыздығын аңғартады. Заманды толқынды теңізге, халық тағдырын жел қайыққа балап, әлдеқайдан тиянақ іздеген ақынның үміт артар нәрсесі – сенімді кеме. Бұл – абстрактілі ұғымның бейнесі. Жел қайыққа телінген халық тағдырына арашашы һәм құтқарушы күштің перифраз түріндегі көрінісі. Толқынды теңіз бен жел қайық – белгілі ұғымның бейнесі, «сенімді кеме» – белгісіз нәрсенің елесі. Ақынның «сенімді кеме болмаса…» дегені өкінішті де, сенімсіздікті де сездіреді. Ал «жел қайық» перифразының «Тәуекел түбі – жел қайықтан» шыққаны даусыз. Дулаттың «толқынды теңізіне» «жел қайықпен» тәуекел етудің өзі қауіпті. «Өтесің де кетесің» – бұған үйлеспейтін ұғым.

Дулат дәстүрі тұрғысынан қарасақ, Әбубәкірдің халықты тура мағынасында қалдырып, замананы желмаяға балап, осы үлгімен өлеңтармақтарын түзгенін көреміз.

Замана деген желмая,
Қалмасаң халқым жақсы еді,
Желмаядан жығылып…

Дәуір мен халық тағдыры арасындағы байланысты терең түсінген екі ақынның да көзқарасы елдің болашағына деген алаңдаушылықтан туындайды. Дулат «жел қайықтың» «толқынды теңізге» батып кетпеуін, ал Әбубәкір халықтың «желмаядан» құлап қалмауын алаңдайды. Сұрапыл теңіз бен тарпаң желмая – заман бейнесін көрсету үшін өте ұтымды қолданылған балама ұғымдар.

Дәуірдің өзгерістері мен заман ахуалы адамның ой-санасына, мінез-құлқына әсер етпей қоймайды. Көшпенді өмір салтына үйренген қыр қазағы отырықшылық өмірге бірте-бірте бейімделе бастады. Еркіндікті шектеген отаршылдық кезеңі елді өз қалағанына икемдеуге мәжбүр етті. Осылайша, жаңа заманға сай адамның психологиясы қалыптаса бастады. Мұны зар заман поэзиясындағы бейнелерден айқын көруге болады. Көшпенді өмір мен отаршылдықтың елге әкелген жаңалықтарының арасында тап болған халық екіұдай

күйде қалды. Ескі өмірге үйренгендер жаңа өмірді жатсынып қарсы тұрды. Жаңа жүйеге жылдам бейімделгендер ескі дәстүрден бас тартты. Алдыңғылары – бейқам халық, жай ғана жағдайды бақылап отырды. Соңғылары – қоғамның белсенді бөлігі, отаршылдық жүйеге қызмет етті. Осы алауыздық екі әлеуметтік топтың мүдделерінің қарама-қайшылығынан туындады. Бұл жағдайды Дулат ақын өз өлеңінде дәл әрі шынайы бейнелеп көрсетті:

Ағайын араз болған соң,
Ел екіге жарылды.

Зар заман поэзиясында өтпелі кезеңнің адамы теріс сипатта суреттеледі. Бұл әдебиетте көбінесе құлдыраған қоғамның бұзылған адамының бейнесі көрсетілген. Ол – жаман басшы, жемқор шенеунік, парақор билер, адамдарды алдаушы атқамінерлер, арам пиғылды қулар, азғын байлар, имансыз имамдар және тағы басқалар. Зар заман шығармаларында сондай-ақ, жоғарыдағы топтың қысымына ұшырап, қорлыққа көнген, іштен күйінген, бірақ қарсы тұратын күші жоқ қарапайым қазақтың типтік бейнесі де жасалған.

Осы кезең ақындарының дүниетанымы шығарма кейіпкерінің жан даусымен, арман-тілегімен сабақтас. Зар заман поэзиясындағы ақындық «мен» — қорғансыз халықтың көзқарасын білдіретін үн. Осылайша, бұл жырлардағы бейнелер жүйесін екі түрлі бағытқа бөліп қарастыруға болады:

Азған елдің адамы,
Апшыған сұмдар қадамы,
Жүйрікпін деп шабаны,
Момынға жапса жаланы,
Қулық-сұмдық табады, -

деп Дулат ақын суреттегендей, заманына сай адам сол екіге жарылған елдің ішінен шықты.

Бұл — айналасын жайпап, шамасына қарамай ұмтылып, алдынан шыққанды аямай басып өтетін адам. Өз кезеңі оның осындай сипаттарын айқындап берді. Уақыты оған елді қанауға жол ашты. Дулат: «Енді қазақ ел болмас», - деп соларға күйінгеннен айтты. «Қоғам-бесік ішінде халық-сәбидің жүрегін заман қамшысы осқанда, қам көңілдің жарасын жазу үшін әлди-жырын туғызған, ал елге лаң сап, дерт әкелген, жаудай талаған, «ел жақсысы» аға сұлтан, қазы, би мен бекті ащы тілмен, ашына түйрей сынаған» [4, 6-б], ақын адам әлеміндегі әр түрлі ахуалға сай өзгерістерді кестелі сөз, ойлы образ арқылы суреттеді.

Дулат Бабатайұлының ақындық шеберханасынан туындаған бұл ұмытылмас бейнелер – елге өнеге болатын идеал кейіпкерлер емес. Бұл образдардың мақсаты – тәрбиелік үлгі ұсыну да емес. Керісінше, олардың көмегімен халықтың қайғысы мен заманның мұңлы шындығы суреттеледі. Дулат жасаған кейіпкерлер – отарлық дәуірдің ауыртпалығын тереңдете түскен, сырттан жау төнгенде, іштен опасыздық жасаған жандар. Ел не істерін білмей, бағдарынан айырылған аласапыран шақта абдырап қалған бейшара халық өкілдерінің бейнесі де көрініс табады. Қазақ даласын талауға салған отарлаушының зұлым бейнесі де ақын назарынан тыс қалмайды. Оның барлық жырлары «азған заман» деген ұғымды нақтылай түседі.

Жалпы, зар заман поэзиясындағы образдар арқылы отаршылдық дәуірде ғұмыр кешкен адамның сан түрлі портреті жасалды. Замана адамын кейіптеу екі желіге бағындырылады: біріншісі – отарлаушылардың қорлығы; екіншісі: ағайынның алауыздығы. Бұл ақындардың өлеңдерінен ел бірлігінің берекесі қашқанын, бітімгерлік бәтуәнің бұзылғанын көреміз. Бұрын ел мен ел жауласса, енді екі кісі дауласады. Дулаттан басталған «екіге жарылуды» Мұрат Мөңкеұлы екі адамның жанжалы түрінде бейнелейді:

Адамның азған белгісі:
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
Екі айырып арасын,
Арасынан пара алған.

Ал Шортанбай адам мінезінің бұзылуын ел басқарушы шонжарлардың өзара тартысынан әрі тәрбиенің әлсіреп, жағымсыз қасиеттердің кең етек алуынан байқайды: «Екі үлкен егесіп, Қошқардай басын теңесіп, Сол жерде заман оңалмас». Демек, ол дәуірдің бұзылуын дәстүрдің де бүлінуі деп біледі. Бұл жағдайдың түп-төркіні, әрине, отаршыл саясатпен тығыз байланысты екені анық. Бұрын ел ішінде дау туындаса, халық әділдігімен танылған биге жүгініп, екі тарапты да қанағаттандыратын шешімге келетін дәурен артта қалды. Оның орнына қазақ арасында кішкене реніштің өзінде орыс ұлығына шағымдану әдетке айналды. Қазақ халқының барлық мәселесінің отар билігіне тәуелді болуы осындай үрдісті орнықтырды. Ендігі жерде талас-тартысқа не орыс әкімдері, не солардың қазақ ішіндегі өкілдері төрелік айтатын болды. Мұның бәрі кеңпейіл, сабырлы қазақ мінезінің өзгеріп, жаңа сипат алуына әсер етпей қоймады. Осы дертті тап басып, «Ел екіге жарылды» деген Дулаттың айқындамасы Шортанбай шығармашылығында нақтылықпен дами түседі: «Екі кісі ұрысса, Қалам алар қолына, Зәкүннің түсер жолына».

Зар заман әдебиетіндегі «екеудің дауы» тақырыбындағы бейнелер шоғыры — отаршыл биліктің әдейі құрған жүйесінің, қазақты бір-біріне қарсы қоюға бағытталған айлалы заңдарының ықпалына қарсылық ретінде дүниеге келді. Көп жағдайда қазақ тұрмысындағы екі жақтың араздығына себепші болған үшінші тараптың бейнесі де аңғарылады. Мұндай бейне Мұрат жырында: «Екі айырып арасын, Арасынан пара алған», ал Әбубәкірде: «Екі достың арасын, Айырады оңбаған» деген жолдарда көрініс табады. Бұл – өз халқын сатып, ұлыққа жағынған жағымпаздардың, екіжүзді жарамсақтардың бейнесі. Зар заман поэзиясында екеу арасындағы жанжал суреттелгенде, бұл кейіпкерлер ашық бейне емес, көбіне көлеңке секілді жанама түрде беріледі. Алайда, барлық жамандықтың тасада тұрып жасалатынын меңзейтін мұндай бейнелер — екеуара тартысты ушықтыра түсетін астыртын күш ретінде көрінеді.

Екі тараптың арасындағы қақтығыс тақырыбы зар заман дәуірінің соңғы ақындарының бірі — Албан Асанның шығармаларында ерекше айқындықпен көрініс тапты. Егер Дулат бұл халықтық қайғылы жағдайды «Ел екіге жарылды» деген кең ауқымды тұжырыммен жеткізсе, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір және Асан шығармаларында бұл ахуал екі жеке тұлғаның қақтығысы арқылы бейнеленеді. Ал «Ел арасы ашылды» деп тұжырым жасаған зар заманның соңғы өкілі — Албан Асан бұл тақырыпты шағын, бірақ мағынасы терең, «кішірейтілген» образдар арқылы шебер суреттейді:

Маңдайдағы екі көз,
Бір-біріне қас болды.

«Маңдайдағы екі көздің» бір-біріне қарсы тұруы — шын мәнінде мүмкін емес жайтты мүмкін етіп көрсеткен әсерлі деталь. Екі адамның әрекетін бір адамның ұқсас дене мүшесі арқылы бейнелеген Албан Асанның бұл ойы — оның терең философиялық танымын айғақтайды. Логикаға салсақ, тартысқа түскен екі жақтың бірінің сөзі шындыққа жанасады. Қайсысы кінәсіз, қайсысы теріс жолда екені анықталмаса да, әділеттің бір жақта болары сөзсіз. Адам баласының әрекеті негізгі мүшелердің үйлесімді қозғалысымен іске асатыны тәрізді, қазақ отбасының, әулетінің, тұтас ұлттың бірлігі де екі адамның түсінісіп, татуласуынан бастау алады. Дулаттан бастап Албан Асанға дейінгі зар заман ақындарының халық қасіретін екі адамның жанжалы арқылы беруі — олардың адам болмысын тереңінен танып, шынайы өмірлік мәнге үңіле білгенінің дәлелі.

Бұл шығармаларда заман адамының мінезі отбасындағы берекенің кетуімен, үлкен мен кішінің арасындағы құрметтің жойылуымен де көрініс табады. Қазақ шаңырағындағы бұрынғы үйлесімді жағдайдың өзгеруін ақындар айналадағы жат құбылыстарға еліктеген тентек баланың, ақылы сарқылып, сөзі өтпейтін қарияның, сабырсыз інінің, шарасыз ағаның, бір-біріне өшіге қараған ағайындардың өзара қатынасы арқылы суреттейді. Бұл көріністер, әрине, дүниенің құлдырауын сипаттайтын «ақырзаман» ұғымымен қабысып жатады. Дулаттың жырларында мұндай ахуал «Атаны бала аңдыды» немесе «Атаны бала алдады, Шешеге назар салмады» деген жолдар арқылы бейнеленеді.

Сөз зергері Дулаттың өлеңдерінде замана адамының мінез-құлқы мен іс-әрекетін, сыртқы бейнесін сипаттайтын жаңашыл теңеулер мен сәтті детальдар көптеп кездеседі. Халықты «қасқырша талаған», «итше қапқан» ел пысығының бойында ақын «күшігендік» қасиетін де байқайды. Елді тонаған ауылдың атқамінерін «жемтікке қонған күшігенге» теңейтін ақын, тағы бір тұста осы «күшігендікті» әжуа мен мысқылға толы бейнелі тіркестер арқылы көркемдеп суреттейді.

Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе үңгіген
Күшігеннен кем емес

«Кебеже қарын» мен «кең өңеш» әрқайсысы жеке-жеке айтылса да, кейіпкердің түр-келбеті мен ішкі ниетін бірден ұғуға мүмкіндік беретін айқын бейнелер. Ал егер бұл екеуі бірлесіп, күрделі тіркеске айналса, онда қомағайлық пен жемқорлық жайлаған қоғам адамының бейнесін толық танып-білуге болады. «Өлексе көрсе үңгіген» деген үш сөз арқылы барлық түр-сипаты мен болмысы анық байқалатын адам бейнесі қимыл-қозғалысқа түседі. Бірақ бұл әрекетте аң-құстың табиғи дағдысынан ауытқып, өлексені тартқылап жеген емес, күшігендей үңгиді...

Зар заман жырларында метафора арқылы жасалған поэтикалық образдар баршылық. Дулаттың өлеңіндегі «Дүние – жемтік, мен – төбет», Әбубәкір қолданған «Дүние – теңіз, біз – шабақ» шендестірулерінің формалық үлгісі Шортанбай мен Мұраттың шығармашылығынан көрінеді. Екеуінде де отаршылық пен халық ұғымдары басқа бір нәрсеге теңестіріледі: «Шортанбай: «Орыс – бүркіт, біз – түлкі, Аламын деп талпынды» десе, Мұрат: «Дұшпан – тазы, біз – түлкі, Қашсаң ерікке қоймайды» - деп тура сол тіркесті өзгеше түрлендіреді.

Қорыта айтқанда, қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, сөз зергері Дулат Бабатайұлының ел мен жер, адам мен заман бейнесін кейіптейтін ойлыобраздары мен тың теңеулері бүкіл зар заман әдебиетін айшықтайтын тосын тіркестерге үлгі болды. Ақынның терең толғамдары осы үрдіспен жырлаған шайырлардың шығармаларынан толық поэтикалық үндестік тапты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. - Алматы, 2011. - 744 б.

2. Дулат. Замана сазы. Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.

3. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.

4. Өмірәлиев Қ. Дулаттың дәуірі мен ақындығы (Алғы сөз) // Кітапта: Дулат. Замана сазы. Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.

ВЛИЯНИЕ МАСС-МЕДИА НА АГРЕССИВНОЕ ПОВЕДЕНИЕ ШКОЛЬНИКОВ

[1]Мухтарова Ш.М., д.п.н., профессор
[2]Хаутиева М.А., студентка 4 курса
[1,2]Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова,
г.Караганды, Казахстан

В последние годы в жизни человечества масс-медиа и люди стали не разрывным целым. Огромный поток новой информации, использование масс-медиа, а именно распространение различной информации оказывает далеко не благоприятное влияние на воспитательное пространство детей и подростков. В свою очередь создание воспитательного пространства - это необходимое условие взросления и становления личности ребенка не только в стенах образовательного учреждения, но и за его пределами.

На сегодняшний день заметно увеличивается рост количества детей и подростков

увлекающихся масс-медиа пространством различной направленности. В свою очередь многие родители гордятся достижениями своих детей в этой области знаний, так как они открывают большие перспективы в будущем для их детей. И все же вместе с этой положительной стороной масс-медиа следует отметить и негативные последствия этого процесса, влияющего не только на физическое, но и на социально - психологическое здоровье детей и подростков. Негативным последствием этого процесса является такое явление как зависимость от просмотра и использования масс-медиа, что зачастую выражается в агрессивном поведении.

Под термином «агрессия» в психологии понимают мотивированное деструктивное поведение, которое противоречит нормам общественных отношений, наносит вред объектам нападения, а также приносит физический ущерб людям или вызывает у них психологический дискомфорт. Агрессия выражается в отношении к другой особи своего или какого-либо другого вида, целью чего является отстаивание своих интересов.

Рассматривая масс-медиа как источник информации, в том числе для современных школьников обратимся к трактовке данного феномена. В первую очередь определим, что масс-медиа состоит из двух основ слов (массовый) и медиа – средство коммуникации. Следовательно, масс-медиа можно трактовать как массовое средство коммуникации. При этом массовая коммуникация - это процесс, а медиа - это средства коммуникации. Под коммуникацией в широком смысле понимаются и система, в которой осуществляется взаимодействие; и процесс взаимодействия; и способы общения, позволяющие создавать, передавать и принимать разнообразную информацию. Под средствами массовой коммуникации подразумевают совокупность специализированных институтов и технологий, задействованных для централизованного распространения информации. Но есть и другая сторона масс-медиа – это один из ключевых инструментов формирования и поддержания существования современной массовой культуры. Слово «медиа» произошло от «медиум» и предполагает способ преобразования накопленного опыта в знания посредством внешней визуальной формы. Под медиумом можно понимать любые средства, используемые в коммуникативных целях, – это может быть радиосвязь, печать, изобразительное искусство. При этом нужно разграничивать непосредственные коммуникативные средства и СМИ, так как у последних функционал и потенциал значительно шире. В то же время у них есть и специфические ограничения, связанные с правовой, территориальной, общественной привязкой.

Влияние средств массовой информации на отдельные нападения является одним из наиболее спорных вопросов. При открытом обсуждении проявлений нападений и насилия в молодежной среде средства массовой информации часто упоминаются как один из факторов, значительно усиливающих агрессивное поведение учащихся. На различных телеканалах и шоу подростки-зрители в любое время могут увидеть множество агрессивных эпизодов, которые часто носят крайне жестокий характер.

Среди молодежи популярны домашнее видео, кинопроизводство, комиксы и компьютерные игры. Кроме того, часто сообщается о значительном количестве времени, которое дети и подростки проводят за компьютерами и телевизорами в среднем за неделю. Эти наблюдения привели к убеждению, что насилие, транслируемое средствами массовой информации, является причиной общего роста агрессивного поведения в обществе.

В настоящее время возросла развлекательно-компенсаторная и фоновая функции СМИ из-за поверхностного восприятия социально значимой информации, что ставит перед педагогами проблему формирования критического отношения к массовым информационным процессам в нашем обществе. Воздействие описаний агрессивного поведения в средствах массовой информации на людей может быть продемонстрировано двумя способами.

а) В частности, показанное действие является прямой имитацией наблюдаемого действия.

б) В более общих формах - наблюдение за определенными типами нападений увеличивает вероятность агрессивной реакции в других формах.

Действия, которые непосредственно имитируют насилие, часто фигурируют в криминальных сводках. Б. Крэйхи подчеркивает, что преднамеренное или случайное убийство происходит потому, что дети имитируют то, что они видят на экране [1].

Ф. Райс подчеркивает, что телевидение формирует два типа агрессивного поведения. Другими словами, он имитирует то, что позитивно воспринимается в обществе [2].

Подростки чаще смотрят контент, содержащий жестокие развлечения, поэтому фильмы, видеопродукции и телешоу оказывают на них непосредственное влияние. Все это искажает картину мира, создавая сильно упрощенную и разрушительную субъективную картину реальности, которая влияет на психологию и действительно начинает доминировать и развивать более агрессивное поведение в обществе.

Между 8 и 12 годами отмечают исследователи сложный период, в течение которого дети подвергались воздействию изображений насилия, особенно по телевидению. По истечении этого периода эти изображения, по-видимому, больше не оказывают дополнительного кумулятивного воздействиях [1, с.235].

Некоторые критики утверждают, что, поскольку дети внедряют образы насилия в средствах массовой информации в когнитивные практики, которые направляют нападения, воздействие телевизионного насилия в этот сложный период может сформировать агрессивный сценарий. Когда скрипт изучен, он интегрируется посредством фактической реализации и итераций, и дополнительная мультимедийная информация не обязательно требуется для обслуживания [3, с.85].

Просмотр сцен насилия, изображаемых в средствах массовой информации, подрывает у аудитории способность «сдерживать» агрессивное поведение, что является общей чертой социального взаимодействия. Изображения нападений в средствах массовой информации широко распространены, и есть лишь несколько случаев, которые показывают, что насилие причиняет боль и вред жертвам, ослабляя представление о том, что насилие является антиобщественным и вредным.

Н.В. Брушлинская отмечает, что когда СМИ освещают проблему насилия, то в основном показывают жестокое обращение с участниками насилия. Публикация разоблачает злоупотребление свободой СМИ:

- жестокие подробности криминального насилия;
- описания методов убийства;
- развивает чувство страха и беспомощности;
- отображает циничный и непочтительный стиль выражения [4].

Исследования показали, что повторный просмотр сцен насилия, описанных в средствах массовой информации, может привести к зависимости, активизируются механизмы психологической защиты, и реакция на избегание этой информации «забывается» через механизмы конверсии. Из-за роли этих психологических механизмов на индивидуальном и психосоциальном уровнях признаки жестокости и насилия становятся нечувствительными, а новые формы агрессивного насилия усваиваются в соответствии с ролью механизмов социального обучения. [5, с. 193].

Более того, примечательно, что о негативной рекламе помнят, даже если она не очень нравится аудитории. В конце концов, повторяющиеся эпизоды, подобные этому, могут создать у аудитории гнетущее психическое состояние. Психологическое воздействие рекламы на уязвимость субстрата особенно важно.

Газетная индустрия является частью средств массовой информации и ориентирована на общественную аудиторию (печатная продукция, периодические издания (в основном газеты и журналы, ежегодники, объявления и т.д.) и менее распространенные не-журналы (книги, открытки, плакаты и т.д.).

Умеренное насилие: боевики, триллеры, фильмы ужасов, жестокие мультфильмы - часто включаются в самостоятельные группы, характеризуются как социально опасные, поскольку проповедуют культ насилия, жестокости, порочности и оказывают серьезное влияние на психологию детей [6, с. 432].

В сети появилось множество фильмов, мультфильмов, онлайн-игр, новостей, которые учащиеся могут легко скачать и посмотреть (игровой процесс). Как все мы знаем, современный рынок компьютерных продуктов полон программ, которые требуют от пользователей совершения агрессивных действий (такие игры, как «Wolfenstein», «Doom», «Unreal», «MortalCombat»). По некоторым данным, до 85% американских компьютерных игр содержат жестокость. Другими словами, агрессия в виртуальном мире является основным сюжетом во многих современных компьютерных играх, разработчики игр часто рекомендуют использовать тактику «выжигания».

Современное искусство изменяет и деформирует психику ребенка, воздействуя на воображение, давая новые установки и модели поведения. Из виртуального мира в детское сознание врываются ложные и опасные ценности: культсилы, агрессии, грубого и пошлого поведения, что приводит к гипервозбудимости детей. В западных мультфильмах происходит фиксация на агрессии. Многократное повторение сцен садизма, когда герой мультфильма причиняет кому-то боль, вызывает у детей фиксацию на агрессии и способствует выработке соответствующих моделей поведения.

Дети повторяют то, что видят на экранах, это следствие идентификации. Идентифицируя себя с существом, отклоняющиеся поведение, которого никак на экране не наказывается и даже не порицается, дети ему подражают и усваивают его агрессивные модели поведения. На сегодняшний день стала популярна модель суицидального распространения в СМИ игры «Синий Кит», где дети охотно поглощаются в ловушку сети интернета, преступая моральный закон о своей жизни.

Убивая, в современных распространенных компьютерных играх как «Dota», дети испытывают чувство удовлетворения, мысленно преступая закон и нормы. В виртуальной действительности отсутствует масштаб человеческих чувств: убивая и подавляя ребенок не переживает обычных человеческих эмоций: боли, сочувствия, сопереживания. Наоборот, привычные чувства здесь искажены, вместо них ребенок получает удовольствие от удара и оскорбления и собственной вседозволенности.

Рассмотрим более подробно механизмы, с помощью которых у школьников развивается агрессия. Так факторы могут привести к личностной агрессивности можно подразделить на:

1) предполагая, что человек видит, что другой человек пытается напасть на него, или видит намерение помешать ему напасть на него, тот факт, что другой человек имеет враждебные намерения и планирует напасть на себя, имеет решающее значение.

2) В компьютерных играх для достижения цели необходимо совершать нападения и атаковать, что вызывает агрессию у детей. Появляется возможность нанесения ущерба жертве ожиданий. Цель нападения играет второстепенную роль.

3) Основной стимул, помогающий при нападении. Специфика ситуации влияет на оценку ситуации и указывает на то, какой смысл ей следует придать испытуемому.

4) Удовлетворение результатами, полученными в ходе нападения. У человека, подвергшегося нападению и подумывающего о мести, восприятие после неудачного боксерского поединка включает в себя альтернативный опыт, который отражает, пробуждает и удваивает надежду на месть, чтобы мотивировать его.

5) Самооценка. Процесс самооценки относится к факторам, определяющим агрессивность субъекта. Это связано с тем, что высокий или низкий уровень самооценки регулирует нормативные стандарты внутренних ограничений, которые могут препятствовать агрессии или способствовать ее развитию.

Например, агрессивность у подростков может формироваться как в контексте эмоциональной изоляции родителей и воспитателей, так и, наоборот, в условиях абсолютно жесткого контроля. Первая характеризуется тем, что отцы испытывают собственные психологические проблемы: повышенную тревожность, нестабильность интеллекта, маскулинность, сексуальную ориентацию и т.д. В результате роста и развития ребенка, испытывающего психологический дискомфорт, недостаток внимания, заботы, он часто

нападает в форме эмоций, протеста, особых актов возмездия, заставляя окружающих обратить на него внимание.

В данном случае Т.Д. Молодцова указывает на несоответствие между эмоциональными и ценностными переживаниями, характерными для подростков, и реальным поведением: агрессивное поведение может быть показателем позитивного отношения объекта, когда оно выступает как способ привлечения внимания; но возможно и обратное, когда проявляется открытое поведение, очень лояльное по отношению к объекту в контексте отказа от этих чувств и ценностей [7, с.216].

Вторая особенность заключается в том, что родители напуганы очевидными и воображаемыми (преувеличенными) опасностями современной социальной жизни и беспокоятся о будущем и благополучии своих детей. Бунт детей против несовершеннолетних учителей - естественная реакция на самореализацию. В процессе социализации в подростковом возрасте нужно преодолеть свою зависимость от родителей, чтобы обрести самостоятельность и независимость. Личность отца или матери заменяется личностью другого референтного человека (литература, кино и т.д.) или социальной группы. Но многие молодые люди возмущены тем, что их заставляют отворачиваться от родителей, общаться с самими собой, игнорировать право родителей на опекунство и отстаивать свое право на труд. Такие протесты часто принимают деструктивную и демонстративную форму «противостояния оппозиции». Взаимодействие с другими взрослыми, включая социальных педагогов и психологов, которые более или менее тесно взаимодействует с подростками, чьи архетипы соответствуют родительскому статусу и чьи взаимодействия часто имеют схожую окраску.

В научных источниках отмечается, что частое и длительное пребывание в Интернете, особенно в онлайн-играх, может привести к тому, что учащиеся станут зависимыми. Дети сталкиваются с такими рисками, как погружение в виртуальные миры, снижение социальных контактов и социальная неприспособленность, которые могут привести к депрессии и самоубийству. В конце концов, дети, которые полагаются на Интернет, не могут контролировать время, которое они проводят перед экраном. Психологи в своих исследованиях интересуются влиянием различных «стрелялок», кровавых изображений на подростков и отмечают, что зачастую просмотр жестоких сцен закладывает в сознании подростков мысли о воплощении их в реальной жизни. Точно так же, как герой может спрыгнуть с высокого здания и пролететь над пропастью, это тоже может вынуждать детей совершать подобные поступки в реальной жизни, подвергая риску свое здоровье и жизнь.

Новейшие технологии, такие как компьютеры и программное обеспечение, видео, кино, печатные издания, предоставляют обществу прекрасную возможность получить доступ к информации за короткое время. Компьютеризация также меняет методы обучения учащихся начальной школы.

Опасности, подстерегающие ребенка в интернете:

- большой риск представляет знакомство с опасными людьми в чатах в играх на компьютерах. Это самый большой риск. Существует опасность вовлечения в сатанинские секты, сетевые «оргии», деструктивное влияние на детей, различные сайты порнографии, пиротехники, привлечение в азартные игры, к суициду, к наркотикам и др. негативным проявлениям девиаций.

Компьютер и телевизор отбирает у детей их детство. Вместо активных игр, переживаний настоящих эмоций и чувств и общения со сверстниками и родителями, познания самого себя через окружающий живой мир, дети часами, а бывает, и днями, и ночами просиживают у телевизора и компьютера, лишая себя той возможности развития, что дается человеку только в детстве. Еще одним примером негативного влияния СМИ является создание массы с ограниченным мышлением. Манипулировать думающей, образованной личностью не просто. Другое дело - людьми с ограниченным мышлением. Сознательное упрощение и пристрастный подбор тем для информирования населения, помогает СМИ формировать людей с ограниченным мышлением. Такие люди осознают внушенные им идеи,

как свои собственные. Таким образом, человек становится частью «психологической толпы», а не индивидуальной и уникальной личностью.

Таким образом, масс-медиа могут влиять на агрессивное поведение школьников следующим образом:

- искажение картины мира. Просмотр контента, содержащего жестокость, насилие и агрессию, формирует упрощённую и деструктивно влияющую на психику картину субъективной реальности.
- Подражание увиденному поведению. Дети могут напрямую имитировать наблюдавшиеся сцены или приводить к повышенной вероятности агрессивных реакций в другой форме.
- Ослабление запретов на агрессивное поведение. Наблюдение сцен насилия подрывает восприятие агрессии как асоциального и пагубного деяния.

Поэтому родителям нужно обращать внимание на жанр телепередачи или игры, количество времени, проведенного за компьютером или телевизором, расстояние от монитора до глаз (соблюдение эргономических требований).

Исходя из вышесказанного, влияние масс-медиа на школьников может быть как отрицательным, так и положительным.

«This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23489106)»

Список литературы

1. Крэйхи Б. Социальная психология агрессии.- СПб.: Питер, 2003.- 336 с.
2. Rice F. Desarrollo humano:el estudio del ciclo vital. México: Prentice-Hall, 1997.
3. Румянцева Т.Г. Понятие агрессивности в современной зарубежной психологии//Вопросы психологии - № 1 – 2021. - С.81 - 87.
4. Брушлинская Н.В. Криминальное насилие в семье и его трансляция средствами массовой информации. http://evartist.narod.ru / text7 / 38. htm.
5. Брайант Д., Томпсон С. Основы воздействия СМИ.- М., 2004.
6. Харрис Р. Психология массовых коммуникаций. 4-е межд. изд.- М.: Издательский дом «Нева», 2002.
7. Молодцова Т.Д. Психолого-педагогические проблемы предупреждения и преодоления дезадаптации подростков .- Ростов н/Д: Феникс, 1997. - 340 с.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

[1]Кошкимбаева Р.Х. педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы
[2]Бахралинова А.Ж. филология ғылымының кандидаты, PhD, доцент,
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Павлодар қаласы, Қазақстан

Қазіргі кезеңде білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне өзіндік талаптар мен міндеттерді жүктейді. Бұл - табиғи әрі заңды құбылыс. Ғылымның дамуы балаға жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Бұл да – табиғи және заңды жағдай. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы – жалпы білім беру жүйесіндегі ең алғашқы және ең жауапты буын. Баланың психикалық дамуы жоғары икемділікпен сипатталады, бұл оның үлкен даму мүмкіндіктеріне жол ашады. Алайда бұл мүмкіндіктердің жүзеге асуы негізінен оны

қоршаған ересектердің тәрбиесі мен білім беруіне тәуелді. Осыған орай, зерттеу тақырыбының өзектілігі ерекше мәнге ие болып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыты болып табылады. Сапалы мектепке дейінгі білім беру және балалардың қабілеттерін дамыту қоғам үшін өте маңызды, өйткені балалар болашақ елдің зияткерлік әлеуеті [1].

Көптеген психолог баланы өмірінің алғашқы үш жылында тәрбиелеу, дамыту және оқытудың маңыздылығына ерекше мән беріп, бұл мәселеге мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен ата-аналардың назарын жиі аударуда. Отандық және шетелдік зерттеушілер бұл жастағы балалардың сөйлеу, сенсорлық қабілеттерін, ойлау, дене тәрбиесі, эстетикалық талғам, патриоттық тәрбие және тұлғаның басқа да даму бағыттарына ерекше ықпал ететіні жөнінде бір пікірге келген.

Д.Б.Эльконинның тұжырымдамасы. Балалық шақ адамның балалық шағындағы өзгерістердің даму заңдылықтары, ерекшелігі мен сипатын анықтайтын нақты тарихи жағдайлар контексінде қарастырылады. Балалық шақ адамның өміріндегі әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде анықталған, адамның тұлғалық мәдениетін органикалық, әлеуметтік, рухани мұқтаждықтарын, адамгершілік мәдениетін меңгеруін қанағаттандырудың адами тәсілдерін алудың қажетті шарты ретінде есептеледі. Ересек адамның рөлі - балаға ана тілін, практикалық әрекеттер мен мәдениетті меңгеруге көмектесу.

Д.И. Фельдштейннің тұжырымдамасы. Балалық - әлеуметтік әлемнің ерекше құбылысы. Функционалдық тұрғыдан алғанда, балалық шақ қоғамның даму жүйесінде, жас ұрпақтың қартаю үдерісінің жағдайы, болашақ қоғамды жаңғыртуға қажетті жағдай болып табылады. Балалық шақ - бұл тұрақты физикалық өсу процесі, ақыл-ой түйіндерінің жинақталуы, қоршаған ортада, үнемі және ересектермен және басқа балалармен өзара қарым-қатынаста өзін-өзі анықтауы.Балалық шақтыңмаңыздылығы - баланың жасына байланысты биологиялық заңдылықтар өздерінің әсерін айтарлықтай өзгертетін әлеуметтік дамудың ерекше жағдайы.

Ш.А.Амонашвилидің тұжырымдамасы. Балалық шақ адамдар үшін қайталанбайтын ерекше миссиялардың бірі. Ересек адам оны өсіруге көмектеседі, мейірімділік пен қамқорлық жағдайларын жасайды, содан кейін бала, ересек адам болып, айналасындағы адамдарға қуаныш сыйлайды. «Адамға адам керек. Өмірдің қайнап жатқан өз заңдылықтары бар, оның заңдарылықтарына сәйкес адамдар дүниеге келіп отырады, сондықтан дүниеге келген әрбір адамның өз миссиясы бар».

В.Т.Кудрявцевтың тұжырымдамасы. Балалық шақ мәдени тұрмыстың және индивидтің тағдырын анықтайды. Балалық шақ мәдениет пен балалықты бір-бірімен байланыстыратын құндылық. Балалық шақтың шешуші өзара әрекеттесудің екі негізгі міндеті бар. Сол тапсырманы баланың мәдениетпен өзара әрекеттесу тәжірибесін қолдайтын және байытатын ересек адам. Балаларға және педагогқа арналған шешімдердің нәтижесі балалық шақтың субмәдениеті.

В.В.Зеньковскийдің балалық шақ тұжырымдамасы. Балалық шақта ойынның рөлі ерекше. Ойын барысында ол белсенділік танытады, қиялдайды, ойланады, образдар жасау арқылы сезінеді. Ойын эмоционалды және психикалық құбылыстарды сезінуге қызмет етеді.

Баланың құнды әлеуметтік тәжірибені ересектің басшылығымен жинақтауы баланың жас ерекшелік әлеуетін ашуға және үлкен өмірге табысты енуіне ықпал етеді. Ерте жас — тұлғаның дамуындағы ең маңызды кезең. Бұл баланың болашақ өміріне қажетті әлеуметтік ортаны, заттарды және қарым-қатынасты, табиғатпен қарым-қатынас жасау тәсілдері мен адамдардың арасындағы қарым-қатынас нормаларын игеру кезеңі. Ерте жасты оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселелерін шешуде айрықша және қайталанбас кезең деп есептейміз. Бұл кезең− баланың барлық негізгі қабілеттері мен функциялары қалыптасатын ерте балалық шақ, әрі тәрбиелеу мен оқытуға ең тиімді уақыт болып есептеледі. Туғаннан алты жасқа дейінгі кезең баланың болашақ өмірінің іргетасын қалау үшін аса маңызды.

Қазақстандағы мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиенің дамуына ағартушы – педагог Назипа Құлжанова зор еңбек еткені белгілі. Барлық дерлік мектепке дейінгі ұйымдар баланың жеке басын жан-жақты дерлік дамуына негізделген. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму және жаңару үстінде екенін айдан анық көрсетіп отыр.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу және білім беру процесінің мақсаты - баланың интеллектуалдық пен физикалық дамуын үйлестіре отырып, оны жан-жақты дамыту, сондай-ақ балаларда әлеуметтік байланыстарды қалыптастыру және дамып жатқан оқыту мен тәрбиелеу жағдайында бірге әрекет ету дағдыларын дамыту [2].

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру жүйесінің даму және жаңару үстінде екенін айдан анық көрсетіп отыр. Қазақстандағы балабақшаларда баланың жас кезеңдері бойынша келесі жас топтары бар:

– ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

– кіші топ – 2 жастағы балалар;

– ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

– ересек топ – 4 жастағы балалар;

– мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепал ды сынып – 5 жастағы балалар.

Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметінде бірқатар нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары;
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;
- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама- лары;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және т.б.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Оқыту – бұл баланы адамзат білімінің барлық салалары бойынша ақпарат әлеміне ең қолайлы жас кезеңінде (1 жастан 3 жасқа дейін) тереңдете енгізу үдерісі. Дәл осы 1 жастан 3 жасқа дейінгі кезеңдегі тікелей оқытудың нәтижесі баланың ақыл-ойының біртіндеп және үйлесімді дамуына мүмкіндік береді, бұл төмендегі бағыттар бойынша келесі ұйымдастырылған іс әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дене тәрбиесі;
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка.

Мектепке дейінгі білім беру баланың оқуы мен дамуының негізгі буыны болып табылады. Әр елдің ұлттық дәстүрлерінің ерекшелігімен, мемлекеттің білім беру саласындағы саясатымен, елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен анықталатын мектепке дейінгі оқыту кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Ерте жастан бастап білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленген балаларда мінез-құлықтың ережелері мен нормаларын меңгеру нәтижесінде эстетикалық талғамы қалыптасады. Бұл олардың жалпыадамзаттық құндылықтарға деген көзқарасын дамытуға ықпал етеді. Уақыт өте келе балалар өздігінен шешім қабылдап, қоршаған ортаға тәуелсіз әрекет етуге дағдыланады. Балалардың күнделікті өмірдегі тәжірибесі артып, сонымен қатар айналасындағы адамдармен өзара қатынасы да күрделене түседі, себебі бұл кезеңде оларда өзін жеке тұлға ретінде қабылдау, өз іс-әрекеттері мен сыртқы бейнесіне баға беру қабілеті дамиды. Мектепке дейінгі ұйымның бағдарламасы бойынша оқыту барысында балаларда маңызды жаңа құрылым қалыптасады – өздерінің әлеуметтік «Менін» сезіну. Балалар педагогтің тапсырмаларын орындай отырып, ерте жастан бастап табиғи түрде тәртіпке, ұқыптылық пен ұйымдасқандыққа бейімделе бастайды. Бұл олардың болашақта өз-өзіне сенімді болып қалыптасуына, сондай-ақ артық ұялшақтық пен ішкі кедергілерді жеңуіне мүмкіндік береді [3].

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Жақсы жоспарланған тәрбие мен білім беру бағдарламасы балаларда өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады. Бұл дағдылар болашақта олардың күнделікті өмірін, оқуын, кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруына мықты негіз болады. Балалардың өз бетінше әрекет етуі көбінесе күнделікті тәртіптік жағдайларда, яғни өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын меңгеру кезінде байқалады. Сондай-ақ ойын барысында бала ересектердің көмегінсіз өмірлік бір-екі көріністі өздігінен көрсету арқылы дербестігін танытады. Дербестік балалар арасындағы қарым-қатынаста да байқалады [4].

Осылайша, түрлі іс-әрекет түрлерінде және әртүрлі өмірлік жағдайларда баланың дербестігі - тұлғаның маңызды әрі күрделі қасиеті - қалыптасып, дамиды. Баланың уақтылы әрі жан-жақты дамуы үшін маңызды шарттардың бірі – оның тұрақты және жағымды эмоционалдық күйде болуы. Бұл көңіл күй күн тәртібінің дұрыс құрылуы мен өмір сүру жағдайының тиімді ұйымдастырылуы арқылы сақталады. Тәрбиелік жұмыстың мақсатына жету педагогикалық тұрғыдан негізделген формалар мен әдістерді дұрыс таңдауға және балалардың күнделікті өмірін тиімді ұйымдастыруға байланысты. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты – тек білім мен оқу қабілеттерін меңгерту ғана емес.

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің негізгі мақсаты - балалардың жасына сәйкес қоршаған әлем туралы түсініктерін қалыптастыруға жағдай жасап, балалардың тәжірибе жүргізу әдістерін пайдалана отырып, олардың танымдық мүмкіндіктерін дамыту. Тәжірибе жасау балалардың барлық әрекет салаларын қамтиды: серуен, тамақтану, дербес әрекеті, ұйымдастырылған іс әрекеттер мен ойындар. Баланың өмір туралы қажетті білімді игеруі тек өзінің жеке тәжірибесі арқылы жүзеге асады. Сондықтан педагогтар тәжірибелік жұмыстарға жағдай жасап, баланың зерттеуге және жаңа нәрселерді ашуға деген ынтасын арттыруы тиіс.

Оқыту мен тәрбиелеудің ең маңызды кезеңі — баланың өз білетінінен білмейтініне өту мүмкіндігі, бұл үдеріс еліктеу арқылы іске асады. Еліктеу — баланың дамуына оқытудың әсер ететін негізгі тәсілі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымда бала өздігінен істей алатын нәрселерді емес, әлі меңгермеген, бірақ тәрбиешімен бірге және оның басшылығымен үйренуге болатын дағдыларды меңгереді. Педагогпен бірлесіп, еліктеу арқылы бала өз бетінше әрекет етуден гөрі зияткерлік саласында әлдеқайда көп нәрсеге қол жеткізе алады. Бірлесе әрекет ету барысында ол өзін анағұрлым қабілетті әрі зерек сезінеді, күрделі зияткерлік тапсырмаларды шешу деңгейі де жоғарылайды. Бүгін ынтымақтастықта меңгергенін, ертең бала өздігінен орындай алатын болады. Әлі толық қалыптаспаған, бірақ қалыптасу үстіндегі үдерістер аймағы - баланың жақын арадағы даму аймағын құрайды. Бұл - мектепке дейінгі ұйым бағдарламасындағы бала дамуының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады [5].

Оқыту көбінесе баланың толық қалыптасып үлгерген қабілеттері мен қасиеттеріне емес, жетілу үстіндегі функцияларына сүйенеді. Белгілі бір функциялар дамып-жетілу кезеңінде болған сәт — сол бағыттағы оқыту үшін ең тиімді, яғни оңтайлы уақыт болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім алу барысында балалар бірлесіп жұмыс істеуге, ұжыммен әрекеттесуге бейімделеді. Талдап отырған тақырыптың өзектілігі бүгінгі таңда ескі дәстүрлерді сақтап қана қоймай, сонымен бірге жаңа оқыту технологияларына негізделген түрлі әдістемелер мен педагогикалық бағыттардың кең таралғандығымен де байланысты.

Сонымен бүгінгі күні ерте білім беру жүйесінің дамуы туралы емес, оның қайта жаңғыруы туралы айту керек. Ерте жастағы баланың сапалы дамуы үшін қажетті біліктілікке ие кәсіби мамандардың психолого-педагогикалық қолдауы маңызды болып табылады. Педагогикалық теория мен практикадағы жаңашыл бағыттарды ескере отырып, ерте жастағы балаларды дамыту мен оқыту процесін ғылыми негізде ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу қажет болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы №422 бұйрығы.
3. Жиенбаева С.Н., Бекмағанбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлшекбаева Ә.С. Мектепке дейінгі педагогика. 2-ші басылым, қайта өңделген және толықтырылған: Оқу құралы. – Алматы, 2018.
4. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика: оқулық. - Астана, 2014.
5. Игенбаева, Р.Т. Мектепке дейінгі педагогика: оқу құралы/ Р.Т Игенбаева, С.А Назарова, У.А Есмаханова. - Алматы: Эспи, 2022.

THE ROLE OF PRECEDENT-SIGNIFICANT TEXTS IN THE FORMATION OF SOCIOCULTURAL COMPETENCE

G.Kushkarova, Associate Professor
Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Kazakhstan

In the context of the globalizing world and the increasing role of intercultural communication, modern foreign language education is undergoing a significant transformation. No longer is it sufficient to teach grammatical structures, lexical units, or pronunciation rules in isolation. Today's learners must acquire the ability to interact meaningfully within diverse sociocultural environments, which places the development of sociocultural competence at the core of communicative language teaching. One promising and still under-researched approach to cultivating such competence is the integration of precedent-significant texts, particularly those drawn from contemporary media such as English-language films and television series.

The notion of "precedent-significant texts" (or simply "precedent texts") has its roots in linguistic and cultural studies, referring to verbal expressions or text fragments that are widely recognized within a given speech community and that evoke shared cultural associations and meanings [1]. These texts may take the form of quotes from literature, references to historical events, iconic slogans, or popular lines from movies and TV shows. Their unique feature is their intertextuality—that is, their capacity to activate a wide network of culturally loaded meanings in the minds of speakers and listeners alike. This makes them especially valuable in foreign language education, where the goal is not merely linguistic proficiency, but the ability to understand and participate in the cultural discourse of the target language.

The relevance of this study lies in the increasing pedagogical interest in authentic and culturally embedded materials. Films and television series, as integral elements of the English-speaking world's media landscape, offer a rich reservoir of such texts. They reflect real-life communication, social roles, humor, irony, and symbolic behavior—often in a way that is more engaging and accessible than traditional literary texts. For learners at the intermediate level (B1–B2), these media artifacts provide an ideal combination of comprehensible input and cultural immersion, fostering both motivation and intercultural awareness.

Despite growing recognition of the potential benefits of media texts, existing research tends to focus on either classical precedent texts (from canonical literature or history) or generalized studies on media use in language classrooms. There is a lack of systematic, pedagogically oriented investigations into how specifically *precedent-significant texts from contemporary media*—such as "How you doin'?" from *Friends*, or "May the Force be with you" from *Star Wars*—can be integrated into lesson planning to cultivate sociocultural competence.

The roots of the notion of precedent text can be traced back to the works of Russian linguist Yu.N. Karaulov, who introduced the concept of "precedent phenomena" (прецедентные феномены) as textual, nominal or situational units that are deeply embedded in the collective memory of a given cultural or linguistic community [2, p. 215]. Precedent texts, according to Karaulov, are verbal formations that evoke shared associations with a known cultural source—be it a literary work, a film, a historical event, a religious scripture, or a political speech—and are regularly reproduced in communication. Although the theoretical framework was initially rooted in Russian linguistics, the relevance and universality of the concept quickly attracted attention across linguistic and pedagogical traditions.

Precedent texts function at the intersection of language and culture, enabling the transmission of complex ideological, historical, and emotional content through concise linguistic forms. A single phrase such as *"May the Force be with you"* from the *Star Wars* franchise immediately evokes a rich matrix of meaning: a genre universe, a moral vision, and a cultural mythos familiar not only to native speakers but to a global audience immersed in Anglo-American media culture. In educational terms, such a phrase serves as an access point to exploring narrative

conventions, archetypes, social values (such as hope, resistance, solidarity), and discourse patterns characteristic of English-speaking societies.

The cognitive mechanism underpinning the effectiveness of precedent texts lies in what psychologists and cognitive linguists refer to as schema activation and associative framing. Learners confronted with a culturally loaded expression are not merely decoding its lexical or grammatical content; they are engaging in interpretive reconstruction, mapping the phrase onto pre-existing mental representations, emotional scripts, and narrative templates. This results in a deeper and more durable encoding of linguistic input, as the learner's cognitive apparatus is mobilized to connect the unfamiliar (target culture) with the familiar (previous knowledge and emotional experience).

Unlike textbook dialogues or culturally neutral phrases, precedent texts possess what we may call semiotic density: they condense extensive cultural narratives into minimal verbal forms. For example, the line *"We were on a break!"* from the sitcom *Friends* encapsulates not only a character's personality and the plotline of a particular episode, but also broader themes such as gender dynamics, relational ambiguity, and informal conflict resolution in American interpersonal communication. When such a text is introduced in the classroom, it does not merely function as an idiomatic phrase—it opens the door to cultural discussion, social analysis, and humorous interpretation, all of which are essential components of sociocultural competence.

In pedagogical practice, the use of precedent-significant texts transforms the classroom into a space of cultural immersion, even in the absence of physical travel or direct contact with native speakers. When students analyze, interpret, or reproduce these texts, they are not only acquiring linguistic forms—they are entering into a dialogue with the cultural code of the target community. This process activates not only the cognitive and behavioral dimensions of sociocultural competence, but also its affective dimension: learners begin to feel connected to, empathetic with, and responsible for understanding the symbolic universe in which the target language operates.

Moreover, precedent texts play a vital role in the development of intertextual literacy, a skill that is increasingly crucial in both academic and real-world communication. In contemporary media environments, particularly those shaped by meme culture, viral discourse, and layered narrative structures (e.g., *The Office*, *Black Mirror*, *Sherlock*), the ability to detect, interpret, and respond to cultural allusions is not merely a bonus—it is a communicative necessity. Students who learn to recognize the meaning behind *"I am not a psychopath, I'm a high-functioning sociopath"* or *"Friends don't lie"* are being trained to navigate not only the English language, but also the symbolic economy of Anglo-American cultural production.

Importantly, the use of such texts can also counteract cultural essentialism by demonstrating the plurality, irony, and contestation within a culture. For instance, the phrase *"American Dream"* may initially appear as a celebration of opportunity and personal freedom, but through its use in satirical contexts or critical discourse, students can be exposed to debates around inequality, disillusionment, and systemic bias. This capacity for critical cultural reflection is a vital outcome of genuine sociocultural competence and is best cultivated through materials that allow for multiple readings, emotional engagement, and discursive exploration—precisely what precedent texts offer.

In addition to their interpretive richness, precedent texts are often associated with emotional memory, making them especially effective in educational settings. Because many of these texts originate in films, songs, or series that students have already encountered (even passively), they carry affective resonance that aids retention and facilitates spontaneous recall in communicative situations. Unlike abstract grammar rules or isolated vocabulary lists, culturally significant phrases are anchored in narrative, imagery, and emotion, thus reinforcing long-term acquisition and learner motivation [3].

From a methodological perspective, the inclusion of precedent-significant texts into English language instruction necessitates a deliberate and systematic approach, grounded in clear pedagogical objectives and learner-centered design. These texts are not merely supplementary media content; they function as core cultural instruments, capable of transforming linguistic input into meaningful, contextualized, and emotionally resonant communicative experience. Their

integration into the curriculum must therefore follow principles of relevance, accessibility, and cultural saturation.

The first step in methodologically sound implementation is the selection of appropriate precedent texts. Not every famous phrase or media quote is suitable for pedagogical purposes. The selection process should be guided by the following key criteria:

1. Linguistic Accessibility: The text must be understandable to learners at the target proficiency level, which for this study is B1–B2. This includes clarity of pronunciation, moderate syntactic complexity, and manageable vocabulary. Phrases such as *"I'll be back"* or *"Winter is coming"* are ideal in this regard due to their brevity and clarity.
2. Cultural Relevance: The expression must hold recognizable cultural weight within the Anglophone world. It should evoke shared knowledge, values, or emotional resonance, allowing learners to enter into the cultural memory of native speakers. This gives the text its "precedent" status—not merely being famous, but being symbolically powerful.
3. Interpretative Potential: The text should offer multiple layers of meaning, including metaphorical or ironic subtexts. For example, the phrase "The truth is out there" (The X-Files) can lead to discussions about truth, belief systems, and conspiracy culture in American society. This encourages critical reflection, a core goal of sociocultural pedagogy.
4. Motivational Value: Texts drawn from popular films or series familiar to the learners tend to generate higher levels of engagement and emotional response. In particular, Gen Z learners respond strongly to references from Stranger Things, The Office, Black Mirror, and Marvel franchises.
5. Transferability and Authentic Use: Ideally, the text should be usable by learners in real-life communicative contexts—in discussions, social media, or creative tasks. When a student uses the expression "That escalated quickly" appropriately, they are not only demonstrating vocabulary recall but also pragmatic and cultural competence.

Once selected, these texts can be employed through a variety of task types—including lexical, interpretative, and discursive activities—that target different dimensions of sociocultural competence. For instance, lexical tasks might involve matching phrases to contexts, while interpretative exercises ask students to analyze subtext, irony, or intertextual references. Discursive tasks encourage debate, storytelling, or role-play, thus promoting practical application and creative engagement.

It is equally important that educators scaffold these tasks properly. This involves providing background information (e.g., who the character is, what the scene represents), visual or audio support (via clips or images), and discussion prompts that move from comprehension to interpretation. For example, when working with the phrase *"Friends don't lie"* from *Stranger Things*, the teacher might begin by exploring its literal meaning, then move to discussing friendship values, and finally compare cultural expectations of honesty across different societies.

Expected outcomes from such methodology are manifold. Learners develop:

• Increased awareness of cultural references and codes;
• Improved ability to interpret social and symbolic meaning;
• Greater confidence in using idiomatic and culturally marked expressions;
• Strengthened empathy and intercultural sensitivity;
• Enhanced memory retention and emotional involvement in learning.

To consolidate the pedagogical rationale, the table below summarizes the core benefits of integrating precedent texts into the sociocultural learning trajectory.

Table 1. Pedagogical Functions of Precedent Texts in Sociocultural Competence Development

Pedagogical Goal	Role of Precedent Texts	Example
Developing cultural awareness	Provide symbolic access to cultural narratives and values	"American Dream"; "The British stiff upper lip"
Teaching idiomatic and expressive usage	Offer authentic and memorable models of colloquial and expressive language	"You talking to me?"; "Just do it"
Fostering emotional engagement	Create affective resonance through humor, irony, or drama	"I am your father" (*Star Wars*); "We were on a break!"
Stimulating critical thinking	Encourage analysis of subtext, irony, or cultural assumptions	"The truth is out there"; "Big Brother is watching you"
Supporting intertextual literacy	Train recognition and interpretation of allusions and layered meaning	"I'm not a psychopath…"; "This is the way"
Enhancing pragmatic fluency	Provide ready-made forms usable in natural social contexts	"That's what she said"; "It's not rocket science"

The rise of the media-saturated society, as described by theorists such as Neil Postman and Henry Jenkins, has radically transformed the way in which cultural knowledge is produced, distributed, and internalized. Today's learners are not passive recipients of language, but active participants in global symbolic environments mediated by streaming platforms, social media, and transmedia narratives. Within this new ecology, films and television series function as semiotic reservoirs, where language intersects with image, sound, gesture, and story, and where certain lines or expressions gain iconic status due to their emotional intensity, narrative importance, or social resonance [3,4].

Unlike written literary texts or static historical documents, audiovisual media engage multiple cognitive channels and are thus more likely to be retained, emotionally processed, and imitated. A phrase like "Life is like a box of chocolates" (Forrest Gump) is not simply a metaphor; it becomes an emotional anchor, associated with character identity, moral reflection, and a particular intonation and visual context. These elements give the text its precedent quality—it is cited, referenced, parodied, and embedded into new discursive frames, both in the Anglophone world and beyond [5].

Hollywood cinema, in particular, has served as a global engine of cultural narrative, offering a repertoire of expressions, moral tropes, and archetypes that transcend national boundaries. The iconic status of many cinematic lines is the result of their narrative centrality and emotional accessibility. For instance:

"I'll be back" (Terminator) conveys perseverance and menace with minimal verbal effort.

"Here's looking at you, kid" (Casablanca) reflects romantic resignation within a war-time moral code.

"You can't handle the truth!" (A Few Good Men) encapsulates ethical confrontation and institutional critique.

Such texts become culturally saturated speech acts. They no longer require full contextualization to be understood—they function autonomously as signals of emotion, ideology, or humor, and thus are ideal objects for classroom exploration of sociocultural meaning [4].

Moreover, cinema allows students to observe language in action: embedded in gestures, pauses, facial expressions, and background music. This enables learners to decode pragmatics (e.g., sarcasm, politeness, irony), recognize cultural scripts, and practice imitation as a tool for both phonetic and cultural fluency. The inclusion of movie-based precedent texts in teaching materials

enhances not only lexical retention, but also fosters the development of meta-pragmatic awareness—a crucial competence in intercultural interaction.

The integration of precedent texts from diverse media sources into English language instruction reflects a broader pedagogical movement toward authenticity, multimodality, and cultural relevance. These texts encapsulate the symbolic complexity of language as it is lived, performed, and remembered by speakers. They enable learners not only to decode grammar, but to decode culture—a far more subtle and vital process in intercultural communication.

By drawing from cinema, television, music, advertising, and digital discourse, educators are equipped to construct rich, interdisciplinary learning environments where students encounter English not as a set of abstract rules, but as a living, breathing social code, embedded in narrative, ideology, and feeling.

In conclusion, the use of precedent-significant texts represents a methodologically robust, cognitively stimulating, and culturally responsive strategy for the development of sociocultural competence in English language learners. Far from being ornamental or entertainment-oriented, such texts embody the deep structure of cultural knowledge and communicative practice. Their inclusion in the language classroom affirms the principle that language learning is always cultural learning, and that true communicative competence demands the ability not only to express oneself, but to understand and participate in the symbolic life of the target community.

References

1. Рузиева Л.Т. Прецедентно-значимые тексты как когнитивный компонент культуры народа в системе обучения русскому языку в неязыковом вузе в лингвокультурологическом аспекте: автореф. … д-ра пед.наук. – Душанбе, 2019. – 45 с.

2. Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. Изд. 7-е. – М.: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.

3. Postman N. Teaching As a Conserving Activity. - New York: Laurel,1987. – 244p.

4. Jenkins H. Reading in a Participatory Culture: Remixing Moby-Dick in the English Classroom. - New York: Teachers College Press, 2013. - 240 p

5. Kramsch C. Context and Culture in Language Teaching. - Oxford: Oxford University Press, 1997. – 304 p

Ж.БАЛАСАҒҰНИ МЕН АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ: КІСІЛІК КЕМЕЛДІЛІК ҰСТАНЫМЫ

Сарбасова Қ.А.педагогика ғыл. докторы, профессор,
ғалым хатшы, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КеАҚ,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазақ халқының ұлы ойшылы, тәлім-тәрбиелік терең ойлардың иесі Абай Құнанбаев пен әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің педагогикалық идеяларын табыстыратын басты мәселе – тұлғаның жетілуі түрінде танылатын кісілік кемелділік. Ғұламалар ойының сабақтастығы адамгершіліктің жүйесін жасаумен, адами құндылықтарды айқындаумен, тұлғаның жетілуі мен кісілік кемелденудің мәнін ашумен ерекшеленеді.

Педагогика ғылымында адамгершілік қоғамның, өмірдің объективті заңдылықтарына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге негіз болып табылатын, талапқа сай белгілі бір ізгілендіру принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет ретінде анықталады. Ол адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы арқылы сипатталады (әдептілік, мейірімділік, қайырымдылық, инабаттылық, қарапайымдылық, т.б.). әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің және А.Құнанбаевтың шығармаларында адам баласының бойындағы әділеттілік, мейірімділік, имандылық, рақымдылық, жомарттық тәрізді тұлғаның адамгершілік қасиеттері басты орынға қойылған. Олардың әрқайсысы ұлттық сана-сезімі

оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында ізгі қасиеттер қалыптасқан толық, жетілген адам бейнесін сомдап, оның бойындағы адамгершілік қасиеттерді саралайды.

Толық, жетілген адамның қадір-қасиеті ең алдымен, біліммен, ақылмен өлшенетіні туралы ғұламалардың даналық ой-пікірлерінің сабақтастығы бойынша көптеген нақты деректер келтіруге болады. Әл-Фараби дамытқан «хикмет ілімі» мен Қожа Ахмет Иассауидің «Хал ілімінен» бастап, Абай мен Шәкәрімнің «Ар іліміне» дейін сабақтасып, үзілмей келген бұл қасиетті шынжырдың жүрегі – таза ақыл тұжырымдамасы. Бұл ақыл – нәпсінің қызметшісі болған шектеулі, хайуандағы ақыл емес. «Рационалистік» ғылымның сүйенген есептегіш, суық ақылы да емес. Шексіз өсе беретін, материалдық дүниенің шеңберінен шығып, рухани әлемдерді еркін кезіп кете беретін таза ақыл. Ақиқатты аңсап, шөлдеп, шырылдаған шыбын жанға азық тауып беру үшін Самұрық құстай шарқ ұрып, шартарапты кезген өлшеусіз нұр-ақыл. Мәселен, әл-Фарабидің адам бойындағы ақыл-парасат туралы педагогикалық мәні зор ой тұжырымдары араға тоғыз ғасырдай уақыт сала отырып, қазақ қоғамының жаңа тарихи жағдайында ұлы Абайдың терең педагогикалық шығармаларынан өзінің дәстүрлі жалғастығын табады. әл-Фарабидің «интеллект» жайындағы ой-пікірлері Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады» [1,105-б.] – деген тұжырымдарымен өзара үндестік тауып, ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетінін ғылыми тұрғыдан негіздей түседі. Бұл туралы Ж.Баласағұни:

Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.
Кімге құдай берсе, білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды! – деп ой тұжырымдайды. Ал М.Қашқари:
Өнер-білім ізде,
Үйренуден өркөкірек болма, жиренбе,
Өнер-білімсіз білімденсе,
Сынақта қиналар – дейді.

Ғұламалардың даналық тұжырымдары ұлы Абайдың ой-санасымен үндестік тауып, былайша сабақтасады:

Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз [1].

Ғылым-білімді уағыздаған ұлағаты мол ұлы ойшылдардың ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы парасаттылықтың белгісі болып табылады. Дүниенің сырын ұғып-білуде, өмірдің мәнін танып-түсінуде білім мен ақылдың мүмкіндігінің шексіздігін дәріптейді.

Ортағасыр ғұламалары мен ұлы Абай толық, жетілген, «сегіз қырлы, бір сырлы» адамды барлық адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген ақылды, қайратты ер жүрек тұлғасы ретінде анықтайды.

әл-Фарабидің «қайрат», «ақыл» және «жүрек» жайындағы философиялық ой-пікірлерін Абай өзінің «Әсемпаз болма әр неге» атты өлеңінде де әрі ойшыл-кемеңгер, әрі аса дарынды сөз зергері ретінде оқырманға зор шеберлікпен жеткізген.

Абай ақыл мен қайраттың иесі болған адамды «жарты адам» дейді. Өйткені ондай адам тек «суық ақыл» мен «жүгенсіз қайраттың» ғана өкілі болып табылады. Ал, бойына осы екі қасиетпен қоса-қабат әділет-шапқат (жүрек) біткен адам ғана «толық адам», яғни ол енді

«нұрлы ақылдың» өкілі деп танылады. Сөйтіп, Абайдың «нұрлы ақыл» жайындағы тұжырымының қайнар-бастаулары әл-Фарабидің интеллект туралы ілімінде жатқанын аңғару қиын емес [2, 154-б].

Ж.Баласағұни толық, жетілген адамдарға қажетті сапаларды саралай отырып, оларды бойға сіңіру кемелділік дәрежесіне жету деп біледі:

Ерге керек төзімділік, күш-қайрат,
Тұру керек күн мен айдай нұр жайнап.
Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ақылдылық қажетті.
Ақыл керек, білім таңдап аларға,
Білім керек, іске жақсы қарарға.
Жарамды мен жарамсызды көрерге,
Керектіні-керексізден бөлерге.
Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе, өз керегін анықтап.
Сонда толық болар ісің, пішінің,
Білімді асты жейді баппен пісіріп.
Мұндай кісі тілегіне жетеді,
Қос жаһанда ісі оң боп өтеді [3].

Абайдың педагогикалық ұстанымы Ж.Баласағұнимен ұштаса отырып, ақыл, қайрат, жүректің бірлігі адамдық қасиеттің кемелденуі екендігі нақтылана түседі:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.

М.Қашқари өз еңбегінде түріктердің асқақ рухты ақылгөй, дана, ержүрек болғандығын айтып, тәңірінің өзі жарылқаған жандар екендігін мақтанышпен еске алады.

Ғұламалардың әрқайсысының ой-пікірлері Абайдың данышпандық тұжырымдарымен өзара сабақтасып жататын тұстары көп. Солардың ішінен біз Ж.Баласағұни мен Абай арасындағы даналық ой сабақтастығына толығырақ тоқталуды жөн көрдік.

Сабырлылық Ж.Баласағұни мен Абайда адамгершіліктің маңызды сапасы ретінде ерекше мәнге ие болып, адами құндылық тұрғысынан қарастырылады. Мәселен, Ж.Баласағұни «Сабыр – ақыл-парасаттың белгісі» десе, Абай «Сабыр түбі – сары алтын» деп баға береді.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанында кісіліктің, парасаттылықтың адам болмысын жақсартатын күш екені, бүкіл қоғам болмысы тұлғаның осы бір ішкі әлемінің сұлулығынан туындап, жалғасатын тірек екендігі айқын көрінеді. Шығармада адами қалыпты сақтаудың жолы ұят пен әділет, оларға қарама-қарсы адамды кісіліктен ажыратын арсыздық, мақтану, жамандық, сараңдық, еріншектік екендігі нақты мысалдармен сипатталады.

Сабырлы бол, сабыр бастар мұратқа!
Күйіп-пісіп, өзіңді отқа құлатпа!
Қай істе де жоғалтпағын сабырды,
Ұстамдылық үйірер мал бағыңды,
Тіліңді тый, қарай жүргін көзіңе
Нәпсіңді тый, құлқының – жұт өзіңе.

Ұлы Абай «Сап, сап, көңілім, сап көңілім!» дей отырып, сабырсыздық арсыздықтың белгісі екендігін ескертеді:

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсеқызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін,
Алты бақан, ала ауыз.

Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі.

«Құтты білік» дастанында кейіпкерлердің символикалық сипаттары арқылы берілген төрт жетекші педагогикалық идеялардан өрбитін тағылымдық құндылықтар адам болудың негізі болып табылады. Олар: әділдіктің бейнесі Күнтуды Елік патша арқылы берілген бұлжымас әділ заң мен тура жол; патшаның уәзірі Айтолды бейнесімен берілген бақ-дәулет, ырыс-байлық; уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы берілген ақыл мен парасат; уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы берілген қанағат, ынсап, барға риза болу, ұстамдылық.

Ж.Баласағұни Күнтуды Елік патша арқылы әділдіктің сипаттамасын бере отырып, әділдік, адалдық адамдықтың белгісі екендігін дәріптейді:

Ұлым ба, әлде жақыным ба, алыс па,
Кештеу жүрген қонақ па, әлде таныс па?
Заң алдында, бәрі бірдей мен үшін,
Кесем әділ, болмайды еш келісім...
Бектік берік - әділ заңның жөнімен,
Бұра тұртсаң абыройың төгілер.

Бұл тағылымы мол тәлімдік ой-пікірлерден әділдік, адалдық бар жерде адамның ар-ожданы таза, абыройы биік, мәртебесі жоғары болатындығы туралы қорытынды жасауға болады:

Әділдік – құт. Құт құрығы-кішілік.
Әділдіктің заты - тұнған кісілік.

Абай әділдікті ең жоғарғы моральдық қағида ретінде ұстанып, өз шығармаларының негізгі арқауы етіп алған:

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,

Барар едің қай жаққа? - дейді «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңінде. Сол арқылы ұлы Абай әділеттілік болмаған жерде ақыл мен қайрат та адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп ой түйеді. Міне, осыдан екі ғұламаның ойы бір жерде түйісетінін байқауға болады. Екі ғұламаның да педагогикалық идеясының негізгі өзегі - әділеттің мерейін үстем ету. Ж.Баласағұни әділетті бек сипатындағы Күнтуды Еліктің бейнесі ретінде көрсетіп, көпті түзеу, жолға салу бектің ісі, сондықтан әділетті болуды ел басшысы бекке тән деп біледі. Өйткені Ж.Баласағұни адамды тәрбиелеу ісінде бек бейнесі мен қызметін негізгі тәрбие құралы ретінде пайдаланады. Әділет - кісіні ізгілікпен табыстыратын төте жол, әрі ізгілік те әділетсіз толыққанды тірлігімен көрінбейтіндігін тұжырымдай отырып, әділетті өмірдің мәні, тірліктің тірегі деп біледі. Ал ұлы Абай болса, әділетті халықтың, көптің салты, азығы ретінде бағалайды:

Ғадаләт пен мархамат – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

«Құтты білік» дастанында әділет бейнесіндегі бектің Күнтуды аталуы тегін емес. Күннің шуағы жер бетіндегі жаны бардың бәріне тиеселі болса, әділет те - көпшілік ырзығы:

Қарасып тұр кедей, жетім, тұлдарға,
Шын әділдік – соларға көз бұрғанда – дейді ғұлама.

Абай өз шығармаларында Ж.Баласағұни секілді басшы, бек бейнесіне негіз болған әділет қасиетінің жетекші орнын нақты бөліп көрсетеді. Абай ақылды нұрлы, жүректі ізгі етуші әділет деп біледі. Әділет Абайдағы үш танымның, яғни толық адам (ақыл, қайрат,

жүрек), жәуанмәртлік (ақыл, рақым, әділет), имани гүл (Алла, адам, әділетті сүю) құрамында келеді. Абайдың, әсіресе әділетке айрықша үміт артқанын оның имани гүл танымынан байқауға болады. Бірінші сүюдегі Алланы ақын әділет пен махаббат деп біледі де, оны, яғни Алланы әсіресе әділеті үшін сүйеді. Ал екінші сүюдегі адамзат ақылымен, ақылын нұрлы, ізгі ететін әділетімен ғана мұратына жетіп, болмысын баянды етпек. Сөйтіп, Абай танымының шыңы мен мәні – имани гүл, имани гүлдегі әділет болып табылады. Оның «Адамшылықтың алды махаббат, ғадаләт сезім» деп айтуы текке емес болар. «Құтты біліктегі» әділет бейнесінің бек, басшы түрінде берілуі құт-береке, ақыл-парасат, қанағат-рақымның әділетке кіріптар, тәуелді екенін көрсетеді. Халық түсінігіндегі ең киелі ұғым, дастанның атына айналған құт-береке, бақ-дәулет әділет пен ізгілікке құштар, өйткені әділет пен ізгілік болған жерде құт болады [3]. Міне, екі ғұламаның негізгі педагогикалық идеясының түйіні осы.

Ж.Баласағұни «Құт бір күндік, алды жар да, арты бал, толар дәулет, толған айдай сарқырар!» немесе «Мен де айдай жаңаланып тұрамын, бірде бармын, бірде жұмбақ тұрағым» дей отырып, адамға қажетті құттылықтың белгісі бақ-дәулет, ырыс-байлықтың мәңгілік еместігін, сондықтан дәулетің, байлығын болса, менменсіп, адамдық қасиетті бойыннан жоғалтпау қажеттігін айта отырып, «Дәулет бітсе, менменсіме, тасыма, жақсылық қыл, жиылсын жұрт қасына» деп тағылым береді. Мұның өзі педагогикалық мәні жоғары тәлімдік тәрбие өнегесі болып табылады. Қазіргі заман тұрғысынан алсақ, нарық қатынастарының өркендеуіне байланысты жаңа заманның ұрпағы дүниеге келіп отыр. Сондықтан жаңа заман адамдарын тәрбиелеуде ғұламаның «Құтты білік» дастанында айтылған ой-пікірлердің маңыздылығы арта түседі. Дәулетті адамдардың байлығына, жиған-тергеніне мәз болып, өмірдің мәні, тіршіліктің сәні осы екен деп, айналасындағы ұмытып, адамдық қасиеттерден арылуына жол берілмеуі тиіс.

Ж.Баласағұнидың тәлімдік ой–пікірін сабақтай отырып, Ұлы Абай дәулетті адамның адал болуы туралы былай дейді:

Адамзат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?

Ж.Баласағұни мен Абайдың негізгі тақырыптарының бірі ақыл мен парасат болып табылады. Ақыл-парасаттылық пен білімділік туралы екі ғұламаның ойы бір-бірімен сабақтасып, бірін-бірі толықтырып тұрады.

Дастанда уәзірдің баласы Өгдүлміш арқылы ақыл мен парасаттың мәні ашып көрсетіледі. Ж.Баласағұни ақылды «қымбатыңның қымбаты, онсыз құнсыз тәннің сымбаты» деп өте жоғары бағалай отырып, оны былайша анықтайды:

Ақыл тұрар қатпарында миынның,
Баста бәрі – қимас асыл сыйыңның.

Ж.Баласағұни ақылды туғанда адамда болатын қасиет деп біледі, ақыл арқылы жинақталатын жанның қорын білім деп түсінеді:

«Оқу-тоқу берер-білім, парасат,
Оның бәрі ақыл емес, қарасақ.
Ақыл-зейін хақ бұйрығы сіңірген
Желек жаяр, қосылғанда біліммен!»
Ақыл-ес те хақтың берген еншісі,
Білім – кенге түскен мидың елшісі.

Абай адамда туғанда ақылдылыққа, білімділікке апаратынын білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген жан құмары болады деп біледі де, «аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу (тілек, мақсат), бұлардың басы – жибили (туа біткен қасиет, ақыл), ғылым – бұлар – кәсиби (жинақталған, еңбекпенен табылған)» деп тұжырымдайды. Сонымен Абай ақылды таза кәсіби қасиет дей отырса да, Ж.Баласағұни танымынан алшақ кетпей «білсем, көрсем, үйренсем» деген ақылдың алғашқы нышандары туғаннан адам баласында

болатынын айтады. Абаймен ойын ұштастыра отырып, Ж.Баласағұни да ақылдың жүре келе толысатын кәсіби қасиетін жоққа шығармайды:

Ақыл – есі бар адамның белгісі:
Біліп бәрін, келер біле бергісі.

Ж.Баласағұни мен Абайдың адамды тәрбиелеу туралы тәлімдік ой-пікірінің тағы бір түйісетін тұсы – қанағат, ынсап, барға риза болу, ұстамдылық мәселесі. «Құтты білік» дастанында бұл уәзірдің жұрағаты тақуа жан Одғұрмыш бейнесі арқылы беріледі. Дастанда «Нәпсіні тый, құмарлықтан арылғын, белгісі бұл ерлік, ақыл, арыңның» десе, Абай қанағатты адам бойындағы бес асыл істің бірі деп біледі.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» дастанының негізгі өзегі болған адам болу А.Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде жалғасын табады. Ж.Баласағұни адамның бойындағы кісілік қасиетін жоғары қоя отырып, кісі ділі, тіні, негізі – кісілігімен ғана Адам деген құрметке ие екендігін ашып көрсетеді:

«Ұрпағынның ұрпағына үлгі ет те –
Кісілікті кісілікпен құрметте!
Тірі кісі кісілігін асырсын;
Кісілікпен, ей, мәрт ерім, ұлы бол;
Кісілікке түсер содан ұлы жол;
Адамшылық жаса адамға, адам бол;
Адам атын мақтаныш қып адал бол!

Ұлы Абай атамыз да «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дей отырып, адам болу үшін қандай қасиеттерді бойға сіңіріп, қандай қасиеттерден аулақ болу керектігін көрсетіп бергені баршамызға мәлім. Міне, екі ғұламаның «Адам бол» педагогикалық ұстанымының сабақтасатын тұсын осы жерден көруге болады. Тұлғаның да, қоғамның да жетіліп, кемелденуін, үйлесімді дамуын көздеген екі ғұлама әрбір адамның, жеке тұлғаның кеселді қасиеттерден тазарып, арылуын тілейді. Жан-дүние, ділің мен әрекетіңнің кеселді қасиет, ой, қылықтан тазаруы кісілік кемелділік кепілі, әрі оның алғашқы асуы секілді. Кісілік кемелділік жолындағы келесі асу кеселді қасиеттерден арылып, тазарған жан-дүние, діліне адамгершілік асыл қасиеттерді сіңіріп дарыту. Ғұламалардың педагогикалық ой-пікірлерінің негізгі түйіні осыған әкеп саяды:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.

Бабалар мұрасындағы үндестік педагогика ғылымының өзекті мәселесі жеке тұлғаның тәрбиесі туралы ой-тұжырымдарында да айқын көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 481 б.
3. Баласағұн Ж. Құтадғу біліг / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.

ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ ПЕДАГОГА В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Ахметжанова Г.А.
старший преподаватель, магистр
Карагандинский исследовательский университет имени Е.А. Букетова
Научный руководитель: Сарбасова Қ.А.
д.п.н., профессор

Аннотация. *Статья посвящена вопросам развития информационно-методической компетенции педагога в условиях цифровизации образования и внедрения технологий искусственного интеллекта. Рассматриваются возможности ИИ в методической деятельности, вызовы и перспективы его использования. Отмечается необходимость повышения цифровой грамотности педагогов для эффективной интеграции новых инструментов в образовательный процесс.*

Современное образование проходит масштабные преобразования, связанные с внедрением цифровых технологий и, в частности, искусственного интеллекта (ИИ). Эти изменения затрагивают не только формы и методы преподавания, но и содержание профессиональных компетенций педагогов. Одной из ключевых является информационно-методическая компетенция (ИМК), от уровня которой зависит качество подготовки, организации и сопровождения учебного процесса.

Актуальность темы обусловлена необходимостью пересмотра подходов к формированию ИМК в условиях активного развития цифровой образовательной среды. Появление инструментов ИИ, таких как интеллектуальные помощники, генераторы учебных материалов, системы анализа данных об обучении, требует от педагога не только технической осведомлённости, но и методической гибкости, критического мышления и способности адаптироваться к новым форматам взаимодействия с обучающимися.

Информационно-методическая компетенция педагога представляет собой совокупность знаний, умений и навыков, необходимых для эффективной организации образовательного процесса с использованием информационно-коммуникационных технологий (ИКТ), современных методик и цифровых инструментов. Эта компетенция обеспечивает педагогическую гибкость, профессиональную самостоятельность и готовность к инновационной деятельности.

В научной литературе ИМК часто рассматривается как составная часть профессиональной компетентности педагога и включает в себя следующие ключевые компоненты:

- умение подбирать и применять современные образовательные технологии;
- навык разработки методических материалов с учётом цифровых возможностей;
- способность анализировать и адаптировать информационные ресурсы под цели обучения;
- владение инструментами обратной связи и оценивания с помощью ИКТ;
- осознанное и критическое использование цифровых сервисов.

По мнению исследователей, формирование ИМК требует не только теоретической подготовки, но и практического овладения современными цифровыми средствами, включая платформы для дистанционного обучения, мультимедийные ресурсы, а также интеллектуальные системы поддержки принятия решений в образовании (Шамова Т.И., Дубасенюк О.А., Третьяков П.И., 2020).

В условиях перехода к цифровому обществу ИМК приобретает системный характер и становится неотъемлемой частью педагогической деятельности. Повышение её уровня

напрямую связано с качеством образовательного процесса и профессиональной устойчивостью педагога к внешним изменениям.

Развитие технологий искусственного интеллекта (ИИ) оказывает всё более значительное влияние на систему образования. Инструменты ИИ проникают в различные аспекты учебного процесса: от автоматизации рутинных задач до поддержки персонализированного обучения. Это требует от педагогов новых подходов к организации своей методической и учебной деятельности (Кузнецова С.А., 2022).

ИИ-технологии в образовании представлены широким спектром решений, включая:

- интеллектуальные обучающие системы (Intelligent Tutoring Systems);
- адаптивные платформы (например, SberClass, Smart Sparrow, Coursera AI Tools);
- генеративные ИИ (такие как ChatGPT, которые могут создавать тексты, тесты, дидактические материалы);
- системы аналитики обучения (Learning Analytics), позволяющие анализировать прогресс и вовлечённость обучающихся;
- голосовые и визуальные ассистенты, упрощающие доступ к информации.

Интеграция ИИ способствует:

- **персонализации обучения**, где каждый ученик получает задания по своему уровню;
- **оптимизации методической работы**, автоматизируя создание заданий, тестов, планов занятий;
- **быстрому сбору и анализу данных об обучении**, что помогает оперативно реагировать на пробелы в знаниях.

Однако использование ИИ требует не только технической подготовки, но и критического осмысления его возможностей. Преподавателю необходимо сохранять контроль над процессом обучения и обеспечивать педагогическую обоснованность всех используемых инструментов. ИИ не заменяет педагога, но становится его помощником — особенно в методической части, где может служить инструментом генерации идей, визуализации информации и проектирования учебного процесса (Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C., 2019).

По данным ЮНЕСКО (2023), при грамотном внедрении ИИ способствует развитию цифровых компетенций учащихся и усиливает межпредметные связи, а также стимулирует применение проектных и исследовательских методов обучения (UNESCO, 2021).

Современные цифровые технологии, в частности искусственный интеллект (ИИ), открывают новые возможности для повышения информационно-методической компетенции (ИМК) педагога. ИИ может существенно упростить и ускорить процессы, связанные с подготовкой, адаптацией и анализом учебных и методических материалов.

Как ИИ способствует развитию ИМК: одним из ключевых направлений является автоматизация рутинных задач: составление планов уроков, генерация учебных заданий, проверка тестов. Например, инструменты вроде ChatGPT, Khanmigo или Scribbr могут использоваться для генерации текстов, адаптации содержания под уровень обучающихся и поиска актуальных источников. Также важным направлением является анализ учебных данных — ИИ способен выявлять пробелы в знаниях учащихся и предлагать рекомендации по индивидуализации обучения.

В рамках стажировки в зарубежном вузе нами были протестированы следующие практики:

Применение Zotero и Research Rabbit для быстрого составления библиографий и анализа источников.

Использование Gamma App для создания визуально привлекательных презентаций и электронных методичек без навыков дизайна.

Так же применяется Mentimeter на каждом занятии для интерактивной диагностики понимания темы.

Эти инструменты не только облегчают работу, но и повышают уровень вовлечённости студентов, особенно в смешанном или дистанционном формате.

Необходимость цифровой грамотности педагога:

Внедрение ИИ невозможно без развития цифровых компетенций у самих преподавателей. Педагогу важно уметь не только использовать инструменты, но и критически оценивать их функциональность, этичность и безопасность. Следует учитывать вопросы конфиденциальности, авторских прав, а также навыки интерпретации ИИ-генерированного контента.

Таким образом, формирование ИМК в эпоху ИИ требует системного подхода: методической поддержки, профессионального развития и создания цифровой образовательной среды, в которой педагог чувствует себя уверенно.

Развитие информационно-методической компетенции педагога в условиях стремительного внедрения искусственного интеллекта становится неотъемлемой частью современного образовательного процесса. Применение ИИ позволяет автоматизировать рутинные процессы, повысить точность анализа образовательных данных и адаптировать методические подходы к индивидуальным потребностям обучающихся. Вместе с тем возрастает потребность в цифровой грамотности педагогов, умении критически осмысливать и эффективно использовать ИИ-технологии в образовательной практике (Блинова Т.В., Добрынина И.Н., 2021.)

Необходимость формирования новой парадигмы профессиональной подготовки педагогов становится очевидной. В современных условиях учитель должен не только обладать предметными знаниями, но и владеть инструментами цифрового и интеллектуального анализа. Практические кейсы, описанные в статье, демонстрируют реальные пути интеграции ИИ в методическую деятельность педагога (Akhmetzhanova, G.A., Sarbassova, K. A., Shraimanova, G.S., Tazhigulova, G.O., & Bukh, R.P., 2023).

Данный подход также подтверждается авторскими исследованиями, в которых анализируются конкретные педагогические условия и цифровые инструменты, способствующие формированию информационно-методической компетенции в дистанционном обучении.

Список литературы:

Шамова Т.И., Дубасенюк О.А., Третьяков П.И. (2020). *Педагогика: Учебник для вузов*. — М.: Академия, 352 с.

Кузнецова С.А. (2022). Искусственный интеллект и педагогическая деятельность: от теории к практике. Вестник цифровой педагогики, (4), 45–52.

Holmes, W., Bialik, M., Fadel, C. (2019). Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. Boston: Center for Curriculum Redesign.

UNESCO (2021). Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers.

Блинова Т.В., Добрынина И.Н. (2021). Цифровая трансформация образования: вызовы и перспективы. Педагогика и психология образования, (3), 12–18.

Akhmetzhanova, G. A., Sarbassova, K. A., Shraimanova, G. S., Tazhigulova, G. O., & Bukh, R. P. (2023). Formation of the information and methodological competence of students in the process of distance learning. Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика», №1(109), 125–132.

“ТІРЕК МЕКТЕП- ШАҒЫН ЖИНАҚЫЛЫ МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ҮШІН” ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

[1]Онтагарова Д. Р. - п.ғ.к., аға оқытушы,
[2]Берікжанова Ш., магистр
[1,2] «Шәкәрім Университеті» КеАҚ, Семей қ., Қазақстан

Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – ауылдық жерлердегі шағын жинақталған мектептердің (ШЖМ) сапалы білім беру мүмкіндігін арттыру. Бұл мектептер, негізінен, халық саны сирек орналасқан ауылдық елді мекендерде орналасқан және әлеуметтік инфрақұрылымның бір бөлшегі ретінде ерекше маңызға ие.

ШЖМ-нің ерекшелігі – параллель сыныптардың болмауы, оқушы санының аздығы және мұғалімдердің бірнеше сыныппен қатар жұмыс істеуі. Алайда мұндай мектептердің алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – материалдық-техникалық базаның әлсіздігі[1].

Білім беру сапасындағы бұл теңсіздікті жою және ШЖМ-ді әдістемелік әрі материалдық жағынан қолдау мақсатында «Тірек мектеп» жобасы қолға алынды. Аталған жоба Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы

29 желтоқсандағы №614 бұйрығына, сондай-ақ Абай облысы білім басқармасының 2024 жылғы 5 наурыздағы №01-02/105 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда[2]. Соған орай, тірек мектептер базасында оқу кабинеттері, зертханалар, кітапханалар, IT сыныптар және арнайы жабдықталған пәндік кабинеттер ашылып, 3–5 маңайдағы ШЖМ-дермен ресурстық байланыс орнатылды. Жоба аясында тірек мектептерге 605 магниттік ШЖМ бекітілген, бұл барлық ШЖМ-ның 21%-ын құрайды[3].

Осы мақалада ауылдық ШЖМ-нің материалдық жағдайының білім сапасына әсері, тірек мектеп жобасының мәні және оны іске асырудың мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар, химия пәнін оқытудағы нақты мәселелер мен оларды шешуге бағытталған тәсілдер талданады.

Бұл зерттеу ауылдық ШЖМ педагогикалық жағдайларды талдау және тірек мектептің қолдау тиімділігін бағалау мақсатында жүргізілді. Зерттеу Абай облысы, Бородулиха ауданы аумағындағы келесі 5 ШЖМ педагогтері мен оқушылары арасында жүргізілді:

- ➢ «Камышенка орта мектебі» КММ
- ➢ «Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі» КММ
- ➢ «Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ
- ➢ «Краснопол орта мектебі» КММ
- ➢ «Коростели орта мектебі» КММ

Зерттеудің мақсаты – тірек мектептер (ТМ) қызметінің шеңберінде ШЖМ мұғалімдері мен оқушыларына көрсетілетін әдістемелік және материалдық қолдаудың өзектілігі мен тиімділігін анықтау. Осы бағытта алынған мәліметтер тірек мектеп жобасының практикалық маңызын сипаттауға, сондай-ақ химия пәнін оқытудағы нақты әдістемелік тәсілдерді дәлелдеуге мүмкіндік берді.

ШЖМ әлеуметін арттыру үшін ТМ-ке бекітіледі. Бородулиха ауданы үшін 2024- 2025 оқу жылында Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебі» КММ – тірек мектебі ретінде таңдалып алынды[4].

Жалпы тірек мектептің міндеттеріне жатады:

- Білім алушыларды өмірге бейімдеу жақсарту (пікірталас, дөңгелек үстел);
- Зертханалық жұмыстарды жабдықталған кабинетте өткізу;
- Педагогтердің біліктілік сапасын арттыру.

Білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапалы қызмет етуі ең алдымен педагог кадрларының кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Мұғалім – тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал ететін басты субъект. Осыған байланысты мектептің кадрлық құрамының сапасы — білім беру мазмұнының жүзеге асуы мен оның нәтижелілігін қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады.Мұғалімнің пәндік білімі мен педагогикалық шеберлігі оқыту нәтижелерінің сапасына тікелей әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, жоғары кәсіби деңгейі бар педагогтар оқушылардың оқу жетістіктерінің артуына ықпал етеді. «Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебі» КММ-нің кадрлық құрамы-38 мұғалім,оның ішінде: педагог- 6; педагог- сарапшы-15; педагог-зерттеуші-3; педагог-модератор- 4.

ШЖМ-дағы педагогтердің сапалық құрамы төмендегі 1- суретте көрсетілген.



	"Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебі" КММ	"Камышенка орта мектебі"КММ	"Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектебі" КММ	"Краснопол орта мектебі" КММ	"Коростели орта мектебі" КММ
педагог-шебер	0	0	0	0	0
педагог-зерттеуші	1	0	0	1	2
педагог-сарапшы	5	3	3	2	2
педагог-модератор	12	9	4	5	5
педагог	11	2	14	3	2

Сурет 1. ШЖМ-дағы педагогтердің сапалық құрамы

Жұмыс жасайтын ШЖМ-тің оқу-үрдісінің ұйымдастырылуын мұғалімнің бағалауы бойынша «әкімшіліктің жұмыс стилі» мен «мектептің оқу материалдық базасы» 2-3 шкалалық бағалауды көрсетіп тұр. Бұл бұл мәселелер әліде шешімін табуды қажет ететіндігін көрсетеді. Атақты дидакт Дж. Брунердің пайымдауынша, оқыту ортасының материалдық ресурстармен толық қамтамасыз етілуі оқушылардың қызығушылығы мен когнитивтік белсенділігін арттырып қана қоймай, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін ашуға да жағдай жасайды [5].«Оқу-тәрбие жұмысы нәтижесі»,«мектептің биылғы жылғы нәтижесіне қанағаттанушылық» салыстырмалы тұрғыда 4-5 шкалалық бағалау көрсетуі, біздіңше, орта мектеп оқушыларының кіші жастағы балаларға көмек көрсетуге көбірек мүмкіндіктері бар, өйткені олар күн сайын бір уақытта бір сыныпта болады. Қиындықтарды жеңе отырып және бірнеше сыныптармен бір уақытта жұмыс істеу кезінде жағымды жақтарын қолдана отырып, шағын жинақталған

мектептердің мұғалімдері мектеп алдында тұрған оқу-тәрбие міндеттерін сәтті орындайды. Ауылдық мекенде мұғалім саны жетіспегендіктен бір оқу жылында бірнеше мектепте жұмыс жасауы да мүмкін. Сәйкесінше мектеп әкімшілігі пән мұғалімінің сабақ кестесін құруда, қосымша сабақтарды ұйымдастыруда пән мұғалімімен келіседі.

Екінші бағыт бойынша мектеп мұғалімдерінің өзіндік жұмысын зерделеуде біріккен сыныптармен жұмыс істеудің күрделі қырларын белгілеген:

- Мұғалімнің назары екі немесе үш сынып арасында бөлінеді;
- Өздік жұмысты орындау кезінде балалар мұғалімнен жедел көмек алу мүмкіндігінен айырылады, өйткені мұғалім осы уақытта басқа сыныппен айналысады;
- Оқушылар басқа сыныптан кедергі болған жағдайда өз бетінше жұмыс істеуге мәжбүр болуы керек, өйткені бұл уақытта басқа сыныпта әңгіме, түсініктеме және т. б. болуы мүмкін.

Бірақ жұмыста мұғалімдер бір уақытта бірнеше сыныптармен жұмыс істегенде, бір сыныпта жұмыс істегенмен салыстырғанда өзіндік артықшылықтарға ие екенін де жасырмады.Бір мұғалімге арналған оқушылар саны аз, сондықтан мұғалім сабақ барысында әр оқушыдан сұхбат ала алады, балалардың жеке ерекшеліктерін жақсы зерттейді. Үй жағдайларын білу жақсы, оқушылар саны аз болса, дәптерлерді тексеруге аз уақыт кетеді.

ШЖМ біріккен сыныптарда химия пәні өткізу ерекшеліктерін зерттеу үшін “Камышенка орта мектебі” КММ алынды. ШЖМ типі бойынша - орта мектепке жатады (128 бала), 1-кестеде көрсетілді.Ескерту:15 оқушы даярлық сынып балалары.

Кесте 1- “Камышенка орта мектебі” КММ оқушылар контингенті

Буын	Сынып	Оқушы
Бастауыш	1-4	51
Орта буын	5-8	52
Жоғары буын	9-11	10

Мектепте 2024-2025 оқу жылында химия пәнін 7-8 сынып оқушылары бірігіп оқиды, себебі 7 сыныпта - 3 оқушы, ал 8 сыныпта-2 оқушы.

“Камышенка орта мектебі” КММ магнит мектебі ретінде “Әлихан Бөкейхан атындағы қазақ орта мектебі” КММ-ге бекітілген. ТМ-тің магнит мектептермен жұмысы 3 сессияға бөлінді: күздік, қысқы және көктемгі[6-8]. Сессия уақыты 2 апта уақыт аралығын алды. Әр сессия кезінде магнит мектеп оқушылары ТМ-ке барып, сол мектептің базасында білім алады:

1.Күздік сессия (14.10.2024-24.10.2024) кезінде тірек мектеп мұғалімдері химия пәнінен сабақ өткізді.

2.Қысқы сессия (20.01.2025-31.01-2025) кезінде тірек және магнит мектеп мұғалімдері бірігіп сабақ берді.

3.Көктемгі сессия (1.04.2025-11.04.2025) кезінде магнит мектеп мұғалімдері сабақ өткізді.

7,8-сынып оқушылары сессия кезінде ТМ-тің сыныптарына дараланып қосылады. Бала саны көп, бірақ мектеп базасының күшті болуы зертханалық жұмыстарды әр балаға толық орындауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде білім алушылардың химия пәніне қызығушылығын оятып қана қоймай, бәсекелесе алатын ортада білім алатыны анықталды. Мектептің материалдық-техникалық базасының жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілуі мен бәсекелестік ортаның қалыптасуы оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды

Зерттеу ТМ-ге тән бір мезгілде бірнеше сыныппен жұмыс істеу жағдайында уақытты ұтымды пайдалану, оқу мазмұнын жүйелеу және оқушыларды белсенді оқыту тәсілдерінің тиімділігін көрсетті. Бұл модель ШЖМ әлеуетін арттыруда педагогикалық және психологиялық аспектілерді үйлестірудің маңызды екендігін дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Шағын жинақты мектептердің біріккен сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру. - Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы., 2022. - 428 бет.
- Абай облысы Білім басқармасы. (2024). "Тірек мектептерді қолдау жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" №01-02/105 бұйрық, 5 наурыз.
- Ұлттық білім беру дерекқоры. (2024). Шағын жинақты мектептер туралы жылдық есеп. Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі.
- Абай облысы білім басқармасы. (2024). 2024–2025 оқу жылында тірек мектептерді айқындау туралы бұйрық. Семей: Бородулиха ауданы білім бөлімі.
- Bruner, J. S. (1966). Toward a Theory of Instruction. Cambridge, MA: Harvard University Press.

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫ

Нәби Ы.А., пед.ғыл.докторы, профессор
Alikhan Bokeikhan University, Семей қ. Қазақстан

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасында орта білім беруде «21 ғасырдағы білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіру қажет» екені атап өтілді [1]. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жалпы орта білім берудің базалық мазмұны білім алушыларды жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу мен дербестігін мақсатты дамыту үшін білім алушылардың академиялық дайындығын кіріктіру негізінде айқындалады» деп көрсетілген [2]. Демек, білім берудің осы деңгейдегі мақсаттарының бірі білім алушылардың ЖОО-да білім алуды жалғастыруға академиялық дайындығын қамтамасыз ету ретінде айқындалады. Осыған байланысты туындайтын сұрақ: «білім алушылар академиялық дайындықтың қандай түрін таңдай алады?».

Орта мектеп тек екі бағыт бойынша оқытады, сондықтан оқу мазмұны білім алушыларды жоғары білім беру ұйымдарына түсу үшін экономиканың неғұрлым кең кәсіптеріне дайындау керек. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, болашақ өнеркәсіптік немесе құрылыс маман боламын деген оқушы саны тек 28%-ды құрайды.

Казақстан ғалымы Шарафи Әлжанов сызбаларды түсіну үшін балалар изосауаттылыққа ие болу керек деп есептейді. Оның ойынша, изосауаттылыққа оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және оларды сурет, сызу, өрнектер ою, көркемдік мүсіндеу дағдыларына үйрету кіреді [3, 49-57-бб.].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің МЖМС, Үлгілік оқу жоспарлар мен оқу бағдарламалары мазмұнын жетілдіру мақсатында графика және жобалау пәні бойынша құраған жұмыс тобы айтарлықтай жұмыс атқарды: пән бойынша күтілетін нәтижелер тұжырымдалды, пән мақсаты мен мазмұны анықталды, ұзақ мерзімді жоспар құрастырылды. Оқыту нәтижелері (1-кесте) Блум таксономиясы бойынша құрастырылды.

1-кесте - Күтілетін нәтижелер

Пән меңгеру нәтижесінде оқушы	В результате освоения предмета учащийся
Мынаны біледі:	Знает
Ақпарат пен идеяны көрінімдеу әдістерін, компьютерлік бағдарламалардың графикалық мүмкіншіліктерін, растрлық және векторлық графикаға арналған бағдарламалардың аспаптарын, сызба орындаудың негізгі ережелерін, проекциялау әдістерін, геометриялық денелер пішінінің пайда болу	Методы визулизации информации и идей, графические возможности компьютерных программ, инструменты программ для растровой и векторной графики, основные правила выполнения чертежей, методы проецирования, закономерности формирования геометрических тел, методы построения и преобразования изображений,

заңдылықтарын, кескіндерді салу және түрлендіру әдістерін, техникалық графика ережелерін, қатты денелік 3D моделдеу тәсілдерін, жобалау графикасына қатысты ережелер мен амалдарды	правила технической графики, способы твердотельного 3D моделирования, правила и приемы, относящиеся к проектной графике
Мынаны түсінеді:	Понимает:
Графикалық кескіндердің көрінімдеудегі және ақпаратты тасымалдаудағы маңыздылығын, графикалық модельдеу заңдылықтарын, графикалық кескіндер арасындағы айырмашылықтарды, компьютерлік модельдеуді сызба салуда өнімділікті арттыру үшін мүмкіншіліктерін, техникалық графиканың болашақ мамандық алуға даярлықтың қажеттілігін, жобалау графикасының практикалық іс-әрекеттегі маңыздылығын	Значение графических изображений в визуализации и передаче информации, закономерности графического моделирования, различия между графическими изображениями, возможности компьютерного моделирования для повышения производительности в выполнении чертежей, необходимость технической графики для подготовки к получению будущей профессии, значимость проектной графики в практической деятельности
Мынаны қолданады:	Применяет
Графикалық жұмыстарға арналған құралдарды, сызба салу үшін негізгі ережелерді, сызбаны түрлендіру әдістерін, қатты денелік 3D модельдеуді нысан пішінін қалыптастыруға, тетікбөлшектер мен құрастыру бірліктері сызбаларын салуға, әртүрлі есептерді шешу үшін идеяларды көрінімдеуді, құрылымдауды және жобалауды	Инструменты для графических работ, основные правила построения чертежей, методы преобразования чертежей, твердотельное 3D моделирование для формирования формы объекта, построение чертежей деталей и сборочных единиц, визуализацию, конструирование и проектирование идей для решения различных задач
Мыналарды талдай алады: Кескіндер қасиеттерін және көрінімді ақпаратты тасымалдау қасиеттерін, әртүрлі сызба алу құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктерін, кескіндер бойынша нысандар пішіні мен құрылымын	Анализирует: Свойства изображений и свойства передачи визуальной информации, преимущества и недостатки различных средств получения чертежей, форму и структуру объектов по изображениям
Мыналарды синтездей алады:	Синтезирует:
Нысан пішінін сипаттама бойынша немесе түрлендіру арқылы қалпына келтіруді, графикалық ақпаратты жүйелеуді, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру және тасымалдау үшін әртүрлі әдістерді	Восстановление формы объекта по описанию или путем преобразования, систематизацию графической информации, использование различных методов для реализации и передачи творческих идей
Мыналарды бағалайды:	Оценивает:
Көрінімді ақпаратты бекітуге арналған әртүрлі әдістерді, компьютерлік модельдеуді сызба салуда өнімділікті арттыру тиімділігін, сызбаны түрлендірудің әртүрлі әдістерінің қажеттілігін, шығармашылық іс-әрекеттің барысы мен нәтижесін	Использование различных методов для фиксации визуальной информации, эффективность повышения производительности при построении чертежа компьютерным моделированием, необходимость различных методов преобразования чертежа, ход и результат творческой деятельности

Пән мақсаты былай тұжырымдалған: графикалық ақпаратты оқу (ақыл-оймен құру және түрлендіру, бекіту және тасымалдау) және оны сызу және бағдарламалық қамтамасыз

ету құралдары көмегімен кескіндерді және оқу жобалау жұмысын орындау қабілетін қалыптастыру. Осыған сәйкес пән мазмұнына енген тақырыптырдың пән мақсатын орындау үшін маңыздылығы деңгейін бағалауға мектеп мұғалімдері тартылды, яғни сауалнама өткізілді. Бағалау 4 балдық жүйе бойынша жасалу керек болды: 4 балл – деңгейі өте жоғары; 3 балл – деңгейі жоғары, 2 балл – деңгейі орташа; 1 балл – деңгейі төмен. Нәтижесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Сауалнама нәтижесі

<table>
<tr><td colspan="2">Тақырып және оған сәйкес балдардың бөлінуі</td></tr>
<tr><td>Ақпаратты және идеяларды көрнекілендіру әдістері
 
</td><td>Графикалық кескіндер салу құралдары
 
</td></tr>
<tr><td>Сызбаларды рәсімдеудің және геометриялық салулар орындаудың негізгі ережелері
 
</td><td>Проекциялау әдістері
 
</td></tr>
<tr><td>Кескіндерді салу және түрлендіру
 
</td><td>Техникалық графика негіздері
 
</td></tr>
<tr><td>Құрылыс және топографиялық сызу элементтері</td><td>Жобалау графикасы</td></tr>
</table>





«Графика және жобалау» пәнін мектепте оқытудың күйін анықтау үшін төмендегі сұрақтарға жауап алынды (3-кесте).

3-кесте - «Графика және жобалау» пәнін мектепте оқытудың күйін анықтау

Сұрақ пен жауап варианты	Жауаптардың бөлінуі
Сіздің мектебіңіздің орналасқан жерін көрсетіңіз: Жауаптар: 1-Астана 2-Алматы 3-Шымкент 4-облыс орталығы 5 - аудан орталығы 6-ауылдық жер	
Сіз қай пәннен сабақ бересіз? Жауаптар: 1-Графика және жобалау, 2-Графика және жобалау, бейнелеу өнері, 3-Графика және жобалау, технология (еңбекке баулу), 4-бейнелеу өнері, технология (еңбекке баулу), 5 - графика және жобалау, бейнелеу өнері, технология (еңбекке баулу)	
Сіз қай кабинетте сабақ өткізесіз? Жауаптар: 1-графика және жобалау кабинетінде, 2-робототехника кабинетінде, 3 - информатика кабинетінде, 4-басқа кабинеттерде	

4-сұрақ: Мектепте графика және жобалаубойынша сабақ өткізу үшін қандай техникалық құралдар мен жабдықтар бар? Жауаптар: 1- сызу мен сурет салуға арналған бір орындық 13 үстел , сабақтарға арналған бір немесе үш орындық модульдік үстелдер жиынтығы, 26 ноутбук, ақ-қара көп функциялы құрылғы, 2-сабақтарға арналған бір немесе үш орындық модульдік үстелдер жиынтығы, 26 ноутбук немесе компьютер, ақ-қара көп функциялы құрылғы, 3-сызу мен сурет салуға арналған бір орындық 13 үстел, сабақтарға арналған бір немесе үш орындық модульдік үстелдер жиынтығы, 26 ноутбук немесе компьютер, 4-сабақтарға арналған бір немесе үш орындық модульдік үстелдер жиынтығы, 26 ноутбук немесе компьютер; 5 - оқушының үстелі	

Көріп тұрғанымыздай, мектептердің басым көбісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес «Графика және жобалау» кабинеті сабақ өткізуге қажет барлық жабдықпен қамтамсыз етілмеген.

Әрине, мектепте пропедевтикалық графикалық даярлаудың кемшіліктері техникалық және кәсіптік білім беру, сонымен қатар ЖОО-ларда білім беру деңгейіне әсер етеді. Мұны дәлелдеу үшін ЖОО-лардың графикалық пәндер оқытушылары арасында сауалнама жүргізілді. Оларға мынадай өтініш берілді: «білігінде келесі олқылықтар бар 1-курс студенттерінің үлесін көрсетіңіз

-сызу құралдарын пайдалана алмайды /не умеют пользоваться чертежными инструментами

-геометриялық салулар жасай алмайды/не могут выполнять геометрические построения

-көріністер мен тіліктерді орындай алмайды/не могут выполнять построение видов и разрезов

-3D-моделдеу орындау дағдыларына ие емес/не имеют навыков выполнения 3D-моделирования»

Нәтижесі өте нашар болып шықты (1-сурет). Іс жүзінде оқушылардың тек 2-7% ЖОО-ға қарапайым графикалық білік иесі болып келеді.



1-сурет - Білігінде олқылықтар бар 1-курс студенттердің үлесі

Орта мектепте пропедевтикалық графикалық дайындықты жақсартудың бір жолы инженерлік (техникалық) мамандықтарға түсушілер үшін «Графика және жобалау» пәні бойынша шығармашылық емтихан енгізу болуы мүмкін. Осы бастаманы оқытушылардың 2/3 бөлігі қолдады (2-сурет).



2-сурет - Шығармашылық емтихан енгізу ұсынысының диаграммасы

Ш.Әлжанов өткен ғасырдың 30-шы жылдарында-ақ сызу пәнін меңгеруде политехникалық бағыт беруді ұсынған: «Ауыл мектебін политехникалық ету жолдары» деген мақаласында мұғалімнің негізгі міндеті – балаларды машиналардың бас бөліктері мен бөлшектерімен, қозғалтқыштың құрылысымен таныстыру деп жазған [4]. Жоғарыда аталған жұмыс тобы «дәстүрлі сызу» және компьютерлік модельдеу құралдарын қолдана отырып, бөлімдерді қатарласа меңгеруді көздейді; практикалық нәтижелерді жүзеге асыру үшін жаңартылған МЖМБС мазмұнына осы пәнді сыныпты екі топқа бөліп оқытатын пәндер тізіміне енгізу туралы маңызды тармақты жазуды ұсынды. Мектеп мұғалімдерінің пікірі анықталды: сабақтардың 70 тен 100%-ға дейінгі көлемі лабораторялық болу керек, яғни сынып екі топқа бөлінуі керек. 3-суретке сәйкес 370 мұғалімнің 82,2%-ы лабораториялық сабақ көлемі 70-100% болу керек деп есептейді.



3-сурет - Лабораториялық сабақ көлемі бойынша мұғалімдердің пікірі

Осы мәселе бойынша шенеуніктер қаржы тапшылығын алға тартады, ал Тұжырымдамада көрсетілгендей, Қазақстандағы бір білім алушыға кететін шығындар ЭЫДҰ елдерінің көрсеткіштерінен бірнеше есе төмен, бір ғана Ресеймен айырмашылық шамамен 1 млн теңгені **құрайды**. Осыған байланысты білім беруге шығындарды ұлғайту және оны әлемдік стандарттарға жеткізу жақын арадағы болашақта маңызды болып табылады.

Әдебиет тізімі

1 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы.- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. [Мәтін] – [Электронды қор]. – URL: https://www.adilet.zan.kz kaz

2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022

жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. [Мәтін]– [Электронды қор]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031
3 Альжанов Ш. Изограмота - основа эстетического воспитания //Ауыл мұғалімі. -1937.-№4.
4 Әлжанов Ш. Ауыл мектебін политехникалық ету жолдары. Қызылорда, 1934.

О ПРОБЛЕМАХ ГРАФИЧЕСКОГО (ТЕХНИЧЕСКОГО) ОБРАЗОВАНИЯ В СРЕДНЕЙ И ВЫСШЕЙ ШКОЛАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

[1]Джанабаев Ж.Ж., Академик МАИН, доктор пед. н., профессор
[2]Умбетов Н.С., доктор PhD, доцент,
[3]Жакаш А.З., к.т.н., доцент
[1,2,3] ЮКУ им. М.Ауезова, г.Шымкент

В настоящее время Казахстан успешно развивает свою экономику, стремится стать крупнейшим цифровым хабом Евразии, создает центр искусственного интеллекта (ИИ).

Для реализации этой масштабной задачи нужны не только инженерные кадры, способные решать актуальные производственные задачи по специальностям , но и рабочи-профессионалы.

В этой связи Глава Государства Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана от 02.09.2024г. отметил: «Объявляю 2025 год Годом рабочих профессий. За это время предстоит осуществить реформу системы технического и профессионального образования…»

Чертеж, эскиз, рисунок, схема являются конечным продуктом деятельности специалистов по многим рабочим профессиям. Поэтому значение и роль выше перечисленных графических дисциплин трудно переоценить. К большому сожалению, в последние годы в средней и высшей школах этой проблеме не уделяют достаточного внимания.

В связи со сказанным, рассмотрим вопросы качества школьного и вузовского технического образования с позиции языка технической графики - чертежа.

Как известно, обучение чертежу, т.е. техническая грамотность, не приходит сразу, она воспитывается и прививается с детства, со школьной скамьи. На школу были возложены главные задачи - обучение базовым знаниям по точным и техническим наукам. Одним из базовых предметов технических наук являлось «Черчение». Основной задачей черчения в школе было развитие пространственных представлений, имеющих большое значение в производственной деятельности, обучение анализу формы и конструкции предметов, умению читать и выполнять чертежи деталей, в том числе машиностроительных и строительных, а также простейшие электрические и кинематические схемы. Полученные умения и навыки по работе с графической информацией способствовали раскрытию в учениках инженерных способностей, определению дальнейшей траектории их профессионального обучения (инженер, дизайнер, архитектор, строитель и др.). Но это было в прошлом!

В настоящее время предмет «Черчение» исключен из школьной программы основной ступени школьного образования. Введенный взамен предмет «Графика и проектирование» на старшей ступени школьного образования (10-11 классы, только для естественно математического направления) как профильное обучение так и не осуществилось, так как его нужно выбирать из четырех предметов: «Всемирная история», «Основы экономики и предпринимательства», «Основы права», «Графика и проектирование». Нетрудно догадаться: из этих четырех предметов школьники выберут «Всемирную историю», так как она близка к «Истории», включенной в ЕНТ. Встает вопрос, как могут что-то выбрать школьники, если раньше это ими не изучалось?

Каков же выход из сложившейся ситуации?

Как мы наблюдаем в повседневной жизни, сейчас молодежь большое время проводят за компьютерами, а следовательно, компьютер как главное занятие в жизни современной молодежи можно и нужно использовать на ранней стадии обучения в школе, обучить элементам компьютерной графики. Сейчас без компьютерной графики не обходится ни одна современная мультимедийная программа. Интересные, познавательные непростые задачи, стоящие перед учащимся при изучении этого предмета, позволят повысить их учебную мотивацию. Использование на уроках по графике элементов 3D-моделирования способствует совершенствованию практической подготовки школьников, что позволит в будущем успешному овладению техническими специальностями.

Считаем, что такую систему можно и нужно внедрить в учебный процесс по графике. Для этого есть все основания: так, в 2020 году Республиканским научно-практическим центром «Учебник» был презентован новый учебник «Графика и проектирование» (на государственном и русском языках), состоящий из 2-х частей предназначенный для 10 класса (1 часть) и 11 класса (2 часть). Учебник и учебно-методический комплекс (УМК) изданы по рекомендации МОН РК (теперь уже Министерство просвещения) издательством «Келешек-2030». Все школы республики полностью обеспечены данной учебно-методической литературой. Первая часть учебника содержит материалы традиционного курса черчения, вторая часть – материалы по компьютерной графике (включая растровую, векторную), а также материалы по методам виртуального компьютерного 3D-моделирования.

В связи с выше изложенным вносим следующие предложения:

1. Включить предмет «Графика и проектирование» в инвариантную (обязательную) часть учебного плана на основном среднем уровне образования (9класс) в объеме 68 часов (по 2 часа в неделю). Дополнить предмет с включением элементов компьютерной графики, для чего переименовать название предмета, например на «Черчение с элементами компьютерной графики» и перенести из 2-й части учебника материал, связанный с усвоением инструментария графических программ типа КОМПАС или AutoCAD. Это предоставит всем ученикам (включая учеников общественно-гуманитарного направления) возможность получить тот минимум графических знаний, который позволит после 9-го класса продолжить обучение в той же школе на старшей ступени образования, колледже, или трудоустроиться. Это послужит основой начального этапа подготовки школьников по компьютерной графике.

2. Дальнейшее изучение предмета «Графика и проектирование» продолжить в 10 и 11 классах по 1 часу в неделю (по 34 часа в год). Мы уверены в том, что ученики старших классов, будучи обученные компьютерной графике еще в 9 классе, самостоятельно выберут предмет «Графика и проектирование», тем более, что 2-я часть учебника «Компьютерная графика с 3D-моделированием», безусловно, повысит учебную мотивацию школьников.

В результате такой организации учебного процессе по графике выпускники средних школ к моменту поступления в вузы будут владеть целым рядом общеизвестных графических программ и, самое главное, у них практически полностью будет отсутствовать психологический барьер перед освоением новых инженерных программных продуктов, используемых в проектировании и разработке промышленных изделий.

Таким образом, мы считаем, что графическое образование должно идти в ногу со временем, а предмет, как бы он ни назывался – «Черчение», «Графика и проектирование», «Черчение с элементами компьютерной графики» – является общеобразовательным, и если он вернется в школу как обязательный предмет, его нужно преподавать по-новому, с учетом всех инновационных разработок, только тогда мы сможем увлечь современных школьников. Развитие учебной мотивации, заинтересованности учеников данным предметом – залог поднятия престижа технических профессий.

Овладение выпускниками школ основ построения чертежей посредством компьютерных программ для создания чертежей, соответствующих ЕСКД и их 3D эквивалентов, должно иметь логическое продолжение в образовательных программах технических университетов при изучении дисциплины «Инженерная компьютерная

графика» (ИКГ), в которой сейчас собраны отдельные положения «Начертательной геометрии», «Инженерной графики», (Технического черчения) и «Компьютерной графики».

Традиционно изучение этой общетехнической дисциплины направлено на формирование навыков восприятия и создания проектно-конструкторского документа – чертежа, как одного из видов инженерно-графической информации. Но, несмотря на важность полноценной графической подготовки студентов технических специальностей, в последнее время сформировалась устойчивая тенденция на резкое сокращение, а в ряде случаев и ликвидации кредитов, выделяемых учебными планами различных технических специальностей на изучение ИКГ, особенно сильно пострадала одна из базовых составляющих – «Начертательная геометрия». Не так давно «Начертательная геометрия» входила в ряд фундаментальных дисциплин, на её изучение отводился целый семестр, но теперь её вытеснили из многих учебных планов как «изжившую» себя дисциплину. Сейчас, когда на смену традиционным методам конструирования приходят компьютерные технологии, важно понимать, что использовать эти технологии должны люди с глубокими теоретическими знаниями и практическими навыками в области начертательной геометрии. Знания методов образования и задания на чертеже поверхностей, изучаемые начертательной геометрией, необходимы при компьютерном твердотельном моделировании (3D - моделировании), которое успешно используется также в научно-исследовательской работе магистрантов и докторантов.

Проблема в том, что на подготовку бакалавров техники и технологии на ИКГ по разным образовательным программам выделяется один, в редких случаях два семестра. Провести графическую подготовку человека, выбравшего техническую специальность, за 30 или 45 аудиторных часов не представляется возможным. Разговоры о том, что студент может использовать современные компьютерные технологии нереальны, так как этому препятствует отсутствие необходимых знаний по начертательной геометрии.

Всё это связано, с одной стороны, с сокращением первого уровня высшего образования (бакалавриата) до четырех лет. С другой стороны – с сокращение срока обучения бакалавров неминуемо сказалось на сокращении часов, отводимых на изучение общетехнических дисциплин и, как следствие, это привело к потерям в освоении студентами теоретических основ, т.е. предметных компетенций, многие из которых являлись фундаментами
спецдисциплин. Поэтому, трудно рассчитывать, что эти потери будут компенсированы составителями учебных планов для бакалавров техники и технологии.

Следует не забывать, что инженерная компьютерная графика – не только способ мышления инженера, но и важнейшее, не имеющее эквивалента средство общения всех специалистов, вовлеченных в процесс создания производства, эксплуатации и ремонта всевозможных конструкций. Эта дисциплина занимает важное место при формировании профессиональных компетенций выпускников вузов. В контексте реформы высшего образования, появления новых образовательных программ важно не допустить выхолащивания дисциплины «Инженерная компьютерная графика» заменой ее элементарным курсом черчения и умением пользоваться компьютером.

ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Умарова Н. педагог- шебер,
Шымкент қаласы, № 54 жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімі

.

Графика және жобалау тек қана техникалық мамандықтарға ғана қажет десек өте қателескеніміз болар еді. Графика және жобалау біздің заманымызға сай келетін кез-келген мамандық иесінің серігі болып табылады. Мысалы, инженерлік мамандықтар, дизайн өнері

саласы, технолог, геодезист, ұшақтар мен кеме жасау, медицина саласындағы мамандықтар (хирургия, стоматология мен ортодонтия, ортопедия мен протездеу, анатомия, сүйек құрылымының сызбасын оқу сияқты) үшін қарапайым сызбаларды оқу аса маңызды.

Демек, сызу техниканың даму тілі, сондықтан да жас жеткіншектердің графикалық амалдарды орындаудың негізгі амалдарын білу өте маңызды.

Сызба салу оқушыларды неге тәрбиелейді?

Сызба салу тек техникалық білім беріп қана қоймай, оқушылардың мінез-құлқы мен жеке қасиеттерін дамытуға да ықпал етеді. Ол ұқыптылық, зейін, жауапкершілік, шыдамдылық, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Сызу барысында белгілі бір алгоритм мен ережелерді сақтау оқушыларды тәртіпке үйретеді. Кейбір сызбалар күрделі болғандықтан, оларды орындау барысында табандылыққа үйреніп, мақсатқа жету жоспарын ұйымдастыра алады. Дұрыс сызба үшін уақыт пен күш қажет. Бұл төзімділік пен шыдамдылыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, логикалық және кеңістіктік ойлау, шығармашылық және эстетикалық талғамын қалыптасады.

Білім алушылар уақыт өткен сайын өзгеретіні рас. Бұл белгілі санатқа бөлінгендіктен қазіргі ұрпақ Z және А буын өкілдері. Бұл буынға интернет пен онлайн кеңістік мекендеу ортасы болса, оның қоғамы – цифрлық қоғам. Олар өмірінің көп бөлігін интернетте өткізеді. Желіде және одан тыс өмір арасында айырмашылық жасамайды. Осындай тәуелділіктен құтқару қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Интернетке тәуелділіктен құтқарудың бірден-бір жолы балама қызығушылықтар ұсыну, пайдалы іс- әрекеттерге баулу болып табылады. Осындай қызығушылықтардың бірі «қарапайымнан күрделіге» оқытудағы маңызды дидактикалық принцип, ол білімді сатылап меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл әдіс бойынша негізгі геометриялық фигуралардан бастап, күрделі техникалық сызбалар салу, яғни қарапайым ұғымдар мен дағдыларды меңгертіп, біртіндеп күрделі тапсырмаларға көшу. Адам белгілі бір білімді саналы түрде түсінгенде ғана оны игеру оңай әрі тиімді болады, ал жаттанды білім ұзақ есте сақталмайды және шынайы қолдану мүмкіндігін иеленбейді.

Сондықтан 10 сынып оқушыларының қолмен сызып үйрену дағдысы олардың техникалық дағдыларын дамытып қана қоймай, ойлау қабілетін жетілдіруге де көмектеседі, жүйелі ойлауды қалыптастырады, сызбаның реттілігі мен құрылымын сақтауды үйретеді, логикалық және аналитикалық ойлауды дамытады, жылдам эскиз жасауға мүмкіндік береді.

Өз тәжірибеме сүйенетін болсам, графика және жобалау сабағында тапсырмаларды кеңістіктің тереңдігін білуден бастаудан керек. Ол үшін заттардың сұлбасын салыстыра алу қабілетіне үйреніп, оны кеңістікте жайғастыра алу мүмкіндігін үйрену керек. Қағаз бетін кеңістікке айналдырудың ең оңай тәсілінің бірін мысал ретінде келтіруге болады. Дәптер бетіне сиярлықтай 100х100мм шаршы саламыз, оның ішіне 20 мм кіші шаршы саламыз, осылайша 15мм, 10мм кіші шаршыларды бұрыштары бойынша біріктіреміз, сонда әрбір төртбұрышты кеңістік деп елестететін болсақ, қабырға мен төбенің қиылысқан бұрышындағы сызықтар қарама-қарсы қабырғаға қарай алыстаған сайын тарыла бастағанын байқаймыз. Егер оқушы дайын тапсырманы бірден көретін болса, түсініксіз болып, әсер етпеуі мүмкін, ал кеңістіктің тереңдігін бірте-бірте орындау арқылы оқушыда кеңістік тереңдігін байқау қабілеті пайда болады. Балаларға кеңістік тереңдігін одан ары меңгерту мақсатында: «Балалар, мұны алыстап бара жатқан кеңістік деп ойлап, әр кеңістіктегі жазықтыққа көлемі бірдей алма орналастырыңдаршы?» тапсырмасы кеңістіктің бізден алыстап бара жатқанда тарылуына байланысты, әр кеңістіктегі алманың көлемі бірдей болғанымен кішіреюі перспектива заңдылықтарын еске түсіреді. Бұл білім өз кезегінде аксонометриялық проекцияларды салғанда тетікбөлшектерді кеңістікте жайғастыра алу мүмкіндігіне үйретеді.



Проекция заңдылықтары туралы алғашқы ұғымды үйрете бастағанда сызба диктант алу әдісін жүргіземін. Мысал ретінде келтіретін болсам, ең қарапайым мысал шаршының аксонометриялық проекиясын мен тақтада сызамын, оқушылар шаршының үш проекциясын дәптерде орындайды олар шаршының проекциясын дәптерге түсірген соң, тақтадағы шаршының аксонометриялық проекциясына бірнеше қарапайымнан күрделі деңгейге дейін ойықтар, өткерме тесіктерді түсіремін, оқушылар менімен бірге аксонометриялық проекцияның өзгеруіне қарай біртіндеп





шаршыны түрлендіріп, үш проекциясын сызады. Оқушылардың білімінің ұлғаюына байланысты, тіктөртбұрышқа қосымша тетікбөлшектерді қосу арқылы сызбаны күрделендіремін. Сызбаны оқу және сызу әдісін кейде алмастыруға болады. Мен тақтада геометриялық денелерді бірте-бірте өзгерте отырып, сызба сызамын (өте қарапайымнан бастау маңызды), оқушылар, керісінше, геометриялық денелерді бірте-бірте өзгерте отырып, тетікбөлшектің аксонометриялық проекциясын сызады. Әр бөлімнің күрделілігіне қарай тапсырмалар да күрделене түседі, осылайша оқушылар сызбаларды жеңіл әрі сауатты, қатесіз оқуға және сызуға дағдыланады.





Сызбаларды тез әрі сауатты оқуға арналған «Кім жылдам?» тапсырмасын орындауға болады. Мысал ретінде келтіретін болсам, интерактивті тақтада сараланған үш сызбаның аксонометриялық проекциясын үш-төрт минут мұқият қарап алуына рұқсат етіледі. Мұнан соң панель өшіріліп, тапсырманы оқушылар ойша есте сақтау әдісі бойынша орындайды. Сабақ соңында оқушылар тапсырмаларын тақтадағы берілген тапсырмамен салыстырып, сызбаның қалған бөлігін енді қарындашпен жалғастыру арқылы қаншалықты сауатты орындағандарын өздері бағалайды. Аталған әдіс балалардың сызбаларды сауатты орындау, әрі жылдам оқу дағдысын жетілдіреді.



Сызба сауаттылығын арттыру мақсатында геймификация элементтері бар ойындарды қолдануға болады. Сызу бойынша сауаттандырудың тиімді әдістерімнің бірі «жарнама» әдісі.



Жарнама әдісінде екі топ бір зат жоғалған сияқты, іздеу мақсатында заттың сипатын жазбаша жарнама береді. Мысал ретінде келтіретін болсам: «Құрметті тұрғындар! Біздің затымыздың жоғалуына байланысты іздеу саламыз! Заттың сипаты: 1.Тетікбөлшек тіктөртбұрыштардан құрастырылған.

2.Вертикаль орналасқан тіктөртбұрыш кері бағытқа қарай бағытталған және «П» әріпіне ұқсайды.

3. Осы тіктөртбұрышты оның центрі арқылы өтетін, жұқа (ені 10см) горизонтал тіктөртбұрыш байланыстырады.

4. Бұл горизонталь тіктөртбұрыштың төменгі бөлігінде «Т» әріпіне ұқсас екінші төртбұрышқа жапсарланған тетік орналасқан тапсырмасының ауызша сипаттамасын жарнама ретінде жасайды (адамдардың назарын аудару үшін логотиптерді пайдалануға болады)





Екінші топтың жарнамасы:

1.Горизонталь орналасқан ұзын екі тік төртбұрыштың өлшемдері әртүрлі.

2. Бірінші төртбұрыштың центрінде бірдей қашықтықта орналасқан, ені 20мм және 40мм болатын трапеция тәрізді ойығы бар.

3. Екінші төртбұрыштың өлшемі бірінші төртбұрыштан екі есе кіші, ал көлденең жағынан 5см қысқарақ.
4. Профил көрінісінде: төменгі жағы 10 мм, жоғары жағы 5мм, қиғаш біріктірілген.
5. Ортасы жұқа қабырғалар сияқты ажыратылған



сияқты жарнама жасайды, жарнаманы оқушылар өздерінің қалауынша әсемдеп тақтаға іліп қояды. Берілген жарнама арқылы топтар бір- бірінің тетікбөлшектерінің ауызша сипаттамасы бойынша тетікбөлшектің сызбасын қағазда орындайды. Жұмыс аяқталған соң оқушылар түпнұсқамен салыстыра отырып қатемен жұмыс жасайды.

Белсенді әдіс-тәсілдердің ішінде «кадрды тоқтат» және «желпуіш» әдісін сызу пәніне ықпалдастыруға болады. Мысал ретінде келтіретін болсам, оқушылар төрт топқа бірігеді, екі топқа ауызша тапсырмалар, екі топқа сызба тапсырмалар беріледі. «Желпуіш» әдісін орындайтын топтар бүктелген парақтың әр бүкпесіне 5 сұрақтан қойып, келесі топқа ұсынады, өз кезегінде екінші топ, бүкпенің сұрағы бар бөлігіне жауап жазуы тиіс. Осылайша екі топ желпуіштерді ауыстыра отырып, жазбаша тапсырмаларды орындайды. Қалған екі топ «кадрды тоқтат» әдісі бойынша өз қалауларымен тетікбөлшектің сызбасын немесе аксонометриялық проекциясын бастайды. Белгілі уақыт аралығында «кадрды тоқтат» командасы берілген кезде, жұмыс тоқтатылып, топ сызбалары ауыстырылады. Келесі топ сызбаны басқа түспен жалғастыруы керек. Жұмыс аяқталған кезде «Желпуіш» әдісімен жұмыс орындаған оқушылар сұрақтың дұрыс емес тұстарын белгілеп, бүкпенің астына қызыл түспен дұрыс нұсқасын көрсетеді. Келесі топ келіссе, әр жауаптың тұсына белгі қоя отырып, келісімге келеді. «Кадрды тоқтат» тобындағы оқушылардың жұмысын мұғалім сызбаның орындалуын түстер бойынша ажыратып, процентін шығарып береді, оқушылар сызбаның қателіктерін астына номерлеп көрсетеді. Осылайша бір жұмыс екі жақтама сараптамадан өтіп талқыланады. Бұл әдіс оқушыларды бәсекелестікке, серіктестікке, жылдамдыққа, ымырашылдыққа тәрбиелейді.

КОЛЛЕДЖДЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Шамшиметов З.Ф., жаратылыстану ғылымдарының магистрі, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.
«Жол-көлік колледжі» МКҚК, Шымкент қ. Қазақстан Республикасы

Қазіргі заман талабына сай ел экономикасының тұрақты дамуы білікті жұмысшы мамандарға тікелей байланысты. Осы орайда, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, соның ішінде колледждер, еңбек нарығының сұранысына сай кәсіби кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарады.

Бүгінде колледждерде жұмысшы мамандықтарына сұраныс артқан. Әсіресе, өндіріс, құрылыс, көлік, қызмет көрсету салаларында кәсіби шеберлігі жоғары, тәжірибелі мамандар қажет. Бұл талаптарға сай болу үшін оқу үдерісін жетілдіру, өндірістік оқытуды заманауи құралдармен жабдықтау, тәжірибелік сабақтардың үлесін арттыру сынды маңызды шаралар жүзеге асырылып келеді.

Нақты тәжірибеден мысал.

Біздің колледжде жұмысшы мамандар даярлау бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Атап айтқанда, автоэлектрик, автослесарь, автокөлік жөндеуші, теміржол сынды мамандықтар бойынша студенттерге терең теориялық біліммен қатар, практикалық машықтар да үйретіледі.

Өндірістік тәжірибе — білім алушылардың кәсіби дағдыларын шыңдаудың негізгі құралы. Колледж бен жергілікті кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде студенттер оқу барысында нақты өндіріс орнында тәжірибеден өтеді. Бұл оларға болашақ жұмыс орнымен танысуға, кәсіби ортаға бейімделуге, әрі жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді.

Заманауи әдістеме мен құралдар.

Оқу барысында модульдік-құзыреттілік тәсіл енгізілген. Бұл тәсіл студенттің нақты кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, WorldSkills стандарттарына сай шеберханалар мен зертханалар жабдықталған. Оқыту процесіне білікті өндірістік оқыту шеберлері мен тәжірибелі инженер-педагогтар тартылады.

Біздің колледжде «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша мамандар даярлау бірнеше бағытта жүзеге асады. Оқу бағдарламасы теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Негізгі пәндер қатарына қозғалтқыштар құрылысы, шассиді жөндеу, автоэлектроника, диагностика жүйелері, техникалық қызмет көрсету регламенттері және экологиялық қауіпсіздік мәселелері кіреді.

Колледж базасында арнайы жабдықталған автосервис шеберханасы жұмыс істейді. Онда студенттер нақты автокөліктермен жұмыс істеп, агрегаттарды бөлшектеу-жинау, ақауларды анықтау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындайды. Сабақтарда заманауи диагностикалық құралдар мен оқу-өндірістік стендтер пайдаланылады.

Өндірістік тәжірибе және серіктестік

Оқу барысында студенттер кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтеді. Колледждің қаладағы ірі автоорталықтармен, сервистік станциялармен және көлік компанияларымен тығыз серіктестік байланысы бар. Тәжірибе барысында студенттер шынайы жұмыс жағдайында өз білімдерін қолдануға, кәсіби ортаға бейімделуге мүмкіндік алады. Көп жағдайда тәжірибе өткен студенттер сол мекемеде тұрақты жұмысқа орналасады.

Білікті маман – сенімді қызмет

Автокөлікке қызмет көрсету – үнемі жаңарып отыратын, технологиялық тұрғыда күрделі сала. Сондықтан колледжде үздіксіз кәсіби даму принципі сақталады. Оқытушылар құрамының біліктілігі жүйелі түрде арттырылып, оқытуда жаңа цифрлық технологиялар мен WorldSkills стандарттары енгізілуде.

Біздің колледж WorldSkills қозғалысына 2019 жылдан бері белсенді қатысып келеді. Осы уақыт аралығында білім алушыларымыз облыстық және республикалық чемпионаттарда жүлделі орындарға ие болып, өз шеберліктерін дәлелдеді. Бұл жетістіктер тек студенттердің жеке жеңісі ғана емес, колледждің кәсіби даярлау сапасының көрсеткіші.

WorldSkills стандарттарына сай оқу үдерісін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде:

Оқу бағдарламалары құзыреттілікке бағытталған форматқа көшірілді;

Арнайы жабдықталған шеберханалар мен зертханалар жаңартылды;

Заманауи құрал-жабдықтармен жұмыс істеу мүмкіндігі артты;

Педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлері WorldSkills талаптарына сай біліктілік арттыру курстарынан өтті.

Студенттерге беретін артықшылықтары

- WorldSkills чемпионаттарына дайындалу барысында студенттер:
- нақты жұмыс дағдыларын меңгереді;
- уақытпен жұмыс істеуді үйренеді;
- кәсіби стандарттармен танысады;
- сыни ойлау, ұқыптылық, шешім қабылдау сияқты маңызды қабілеттерін дамытады.

Сондай-ақ, чемпионаттарда көрсеткен нәтижелері түлектердің жұмысқа орналасуына үлкен мүмкіндік береді. Көптеген жұмыс берушілер WorldSkills қатысушыларын жоғары бағалайды.

2025 жыл елімізде Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялануы – техникалық және кәсіптік білім беру саласына жаңа серпін берген маңызды бастама. Бұл бастаманың мақсаты – жұмысшы кәсіптердің қоғамдағы беделін арттыру, жастардың назарын кәсіби-техникалық білімге бұру, әрі еңбек нарығына сапалы мамандар даярлауды күшейту.

Колледждің негізгі міндеттері

Біздің колледж бұл жылды ерекше жауапкершілікпен қарсы алды. Жұмысшы мамандықтарды дәріптеу, білім алушылардың кәсіби бағдарын күшейту және тәжірибелік оқыту сапасын арттыру – негізгі басым бағыттар ретінде белгіленді.

Колледжде келесі жұмыс түрлері жүзеге асырылуда:

- Мамандық апталықтары мен ашық есік күндері ұйымдастырылып, мектеп оқушыларына әр мамандықтың ерекшелігі таныстырылады;
- Өндірістік оқыту мен тәжірибеден өту базалары кеңейтілді, жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық артты;

- WorldSkills чемпионаттарына дайындық күшейтілді, шеберлік сағаттары, кәсіби сайыстар жиі өткізіледі;
- Жұмысшы мамандықтар туралы ақпараттық кампаниялар, әлеуметтік желілерде бейнероликтер мен сұхбаттар жариялау қолға алынды.

Мамандықтың мәртебесін көтеру

Колледж ұжымы жұмысшы мамандықтарының ел дамуына қосар үлесін насихаттауға ерекше көңіл бөлуде. Осы мақсатта еңбек жолында табысқа жеткен түлектермен кездесулер ұйымдастырылып, жастарға «жақсы маман – табысты тұлға» екенін түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Нәтижелер мен жетістіктер

Жыл басынан бері колледжде бірнеше жетістікке қол жеткізілді:

- Автокөлікке қызмет көрсету, дәнекерлеу, электрмонтаж, тігін ісі сияқты мамандықтар бойынша қосымша курстар ашылды;
- Білім алушылар мен шеберлер облыстық және республикалық кәсіби байқауларда жүлделі орындар иеленді;
- Жұмыс берушілермен үшжақты келісімдер арқылы бітірушілердің жұмысқа орналасу деңгейі артты.

«Жұмысшы мамандықтары» жылын өткізу бойынша өңірлік жұмыс жоспарына сәйкес, колледждің медиа жоспары мен әдістемелік кабинеттің іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

Жоспарға сәйкес 2025 жылдың қаңтар-маусым аралығында арнайы пән оқытушыларының ұйымдастыруымен 40 ашық сабақ, 11 шеберлік сағаты, өндіріс орындарына экскурсиялар, кездесулер өткізді. Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты жалпы білім беретін орта мектептерден оқушылары кәсіби бағдар беру бағыты бойынша барлық өткізілген іс-шараларға қатысып, колледждің материалдық-техникалық базасымен танысты.

Қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие, білікті маман даярлау – тек колледждің емес, сонымен қатар жұмыс берушілердің де ортақ міндетіне айналды. Сондықтан жұмыс берушілермен тығыз серіктестік орнату – кәсіби білім берудің сапасын арттырудағы маңызды бағыттардың бірі.

Серіктестіктің маңызы

Бүгінде колледж тек білім берумен шектелмейді, ол – өндіріс орындарының сенімді кадрлық серіктесі. Жұмыс берушілермен бірлесіп:

- оқу бағдарламалары еңбек нарығы талаптарына сай жаңартылады;
- өндірістік тәжірибе нақты кәсіпорын базасында ұйымдастырылады;
- түлектердің жұмысқа орналасуына нақты мүмкіндіктер жасалады;
- дуалды оқыту элементтері енгізіледі.

Колледж тәжірибесінен

Біздің колледж жыл сайын ондаған кәсіпорынмен келісімшарт негізінде бірлескен жұмыстар жүргізеді. Нақты мысал ретінде, автокөлікке қызмет көрсету мамандығы бойынша студенттеріміз[серіктес кәсіпорын базасында тәжірибеден өтуде. Мұнда олар шынайы жұмыс жағдайында дағдыларын шыңдайды және өздерін болашақ жұмыс берушілерге көрсете алады.

Сондай-ақ:

- Колледж жанындағы біліктілік кеңесі құрамында жұмыс берушілер бар;
- Оқу шеберханаларын жабдықтауға серіктестер демеушілік танытады;
- Жұмыс берушілер түлектердің қорытынды аттестациясына, демо-емтихандарға қатысады.

Дуалды оқыту – тәжірибе мен теорияның бірлігі

Жұмыс берушілермен серіктестіктің тағы бір тиімді формасы – дуалды оқыту жүйесі. Бұл жүйеде студент аптаның бір бөлігін колледжде теориялық білім алып, екінші бөлігін өндірісте жұмыс істей отырып үйренеді. Мұндай тәсіл түлектің кәсіби бейімделуін жеделдетіп, жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында оқытушылардың кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі – білім сапасының басты көрсеткіші. Заманауи білім алушыға тек теория емес, нақты дағды мен тәжірибе қажет. Сондықтан колледждер үшін оқытушылардың біліктілігін үнемі жетілдіріп отыру – басты басымдықтардың бірі.

Біліктілікті арттыру – үздіксіз үдеріс

Біздің колледжде педагогтардың кәсіби дамуы жүйелі түрде ұйымдастырылады. Жыл сайын оқытушылар:

- республикалық және халықаралық біліктілік арттыру курстарына қатысады;
- цифрлық білім беру технологияларын меңгереді;
- WorldSkills стандарттары бойынша оқыту әдістемесін үйренеді;
- тәжірибе алмасу семинарларына, шеберлік сабақтарына қатысып, кәсіби тәжірибесін жетілдіреді.

Заманауи талаптарға сай даму

Бүгінгі күннің талабына сай оқытушы тек пән мұғалімі ғана емес, ол – коуч, ментор, шебер-технолог. Осыған орай, колледжде оқытушылар:

- жаңартылған оқу бағдарламаларын әзірлеуге белсенді қатысады;
- модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген сабақтар әзірлейді;
- студенттердің жеке оқу траекториясын қалыптастыруда заманауи әдіс-тәсілдерді қолданады;
- AR/VR, цифрлық платформа, онлайн-курстар сынды құралдарды меңгеруде.

Қазіргі заман – жылдам өзгерістер мен жаңа талаптар заманы. Еңбек нарығының сұранысына сай маман даярлау үшін оқу орнының оқу бағдарламасы заман талабына сай, жан-жақты, тиімді болуы шарт. Колледждегі оқу бағдарламасының басты ерекшелігі – теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Менің ойымша, оқу бағдарламасы тек пәндердің тізімі емес, ол – студенттің болашақ маман ретінде дамуына бағыт беретін, өмірлік дағдыларды үйрететін жүйе. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі колледж бағдарламалары бірнеше ерекше бағыттармен сипатталады.

Біріншіден, оқу бағдарламасы құзыреттілікке негізделген. Яғни студент тек білім алып қана қоймай, оны нақты өмірде қалай қолдану керектігін үйренеді. Әрбір модуль мамандыққа тән нақты еңбек функцияларына сай келеді.

Екіншіден, оқу үрдісіне өндірістік оқыту мен тәжірибе кеңінен енгізілген. Студенттер теорияны меңгеріп қана қоймай, оны нақты жұмыс орнында қолданып, машықтанады. Бұл олардың кәсіби бейімделуіне және еңбек нарығына тез араласуына жол ашады.

Үшіншіден, оқу бағдарламасы цифрлық технологиялармен және инновациялық әдістермен байытылған. Қашықтан оқыту, онлайн-платформалар, виртуалды зертханалар мен симуляторлар оқу сапасын арттырып, білім алушылардың өздігінен білім алу дағдыларын дамытады.

Төртіншіден, оқу бағдарламасы жеке білім траекториясын құруға мүмкіндік береді. Студент өзінің қызығушылығы мен қабілетіне қарай таңдау пәндерін оқып, кәсіби бағытын нақтылай алады. Бұл – білім алушының дербестігін қалыптастыратын маңызды қадам.

Сонымен, оқу бағдарламасының тиімділігі оны жүзеге асыратын ұстаздарға және оқу орнының материалдық-техникалық базасына тікелей байланысты. Егер бағдарламаны

тәжірибелі мамандар жүзеге асырып, оны заманауи құралдармен толықтырса, онда түлек те еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жан-жақты тұлға болып қалыптасады.

Қорытынды

Жұмысшы мамандарды сапалы даярлау — колледждің басты мақсаты. Бәсекеге қабілетті, кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар тәрбиелеу үшін колледж ұжымы үздіксіз жұмыс жүргізіп келеді. Болашақта да тәжірибеге негізделген оқыту, заманауи технологияларды қолдану және өндіріс орындарымен тығыз байланыс — табысты нәтиженің кепілі болмақ.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА WORLDSKILLS ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ РОЛІ

Утемалиев С.С., сарапшы, оқытушы.
«Жол-көлік колледжі» МКҚК Шымкент қ. Қазақстан Республикасы

Біздің колледжде графика және жобалау пәніне арналған арнайы екі кабинет жұмыс істеп, WorldSkills қозғалысының талаптары мен мүмкіндіктерін толық игеруге бағытталған. Бұл қозғалыс – колледж оқытушылары мен студенттер қауымдастығының бірігуінің, тәжірибе алмасуының және кәсіби деңгейін арттырудың тиімді құралы болып табылады.

Колледж студенттері WorldSkills қозғалысының аясында оқу үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды меңгеріп, кәсіби дағдыларын жетілдіруде. Жұмысшы мамандықтардың мәртебесін арттыру, оқу процесінің сапасын жоғарылату, аймақтық және халықаралық жарыстарда үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар, семинарлар мен мастер-класстар арқылы студенттер өздерінің шеберліктерін дамытады. 2017 жылдан бастап біздің колледж «Инженерлік графика CAD» құзыреттілігіне тұрақты қатысып, өңірлік жарыстарда жүлделі орындарға ие болуда, бұл жастардың кәсіби дайындығы мен өнеркәсіп талаптарына сәйкестігін дәлелдейді.

WorldSkills қозғалысының негізінде оқу процесіне енгізілген инновациялық әдістер студенттердің қазіргі және болашақ кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер

ашады. Мұнда компьютерлік құрастыру технологиялары мен CAD жүйелерін қолдану арқылы графикалық модельдер, сызбалар және қағаз құжаттар дайындау, сондай-ақ, машина жасау өнімдерін жобалау мәселелерін шешу кеңінен үйретіледі. Студенттер өздерінің шығармашылық қабілеттерін арттырып, индустрия стандарттарына және ISO стандарттарының соңғы нұсқасына сәйкес жобалар әзірлейді, бұл оларды болашақта халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман ете түседі.

Осы орайда, колледждегі оқытушылар мен студенттердің ынтымақтастығы, өзара тәжірибе алмасуы, заманауи технологияларды игеруі және инновациялық әдістерді қолдануы оқу үрдісін жаңа деңгейге көтерді. WorldSkills қозғалысының құралдарына негізделген сабақтар мен практикалық жаттығулар оқушылардың өз ісіне деген ынтасын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін толық ашады. Бұл процесс барысында әрбір студент өз жобасын мұқият зерттеп, заманауи инженерлік шешімдерді енгізе отырып, нақты есептеулер мен тәжірибелік жұмыстарды үйлестіреді.

Жастарды кәсіби бағдарлау мақсатында ұйымдастырылатын чемпионаттарға мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері, еліміздің әртүрлі аймақтарының кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ, басқа да мүдделі тараптар белсенді түрде қатысады. Мұндай іс-шаралар жастардың өз мамандығына деген қызығушылығын оятып, оларға заманауи технологиялар мен халықаралық стандарттарға сәйкес біліктілік алуға мүмкіндік береді. Әрбір жарыс, семинар және практикалық сабақ болашақ мамандардың кәсіби дамуына, өз саласында жоғары нәтижелерге жетуіне зор әсерін тигізеді.

«CAD инженерлік графикасы» термині тек қана компьютерлік сызбалар мен графикалық модельдерді жасау ғана емес, сонымен қатар, қағаз құжаттарды, жобалық

файлдарды және түрлі салаларда қолданылатын машина жасау өнімдерін толық және нақты құжаттауды білдіреді. Бұл салада студенттер инженерлік талдау, шығармашылық ойлау және технологиялық жаңалықтарды біріктіре отырып, бөлшектер мен компоненттерді жасауға арналған кешенді шешімдер ұсынады. Әрбір жоба индустрия стандарттарына сай келіп, заманауи талаптарға толық сәйкес келуі міндетті.



